Қазақ тіліндегі кірме сөздерге байланысты «Сіз күнделікті қандай кірме сөздерді қолданасыз?» «Кірме сөздердің тілімізге енуіне не әсер етеді?» және арнайы бірнеше нұсқалы сұрақтар арқылы респонденттерге сауалнама жүргізілген болатын. Респонденттердің жауабына анализ жасай отырып, кестелер бойынша классификацияладық. Тілімізге сіңіп кеткен кейбір кірме сөздердің мағынасын ашуда индукция әдісі пайдаландық. Зерттеу кезеңдері алдымен теориялық ақпарат беруден одан әрі сауалнама жүргізе отырып респонденттердің жеке көзқарасын білуге бағытталды. Сауалнма анонимді түрде жүргізілді.

Әдебиетке шолу

Қазіргі таңда ағылшын тіліндегі кірме сөздердің 29 % француз, 29 % грек, 26 % неміс қалған 6 % өзге тілдерден алынған екен (Durkin, 2014: 43).

Кірме сөздерге байланысты P. Durkin «Borrowed Words: A History of Loanwords in English», C. Heidelberg «Ordered profusion Studies in dictionaries and the English lexicon», J. Speake «The Oxford dictionary of foreign words and phrases», деген еңбектері бар. Бұл ғылыми еңбектерде ағылшын тілінің көптеген кезеңдерді бастан өткергендігі және оның барысында белгілі бір тілдерден көптеген шеттілдік сөздер алынғандығы баяндалған.

Ағылшын тілі басқа тілдерге донор тіл болып қана қоймай, басқа тілдерден де сөздер алып отырған. Мәселен, француз, неміс, орыс, испан, жапон және араб тілдеріндегі көптеген сөздер ағылшын тіліне енген. Тілде кірме сөздерді кеңінен қолдану ашықтық, икемділік, толеранттылық және шығармашылық негіз болуға мүмкіндік береді (Aritayi, 2014: 243).

Ескі ағылшын тілінен орта ағылшын тіліне көшу 11 ғасырда басталды. Сол кезеңде кірме сөздердің көпшілігі латын және француз тілінен алынған (Abdul Hamid, 2006: 53).

Орта ғасырда ағылшын тілі 10000-нан астам француз сөздерін алды. Бұл сөздердің шамамен 75 % қазіргі ағылшын тілінің лексикасында сақталған. Бұл сөздердің бәрі Норман жаулап алуы нәтижесінде бірден ағылшын тіліне енген деп ойламау керек. Сөздердің негізгі бөлігі XI ғасырда емес, XII-XIII ғасырларда алынған деп сену керек. Өздеріңіз білетіндей, нормандықтар Англияға өздерінің әдет-ғұрыптарын, заңдарын, мәдениетін әкелді (Echevarria, 2008: https://www.altalang.com/beyond).

Бүгінгі таңда дүние жүзінде шамамен 1,5 млрд адам ағылшын тілінде сөйлейді (Qreshat, 2019: 1).

Ағылшын тіліндегі кірме сөздердің барлығын 3 түрлі фазаға жіктеуге болады. Олар ескі, ортағасырлық және заманауи кірме сөздер (Smith, 2009: 48).

Қазіргі кезде ағылшын тіліне толық сіңіп кеткен кірме сөздер жеткілікті. Мысалы, «money» сөзі орта ғасырда ағылшын тіліне француз тілінен енген. Француз тілінде «moneie» сөзі монета, металл валюта деген деген мағына береді. Бұл сөзді тереңірек қарастырсақ латын тіліндегі «moneta» сөзінің мағынасы ақша шығаратын орын дегенді білдірген және Juno Moneta деген ғибадатханада жалбарынатын құдайдың құрметіне осындай атау қойылған деседі. Бұл адамдардың ақшаны Құдай деп санағанынан берілген атау болып табылады (Allce, 2017: shorturl.at/bsFL1).

Орыс тіліне кірме атаулар VIII-IX ғасырдан бастап ене бастаған. Кірме атауларды зерттеген орыс зерттеушілерінің мынандай еңбектері бар: Крысин Л.П. «Иноязычное слово в контексте современной общественной жизни», Морозова М.Н. «Современный русский язык», В. Гребенщиков «Иностранные слова в русском языке», Г.Г. Тимофеев «Новые английские заимствования в русском языке», И.С. Улуханов «О новых заимстованиях в русском языке» .

Орыс тіліндегі кірме сөздерді ену формалары бойынша 4 топқа бөлуге болады. Олар: лексикалық, семантикалық, шетел тіліндегі формасы сақталған, морфемалық кірме сөздер (Морозова, 2005: 89).

Орыс тіліне өзге тілдің сөздерін енгізудің тағы бір себебі «бөтен» тілдің сөзі қысқа әрі нұсқа формада болуында. Орыс тіліндегі сөз тіркестері ағылшын тіліндегі бір ғана лексемамен алмасқан. Мәселен, ағылшын тіліндегі «снайпер» сөзі «меткий стрелок», «сейф» сөзі «несгоряемый шкаф», спринтер «бегун на короткие дистанции», «саммит» «встреча в верхах», «ремейк» «новая версия ранее снятого фильма» «киллер» «профессионнальный убийца» тіркесімен алмасқан. Кірме сөздер орыс тіліндегі сөздің дәл мағынасын қайталамайды. Осы себепті мағыналық, стилдік және функционалдық айырмашылық байқалады (Тимофеева, 2005: 75).

Орыс тіліндегі кірме сөздердің көпшілігі белгілі бір салада қолданылатын термин сөздер болып келеді. Ал, кірме сөздердің орыс тіліндегі баламасы қарапайым, барлық орыс тілінде сөйлейтін адамдарға ұғынықты сөз болып келеді.

Мысалы, «бартер – обмен, дискриминация – ограничение в правах, инвестиция – вложение капитала, консенсус – согласие, монетарный – денежный, рента – доход, ремиссия – ослабление болезни, стагнация – застой в экономике, трансформация – преобразование, транш – доля, часть платежа (Крысин, 1996: 6).

Лексикалық кірме сөздер тілге өзіндік тұрпатын сақтай отырып енеді. Семантикалық кірме сөздер түпкі білдіретін мағынасынан айырылып, екінші бір жаңа мағынаға ие бола отырып игеріледі. Шетел тіліндегі формасы алынған кірме сөздер басқа тілге ауысқан жағдайда айтылым және жазылым тұрғысынан өзгеріске ұшырайды. Морфемалық кірме сөздер өзге тілге енгенде түбірі немесе қосымшасы арқылы жаңа сөздер пайда болады.

Орыс тілінде кірме сөздермен қатар кірме қосымшалар терең зерттелінген. Оған дәлел, «инг» қосымшасы арқылы жасалған рентинг, тестинг «ар, ер» қосымшасы арқылы тостер, трастор, трансформер, органайзер сөздерін жатқызамыз (Улуханов, 1994: 66).

Әлем өзгеруде, біз онымен бірге өзгеруіміз керек. Орыс тілі ондағы кірме сөздердің пайда болуымен нашарлайды деген пікір қате. Бұл түбегейлі дұрыс емес. Кірме сөздердің бірде – бір толқыны, тілдері француз тілі немесе неміс тілі орыс тілінің бұзылуына әкелген жоқ. Керісінше – оның дамуына ықпал етті (Липилина, 2019: https://www.study.ru/article/lexicology/anglicizmy-ili zaimstvovaniya).

Сонымен қатар, көптеген жұрнақтар мен жалғаулардың арқасында орыс тілі кез-келген кірме сөздерге мүлдем жаңа өмір берді. Егер ағылшын тілінде тек «Google» сөзі болса, онда орыс тілінде «погуглить, загуглить, нагуглить» деп қолдану белең алды. Бұл мысал арқылы орыс тілі кірме сөзді толығымен өзінің тілдік қосымшалары арқылы игергенін байқаймыз.

Англицизмнің пайдасына тағы бір дәлел – кірме атаулардың әрқайсысы орыс тілінде аналогты таңдай алмайды. Мысалы, «креативный» лексемасы «творческий» ұғымынан кеңірек болып келеді.

Қазақ тілінің сөздік құрамы да күннен күнге кірме сөздермен толығып жатқандығы баршамызға аян. Қазақ тіліне әр кезеңде енген кірме сөздер тілші ғалымдардың шетелдік ғалымдардың тарапынан біршама уақыт зерттелді. Атап айтсақ, араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздерді зерттеуге өз үлесін қосқан ғалымдар қатарына Л. Рүстемов пен Н. Оңдасыновты жатқызамыз. Кірме сөздер Абай шығармалары негізінде қарастырыла отырып, екі бөлікке жіктелді. Олар орыс тілінен және араб-парсы тілінен енген кірме сөздер. Сонымен қатар, Абай шығармаларында кездесетін калька арқылы алынған балама тіркестерді де жатқызуымызға болады. Мысалы,

1-кесте – Абай шығармаларындағы калькалау арқылы алынған сөз тіркестері (Нұрғалиев, 1995: 5).

Мрачная душа	Қараңғы көңіл
Рассудок холодный	Суық ақыл
Светило надежды	Үміттің нұры
Стих унылый	Жабыраңқы жазған сөз

2019 жылы Шерубай Құрманбайұлының басшылығымен «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі» жарияланды. Бұл сөздіктің авторлары Гауһар Әлімбек, Гүлфар Мамырбекова Сабира Исақова, Бағлан Мизамхан, және Дәурен Боранбаев. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі еңбегінде 90000 сөз әліпби реті, білдіретін мағыналары бойынша берілген. Сөздіктің ерекшелігіне ретінде әр дәуірдің өзіндік ерекшелігіне, мәдени-тарихи оқиғаларға байланысты енген кірме сөздердің қамтылғандығын айта аламыз. Кірме термин атауларының дәл қай ғылым саласына жататындығы анық көрсетілген. Бұл сөздікте негізінен жалпыхалықтық сөздер мен кең ауқымды қамтыған термин сөздердің шығу тегі және олардың мағынасы жеке-жеке айшықталып көрсетілген. Латын тілінен бастап, көрші орыс, ағылшын, моңғол, араб, парсы, әрісі грек, ағылшын, испан, неміс, қытай, португал, француз, итальян тілдерінен енген кірме сөздердің жалпылама түрдегі жинағы болып табылады (Мәметұлы, 2009: 3).

Жаңадан жарық көрген «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі» еңбегінде әр дәуірдің ерекшелігіне және мәдени-тарихи оқиғаларына байланысты кірме сөздер алынған. Он екі тілдің әр қайсысына жеке-жеке мысал келтірілген. Сөздікті қарастыра отырып, қазақ тіліндегі кірме сөздердің тікелей орыс тілінің тілдік ерекшелігі бойынша сындырылып жазылғанын байқадық. Араб және парсы тілінен келген кірме сөздердің басым көпшілігі тілімізге толығымен сіңіп, өзіміздің төл сөздерімізбен бірдей белсенді қолданылып жүр. Оған дәлел бұл сөздерді оқығанда немесе жазу барысында ешқандай кедергі тудырмайды және коммуникация жасаған

уақытта қазақ тілінің акустика-артикуляциялық жүйесіне ешбір кедергі келтірмейді.

Сөздіктің тағы бір ерекшелігі ретінде мектеп оқушыларынан бастап, студент, магистрант, докторанттармен қатар түрлі басқа да салада қызмет ететін мамандарға, жалпы көпшілік қауымға түсінікті еңбекке жатады.

Сөздікте тіліміздегі кірме сөздердің қай тілден шыққандығы, төл тіліндегі транскрипциялануы және қазіргі қолданыста білдіретін мағынасындағы айырмашылықтары анық көрсетілген.

Қазақ тіліндегі қолданылып жүрген кірме сөздердің тұлғасы жағынан өзгеріске ұшыраған-дарын тілімізге қабылданудағы себептері зерттеліп көрсетілген. Өткен кезеңдерде қазақ тіліндегі бармаша кірме сөздерді мол қамтыған сөздік болмағандықтан бұл еңбек өте құнды болып табылады. Технология мен ғылымның қарыштап дамуына байланысты шеттілдік сөздер мен терминдер тілімізге күнде толыға отырып, дамылсыз еніп жатыр.

XX ғасырдың бірінші жартысынан бастап орыс тілінен енген сөздер тілімізге сындырылмай ене бастады. Осылай қаланған үрдіс күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Әсіресе соңғы уақытта ғылым білімнің тіліне айналған ағылшын тілінен енген кірме сөздерден көз сүрінеді. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық жобасы аясында шеттілдік терминдердің саны одан әрі арта түсті. Осылайша, соңғы кезеңде кірме сөздерге ерекше мән беріліп, олардың тілімізге қарай игерілуін қадағалау тілші ғалымдарға жүктелген міндет болып отыр. Қазіргі уақытта кірме сөздердің мағынасын түсіндіріп қана қоймай, қай тілден енгендігін көрсетіп беретін еңбектердің болуы өте маңызды

2-кесте – Кірме сөздер алынған 12 тілдің әр қайсысына мысал

Кірме атау	Төл тілі	Транскрипциялануы	Мағынасы
Зімпара	Парсы	[سانفارا] [Санфара]	Бір нәрсенің бетін тегістеуге, егеуге, тазалауға арналған зат.
Буксир	Неміс	[Bugsierer]	Тіркелетін кемелер мен салдарды басқа да су бетімен жүретін құрылыстарды сүйреуге арналған өздігінен жүретін кеме.
Деспот	Грек	[Despotes]	Шексіз билігін пайдаланып, өктемдік жасау арқылы басқаратын әмірші.
Зүрият	Араб	[زريات] [зурият]	Тұқым, ұрпақ. Қазақ фольклорлық жырларында кеңінен қолданылған.
Ивент	Ағылшын	[Event]	Музыкалық немесе ойын-сауық іс-шара.
Кардинал	Латын	[Cardinalis]	Қызыл қауырсында американдық құстың атауы
Легато	Итальян	[Legato]	Бір дыбыстан екіншісіне үзіліссіз өтетін, бірге және баяу орындала-тын музыкалық фраза.
Маркиз	Француз	[Marquis]	Батыс Еуропада граф пен герцогтың арасындағы дворяндық аристократтық титул.
Сеньор	Испан	[Senor]	Испанияда мырзаға инабатты ескерту жасау немесе қаратпа сөз.
Мандарин	Португал	[Mandarim]	Жоғары дәрежелі шенеунік атауына қолданған.
Женьшен	Қытай	[Jenshen]	Қытай мен Кореяның солтүстігінде өсетін көпжылдық өсімдік.
Инфант	Португал	[Infante]	Испан және португал патшалары үйлеріндегі ханзада немесе хан-шайым атағы.

Жалпылама, алғанда сөздіктегі орыс тілінен енген кірме сөздер ауқымды орын алып отыр. Себебі, соңғы жылдардағы ғылым-білімнің да-муына байланысты қолданыс аясы одан әрі кеңеюде. Оған қосымша орыс тілінің негізінде әлем тілдерінен енген кірме сөздерді меңгеру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Бәріміз кез келген сауда орындарында немесе ре-сторан, асхана желілерінде, көлік қозғалысында актив қолданатын кірме сөздер жеткілікті. Атап айтқанда, «кэшбэк» сөзі ағылшын тіліндегі «cash back – қолма-қол ақшаны кері қайтару», «бар-бер» – «barber – сақал, мұрт пен шашты алатын ерлер шаштаразы», «кавер» – «cover» «жабу, ау-ыстыру» деген мағына береді.

Орыс тілінен енген атаулардың қай тілден алынғандығы көрсетілді. Орыс тіліндегі «кеп-ка» сөзі алдымен швед тілінде «кері» деп

дыбысталған, одан неміс тіліне ауысып «каррі», латын тілінде «сарра» «бас киім түрі» деген мағына берген. «Киоск» сөзі алдымен француз тілінде «kiosque» болған. Сосын неміс тіліне «kiosk» біршама уақыт өткен соң, түрік тіліне «köşk» болып енген. Орыс тіліне түрік тілінің неізінде бау-бақшадағы там, шатырсыз ғимарат немесе дүңгіршек деген мағынаға ие болған. Кейбір сөздер бір қарағанда орыс тілінің тілдік бірліктеріне жататын сияқты болып көрінеді. Бірақ, түптеп келгенде олардың түркі немесе араб тілдеріне жататындығына көз жеткіземіз. Мәселен, орыс тіліндегі «адмирал» сөзі арабтың «теңіз әміршісі» деген сөзден шыққан. Алгебра, атлас, алкоголь сөзі де осыған мысал бола алады. Бәріміз жақсы көретін «йогурт» сөзі «yoğurmak айран ұйыту етістігінен жасалған yoğurt «ұйытылған, ұйытқы, қою айран» ұғымы бүкіл әлемге yogurt болып таралды. Осылайша орыс тіліне түрік тілінен, ал бізге орыс тілінен енгендігін көруімізге болады .

Сөздікте бүгінде әлемдік брендтерде қолданылатын атауларды байқаймыз. Олар: Мысалы,түрік тіліндегі альбени сөзі «al beni» – «ал мені», дөнер «döner – орау, оралған, орама», орыс тілінің шауырма араб тілінің «шаверма شاورما < түрік тіліндегі çevirme орама» деген сөзінен алынған.

Сөздіктегі араб тілінен енген кірме сөздердің көпшілігі бүгінгі таңда қолданылу аясы тар лексикаға айналған. Бұл сөздер көбінесе арнайы діни дастанда немесе ауыз әдебиетінде ғана кездесетін тілдік бірліктерге жатқызылады. Сонымен қоса, тұрақты тіркестің құрамында сақталған, бірақ мағынасы көмескі сөздердің этимологиясына тоқталған.

Оған мына мысал дәлел бола алады. Сөздіктегі «абадан сөзі» қазіргі тілімізде «көсем, көшбасшы, қасқыр немесе арыстан үйірінің бастаушысы, арлан» деген ауыспалы мағынада қолданылады. «Арыстаны көп, абаданы біреу» деген мақалдағы «абадан сөзі» түпнұсқасы парсы тілінен алынғандығы анықталды.

Қазақ тілінде жеку мәнде қолданылатын «адыра қал» тіркесіндегі «адыра» сөзі араб тілінде «көз жанарынан айырылу» деген мағынаға келеді. Тіліміздегі «ежелеп оқу» тіркесіндегі «еже» сөзі арабтың «heже» буындап деген сөзінен шыққандығы көрсетілген. (Әділов, 2019: 6).

Әсіресе, моңғол тілінен енген кірме сөздерде тән қызықты деректер кездеседі. Мәселен, құдаанда сөзінің, екінші сыңары анда сөзі моңғол тілінде, бауыр,дос, туысқан деген мағынаға ие екен (Манкеева, 2014: 141). Бүгінгі таңда құрамындағы көмескі мағынаға ие кежегесі кейін тартты, жымын білдірмеді, аузын арандай ашты тұрақты тіркестерінің түп негізі моңғол тілінен шыққандығы дәлелденді.

Осы сияқты, соңғы жылдары өте белсенді қолданыста жүрген «ок, sorry, easy, hen party» сияқты сөздер сөздікте қамтылған. Сөздікте жалпы алғанда 8985 кірме сөз қамтылған. Бұл сөздік саласындағы аса құнды ғылыми еңбек болып табылады. Себебі, қазақ тіл білімі саласында осы уақытқа дейін әлем тілдерінен енген кірме сөздерге арналған сөздік құрастырылмаған болатын. Тек қысқаша араб-парсы тілдерінен енген кірме атауларға байланысты сөздік болатын. Алдағы уақытта кірме атауларға байланысты сөздердің толықтыруына байланысты да кірме сөздерге арналған сөздіктер саны арта түседі деп ойлаймыз.

Тіл өзінің эволюциялық дамуын ешқашан тоқтатпайтын жүйе болып келеді. Тілдің сөзік қоры да тиісінше әр түрлі жолмен молайып отырады. Кірме сөздер, яғни бір тілден өзге тілдің құрамына енген тілдік бірліктер барлық тілде бар десек қателеспейміз. Сөздік құрамында басқа бір тілдің лексиконы кездеспейтін тілдер болмайды десек те шатаспаймыз. Ендеше, дүние жүзінде қанша халық болса, сонша тілде сөйлейтін адамзат болғандықтан және адамдардың бірбірімен етене қарым-қатынасы тұрғысынан тілдік бірліктердің тілдер арасында ауысып отыруы табиғи заңды құбылыс болып табылады. Соның ішінде әрбір ана тілдің құрамында басқа тілдің сөздерінің аз немесе көп болуы тарихи жағдайларға және экономикалық үдерістермен тығыз астасып жатады. «Тілге өлі ағза ретінде қарау дұрыс емес, керісінше дамушы процесс» ретінде қарау керектігін өз зерттеулерінде айтқан болатын (Гумбольд, 1984: 65).

Біз, өз тарапымыздан да кірме сөздерге байланысты сауалнама жүргізген болатынбыз. Сауалнама анонимді түрде өтті және 41 адам қатысты. Онда респонденттің жасы, жынысы және кірме сөздерге қатысты сұрақтар сұралды. Сауалнаманың соңғы бөлімі әр респонденттің өз ойын ашық айтып бөлісетін ашық сұрақпен аяқталды. Сауалнаманың негізгі мақсаты кірме сөзбен шеттілдік сөзді ажырату және тіліміздің фонологиялық ерекшеліктері арқылы меңгерілген кірме сөздердің лексикалық мағынасын табу болды. Қазіргі таңда қарыштап дамып жатқан заманда тілімізге күнделікті қаншама кірме сөздердің еніп жатқаны баршамызға аян.

Нәтиже және талқылау



1-сурет – Респонденттердің жас ерекшелігі

Респонденттердің жас ерекшелігін сұраудағы мақсатымыз Тәуелсіздік қарсаңында дүниеге келген ұрпақ пен совет үкіметі кезіндегі ұрпақтың кірме сөздерге байланысты көзқарасы мен қабылдауы екі түрлі болып келеді. Сауалнамаға жауап берушілердің ең кішісі 17 жаста болса, ең үлкені 50 жаста болды.

Екінші сауалымыз респонденттердің жынысы сұралды. Оның себебі ер адам мен әйел адамның кірме сөздерді қолдану ортасында біршама айырмашылықтар кездеседі. Сол себепті екеуін бөлек қарастыруды жөн көрдік. Жалпы, қорытынды бойынша респонденттердің 85,7 % әйел адам болса, 14,3 % ер кісілерді құрады.



2-сурет – Респонденттердің жынысы

«Абадан» сөзі тілімізге қай тілден енгізілген деп ойлайсыз деген сұрақ қойылған болатын. Респонденттердің ешбірі орыс тілінен енген деген нұсқаны таңдамаған. Ең көп 42,9 % адам араб тілінен енген деп көрсетсе, 33,3 % парсы тілін таңдаған. 23,8 % моңғол тілінен алынған кірме сөз деп белгілеген. Бұл сө негізінен парсы тілінен келген. Бірақ тілімізде араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер қатар қарастырылғандықтан, тіпті екі тілден енген кірме сөздерді бөліп ажырату да қиындық тудырады. Сол себепті араб тілінен енген кірме атау дегенді таңдау қисынға келеді. Соңғы моңғол тілінен келген кірме сөз деп белгілеу себебі соғыс атауына қатысты және жалпы сөздің тұрпатынан жаугершілік замандағы сөздің лебі есіп тұрғаннан болуы мүмкін. Моңғол тілінен енген кірме атаулардың басым көпшілігі сол соғысқа немесе жаугершілік аталымдарға байланысты болып келеді.



3-сурет – Абадан сөзі қай тілден енгендігі көрсеткіші

Бұл сұраққа 76,2 % иә деген нұсқаны таңдаса, 19 % жоқ деген жауапты көрсеткен. Көпшіліктің иә нұсқасын таңдау себебі бұл сөздер тізбегі тілімізге ену барысында барлық төл тіліміздің ерекшеліктерін ескергенін байқаймыз. Сол себепті де , бұл сөздер қазақтың төл сөзімен бірдей болып кеткен.



4-сурет – Құрмет, мұғалім, ар сөздері қазақ тілінің төл сөздеріне жатқызылады ма?



5-сурет – *Шеттілдік сөзді көрсетіңіз*

Сауалнамашылардың басым көпшілігі 95,2 % компьютер нұсқасын белгілеген. Демек, осыдан-ақ бұл сөздің қазақ тілінің акустика-артикуляциясына сәйкес еместігін байқауымызға болады. Қалған 5 % респондент барлық нұсқаны шеттілдік деп белгілеген.



6-сурет – Кірме сөздер өзге тілге енген жағдайда түпнұсқадағы беретін мағынасынан өзгереді ме?

Респонденттердің 85,7% жоқ нұсқасын белгілеген. 9,5 % иә деп жауап берген. Қалған 4,8% респондент мағынаның тарылуы немесе кеңеюіне байланысты өзгеріп отырады деп жауап берген.

Қорытынды, тұжырымдар

Респондеттер «Сіз күнделікті қандай кірме сөздерді қолданасыз?» деген сауалға былайша жауап берген. Олар: маникюр, онлайн, дистанционды, компьютер, ноутбук, телевизор, сотка, мұғалім, шәкірт, адал, арам, үстел, кәмпит, сөмке, мектеп, самаурын, телефон, интернет, машина.

Кірме сөздердің тілімізге енуіне не әсер етеді деген сұраққа жеке пікірлерін былай білдірген: глобализация, импорттық экономика, технология, өнеркәсіп, жаһандық экономикалық төңкерістер, сөздік қордың аздығынан, шекара, дін, ғылым,дұрыс аударма жасай алмау салдарынан, мәдениетаралық коммуникация, тарихи басқыншылықтар мен геомәдени қарым-қатынас, заманға сай сөйлеймін деп көбісі кірме сөздерді пайланады негізгі себеп осыда деп ойлаймын деп жауап берген.

Кірме сөздердің басым көпшілігі тілімізге орыс тілінің негізінде сындырылып жазылғандығын байқауымызға болады. Қазіргі таңда ғылым мен білімнің, мәдениеттің асқан қарқындылықпен дамуы негізінде еніп жатыр. Осындай кірме сөздердің барлығын қолдан келгенше төл тіліміздің тілдік ерекшеліктеріне қарай бейімдеп орфографиялануы тиісті деп айтқымыз келеді. Кірме сөздердің төл тіліміздегі баламасын актив қолдану жағын да қарастырғандығымыз жөн болады. Кейбір кірме сөздердің тілімізге толығымен сіңдіріліп өте сәтті меңгерілгендігін байқауымызға болады. Сонымен қатар, тіліміздегі мағынасы көмескіленген кірме сөздердің басқа тілдегі мағынасы қазақ тіліндегі сөзбен үндесіп жатыр.

Әдебиеттер

Durkin P. (2014) / Borrowed Words: A History of Loanwords in English. // International Journal of Lexicography. – Vol. 27, №4. – P. 457-466.

Aritayi L. M. (2014) / The Analysis of English loan words used by information and technology writers in thesis abstracts // jsh Jurnal Sosial Humaniora. – Vol. 7, №1. – P. 252.

Abdul Hamid S. S. (2006) / English loan words in the “Opini” column of Surya Daily newspaper // MEI http://repository.wima.ac.id/id/eprint/6571. – P. 74.

Echevarria M. (2008) / 20 Best Foreign Loanwords in English // https://www.altalang.com/beyond, November 17.

Qreshat J. Y. (2019) / The history of loan words in English and its impact on the English Lexicon // ISSN 23945125, Journal of Critical Reviews . – Vol. 6, №1. – P. 9.

Smith J. (2009) / Old English: A Linguistic Introduction // Cambridge University Press. – ISSN 9780511812330 https://doi.org/10.1017/CBO9780511812330 – P. 199.

Allce E. M. (2017) / Where Do Ninjas, Zombies, and Robots Come from? // January 22 shorturl.at/bsFL1.

Морозова М. Н. (2005). Современный русский язык. – Санкт-Петербург ISBN 5-94962-081. – 279 с.

Тимофеева Г. (2005) Новые английсие заимствования в русском языке – Санкт-Петербург: ISBN 5867200124, 9785867200121, – 106 с.

Крысин Л. П. (1996) Иноязычное слово в контексте современной общественной жизни. – Москва: Наука, – 284 с.

Улуханов И.С. (1994) О новых заимствованиях в русском языке – Москва: Русский язык в школе №1, – 70-75 с.

Липилина О. (2014) Англицизмы или русские слова, заимствованные из английского Ноябрь 6 https://www.study.ru/article/lexicology/anglicizmy-ili-zaimstvovaniya.

Нұрғалиев Р.Н. (1995) Абай. Қазақ энциклопедиясы – Алматы: Атамұра, №5 – 566 б.

Маметұлы К. (2019) Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі жарық көрді – https://lenta.inform.kz/kz/9000-ga-zhuyk-sozdi-ka-mtygan-kazak-tilinin-kirme-sozder-sozdigi-zharykka-shykty_a3592087 Желтоқсан 6 Kazınform Halyqaralyq aqparattyq agenttigi.

Әділов М. (2019) Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі жарық көрді «Baq.kz» электронды сайты желтоқсан 5, https://baq.kz/news/othernews/qazaq-tilinin-kirme-sozder-sozdigi/.

Манкеева Ж. (2014) Ғылымдағы ғұмыр Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері – Алматы: Сардар баспа үйі, 240 б.

Гумбольтд В. (1984) Избранные труды по языкознаний – Москва:Прогресс, ISBN 501004661X, – 400 с.

References

Abdul Hamid S. S. (2006) / English loan words in the “Opini” column of Surya Daily newspaper // MEI http://repository.wima.ac.id/id/eprint/6571. – P. 74.

Adilov M. (2019) / Qazaq tilinin kirme sozder sozdigi zharyq kordi [The dictionary of keywords of the Kazakh language was published]. «Baq.kz» elektrondi saiti, zheltoksan 5, https://baq.kz/news/othernews/qazaq-tilinin-kirme-sozder-sozdigi/ (in Kazakh).

Allce E. M. (2017) / Where Do Ninjas, Zombies, and Robots Come from? // January 22 shorturl.at/bsFL1 (in English).

Aritayi L. M. (2014) / The Analysis of English loan words used by information and technology writers in thesis abstracts // jsh Jurnal Sosial Humaniora. – Vol. 7, №1. – P. 252 (in English).

Durkin P. (2014) / Borrowed Words: A History of Loanwords in English. // International Journal of Lexicography. – Vol. 27, №4. – P. 457-466 (in English).

Echevarria M. (2008) / 20 Best Foreign Loanwords in English // https://www.altalang.com/beyond, November 17, (in English).

Gumboldt V.Fon. (1984) Izbrannye trudy po iazykoznani [Selected Works on Linguistics]. – Moskva: Progress, ISBN 501004661X, – 400 b. (in Russian).

Lipilina O. (2014) Anglisizmy, ili russkie slova, zaimstvovannye iz angliiskogo [Anglicisms or Russian words borrowed from English]. Noyabr 6 https://www.study.ru/article/lexicology/anglicizmy-ili-zaimstvovaniya (in Russian).

Mametuly K. (2019) Kazakh tilinin kirme sozder sozdigi zharyk kordi [The Kazakh language has a dictionary of loanwords]. – https://lenta.inform.kz/kz/9000-ga-zhuyk-sozdi-kamtygan-kazak-tilinin-kirme-sozder-sozdigi-zharykka-shykty_a3592087 Zheltoksan 6 Kazınform Halyqaralyq aqparattyq agenttigi (in Kazakh).

Mankeeva J. (2014) / Gylymdagy gumyr Qazaq tili etimologiyasynyn gylymi-teorialyq negizderi [Scientific and theoretical bases of etymology of the Kazakh language “Life in science”] –Almaty: Sardar baspa uii, 240 b. (in Kazakh).

Morozova M. N. (2005). Sovremennyi russkii iazyk [Modern Russian language]. – Sankt-Peterburg: electronni, ISBN 5-94962-081. – 279 s. (in Russian).

Nurgaliev R. N. (1995) Abai. Kazakh ensiklopediyasy [Abay. Kazakh ensiklopediasi]. – Almaty: Atamura, №5 – 566 b. (in Kazakh).

Krysin L. P. (1996) Inoyazychnoe slovo v kontekste sovremennoi obschestvennoi jizni [A foreign language word in the context of modern public life]. – Moskva: Nauka, – 284 s. (in Russian).

Qreshat J. Y. (2019) / The history of loan words in English and its impact on the English Lexicon // ISSN 23945125, Journal of Critical Reviews . – Vol. 6, №1. – P. 9 (in English).

Smith J. (2009) / Old English: A Linguistic Introduction // Cambridge University Press. – ISSN 9780511812330 https://doi.org/10.1017/CBO9780511812330 – P. 199 (in English).

Timofeeva G. (2005) Noviye angliiskie zaimstvovaniya v russkom iazyke [New English borrowings in Russian]. – Sankt-Peterburg: ISBN 5867200124, 9785867200121, – 106 s. (in Russian).

Uluhanov İ. S. (1994) O novyh zaimstvovaniyah v russkom iazyke [About new loans in Russian] – Москва: Russkii yazik v shkole №1, – 70-75 s. (in Russian).

ҒТАМР 16.31.61. 49.38.49 https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph4

А.Ә. Жаңабекова , Д.О. Токмырзаев ,
К.Қ. Пірманова* , Г.Б. Тлегенова

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: kunsulu.pirmanova@mail.ru

ЖАҢА ӘЛІПБИДІ ПЕРНЕТАҚТАДА ОРНАЛАСТЫРУ РЕТІНІҢ АПРОБАЦИЯСЫН ЖҮРГІЗУ ЖӨНІНДЕ САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ

Мақалада латын графикалы қазақ әріптерін ұлттық пернетақтада орналастыру бойынша (акут әліпбимен) ұсынылған жобаларға салыстырмалы талдау жасалады. Бес пернетақта жобасы бойынша жасалған сауалнама нәтижелері шығарылады. Қазақ тілінде жаңа латын әліпбиіндегі ұлттық пернетақта нұсқаларына аналитикалық талдау жасалады. 2 миллион сөзқолданыстан тұратын мәтіндегі символдар мен тыныс белгілерінің жиіліктері көрсетілді. Жиілік талдау нәтижелері бойынша қазақ тіліне тән әріптердің жиілігі мен мәтінді қамту пайызы анықталды. Мақалада акут және жетілдірілген әліпби нұсқалары бойынша жасалған пернетақта нұсқалары берілді. Ұсынылған пернетақталардағы қазақ әріптерінің орналастырылу принциптері көрсетілді. Латын графикасын қолданатын еуропа және түркі тілдеріндегі пернетақталардағы әріптердің орналастырылуы салыстырмалы түрде қарастырылады. Қазақ тілінде жаңа латын әліпбиіндегі ұлттық пернетақта нұсқаларына аналитикалық талдау жасалады. Әлем тілдеріндегі латыннегізді пернетақталарда әріптерді орналастырудың критерийлері анықталады. Сонымен қатар латыннегізді қазақ ұлттық пернетақтасын жасауда негізге алынатын принциптер туралы ұсыныстар жасалады.

Жаңа пернетақта орналасуын құрастырғанда, тек бір ғана құрылғыға емес, барлық құрылғы (мысалы, сенсорлық, механикалық) қамтылатындай құрастыру керектігі айқындалды. Осы тәрізді пернетақта құрастыруда символдар мен әріптерді теруде перне (раскладка) ауыстырмай тере алу мүмкіндігін ескеру қажеттігі көрсетілді.

Сонымен қатар латыннегізді қазақ ұлттық пернетақтасын жасауда жиілікке негізделген пернетақта бойынша ұсыныстар жасалады.

Түйін сөздер: пернетақта, жиілік сөздіктер, әріптер жиілігі, әріп тіркестері жиілігі, позициялық жиілік, латын әліпбиі, кирилица, перне, әріптер орны.

A.A. Zhanabekova, D.O. Tokmyrzaev, K.K. Pirmanova*, G.B. Tlegenova

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: kunsulu.pirmanova@mail.ru

The results of the questionnaire on testing the order of placing the new alphabet on the keyboard

The article provides a comparative analysis of the presented project on the placement of Kazakh letters of the Latin script (alphabet with acute accent) on the national keyboard. The results of a survey conducted on five projects are summarized. An analytical analysis of the variants of the national keyboard in the new Latin alphabet is carried out. The frequency of symbols and punctuation marks in a text with a volume of 2 million words is indicated.

Based on the results of the frequency analysis, the frequency and coverage of the text was determined, that is, the percentage of specific letters of the Kazakh language. The article provides several keyboard options based on different alphabets, such as an acute accent and an improved alphabet. The principles of the placement of Kazakh letters in the proposed options are indicated. It also provides recommendations on the frequency keyboard when creating a Kazakh national keyboard in Latin. The arrangement of letters on keyboards in the European and Turkic languages using Latin graphics is considered relatively. An analytical analysis of the variants of the national keyboard in the new Latin alphabet is carried out in the Kazakh language. The criteria for placing letters on Latin American keyboards in the languages of the world are determined. The basic principles of creating the Kazakh national keyboard in the Latin alphabet will also be proposed.

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University

When assembling the new keyboard layout, it was determined that the assembly should be carried out in such a way that all input devices (for example, touch, mechanical) are covered. You also need to create a keyboard that will allow you to enter characters and letters without changing the layout.

Key words: keyboard, frequency dictionary, frequency of letters, frequency of letter combinations, positional frequency, Latin alphabet, Cyrillic, layout, arrangement of letters.

А.А. Жанабекова, Д.О. Токмырзаев, К.К. Пирманова*, Г.Б. Тлегенова

Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kunsulu.pirmanova@mail.ru

Результаты анкетирования по проведению апробации порядка размещения нового алфавита на клавиатуре

В статье проводится сравнительный анализ представленного проекта по размещению на национальной клавиатуре казахских букв латинской графики (алфавит с акутом). Подведены результаты опроса, проведенного по пяти проектам. Проведен аналитический анализ вариантов национальной клавиатуры на новом латинском алфавите. Указана частота символов и знаков препинаний в тексте с объемом 2 млн словоупотреблений. Исходя из результатов частотного анализа, определена частота и охватываемость текста, то есть процентное соотношение специфических букв казахского языка. В статье выдано несколько вариантов клавиатуры на основе разных алфавитов, как акут и улучшенный алфавит. Указаны принципы размещения казахских букв в предложенных вариантах. Также предоставляются рекомендации по частотной клавиатуре при создании казахской национальной клавиатуры на латинице.

Относительно рассмотрено расположение букв на клавиатурах в европейском и тюркском языках, использующих латинскую графику. На казахском языке проводится аналитический анализ вариантов национальной клавиатуры на новом латинском алфавите. Определяются критерии размещения букв на латиноамериканских клавиатурах в языках мира. Также будут предложены основополагающие принципы создания Казахской национальной клавиатуры на латинице.

При сборке новой раскладки клавиатуры было установлено, что сборка должна осуществляться таким образом, чтобы охватывались все устройства ввода (например, сенсорное, механическое). Также необходимо создать клавиатуру, которая позволит ввод символов и букв без смены раскладки.

Ключевые слова: клавиатура, частотный словарь, частота букв, частота буквосочетаний, позиционная частота, латинский алфавит, кириллица, раскладка, расположение букв.

Кіріспе

Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» деуінің үлкен логикалық мәні бар (Назарбаев, 2017). Жаңа латын әліпбиіне көшу қарсаңында ұлттық әліпби мен жаңа емледен кейін тұрған ең үлкен өзекті мәселенің бірі – ұлттық пернетақта жасау. Өйткені қазіргі заман – қол жазуының емес, ақпараттық технология заманы. Сондықтан ұлттық пернетақтаны төл тіліміздің мүмкіндіктерін мейлінше терең зерттеп, әлем тілдеріндегі пернетақта жасау тәжірибесін игеріп, сонымен қатар қазақ тілінің төл табиғатын ескере отырып жасау кезек күттірмейтін маңызды ғылыми-практикалық зерттеу нысаны деп есептейміз.

«Ұлттық пернетақта жасаудың лингвотеориялық және практикалық негіздері» атты ғылыми жоба **мақсаты** жаңа ұлттық әліпби негізінде латын қаріпті қазақ әріптерін пернетақтада орналастырудың ғылыми-тәжірибелік негіздерін анықтауды көздейді.

Жобаны жүзеге асыру барысында төмендегідей **міндеттер** қойылған:

- әлем тілдері бойынша пернетақтада әріптерді орналастырудың ұстанымдарын зерттеу;
- пернетақтада қазақ әріптерін тиімді орналастыру үшін қазақ әріптерінің жиілігін алу және жиілік ақпараты бойынша талдау жасау;
- ағылшын пернетақтасындағы латын қаріптерін орналастыру негіздерін айқындау;
- орыс пернетақтасындағы кирилл қаріптерінің орналасу заңдылықтарын анықтау;
- әртүрлі принципке құрылған пернетақта нұсқаларын әзірлеу;
- жаңа латын әліпбиін енгізу қарсаңында ұсынылған ұлттық пернетақта жобаларына талдау жасау;
- пернетақта нұсқалары бойынша уақыт ұзақтығы мен сапа дәрежесіне қарай эксперимент жүргізу;

- әлеуметтік желілерде, ғылым комитетіне т.б. ұсынылған пернетақта нұсқалары бойынша сараптама жасау;

Зерттеу нәтижесінде жаңа ұлттық жазуға негізделген қазақ пернетақтасына әріптерді тиімді орналастырудың ғылыми әрі тәжірибелік негіздері айқындалады.

«Ұлттық пернетақта жасаудың лингвотеориялық және практикалық негіздері» атты ғылыми жоба тақырыбы бойынша зерттеу аясында жазылған мақала ғылыми жоба міндеттерінің бірі – Ғылым комитетіне т.б. ұсынылған пернетақта нұсқалары бойынша сараптама нәтижелерін талдау және Қолданбалы лингвистика бөлімінің бекітілген акут әліпби бойынша және соңғы ұсынылған диакретикалық (жетілдірілген) әліпби бойынша пернетақта нұсқаларындағы әріптер орналастырылымының қолданбалы негіздерін сипаттауды көздейді.

Компьютерлік пернетақта – бұл компьютерге ақпаратты енгізуге және басқарылатын сигналдарды беруге арналған компьютерлік құрылғының бөлігі. Қазіргі компьютерлік пернетақтаның тарихы алыс XIX ғасырда қарапайым жазу машинкасының пайда болуымен байланысты.

Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіретін болсақ, ұлттық пернетақтада әріптерді орналастыруда жастар транслитерациямен жазып, QWERTY пернетақтасының орналасуына үйреніп қалды» деген пікір бар.

Жастардың арасында 2006 жылға дейін транслитерациямен жазу сәнде болды. Бұл құбылыс Қазақстанда ғана емес, басқа да мемлекеттерде орын алды. Бұл кезең – тетікті (кнопокалы) ұялы телефондар заманы еді. Біріншіден, қазақша мәтінді кирилмен немесе латынмен тергенде, терілетін мәтін ұяшығындағы сөз не сөйлем ұзындығы кирилде ұзақ, латында қысқа болып тұрады. Бұл – сыйымдылығы жағынан латынша терілген мәтінге кирилге қарағанда символдар (таңба, әріп) көбірек кетеді деген сөз. Екіншіден, латын қаріптерімен 160 символ, ал кирил қаріптерімен 70 символдан тұратын «смс» мәтіннің құны бір баға болған. Осыған орай, кирил қаріптерімен жазылған 70 символдан тұратын мәтінге қарағанда, латын қаріптерімен жазылған 160 символдан тұратын мәтін әрі көлемді (көп сөз жазылған), әрі ойды, мазмұнды беру жағынан тиімді әрі арзанға түсетіні байқалады. Демек, кириллицада жазылған мәтіннің құны латынмен жазылған мәтінге қарағанда 2 есе қымбат болды. Үшіншіден, телефонда әрбір санға арналған тетікшелерде 3 немесе 4 әріптен қойылған. Мысалы, латынның «С» әрпін жазу үшін «2» санын 3 рет басу керек. Ал кирилде «Г» әрпін басу үшін «2» санын 4 рет басу қажет. 4 – Ч (Что-4to), 9 – Я (Гуля-Gul9) деп тетікшелерді басу уақыты мен ұялы телефон бірлігін үнемдеу мақсатында ч-ның орнына 4-ті, я-ның орнына 9-ды ауыстырып жазып жүрді. Сол кезеңде жастар ыңғайлы және арзан жағына өту барысында ұлттық әліпбидегі әріптерді траслитерациямен терді.

Қазір ұлттық пернетақтамызды жасауда 2000-2006 жылдар аралығында ұялы телефон тетіктері арқылы транслитерациямен жазған жастарға QWERTY пернетақтасы ыңғайлы деп айту дұрыс емес. Транслитерациямен жазған жастардың пернетақтасы мен QWERTY пернетақтасы екі түрлі пернетақта. Пернетақтаны жастар ғана емес, әртүрлі жастағы адамдар да қолданады. Төл әріптерімізді пернетақтаның кез келген жеріне орналастырсақ та, қайтадан үйрену процесі орын алады.

Адамдар арасында «QWERTY пернетақтасының негізінде ұлттық пернетақтамызды жасап, W, X, C әріптерін пернетақтамызда қалдыру қажет. Сол кезде ағылшынша да, қазақша да раскладканы ауыстырмай тере береміз. W, X, C әріптері пернетақтамызда тұра берсе, формулаларды теру ыңғайлы болады», – дейтін де пікір бар.

Бір де бір ел әліпбиінде жоқ әріпті ұлттық пернетақтасының маңызды жеріне орналастырмаған. Әліпбиімізде жоқ әріптерді пернетақтамыздың маңызды жерінде қалдырып, ағылшынша тергенге, формула теруде ыңғайлы немесе шетелдіктер біздің пернетақтамызда өз сөзін тергенде ыңғайлы болсын, қазақ пернетақтасы басқа тілде теруге ыңғайластырылсын деген пікір ұлттық пернетақтамызды жасауда ғылыми тұрғыдан болсын, логикалық тұрғыдан болсын және ұлттық тұрғыдан да қате пікір. Қазақ пернетақтасы мәтінді тек қазақ тілінде теруге ыңғайлы болуы қажет. QWERTY пернетақтасын негізге алып, W, X, C әріптерін қалдыру арқылы формулаларды теру ыңғайлы немесе ғасырды таңбалайтын сандарды (XXI) беруде ыңғайлы деп айту дұрыс емес. Формулалар тек осы 3 таңбаның негізінде тұрмайды. Формулаларды теру үшін арнайы «формула конструкторы» бар. осындай күрделі формулаларды пернетақтаның ешқандай раскладкасымен теру мүмкін емес.

Әзербайжан елінің әліпбиінде W әрпі жоқ (Yazdi, 2018). Сондықтан оның орнына әліпбиіндегі төл Ü әрпін орналастырған.



1-сурет – Әзірбайжан пернетақтасы

Грузия елі пернетақтасына W, X, C немесе одан да басқа шет тілдердің әріптерін формула жазу үшін ыңғайлы болсын немесе ғасырды көрсетуге ыңғайлы болсын деп кіргізген жоқ.

2-сурет – Грузия пернетақтасы

3-сурет – Кнопкалы ұялы телефон пернетақтасы

Кирил пернетақтасында мәтін теру кезінде кейбір символдарды қою үшін QWERTY пернетақтасына өтіп, керек символды қойып, қайта кирил пернетақтасына өтетінбіз. Мысалы, {}[] < > `~ символдарды қойғанда. Әлем бойынша барлық елдер пернетақталарында кем дегенде 2 немесе одан да көп раскладканы пайдаланады. Біз бір раскладка ғана жасаймыз деген пікір қате. Себебі, бір раскладкаға салсақ, мына {}[] < > `~ символдарды арнайы орнатумен (специальная вставка) ғана қоя аламыз. Бұл символдар сирек қолданылатын символдар қатарына жатпайды. Төл әріптерімізді қалай орналастырсақ та, бағдарламашылар тек ағылшын QWERTY пернетақтасын қолданады. Бағдарламашылардың Қазақ QWERTY пернетақтасына көшуі мүмкін емес. 1-ші жоба (қазақ әріптері оң жақ шетке бір шоғыр болып орналастырылған) қабылданған күннің өзінде де пернетақтамызда ағылшын стандартты QWERTY пернетақтасы, ұсынылып отырған 1-ші жобаның Қазақ QWERTY пернетақтасы және ЙЦУКЕН пернетақтасы раскладкалары болады. Ағылшын стандартты QWERTY пернетақтасын алып тастай алмаймыз. Себебі, әр тілдің өз пернетақтасы бар. Өзге тілде мәтін теру үшін сол тілдің ұлттық пернетақтасының раскладкасына өтеміз. Мысалы, ағылшын, қытай, араб, түрік және т.б. Ал ұлттық пернетақтамызда тіпті туыстас та емес екі тілдің мәтіндерін бір раскладкамен теру мүмкін емес. Қазақ және ағылшын әліпбиі екітүрлі. Аталған тілдер әліпбилерінің символдары бір-біріне толық сәйкес келмейді. 1-ші жобадағы Қазақ QWERTY пернетақтасын қабылдасақ, ұлттық пернетақтамызда екі QWERTY пернетақтасы (бірі ағылшынның, бірі қазақ) болады. Бұл тиімсіз.

Араб елінің пернетақтасында басқа тілдің әріптері орналасқан жоқ. Осындай басқа да мысалдар өте көп.

4-сурет – Араб пернетақтасы

Бұл елдердің барлығы 2 немесе одан да көп пернетақта раскладкасымен қолданады.

QWERTY пернетақтасын қолдаушылар «Шетелге тапсырыс бергенде QWERTY пернетақтасына ғана тапсырыс бере аламыз» дегенді айтады.

Шетелдегі пернетақта шығаратын ұйымдарға бұйымдарының өткені жақсы. Қандай пернетақта нұсқасын жасап берсек, сату үшін сол тапсырыс берілген өнімді шығарады.

Сондай-ақ QWERTY пернетақтасын қолдаушылар «QWERTY және ЙЦУКЕН пернетақтасы жиілікке негізделіп жасалмаған, тек механикалық тетіктер бір-біріне айқасып қалмас үшін жасалған. «20 жыл» зерттеліп, пернетақтаны жиілікпен жасағандағы пернетақта тиімділігі дәлелденсе де, қолданылса да, әлемге тарамай, қолданысқа енбей қалды» дегенді тілге тиек етеді.

Біздің ойымызша, QWERTY пернетақтасының алғашқысы басу мәшенкесіне ыңғайластырылғаны рас. Екіншіден, ағылшынша тергенде екі қолға бөлініп орналастырылғаны да бар. Август Дворак пен Вильям Диллидің жиілікке негізделген зерттеу жұмысын жүзеге асыру кезінде АҚШ өз әліпбиін басқа графикаға ауыстырмады және оған дейін халық QWERTY пернетақтасын қолданып келді. Ол кезде адамдар пернетақтаның жаңа нұсқасына қайта үйренгісі келмеді. Сондықтан көпшілікке үйреншікті QWERTY пернетақтасы қалып қойған. QWERTY пернетақтасы қазақ тілінде мәтін терушілердің барлығына үйреншікті емес. Ағылшын тілінде мәтін терушілер аз. QWERTY пернетақтасы көзге үйреншікті болғанмен, мәтін теруге қол дағдыланбаған.

Біз латын графикасына өтіп жатырмыз. Осы тұста пернетақтамызды жазу жылдамдығын

арттыруға лайықтап алғанымыз дұрыс болмақ. Жиі кездесетін әріптерге ыңғайланған пернетақта жаңа болғанмен, адамдар оған да үйреніп, болашақта қазақ мәтіндерін теру тез әрі ыңғайлы болар еді. Өйткені жиілікке негізделген пернетақтаның ғылыми негіздері (жиі кездесетін әріптердің пернетақтаның қолға ыңғайлы бөлігінде орналасуы, жиі тіркесетін әріптердің орналасу реттілігі, олардың екі қолға бөлініп орналастырылуы және т.б.) бар.

Ұлттық әліпбидің әріптерін пернетақтада тиімді орналастыру үшін лингвистикалық, социологиялық зерттеулер жүргізу қажет. Лингвистикалық зерттеулер жүргізу негізінен тіл білімінің қолданбалы бағытын зерттеу объектісі болып табылады. Бұл жағдайда пернетақтадағы әріптерді орналастыру кезінде біз қандай позицияларға сүйенетінімізді анықтау қажет.

Олардың біріншісі – ағылшын тілінде жазылған латын қаріптерінің орналасуын пернетақтада сақтау және жаңа таңбаларды кириллдегі қазақ әріптері тұрған жоғарғы қатарға орналастыру. Ағылшын пернетақтасында орналасқан латын қаріптерін басу арқылы шатастырмау үшін тиімді деп айта аламыз. Кирилл қаріптері бар пернетақтада жоғарғы қатарда тек қазақ тіліне тән әріптер орналасқан.

Екіншісі – ағылшын пернетақтасында рим қаріптерін сақтай отырып, жоғарыда емес, негізгі үш жолдағы бос орындарға жаңа таңбаларды енгізу.

Үшіншіден, әлемдік лингвистикада ұстануға тиіс қағида, әріптерді пернетақтада жиі қолданылатындай орналастыру, яғни жиі кездесетін әріптерді пернетақтаны басқанда оңай, икемді басылатын жерлерге орналастыру.

Мақалада осы үш жоба аясында жасалған пернетақта нұсқалары бойынша талдау жасалмақ.

Зерттеу материалы және әдістері.

Жобаны жүзеге асыру барысында лингвостатистикалық (жиілік ақпараттар алу үшін және статистикалық сипаттамалар жазу үшін), талдау және жинақтау әдістері, алгоритмдер теориясы мен программалық қамтамасыз ету (пернетақта нұсқалары бойынша компьютерлік бағдарлама жазу), эксперименттік (пернетақта нұсқалары бойынша уақыт және қуат (сапа) сыйымдылығы бойынша қолмен теру тәжірибесін жүргізу) және т.б. **әдістер** қолданылады. Жоба бойынша зерттеу кезеңдері жоғарыда зерттеу міндеттерінде көрініс тапқан.

Жоба бойынша күтілетін **зерттеу нәтижелері** төмендегідей:

а) әріптерді пернетақтада орналастырудың әлемдік (үнді-еуропа тілдері, түркі тілдері, орыс тілі) тәжірибесін зерттеу нәтижелеріне сипаттама жасалады;

ә) бірнеше пернетақта нұсқалары әзірленеді және олардың компьютерлік бағдарламалары жасалады;

б) пернетақта нұсқалары бойынша уақыт және қуат (сапа) сыйымдылығы бойынша эксперимент жүргізіледі және эксперимент нәтижелеріне ғылыми-тәжірибелік сипаттама жасалады.

в) әріптерді пернетақтада орналастырудың әлемдік тәжірибесін зерттеу мен эксперимент нәтижелері бойынша ұсыныстар жасалады.

Жаңа жазу қарсаңында ұлттық пернетақтаны жасаудың ғылыми-тәжірибелік негіздерін зерттеу өзекті әрі маңызды мәселе (Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздігі, 2017). Жоба жаңалығы алғаш рет пернетақта жасаудың әліемдік тәжірибесін зерттеу және пернетақта нұсқалары бойынша тәжірибелік эксперименттер жүргізілуінен көрінеді.

Әдебиетке шолу

Отандық және шетелдік ғалымдардың пернетақта туралы ғылыми-зерттеулері пернетақта пайда болғалы бері қарқынды жүруде. Бірақ алғашқы пернетақталар баспа мәшінкесі негізінде ешқандай статистикалық не лингвистикалық зерттеулердің нәтижесіне негізделіп жасалмаған. Әйгілі айналымға енген QWERTY пернетақтасы қара халық арасында кең қолданысқа ие болғандықтан, айналымда қалған еді. Тіптен, Дворактың өзі «Мен адамдарға пайдалы зат жасаудан шаршадым. Олар үйренгісі де өзгергісі де келмейді» дейді. Ғалымның бұл сөздерінен қазіргі QWERTY пернетақтасының ғылыми негізі болмағанын түсінуге болады. Дворактың 1936 жылы жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесін қазіргі таңда көптеген Майкрософт, Линус, МаркОС сияқты компаниялар операциялық жүйелерде орнатып жатыр. Дегенімен, көпшілік QWERTY пернетақтасын қолданып жүр. Пернетақтаны жаңадан қолдана бастаған адамға минутына 40 сөз теру үшін Дворактың пернетақтасы бойынша 18 сағаттық үйрену уақыты кетеді екен. Ал дәл осындай нәтижеге жету үшін QWERTY пернетақтасымен 56 сағат кетеді. Бұдан Дворактың ұсынған пернетақтасы 3,1 есе тиімді екені көрініп тұр.

Пернетақтада мәтін терудің ғылыми негіздері болады. Оларға: мәтінді тиімді әрі тез теру, уақыт үнемділігі, қол мен саусақтардың батырманы басу кезінде қолға зақымның келмеуі, яғни буындардың ауырмауы және т.б. Мәтінді теру үшін пернетақтаға әріптерді орналастырудың ғылыми негіздері, оның ішінде әріп және әріп тіркестерінің жиілігін енгізу дұрыс. Себебі пернетақтаға қандай да бір тілдегі мәтіндердің жиілігін шығарып, сол жиілік негізінде әріп тіркестерінің жиілігін шығарғаннан кейін пернетақтаға орналастырсақ, сол тілдегі мәтіндерді теру жұмыстары тездейді. Ұлттық пернетақтамызды пернетақта кертпелеріне орналастыру үшін қазақ тіл білімінде, оның ішінде қазақ статолингвистикасында қолданбалы зерттеулер жақсы жүргізілуде. Атап айтар болсақ, 2016 жылы «Қазақ тілінің жиілік сөздігі» (Жұбанов, 2016). Осы сөздік негізінде Қазақ жазуын латын қарпіне көшірудің статистикалық негіздері жазылған (Жұбанов, 2017). Д. Тоқмырзаев пен Б. Карбозованың шетелдік пернетақталар тәжірибесі жайында зерттеу жұмыстары да ұлттық пернетақтамызды жасауда елеулі еңбектердің бірі.

Қолданбалы зерттеулерге соның ішінде пернетақтаға қатысты Yazdi M., Negahban A. пернетақтаны қазіргі кездегі қолданысқа қарай бейімдеп дизайнын жасау туралы (Yazdi, 2018), Li Y. Пернетақтада мәтін теру кезіндегі әсерлері мен ортасы, қалпы жайындағы (Li, 2020), Араб пернетақтасының көзге қатысты әсерін зерттеп, оптимизациялау мен пайдалану кезіндегі ыңғайлылыққа (Najjar, 2021) қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстары пернетақтаны қолданысқа пайдаланушыға ыңғайлы, пернетақтаны қолданушыға технология қызмет жасайтындай жолдары қарастырылуда.

Осындай отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары мен қолданбалы бағытта жасап жатқан өнімдеріне қарап көптеген нәтижелерге қол жеткізуге болады деп айта аламыз.

Нәтижелер және талқылау

«Ешқандай ел жиілікке негізделген пернетақта жасаған жоқ» дейтін QWERTY пернетақтасын қолдаушылар пікірі қате пікір! Түрік елі жиілікке негізделген F пернетақтасын (оң қолға 51%, сол қолға 49% күш жұмсайды) 1955 жылдан бері зерттеп, қолданып келеді. Олардың осынша жыл ішінде F пернетақтасына толық көшпеуінің себебі – басында QWERTY пернетақтасын пайдаланды. Түрік елі 1928 жылдан бастап латын графикалы түрік әліпбиіне көшті. Бірақ пернетақталарын о бастан зерттеуге толық мүмкіндіктері болмай, дайын QWERTY пернетақтасын негіз ретінде алған (Li, 2020).

Біз қазір басында бәрін реттеп алсақ, Түрік елі сияқты жарты ғасырдан артық уақытымызды жоғалтпай, болашаққа ыңғайластырып пернетақтамызды жөндеп алар едік.

Көп адам мысалға келтіретін Apple компаниясы шығаратын пернетақталарының оң жағында сандар жоқ (орналастырылмаған). Бұл компания жылдан-жылға жаңалық ашып отырады. Мысалы, олар барлық құрылғыларында 3D иконкаларды бір күнде 2D иконкаға айналдырып немесе 3,5 мм-лік наушниктарды қолданыс айналымынан алып тастады. Адамдар оған да үйреніп келеді. Демек, кез келген жаңа өнімге үйренуге болады. Сол сияқты жиілікке негізделген пернетақтада басуға да адамдардың үйреніп кетуге мүмкіндігі өте мол.

QWERTY пернетақтасын қолдаушылар «бұрынғыдай сандардың және символдардың орнына ЙЦУКЕН негізіндегі пернетақтаға латын негізіндегі қазақтың төл әріптерін орната салу керек», – дегенді айтады.

Біздің ойымызша, сандардың орнына әріптерді кірістірмегеніміз жөн. Бұл жағдайда әріптер 4 қатарда тұратын болады. Санды оң жағынан басуға келмейтін пернетақталар да бар. 2 мм ештеңе шешпейді деуге болмайды. Бір күнде бір-екі бет мәтін теретін адамдарға қарағанда, 150-170 беттей мәтін теретін адамдар үшін сол 2 мм де маңызды. Сандар әріптерге жақын қатарда орналасуы қажет. Себебі, мәтін теруде сандарды теру жиі кездеседі. Мысалға, қазіргі ЙЦУКЕН пернетақтасында ноутбукпен қазақ мәтінін теру кезінде санды теру үшін раскладканы қайта-қайта ауыстыруға тура келеді. Бұл пікір бойынша жасалған пернетақтаның да қазіргі пернетақтадан ешқандай артықшылығы жоқ.

QWERTY пернетақтасын қолдаушылар «кейбір пернетақталарда Enter пернесін екіге бөліп, тағы бір перне орнатқан, сол пернеге төл әрпімізді орнатайық», – дейді.

Enter пернесінің шетінен бөлініп алынған пернеде мына символдар (/ | \) орналастырылған. Бірақ пернетақталардың басқа нұсқаларында бұл символдар Enter пернесінен бөлек орналасуы мүмкін.

Стандартты пернетақта көп жерде қолданылады. Біз ол стандарттан ауытқып, басқа пернетақта жасауымызға да болар еді. Бірақ стандартты пернетақтаны қолданғанда Enter

пернесінен бөлінген пернеге төл әрпімізді қойсақ, пернетақтаның басқа нұсқаларында төл әрпіміз әртүрлі орналасып, көшіп жүреді. Яғни ұсынылған 1-ші нұсқадағы үстіңгі сандар тұрған қатардың оң жағына қойылған **і** әрпі 1-нұсқа бойынша үстіңгі сандар тұрған қатарда, бірде Enter пернесінен бөлінген пернеде, бірде Enter-дің үсті, сандар қатарының астындағы аралықта әртүрлі пернетақталарда ауысып орналасатын болады.

QWERTY пернетақтасын қолдаушылар «бүкіл әлем QWERTY пернетақтасын қолданатындықтан, Сол пернетақтаны қалдыру керек», – дегенді айтады.

Бүкіл әлем бір пернетақтаны қолдануы үшін әлемде бір ғана тіл болуы керек. Әліпбиі латын графикасы негізінде жасалған елдердің пернетақтасында әріптерді орналастыру кезінде айырмашылықтар бар екені көрінеді. Мәселен, олардың бірқатарын көрсетейік, Неміс және Австрия пернетақтасы (Vertanen, 2018):

Неміс және Австрия пернетақтасында Y пен Z пернелері өзара орнын ауыстырған. QWERTY пернетақтасын негізге алса да, өздеріне ыңғайлы нұсқасын жасаған (Cao, 2018).

Франция елінің пернетақтасы AZERTY-де QWERTY сақталмай, Q-дың орнына A, W-дың орнына Z орналастырылған.

Латыштар өз ұлттық пернетақтасында екінші раскладкаға ŪGJRMV әріптерін орналастырған (Najjar, 2021).

5-сурет – Австрия пернетақтасы



6-сурет – Франция пернетақтасы

Демек, QWERTY пернетақтасы барлық тілде сақталған дей алмаймыз, тіпті туыстас еуропа тілдерінің өзінде пернетақтасында айырмашылықтар көрінеді.

Қазіргі кезде пернетақтаны күнделікті қолданатын адамдар мен көптеген сала мамандары QWERTY пернетақтасының кемшіліктерін түсініп, өздеріне ыңғайлы пернетақталар расклад-

касын ойлап шығаруда. Латын қаріпті қазақ әліпбиіне көшуімізге байланысты пернетақтамызды да дұрыстап алуға өте жақсы мүмкіндік болып тұр (Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі, 2016).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия отырысының 2018 жылғы 21 маусымдағы № 20-3/07-664-хаттамасына сәйкес білім беру ұйымдары арасында жаңа әліпбиді пернетақтада орналастыру ретінің апробациясын өткізу үшін пернетақтаның 5 нұсқасы (акут) бойынша сауалнама жүргізді (2018 жылғы 21 маусымдағы № 20-3/07-664-хаттамасы).

1-нұсқада пернетақтада бұрынғы ағылшындағы латын қаріптері өз орнында қалдырылып, жаңа әліпбиде жоқ Х-нің орнына Ǵ әрпі, W-дің орнынан Á әрпі қойылған. Ағылшын латынындағы С әрпі пернетақтаның нүкте (.) тыныс белгісі тұрған жерге ауыстырылып, С-ның орнына Ó әрпі қойылған. Ал Ń, Ú, Ý әріптері ағылшанда тік жақша мен үтір (,) тұрған пернетақтаның оң жақ бетіндегі батырмаларға орналастырылған. Алайда бұл пернетақтада кирилдегі и/й-ді таңбалайтын нүктесіз ı (кіші әрпі) әрпі орналастырылмаған.



7-сурет – 1-ші нұсқа



8-сурет – 2-ші нұсқа

2-нұсқа да 1-нұсқамен негізінен ұқсас, айырмашылығы – ағылшын пернетақтасының ортаңғы тұсында тұрған F, V әріптері оң жақ шеттегі жақшалар орнына қойылып, олардың орнына Ń, Ú таңбалары қойылған.

3-нұсқада кирил пернетақтасындағы қазақ әріптері (Ә, І, Ң, Ғ, Ү, Қ) тұрған орындарға жаңа әліпбидегі таңбалары (Á, I, Ń, Ǵ, Ú, Q) қойылған. Бұл жерде Ұ ағылшын пернетақтасында (U) бар болғандықтан, Ұ-ның орнына У (Ý) қойылған. Сонымен қатар кирилдегі и/й-ді таңбалайтын нүктесіз ı (кіші әрпі) әрпі нүктесіз ағылшындағы I ı -дің орына қойылған сияқты. Алайда бұл нұсқада Q әрпі екі жерде тұр.

4-нұсқаны А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Қолданбалы лингвистика бөлімі 7 миллион сөзқолданыстан тұратын «Қазақ тілінің сөзформалар жиілік сөздігі» мәтінінен алынған әріп және әріп тіркестерінің жиі кездесу ерекшелігін басшылыққа алып жасаған (Жұбанов, 2016). Ең жиі кездесетін 19 әріп екіге бөлінеді және пернетақтаның ортасында орналасқан, сол сияқты олармен жиі тіркесіп қолданылатын екінші әріптері

бірінші әріпке жақын аралыққа, яғни сол қол мен оң қол саусақтарына сәйкестендіріліп орналастырылған. Бұл пернетақтада бұрынғы ағылшындағы латын әріптерінің орнын сақтау көзделмеген, әріптердің актив қолданысына қарай жиі кездесетін әріптер пернетақтаны басуға ыңғайлы ортаңғы бөлікке орналастырылған (Жұбанов, 2017).



9-сурет – 3-ші нұсқа



10-сурет – 4-ші нұсқа



11-сурет – 5-ші нұсқа

5-нұсқада 1 және 2-нұсқалардағыдай, ағылшындағы латын пернетақтасының бұрынғы орны сақталып, оң жақ бөлігіндегі тыныс белгілері мен символдар ([];',./) тұрған жерге Ń,Ó,Á,Ú,Ǵ,Ý әріптері орналастырылған. Алайда Іі әрпі (нүктелі) қайталанып, ағылшындағы пернетақтадағы нүктенің (.) орнында тұр. Яғни Іі екі рет болып тұрда, и/й (І/ı) әрпі жоқ.

Сауалнамаға қатысушылардың жалпы саны – 1813 респондент. Оның ішінде мұғалімдер

(оқытушылар) – 384; студенттер – 877; оқушылар – 563.

Сауалнама нәтижесі бойынша, *1-кестеден,* көріп отырғанымыздай, *бірінші орында* мұғалімдер де, студенттер де, оқушылар да пернетақтаның 3-нұсқасын дұрыс деп санайды. Жалпы саны 1813 респонденттің 925-і, яғни тең жартысы осы нұсқаны белгілеген. Санақ бойынша *екінші орында* тұрғаны – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұсынған 4-нұсқа. Жалпы саны 1813 респонденттің 677-сі, яғни 2/3 (үштен екісі) осы нұсқаны белгілеген. *Үшінші орында* 5-нұсқа (нарық нұсқасы), жалпы саны 1813 респонденттің 158-і, яғни оннан бірі осы нұсқаны белгілеген. Ал 1 және 2-нұсқаны белгілеушілер саны өте аз, 1-нұсқаны 32, 2-нұсқаны 21 адам белгілеген.

1-кесте – Сауалнама көрсеткіштері

№	Әлеуметтік топтар	№1	№2	№3	№4	№5
1	Мұғалімдер	1	3	300	80	
2	Студенттер	3	4	419	420	31
3	Оқушылар	28	14	206	177	127
	Жалпы: 1813	32	21	925	677	158

Сауалнама нәтижесі бойынша мынадай қорытынды жасауға болады. Көпшілік 3-нұсқаны, яғни ағылшынның бұрынғы әріптерін сақтап, кирилдегі пернетақтаның жоғарғы жағында тұрған қазақ тіліне тән әріптерді орналастыруды дұрыс деп санайды.



12-сурет – Акут әліпбимен жасалған статистикалық пернетақта

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімінің акут әліпбимен кезінде жасаған жобасы төмендегіше көрініс табады.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімі акут әліпбимен әріптерді жиілік бойынша төмендегіше орналастырған болатын.

Енді біз бұл пернетақтада орналастырылған әр әріп бар әріптердің жиілігі мен олардың комбинациясының жиілігін ескере отырып, неге осылай жасалғанын айтамыз.

Пернетақта пернелері екі қолмен басылғандықтан, олар ортаның оң және сол жағында есептеледі және екі қолға бөлінеді (Жұбанов, 2018: 5-24). Пернетақтаның жиегі қазіргі кириллицалық пернетақтада А және О әріптерімен созылған. Орталық (орталық) – бұл екі әріптің ортасында орналасқан П және Р әріптерінің ортасы. Яғни ЕПИ әріптерінің оң жағы, НРТ әріптерінің сол жағы.

Пернетақтаға әріптерді орналастыру кезінде оның бетінде түймелер орналасқан жолды басудың ыңғайлылығына байланысты, яғни теру кезінде актив пен пассив аймақтарға бөлінеді. Пернетақтада әріптерді теруге ыңғайлы орын – ортаңғы аймақта, әсіресе кертік тұрған жерде, оның астында және үстінде.

Ал экстремалды түймелер пассивті аймаққа жатады. Актив пен міндеттеме аймақтарын пернетақтаның горизонталь (көлденең) және вертикаль (тік) бөліктері бойымен де көрсетуге болады (Жаңабекова, 2018: 14-21). Көлденең сызық бойындағы белсенді аймақ – бұл екі ядро бар ортаңғы қатар, яғни қазіргі кирилдегі Ф әрпінен басталатын және Э әрпімен аяқталатын қатар. Сонымен қатар активтік аймақ осы қатардың үстінде орналасқан. Ал төменгі қатар – сирек кездесетін әріптер орналасқан аймақ (Карбозова, 2016: 159).

13-сурет – Пернетақтаның жиек және ортаңғы бөлігі

Тік (вертикаль) түймелер жолағы – бұл көлденең жолақтағы түймелердің жаны, яғни ортаңғы, екінші қатардағы жан, орта. Сондай -ақ, жоғарғы қатардағы жиектің жоғарғы ортаңғы бөліктері. Содан кейін – жиектің төменгі ортаңғы бөліктері. Ал осы үш қатардың шеткі бөліктері пассивті аймақ болып саналады, онда сирек кездесетін әріптер немесе тыныс белгілері орналасады.

Қорытынды, тұжырымдар

Талдау бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

1) Бірінші орындағы көпшілік таңдаған 3-нұсқаның басуға үйреншікті, қабылдауға жеңіл екендігіне күмәніміз жоқ. Қ-ның біреуін ғана беру керек.

2) Екінші орындағы А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ Қолданбалы лингвистика бөлімінің әріп жиілігіне сәйкес жасаған 4-нұсқа приципті тұрғыдан тиімді деп саналғанмен, ағылшын пернетақтасындағы латын қарпінің орнының ауысып кетуі халықтың қолдағдысына қиындық келтіретіні белгілі.

3) Үшінші орындағы 5-нұсқа оң жақтағы тыныс белгілері тұрған орындарға орналастыру жаңа таңбаларды бір жерден іздейтіндіктен, қабылдауға да жеңілдік тудырады. А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ Қолданбалы лингвистика бөлімі ұсынып отырған 2-жобасы да осымен, әріптердің орны ауысып орналастырылғаны болмаса, негізінен сәйкес келеді.

и/й-ді таңбалайтын І/ı әрпі 5-нұсқада ғана жеке беріледі, алайда нүктесін алып тастау қажет еді. Ұлттық пернетақтаның қабылданған нұсқасында арнайы батырмада беру керек.

Латын әліпбиінде теру бойынша бірінші QWERTY, екінші DVORAK, үшінші Colemak пернетақтасы тұр. QWERTY пернетақтасы 1867 жылы жасалып 1936 жылға дейін латын әріптерін теруге арналған жалғыз перне орналасуы (Meena, 2018) болып келді. 69 жыл бойы жалғыз қолданылып келе жатқан перне орналасуы бүгінгі күнге дейін келіп жетті. Халық әбден үйренген QWERTY пернетақтасын ешқандай пернетақта ауыстыра алмады. 1936 жылғы Дворактың да пернесі қазіргі Colemak, Carplax, Kinesis, Maltron және т.б. көптеген пернеорналасулары жасалды. Бірақ бұл жаңадан зерттеліп жатқан пернеорналасуының барлығы QWERTY пернетақтасынан артықшылығы аса көп емес. Артықшылығы өте үлкен болса сол уақытта барлығы жаңа пернетақтаға өтіп кетер еді. Әрбір латын қаріптерін пайдаланушы ел QWERTY пернетақтасын минималды түрде өздерінің тіліне ыңғайластырып өзгертті (Smith, 2017).

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты – пернетақтада қазақша мәтіндерді жылдам әрі сапалы теру мүмкіндіктерін қарастыру. Ол үшін біз қазақша мәтіндерде жиі кездесетін әріптерді және сөзді құрайтын әріп тіркестерінің жиілік мүмкіндіктерін анықтауымыз қажет.

Жаңа пернетақта орналасуын құрастырғанда, тек бір ғана құрылғыға емес, барлық құрылғы қамтылатындай құрастыру керек. Мысалы,

физикалық пернетақтаға ыңғайластырып ғана қоймай, сенсорлы экрандарға да ыңғайлы болуы қажет.

Зерттеулеріміздің негізінде (жетілдірілген әліпби нұсқасы бойынша) 1 вариантқа QWERTY пернесін алып отырмыз.

14-сурет – Жетілдірілген әліпби нұсқасы бойынша QWERTY пернесі (1 вариант)

Бұл вариантта келесі артықшылықтар бар:

• Көзге үйренгендіктен және көп адамның таңдауы QWERTY пернесінің негізінде;

• Төл әріптердің жиілігі және әріп тіркесі бойынша;

• Символдардың максималды қамтылуы, үтір мен нүктенің ыңғайлылығы (себебі үтір мен нүкте әріптер сияқты өте жиі кездеседі);

• Кирил пернесіндегі қазақ әріптерінің орналасуымен сәйкестендірілуі;

• Эстетикалық тұрғыдан көзге тартымдылығы;

• Әліпбиімізде жоқ әріптердің негізгі пернетақтамызда болмауы;

• Ағылшын тілінде жиі кездесетін W, X, C әріптерінің жасырын орналасуы;

• Сандардың өз орнында болуы және перне-орналасуды (раскладканы) ауыстырмай теру.

1 вариант пернетақтасы бойынша қазақша мәтінді пернетақтада терген жағдайда ~40 миллионға жуық пернені басуда қазақтың төл әріптері 14,3% (~5млн717) басылады екен. Сондықтан қазақтың төл әріптерін мәтін терген кезде сирек кездеседі деуге болады. Тек ***«і»*** әрпі жиі кездесетіндіктен, жоғары және ортаңғы жерге орналастыру ыңғайлы. Қалған төл әріптерді перненің әріптік алаңының шетіне және төмен жағына орналастыруға болады.

2-кесте – 40 млн әріптің жиілігінің ішіндегі қазақтың төл әріптері кестесі

№	Әріп	Жиілігі	%	Әріп тіркесі
1	ı	2406532	6,0264	4151797
2	ŋ	656231	1,6433	871974
3	ğ	649818	1,6273	1255368
4	ş	535909	1,3420	902229
5	ö	415207	1,0397	653687
6	ū	378179	0,9470	673098
7	ü	350733	0,8783	597980
8	ä	325023	0,8139	521339

3-кесте – 2 млн сөзқолданыстан алынған символдар жиілігі

Символ	Жиілігі
.	149466
,	130600
() екі жағы	51028
« екі жағы	45870
қысқа сызықша	29237
ұзын сызықша	24167
:	19380
/	6572
?	5950
;	4867
=	1810
%	1177
#	742
!	540
+	355
*	295
$	166
№	142
~	6

Осы кестеде көрініп тұрғандай, қазақ мәтінін теру барысында өте қажетті символдардың жиілігін көріп тұрмыз. Сондықтан ең жиі кездескен символдарды пернетақтамызға орналастырудың маңызы өте зор (раскладканы ауыстыра бермес үшін). Әрине әрбір салада мәтін терген жағдайда символдардың кездесу жиілігі өзгеруі мүмкін, бірақ бұл 2 миллион сөзқолданыстан алынған символдар жиілігі аралас стильдердегі мәтіндерден алынған. Сондықтан тильда мен доллар символынан басқа барлық символдар 1 вариант пернетақтасында қамтылған.

Пернетақтада жасырын пернені Ctrl+Alt-ті басу арқылы W/X/C әріптерін енгізуге болады (Onsorodi, 2020).

Қорытынды

Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру жағдайында қазақтың ұлттық пернетақтасын жасау, нақтырақ айтсақ, қазақ әріптерін пернетақтада тиімді орналастыру мәселесі қазіргі уақытта қызу талқылау үстінде. Осы ретте біздің қолданбалы бағытта зерттеліп отырған ғылыми жоба әлемдік пернетақталарда әріптер орналасуын зерттеу, принциптерін анықтау нәтижесінде қазақ пернетақтасында әріптерді орналастырудың ғылыми-тәжірибелік негіздерін айқындауға арналған және қазіргі ұсынылып отырған пернетақта жобаларына сараптама жасау, талдау арқылы тиімді пернетақтаны таңдау немесе өз тарапымыздан ұсынуға бағытталған. Мақала аясында жоғарыда ұсынылған пернетақталарды сараптау нәтижелері мен қазақ әріптерінің жиілігіне негізделген пернетақтада жасау мәселелері қарастырылды.

Сонымен, қорыта келе, айтарымыз: Қазақ домбырасы – қазақты басқа елден ерекшелейтін ұлттық аспабы. Сол сияқты бүгінгі заттық мәдениет белгісі ретінде ұлттық пернетақтамыздың да өзіне тән ұлттық айшығы, түр-тұрпаты болуы керек. Ұлттық пернетақтамыз ағылшын мәтінін теруге ыңғайластырылмауы керек. Қазақ ағылшынға ешқашан да айналмайды. Сол сияқты бағдарламашылар тіліне бейімдеудің де қажеті жоқ. Бағдарлама тіліне бейімдеу дегеніміз – ол пернетақтаны, тіпті әліпбиіміздің

өзін компьютерге бейімдеу дегенді білдіреді. Біз пернетақтамызды бір салаға ыңғайластырып емес, бүкіл қазақ халқына ыңғайлы етуді жөн көреміз. Әлемдік тәжірибеге сүйеніп, дұрыс нәтижелерді сұрыптап алуымыз керек.

Ұлттық пернетақта жасауда мемлекеттік деңгейде шешіп алатын ең маңызды мәселе – қазақтың ұлттық пернетақтасын жасауды принципке алу. Екіншіден, соған сәйкес пернетақта үлгілерін жасаумен айналысқан мамандарды бір орталыққа жинап, жұмыстарын үйлестіру (яғни әркім өз нұсқасын ұсынып, бірін таңдап, сонымен шектелуге болмайды).

Зерттеу нәтижелері қазақ жазуын латын қарпіне көшіру жағдайында жаңа ұлттық пернетақтаны жасап шығаруда теориялық және тәжірибелік (эксперименттік) нұсқаулық болатынына сенімімiз мол.

Мақала *ИРН AP09560999* «Ұлттық пернетақта жасаудың лингвотеориялық және практикалық негіздері» жоба тақырыбы бойынша зерттеу аясында жазылған

Әдебиеттер

Назарбаев Н. «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы //https://www.akorda.kz/

Yazdi M., Negahban A. (2018) Optimization of Split Keyboard Design for Touchscreen Devices. International Journal of Human–Computer Interaction Published online: 20 Apr 2018. Pages 468-477.

Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздігі. – Алматы, Дәуір баспасы, 2017. – 552 б.

Li Y., You F., Ji M. (2020) The Influence of Smartphone Text Input Method, Posture, and Environment on User Experience. – 2020. International Journal of Human–Computer Interaction Volume 36, 2020 – Issue 12

Vertanen K., Fletcher C., Gaines D. (2018) The Impact of Word, Multiple Word, and Sentence Input on Virtual Keyboard Decoding Performance. – 2016. CHI '18: Proceedings of the 2018 CHI Conference on Human Factors in Computing SystemsApril 2018 Paper No.: 626

Cao S. (2018) Modeling and Predicting Mobile Phone Touchscreen Transcription Typing Using an Integrated Cognitive Architecture. International Journal of Human–Computer Interaction. Volume 34, 2018 – Issue 6

Najjar A., Hosny M. (2021) Usability Evaluation of Optimized Single-Pointer Arabic Keyboards Using Eye Tracking. Advances in Human-Computer Interaction. Volume 2021.

Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы. Дәуір баспасы, 2016. – 1472 бет.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия отырысының 2018 жылғы 21 маусымдағы № 20-3/07-664-хаттамасы

Жұбанов А., Жаңабекова А., Карбозова Б., Қожахметова А. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы. Қазақ тілі баспасы, 2016. – 665 бет.

Жұбанов А., Тоқмырзаев Д., Жаңабекова А. Қазақ жазуын латын қарпіне көшірудің статистикалық негіздері. – Алматы, Қазақ тілі баспасы 2017. – 160 бет.

Жұбанов А.Қ. Қазақ тілі әріптері мен әріп тіркестерінің жиіліктерін анықтау латын әліпбиіне көшуде өз септігін тигізеді // «Латын әліпбиі – әлем қазақтарының рухани тұтастығының негізі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, Қазақ тілі, 2018. – 5-24 бб.

Жаңабекова А. Ұлттық қазақ әліпбиін пернетақтада орналастырудың статистикалық негіздері / Тілтаным. – 2018. – №1. – Б. 14-21

Карбозова Б. Латын қарпіне негізделген түрік пернетақтасының тәжірибесі және қазақ пернетақтасына әріптүймешіктерді орналастыру реті туралы // Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау теориясы мен практикасы. – Алматы. Қазақ тілі, 2016. – 560 б.

Meena Y., Cecotti H. (2018) Toward Optimization of Gaze-Controlled Human–Computer Interaction: Application to Hindi Virtual Keyboard for Stroke Patients. IEEE transactions on neural systems and rehabilitation engineering. 2018. Volume: 26 Issue: 4.

Smith S., Chao C., Juang J. (2017) Optimization of unequal-active-and-passive-area piezoelectric unimorph cantilevers with collisions for ultra-thin keyboard design. Journal of Vibroengineering, Vol. 19, Issue 7, 2017, p. 4816-4826.

Onsorodi AHH, Korhan O. (2020) Application of a genetic algorithm to the keyboard layout problem. PLoS ONE 15(1): e0226611. Published: January 7, 2020

References

Cao S. (2018) Modeling and Predicting Mobile Phone Touchscreen Transcription Typing Using an Integrated Cognitive Architecture. International Journal of Human–Computer Interaction. Volume 34, 2018 – Issue 6

Karbozova B. (2016) Latyn karpine negizdelgen tyrik pernetaktasynyn tazhiribesi zhane kazak pernetaktasyna arip-tyjmeshikterdi ornalastyru reti turaly // Zhana ulttyk alipbi negizinde kazak zhazuyn reformalau teorijasy men praktikasy. [About the experience of the Turkish keyboard based on the Latin alphabet and the order of placement of letter buttons on the Kazakh keyboard] – Almaty. Kazak tili, 2016. – 560 b. (In Kazakh)

Kazak sozforma kurylymynyn zhiilik sozdigi. (2017) [Frequency Dictionary of Kazakh wordform structure] – Almaty, Dauir baspasy, 2017. – 552 b. (In Kazakh)

Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrligi zhanyndagy Kazak tili alipbiin latyn grafikasyna koshiru zhonindegi ulttyk komissija otyrysynyn 2018 zhylgy 21 mausymdagy № 20-3/07-664-hattamasy (2018) [Minutes of the meeting of the National Commission for the transition of the Kazakh alphabet to the Latin script under the Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan dated June 21, 2018 No. 20-3 / 07-664] (In Kazakh)

Li Y., You F., Ji M. (2020) The Influence of Smartphone Text Input Method, Posture, and Environment on User Experience. – 2020. International Journal of Human–Computer Interaction Volume 36, 2020 – Issue 12

Meena Y., Cecotti H. (2018) Toward Optimization of Gaze-Controlled Human–Computer Interaction: Application to Hindi Virtual Keyboard for Stroke Patients. IEEE transactions on neural systems and rehabilitation engineering. 2018. Volume: 26 Issue: 4.

Najjar A., Hosny M. (2021) Usability Evaluation of Optimized Single-Pointer Arabic Keyboards Using Eye Tracking. Advances in Human-Computer Interaction. Volume 2021.

Nazarbaev N. «Ruhani zhangyru: bolashakka bagdar» makalasy [article "Ruhani zhangyru: a look into the future"] //https://www.akorda.kz/ (In Kazakh)

Smith S., Chao C., Juang J. (2017) Optimization of unequal-active-and-passive-area piezoelectric unimorph cantilevers with collisions for ultra-thin keyboard design. Journal of Vibroengineering, Vol. 19, Issue 7, 2017, p. 4816-4826.

Onsorodi AHH, Korhan O. (2020) Application of a genetic algorithm to the keyboard layout problem. PLoS ONE 15(1): e0226611. Published: January 7, 2020

Vertanen K., Fletcher C., Gaines D. (2018) The Impact of Word, Multiple Word, and Sentence Input on Virtual Keyboard Decoding Performance. – 2016. CHI '18: Proceedings of the 2018 CHI Conference on Human Factors in Computing SystemsApril 2018 Paper No.: 626

Yazdi M., Negahban A. (2018) Optimization of Split Keyboard Design for Touchscreen Devices. International Journal of Human–Computer Interaction Published online: 20 Apr 2018. Pages 468-477.

Zhalpy bilim berudegi kazak tilinin zhiilik sozdigi.(2016) [Frequency dictionary of the Kazakh language in general education] – Almaty. Dauir baspasy, 2016. – 1472 bet. (In Kazakh)

Zhanabekova A. (2018) Ulttyk kazak alipbiin pernetaktada ornalastyrudyn statistikalyk negizderi [Statistical bases of the placement of the national Kazakh alphabet on the keyboard] / Tiltanym. – 2018. – №1. – B. 14-21. (In Kazakh)

Zhubanov A., Tokmyrzaev D., Zhanabekova A. (2017) Kazak zhazuyn latyn karpine koshirudin statistikalyk negizderi. [Statistical bases of the translation of the Kazakh script into the Latin alphabet] – Almaty, Kazak tili baspasy 2017. – 160 bet. (In Kazakh)

Zhubanov A., Zhanabekova A., Karbozova B., Kozhahmetova A. (2016) Kazak tilinin zhiilik sozdigi. [Frequency dictionary of the Kazakh language] – Almaty. Kazak tili baspasy, 2016. – 665 bet. (In Kazakh)

Zhubanov A.K. (2018) Kazak tili aripteri men arip tirkesterinin zhiilikterin anyktau latyn alipbiine koshude oz septigin tigizedi // «Latyn alipbii – alem kazaktarynyn ruhani tutastygynyn negizi» atty respublikalyk gylymi-praktikalyk konferencija materialdary. [Determining the frequency of letters and letter combinations of the Kazakh language will contribute to the transition to the Latin alphabet] – Almaty, Kazak tili, 2018. – 5-24 bb. (In Kazakh)

ҒТАМР 16.21.33 https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph5

Г.Ж. Искакова*, Б. Шалабай

«Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Қазақстан, Көкшетау қ.
*e-mail: g.ristina@mail.ru

МИФ – АВТОР МОДАЛДІЛІГІНІҢ БЕРІЛУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ

Мақалада лингвистикалық зерттеулер контексіндегі модалділік ұғымы кеңінен сипатталып, қазіргі лингвостилистика мен мәтін лингвистикасындағы модалділік категориясын зерттеудің қысқаша тарихы, теориялық материалдарды синтездеу арқылы «автор модалділігі» категориясының анықтамасы ұсынылды.

Зерттеу жұмысында көтерілген «автор модалділігі» категориясы лингвистикамен де және әдебиетпен де байланыста қарастырылды. Әдебиетпен байланысы қазақ жазушысы Ә. Кекілбаев пен қырғыз жазушысы Ш. Айтматовтың шығармашылығын зерттеумен байланысты. Зерттеу жұмысы лингвистикалық тұрғыдан мәтін лингвистикасы, көркем шығарма стилистикасы, құрылымдық және коммуникативтік синтаксис сияқты салалармен байланысты. Өйткені, көркем мәтіндегі автор модалділігін, автор позициясын зерттеу осындай кешенді талдауды қажет етеді.

Көркем мәтіндегі «автор модалділігі» категориясының мәтінтүзушілік қызметіне, мәтін астарының имплицитті коммуникативтік сипатына талдау жасау мәтінтүзімнің коммуникативтік прагматикалық аспектісін айқындауға көмектеседі. Көркем шығармалар тіліндегі авторлық модалділік мәтіннің лексикалық грамматикалық және композициялық деңгейлерінің элементтері арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ бейнелер, тақырыптар, авторлық идеялар мен концептілер сияқты мәтінді қабылдау нәтижесінде анықталатын прагматика-идеологиялық бірліктер арқылы көрініс табады. Көркем мәтінде автор модалділігінің берілуінің бір тәсілі ретінде мифтік сюжеттер, символдық белгілер қарастырылып, көркем шығармалардан мысалдар келтірілді, контекстік талдау және компоненттік талдау жасалды.

Миф пен шындықты байланыстыру арқылы автор қазіргі замандағы қоғамдық мәселелерді көтереді, сол себепті миф шартты түрде символдық, кодталған сипатқа ие болады. Бұл автордың белгілі бір жағдаятта көзқарасын, тұжырымын, яғни автор модалділігін білдірудің бірден бір тәсілі. Бұл құрылымдардың семантикасы модалділіктің әртүрлі реңктерін қамтиды, оларды анықтау шығармада автордың қатысуын айқындауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: автор модалділігі, көркем мәтін, ұлттық дүниетаным, мифтік сюжет, символдық белгі.

G. Zh.Iskakova*, B.Shalabay

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kazakhstan, Kokshetau
*e-mail: g.ristina@mail.ru

Myth as a way of expressing the author's modality

The article substantiates the concept of modality in the linguistic research context. It offers a brief history of the modality category study in modern linguistic stylistics and linguistics of the text. Based on the method of theoretical material synthesis the study proposes the definition of "author's modality" category.

The "author's modality" category, considered in the research, regards both linguistic and literary issues. The literary issues are connected with the study of the works by the Kazakh writer A. Kekilbayev and the Kyrgyz writer Sh.Aitmatov. The linguistic part of the study is associated with the text linguistics, fiction stylistics, structural and communicative syntax. The study of author's modality and position in a literary text requires an integrated approach.

The article examines the text-forming function of the "author's modality" category in a literary text. As a result of considering the author's modality transmission in the text using implicit means there determined the communicative pragmatic aspect of text formation. The author's modality in the language of fiction is implemented through the elements of the lexical-grammatical and compositional levels of the text, and through the pragmatic-ideological units determined as a result of text perception, such as images, themes, author's ideas and concepts. In the literary text, mythical plots, symbolism were considered as one of the ways to convey the author's modality. There were presented examples from fiction works, contextual and component analysis was carried out.

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University

Since myth does not directly correlate with reality, the connection between myth and reality, including modern reality, acquires a conventional symbolic, coded character, which is reflected at the level of mythological reminiscences. The author uses this approach to express his attitude to a certain situation, concept and modality. The semantics of these structures includes various shades of modality, the definition of which allows to reveal the author's intention.

Key words: author's modality, literary (fiction) text, national worldview, mythical plot, symbolic sign.

Г.Ж. Искакова*, Б. Шалабай

НАО Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Казахстан, г. Кокшетау

*e-mail: g.ristina@mail.ru

Миф как способ выражения авторской модальности

В статье обосновано понятие модальности в контексте лингвистических исследований, предложена краткая история изучения категории модальности в современной лингвостилистике и лингвистике текста, с помощью метода синтеза теоретического материала было предложено определение категории «авторская модальность».

Категория «авторская модальность», рассматриваемая в данной исследовательской работе, затрагивает как лингвистические, так и литературоведческие вопросы. Литературоведческие проблемы связаны с изучением творчества казахского писателя А. Кекильбаева и киргизского писателя Ш. Айтматова. Лингвистическая сторона исследования связана с такими областями лингвистики, как лингвистика текста, стилистика художественного произведения, структурно-коммуникативный синтаксис. Ведь изучение авторской модальности, авторской позиции в художественном тексте требует такого комплексного подхода.

В статье также рассмотрена текстообразующая функция категории «авторская модальность» в художественном тексте. В результате рассмотрения передачи авторской модальности в тексте с помощью имплицитных средств определен коммуникативный прагматический аспект текстообразования. Авторская модальность в языке художественных произведений реализуется через элементы лексико-грамматического и композиционного уровней текста, а также через прагматико-идеологические единицы, определяемые в результате восприятия текста, такие как образы, темы, авторские идеи и концепты.

В статье на примерах из художественных произведений были рассмотрены мифические сюжеты, символические знаки как один из способов передачи авторской модальности в художественном тексте, а также проводился контекстуальный и компонентный анализ.

Поскольку миф напрямую не соотносится с действительностью, связь мифа и реальности, в том числе и современной, приобретает условно символический, кодированный характер, что находит отражение на уровне мифологических реминисценций. Автор использует этот подход для выражения своего отношения к определенной ситуации, концепции, модальности автора. Семантика этих структур включает в себя различные оттенки модальности, определение которых позволяет раскрыть авторский замысел.

Ключевые слова: авторская модальность, художественный текст, национальное мировоззрение, мифический сюжет, символический знак.

Кіріспе

Модалділік категориясы – отандық және шетелдік тілшілердің әрдайым назарында жүрген күрделі категориялардың бірі. Бұл бағыттағы зерттеулердің маңыздылығы мәтін ерекшелігін зерттеу мен сипаттауға негізделеді. Көркем мәтінде автор модалділігін анықтап, оның жүзеге асу жолдарын талдау арқылы ғана мәтінді дұрыс түсінуге болады. Себебі, автор модалділігі – мәтінді тұтас шығарма ретінде қабылдауға мүмкіндік беретін мәтін түзуші категория. Аталған зерттеу жұмысының өзектілігі модалділік категориясының көркем мәтінге қатысты жеке аспектілерінің, оның берілу жолдарының зерттелмеуімен анықталады. Тіл білімінде осы күнге дейін модалділік, оның ішінде автор модалділігі категориясы, оны көркем мәтінде анықтау мәселесі, яғни берілу жолдарын егжей-тегжейлі талдауға қатысты ғылыми еңбектер жоқтың қасы.

Зерттеу жұмысының пәні ретінде көркем мәтінде автор модалділігінің имплицитті берілу жолдарын жүйелі түрде сипаттау қаралып отыр. Қазақ жазушысы Ә.Кекілбаевтің шығармаларындағы («Аңыздың ақыры», «Әбілхайыр ханның түс көруі», «Шыңырау») және қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың шығармаларындағы («Жанпида» романы, «Шыңғысханның ақ бұлты», «Ақ кеме») автор модалділігінің мифтік

сюжеттер арқылы берілу жолдарын қарастыру зерттеу жұмысының нысаны болмақ.

Зерттеу жұмысының мақсаты – автор модалділігін көркем мәтінді түзуші, ұйымдастырушы рөл атқаратын категория ретінде қарастырып, қазақ, қырғыз жазушылары шығармаларының негізінде автор модалділігінің берілу жолының бірі ретінде мифтік сюжеттерді қолдану ерекшелігін талдау.

Зерттеу жұмысының мақсаты нақты міндеттер шеңберін анықтауға мүмкіндік берді:

1) мәтін лингвистикасы бойынша қазіргі ғылыми жұмыстарды талдау негізінде мәтінді зерттеудің негізгі тәсілдерін анықтау, лингвистикалық мәтіндік категорияларды қарастыру;

2) ғылыми еңбектерге сүйене отырып, модалділік категориясына қатысты зерттеулерді теориялық тұрғыдан жинақтап, сұрыптау;

3) «автор модалділігі» ұғымына анықтама беру және оның көркем мәтінде берілу жолдарының ұлттық дүниетаныммен сабақтастығын көрсету;

4) Ә.Кекілбаев, Ш.Айтматов шығармаларының негізінде автор модалділігінің берілу жолының бірі ретінде мифтік сюжеттерді қолдану ерекшелігін көрсету.

Зерттеу жұмысы шеңберінде тұжырымдалған міндеттерді шешу үшін жалпы ғылыми, филологиялық әдістер қолданылды: синтездеу, контекстік талдау, компоненттік талдау, салыстыру әдістері.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы көркем мәтіннің әмбебап категориялары теориясын дамытуға және автор модалділігін білдіру құралдары туралы теориялық материал ретінде қолданылуымен анықталады.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы зерттеу жұмысының нәтижелерін ЖОО-да арнайы курстарды әзірлеуде, «Тіл теориясы», «Мәтін лингвистикасы» пәндері бойынша курстарды оқытуда қолданылуымен анықталады.

Зерттеу жұмысының болжамы төмендегі мәселелерді анықтауды көздейді:

1) модалділік категориясы басқа мәтіндік категорияларды жүзеге асырудың ерекшеліктерін анықтайтын көркем мәтіннің негізгі категориясы;

2) автор модалділігінің берілу жолдары эксплицитті және имплицитті болып бөлінеді. Біздің жұмысымызда автор модалділігінің имплицитті берілуі қарастырылады. Имплицитті құралдарға көркем мәтіннің модальді мағыналарын мәтін астары ақпараты арқылы беретін маркерлер, белгілі бір контексте тілдік бірліктердің ауыспалы мағыналарын қолдану нәтижесінде туатын модалділік мәндер жатады.

3) Көркем мәтін – жасырын мағыналардың болуымен ерекшеленетін мәтін түрі. Сол себепті модалділік көркем мәтіннің дифференциалды көрсеткіші ретінде анықталады: әрі бұл категория, әдетте, имплицитті (жасырын) түрде көрінеді.

Материал және әдістер

Мәтін – адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын білдіретін ең жоғарғы коммуникативтік бірлік. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде адамның қоршаған шындық өмір бейнесі туралы мағлұмат алуында негізгі құрал болып табылады. Мәтін бір ойдың жемісі болғандықтан, ол адам санасымен, сөз мәдениетімен тығыз байланысты.

Мәтіннің негізгі сипаттарының бірі – мағыналық тұтастығы. Мәтінді тұтастай алғанда, бір ғана мазмұнға ие, өзара логикалық және грамматикалық байланыстағы әр түрлі тілдік бірліктерден құралған көп деңгейлі құрылым деп тануға болады.

Ол ортақ мақсаттағы бірнеше сөйленім тізбегі болуы мүмкін. Мәтін әр түрлі ақпараттарды қамтиды. Мәтіндегі ақпараттарды фактілі, концептуалды және мәтін астары ақпараттары деп бөлуге болады.

Мәтіннің фактілі ақпараты деп – фактілер мен оқиғаларды, олардың уақыты мен орнын, автордың ой-тұжырымын, сюжеттің дамуын айтамыз. Концептуалды ақпаратқа автордың дүниетанымдық көзқарастарының берілуі, шығарманың негізгі идеясы мен автордың негізгі ойларының берілуі. Ақпараттың бұл түрі автордың ниетін танытады, әлем бейнесін автордың қабылдауы бойынша бейнелейді.

Мәтін астары ақпараттары сөз арқылы берілмейді, тек байыпталады. Бұл ақпарат сөздердің, сөз тіркестерінің өзіне ойды жасырып тұру қасиеті арқасында танылады.

Құрылымы мен мағынасы, тақырыбы мен ақпаратты жеткізу тұрғысынан идеялық-көркемдік мазмұнға ұйымдасқан, логикалық, бағалауыштық, экспрессиялы, эмоционалды мән иеленген тілдік бірлікті көркем мәтін деп айқындай аламыз.

Көркем мәтін – аяқталған күрделі ойды білдіретін бір-бірімен өзара тығыз байланысты горизонтал (лингвистикалық) және вертикал (экстралингвистикалық) контекст негізінде туындайтын, полисемантикалы біртұтас комму-

никативтік жүйе. Көркем мәтінді зерттеудің алғышарттарына, ұстанымдарына мыналар жатады: көркем шығарманың мазмұн мен формасын бірлікте алып зерттеу; көркем шығарма тілінің басқа компоненттерімен байланыс, қарым-қатынасын ескеру; бейнеленетін мазмұнға автор қатынасын ескеру, ғылыми дамудың жаңа бағыт-бағдарларына сүйену және т.б. (Құсайынова, 2010: 20-21).

Мәтіндегі біртұтас тиянақты ойды оқырманға түсінікті етіп жеткізуде автордың өзі ұсынып отырған ақпаратқа қатысын, пікірін, көзқарасын, көңіл-күй сезімдерін білдіретін әр түрлі тілдік тұлғалар мен әдіс-тәсілдер қолданылады. Автордың ойы дегеніміз – шығармашылық қызмет нәтижесінде туатын автор модалділігі категориясы арқылы жүзеге асатын көркем мәтіннің идеясы, мәні. Ал автор модалділігі дегеніміз – мәтінде автордың хабарланатын ақпаратқа қарым-қатынасының, оның тұжырымдамасының, көзқарасының, ұстанымының, оның құндылықтар бағдарының, оқырманға хабарлау үшін тұжырымдалған өрнегі (Шалабай, 2016: 35). Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбегіне сүйенсек, автор модалділігі мәтіннің концептуалды ақпаратына жатады.

Ғылыми әдебиетте авторлық модалділік терминінің пайда болуы ең алдымен Л.Г.Барлас, В.А.Кухаренко, М.И.Откупщикова сияқты ғалымдардың жұмыстарымен байланысты, алайда аталған терминнің мазмұндық көлемі әлі күнге дейін айқындалмаған. Десек те, аталған ғалымдардың зерттеулері авторлық модалділік терминін екі жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Яғни «авторлық модалділік» термині тар мағынада «автордың интенциясын жүзеге асыру ретінде қарастырылады» (Маркова, 1992: 11). Бұлай талдаудың бір кемшілігі «авторлық модалділік» терминін «автор бейнесімен» байланыстырып қарау арқылы мәтін мазмұнын бағалаудың барлық түрлерін, оның ішінде көркемдік, модалділік (автор бейнесі құрылымындағы интенционалды, эмотивті мағыналарын) және экстенсионалды(мәтін мазмұны арқылы оқырман санасына енетін эмотивті мағыналар) толық көлемде қамти алмайды.

Лингвист-ғалымдар тұрғысынан «авторлық модалділік» терминін кең мағынада қарастыру анағұрлым өнімді екенін атап өткен жөн. Кең мағынада «авторлық модалділік» көпжоспарлы категория ретінде түсіндіріледі, автор бейнесімен ғана шектелмей, мәтіннің барлық деңгейлері арқылы қалыптасатын кейіпкер бейнесін және синтаксистік құрылымын қамтиды (Русская грамматика, 1980: 29).

Қазақ жазушысы Ә.Кекілбаев пен қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың ұлттық мазмұнмен сабақталатын көркем шығармаларындағы ұлт тарихын, ұлт болмысын, дүниетанымын жеткізуге қызмет ететін тілдік қолданыстарын нақты зерттеу – қазіргі тіл білімінде қалыптасып келе жатқан лингвистиканың жаңа салаларын дамытуға, дәйектеуге және тілдік тұлғаның шығармашылығы арқылы көрінетін мәтін лингвистикасына, лингвомәдениеттануға өзіндік деңгейде теориялық үлес қосады.

Тілді ұлттың танымымен зерттеу – тілдің, оның табиғи ерекшеліктері мен ұлт болмысын берудегі мүмкіндіктерін анықтап береді және ұлттық тілдің танымдық ерекшеліктерін айқындауға негіз болып табылады.

Синтездеу әдісі.

Авторлық модалділік категориясына, тіл мен ұлттық дүниетаным сабақтастығына қатысты жоғарыда келтірілген ғалымдардың тұжырымдарын жинақтай келе, ұлттық таным-түсінік, ұлттық ой-сана тілдік мәдениетпен тығыз байланыста қарастырылып зерделенетін маңызды мәселе деген қорытындыға келеміз.

Тұтас мәтін қарастырылған жағдайда бұл мәндер субъективті-бағалауыштық сипатқа ие болады. Демек, авторлық модалділік категориясы автордың жеке ерекшеліктерімен, оның эмоциялық-этикалық өзгешелігімен, аксиологиялық көзқарастарымен, әрі авторлық бағалаумен анықталады. Егер И.Р.Гальперин ұсынған мәтіндік ақпараттың типологиясына сүйенсек, ғалым аталған терминді былайша түсіндіреді: «мазмұндық-деректік ақпарат құралдары сипатталған құбылыстар арасындағы қарым-қатынастарды жеке автор тұрғысынан түсінуі, олардың себеп-салдарлық байланыстарын түсінуі, олардың халықтың әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өміріндегі маңыздылығын, жекелеген тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты, олардың күрделі психологиялық және эстетикалық-танымдық өзара әрекеттесуін автор тарапынан түсінуі» (Гальперин, 1981: 28).

Ә.Кекілбаев пен Ш.Айтматовтың шығармаларын идеялық-мазмұндық тұрғыдан талдаған кезде де, авторлардың дүниетанымы, ұстанатын көзқарасы түркі халықтарының санасында қалыптасқан түсініктер, дүниені қабылдау ерекшеліктері сақталғанын аңғару қиын емес. Аталған екі автор да өз тұжырымын, өз

көзқарасын, өз бағалауын, яғни автор модалділігін жеткізуде мифтік сюжет желілерін, мифтік образдар, символдық мазмұнын қолданады.

Миф әдебиет, эстетика және поэтика тарихының маңызды категориясы ретінде әдебиеттанушыларды ғана емес, лингвист ғалымдардың да қызығушылығын тудырады. Өйткені, миф пен тіл тоғысындағы материалдарды талдау, саралау, қорытындылау нәтижелерін тарихи уақыт сүрлеуінің нақты бір тұсына келтіру арқылы ұлтымыздың бірнеше мыңжылдық тарихын тануға мүмкіндік туады.

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «миф» терминіне төмендегідей анықтама беріледі:

«Миф – зат. Ежелгі дүниенің және құбылыстардың шығуы, батырлар туралы аңыз-әңгіме, ертегі. *Шоқан қырғыз халқының ортасынан тағы да көптеген ертегі, миф, қария сөздер іздеп табады («Қаз. әдеб.»)»* (Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі, 2018:21).

Көрнекті ғалым С.Қасқабасов «миф» терминіне келесідей анықтама беріп, миф жанры әлі де зерттеуді қажет ететініне баса назар аударады: біріншіден, миф дегеніміз – дүние туралы фантастикалық түсінік, әлемде билік жүргізетін құдайлар мен рухтардың ғажайып образдарының жүйесі (системасы), екіншіден, миф дегеніміз – құдайлар мен алыптар жайындағы ауызекі әңгіме. Ал мифология дегеніміз мифтік әңгімелердің жиынтығы ғана емес. Кейбір мифологиялық түсініктер әңгімеде емес, ырымда ғана бой көрсетеді. Тіпті көп жерлерде миф пен басқа фольклорлық прозаны ашып айырмайды, себебі миф тарихи негізі бар аңыз, хикаят, тіпті ертегі сипатта да баяндалады. Міне, осының бәрі миф жанрының фольклортануда әлі де айтарлықтай зерттелмегенін дәлелдесе керек» (Қасқабасов, 2014: 72).

Миф фольклор мен көркем шығармалардың сюжеттеріне негіз болып, поэзиялық символға, көркем образға, метафораға айналған. Қазақ халқының арғы ата-тектерінің дүниені миф арқылы тануы әлемдік үлгілермен сабақтасып жатыр. Бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер ролінде, ал Ұмай – Жер-ана болып қабылданады. Сондай-ақ, «Көк бөрі», «Қоңыр әулие», «Алып қара құс», «Ғаламдық ағаш» туралы аңыздар, сондай-ақ көркем шығармаларда бейнеленген мифтік сюжеттер арғы аталарымыздың дүниені танудағы білімдерін танытады.

Контекстік талдау және компоненттік талдау әдістері.

Ә.Кекілбаев адамгершілік, әлеуметтік және өзге де мәселелерді өз шығармаларында философиялық-эстетикалық деңгейде шешкен. Жазушының шығармалары қазақ халқының жадында сақталған ежелгі сюжеттерге, миф-тер мен аңыздарға негізделген. Өткен тарихымызды сабақтастыра отырып, қазіргі заманауи мәселелерді философиялық тұрғыдан түсіндіреді. «Баллады забытых лет» повесі, «Ханша дария хикаясы» жазушы көшпелі халықтың рухани өмірі мен ерлік істерін романтикалық бояулармен жандандырып, ата-бабаларымыздың өткен жолын, ежелгі тарихын бейнелеп, терең жалпыадамзаттық сипаттағы адамгершілік проблемаларды қозғай отырып, олардың қазіргі заманмен үндесуін шебер көрсете алған. «Баллады забытых лет» повесі , «Ханша дария хикаясы» – баллада рухында жазылған тарихи-романтикалық әңгімелер. Онда миф сюжеттері, халық аңыздары, ертегі мотивтері баяндаудың негізгі бағытына айналған.

Ә.Кекілбаевтың прозасы фольклорлық-мифологиялық сюжеттерге сүйенеді, «Ханша дария хикаясы» сюжетінің өзегі Шыңғысхан туралы ортағасырлық аңыз болып табылады, бірақ ішкі мазмұны махаббат пен опасыздықтың, қатыгездік пен мейірімділіктің, жақсылық пен зұлымдықтың қарама-қайшылығын көрсетеді. «Аңыздың ақыры» романы тарихи тақырыпта жазылған, бірақ қалыптасқан ұғымдағы тарихи роман емес. Роман көркем фантастика, қиял, жақсылық пен зұлымдық, махаббат пен күш, ақиқат пен өтірік сияқты категориялар туралы философиялық ойларға басым. Шығарма тарихи фактілерге негізделмеген, оны автордың көркем әдебиетінен, қиялынан туған деп айтуға болады. Сюжеттің романтикалық сипаты, кейіпкерлердің қарым-қатынасының моральдық аспектісіне назар аудару, оқиғаларды философиялық түсіну, кейіпкерлердің ішкі өмірін психологиялық талдау романның мифопоэтикалық табиғатын көрсетеді. Жазушы өзінің жеке «авторлық» мифін жасайды және сол сюжетті баяндау ерекшелігінен автор тұжырымын, белгілі бір жағдайға деген көзқарасын, танымын, яғни автор модалділігін байқай аламыз. Оның басты кейіпкерлеріне авторизация жасалады. Әмірші, Кіші ханым және шебер – автор идеясын тасымалдаушылар. Роман автордың ішкі ойларынан, кейіпкерлердің ішкі толғаныстарынан тұрады. Романда қарастырылған проблемалар қазіргі заманға тікелей байланысты. Жазушы өз шығармашылығында ежелгі мифті трансформацияға түсіреді, бұл оның әлемге деген жеке көзқарасының, жазушылық қиялынан туындайды.

Мұнара – романның негізгі символы. Мұнара романның негізгі идеяларын: күш, даңқ, махаббат, өнер, әлемнің құпиясы мен адамдардың тағдырын көрсетеді. Түркі санасында мұнара полисемантикалық бейненің поэтикасын ашатын медиацияның символдық және архитектуралық бірлігімен байланысты. Сондай-ақ, романда мұнара романның композициялық бағытын да айқындайды, өйткені барлық оқиғалар осы мұнарамен байланысып, соның айналасында өтіп жатады. Жазушы мұнараны тірі жандай суреттейді, шығармада мұнара бейнесі гротеск болып табылады. Оның бейнесі арқылы екі әлемнің – жоғарғы және төменгі қарама-қайшылығын шебер суреттейді. Жоғарғы әлем аспан бейнесімен, сұлулықпен, батырлардың армандаған әлемімен, ал төменгісі – қаланың ішкі тауқыметімен, құмырсқадай тынбай еңбектеніп жатқан адамдар, қайнаған тіршілік, күнделікті күйбең тіршілік әлемімен байланысты.

Автор биікке өрлете салынатын құрылыс – мұнараны, адамның бойында түрлі сезімдерді оята алатын биік сезім махаббаттың символы ретінде суреттеген:

(1) ... Иә, көк мұнараның өне бойынан өліп-өшкен махаббатты тану қиын емес. Бірден көзге ұрып тұр. Бірақ сол кімнің кімге махаббаты? Көк мұнара алыс жорықтағы еріне ынтыға қол созған жар ма, жоқ алыстан қол созған ғашық жүректі мен мұндалап қасына шақырған сиқыр сұлу ма, қайсысы? Мана бұл қасынан көзі қиып кете алмай көп қараған жоқ па еді, сонда сиқыр мұнара өзіне тартып тұрмап па еді? Сонда оны салған шебер нені бейнелеген болды?Алыстағы жарын күткен сағынышты бейнелесе, қасына барғанда, асқақтап аспанға қарап жатып алатыны несі, сәл алыстасаң болды, қайтадан өзіне баурап, қараған көздің шырқ айналып шыға алмайтыны қалай? Жоқ, жоқ, шебер мұнараны салдырған ханымның алыс жорықтағы жарына деген пейілін емес, өзінің ханымға деген көңілін бейнелеген... Өліп-өшкен махаббатын бейнелеген... Иә, солай. Көк мұнараның сиқырынлық ол енді түсінді (Ә.Кекілбаев «Аңыздың ақыры»).

Автордың баяндау желісінен автор сөзі мен кейіпкер сөзінің ара-жігін ажырату қиын. Сауалдардың желісін қолдана отырып, Әміршінің ішкі монологы арқылы оқырманға Әміршінің соңғы түйгенін шебер жеткізген.

Төмендегі үзіндіде Кіші ханымның мұнараға қатысты ішкі монологы беріледі:

(2) «... Ханым енді түсінді – шебер мынау сиқыр мұнараға өзінің өліп-өшкен соқыр махаббатынан басқа ештеңе бейнелемепті. Шебер мына мұнараға алыстаса қиып кете алмайтын, жақындағанмен бәрібір қолы жетпейтін үмітсіз махаббатын бейнелеген, өлімге де разы есірік дәмесін, ессіз құштарлығын бейнелеген, ол мына кетік мұнараның басынан өздігінен түспейді (Ә.Кекілбаев «Аңыздың ақыры»).

Романда мұнара – шебер махаббатының символындай. Ол жанданған кейіпке еніп, адам әрекетіне, адамға тән мінезге, қылыққа ие. «Бірде терезенің алдынан ет жүрегіңді елжіретіп, үн-түнсіз телміріп тұрып алса, артынша-ақ төбесімен көк тіреп аспандап шыға келеді». Мұнара бірде «күледі», бірде «мұңаяды», бірде «сұстанады», бірде «алыстан ым қаққандай» болса, бірде «жалбарынады». Шығарманы оқу барысында мұнараның мұндай «мінезінің» сан қырына куә болуға болады.

Романның символикасы тек мұнара ғана емес. Сатқындықты, алауыздықты, бейнелейтін өзегіне құрт түскен қызыл алма да символикалық белгі болып табылады.

«Аңыздың ақыры» романы романтикалық конвенция мен реалистік нақтылықты, философиялық жалпылау мен лириканы, шартты бейнелеу құралдары мен символиканы жүйелі түрде біріктіреді. Ә.Кекілбаев прозасының негізгі баяндау тәсіліне айналған лирикалық-эпикалық мифтер жазушы шығармаларының өзіндік лирикалық-романтикалығын жеткізеді.

Ә.Кекілбаев өз шығармаларында мифтік танымды бейнелейтін сюжеттерді жиі қолданатынын айтқан болатынбыз. Жазушы шығармаларындағы қазақ дүниетанымының тұрақты элементі болып жиі кездесетін құбылыстың бірі – түс. Түстің қазақ менталитетінде танымдық сипаты ерекше. Сондықтан да ол ауыз әдебиетінде жиі кездесіп, қазіргі жазушылардың шығармаларында да үлкен сюжеттік рөл атқарады. Түс – шындық дүниесімен параллель құбылыс десек, Ә.Кекілбаев шығармасында оның кейіпкерлер тағдырындағы атқаратын рөлі зор. Мысалы, «Әбілхайыр ханның түс көруі», «Шыңырау» әңгімесіндегі «Еңсептің түсі» немесе «ант беру дәстүрі» сияқты көріністер этностық болмысты айқындайтын мифологиялық танымның әсерінен туындаған деп ойлаймыз. Түске байланысты іс-әрекет, әдетте, екі кезеңнен құралады: а) түсті көру; ә) түстің сырын аштыру (жору).

Ә.Кекілбаев – түсті көруші мен оны жорушының көңіл-күйін, психологиясын ұлттық таным тұрғысынан жан-жақты аша білген философ жазушы. Соның ішінде дәстүрлі дүниетанымда түс жорушылардың құдіреттеріне байланысты «құмалақ шашу, жауырын қарау, бал ашу» сияқты ұғымдарды қолданады.

Әбілхайыр ханның келу себебін Тайлан өзінше жорамалдайды:

(3) *«Шамасы, мұның құмалақ шашып, жауырын қарайтын шайқы-бұрқылынан дәметіп келген шығар. Кешелі-берлі арқасы құрыстап жүргізбей жүр еді. Біреу-міреу бал аштыра келеді-ау деп, таң атқалы бері жан-жаққа көзі боталап көп қарап еді. Осыған көрінген гой. – Бал аштырғалы келдің бе, жоқ түс жорытқалы келдің бе? – деді Тайлан»* (*Ә.Кекілбаев «Аңыздың ақыры»*).

Түс көру, түс жору сияқты дүниетанымдық ұғымдар Ә.Кекілбаевтың шығармаларындағы жиі қолданатын көркемдік-мазмұндық әдісі деуге болады. Олай дейтініміз, жазушының шығармаларында екі дүние: шындық, тәндік дүние мен түстік, символдық дүние қатар жүреді (Әбдрахманова, 2016: 33).

Аңыздар, мифтік сюжеттер Ш.Айтматов шығармаларының діңгегі десе де болады. «Адам табиғаттың бір бөлшегі», «табиғаттан ажырап, өз болмысында жоғалтып алма, адамзат!» немесе түркі халқының танымындағы «кие ату» сияқты негізгі ойларын, идеяларын, көзқарасын, яғни мәтіндегі автор модалділігін шығармада миф сюжеттерін пайдалана отырып, керемет жеткізеді.

Көк бөрі туралы аңызда:

При прочных исторических основах казахской лексикографии путь ее дальнейшего развития будет ярким. Бесспорно, одним из главных показателей зрелости национального языка является начало создания толковых словарей на национальном языке. С этой точки зрения изучение истории формирования толковых словарей на казахском языке – одно из важнейших направлений современной истории. До формирования толковых словарей составляются их инструкции. В статье речь пойдет об инструкциях толковых словарей 1945 и 1953 годов, которые впервые стали академическими изданиями на казахском языке. Эти инструкции помогли определить проект толкового словаря и послужили ориентиром в сортировке слов, которые будут внесены в реестр. В свою очередь, это способствовало дальнейшему развитию казахской лексикографии. В ходе исследования были использованы описательные, сравнительные, сопоставительные, аналитические методы. Каждый предмет в пособии анализируется индивидуально. После выхода в свет первой книги запланированного однотомного толкового словаря казахского языка (1959) еще через два года (в 1961 году) вышла вторая книга. Это был двухтомный словарь – по сути, словарь литературного языка того периода. Цель словаря состоит в том, чтобы все слова, содержащиеся в основном словарном запасе современного казахского литературного языка, комментировать, раскрывая значение отдельных слов, охватывая наиболее часто употребляемые слова в словарном составе. Лексикографические решения, предложенные к руководству первых двух словарей, свидетельствуют об уровне развития данной отрасли в стране в тот период.

Ключевые слова: лексикография, толковый словарь, структура словаря, назначение словаря, словарная статья.

Кіріспе

Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы зерттеу аясында қаржыландырылды.

Аталмыш мақала «XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясының көркемдік-анықтама жүйесі», «формульдық стилистика» және «формульдық грамматиканың» кешенді аналитикалық зерттеуі» гранттық жобаның аясында әзірленген.

Түсіндірме сөздіктер түзілмес бұрын олардың инструкциялары жасалуы қажет. Қазақ тілінде алғаш рет академиялық басылым болып шыққан түсіндірме сөздіктердің 1945 және 1953 жылғы инструкциялары туралы түсіндірме сөздіктің жобасын айқындауға жәрдем етіп, реестрге алынатын сөздерді сұрыптауда нұсқаулық болды. Инструкциядағы әр тақырыптар жеке-жеке талданып, олардың арасындағы айырмашылықтары көрсетілді. 1945 және 1953 жылдары жасалған инструкциялар қазақ тілінің академиялық сипаттағы түсіндірме сөздіктерінің құрылымын анықтауда, өз кезегінде қазақ лексикографиясының алға қарай дамуына септігін тигізді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақ тіліндегі екі тілді орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктердің түзілім тарихы сонау XVIII ғасырдан басталады. Алайда, ұлт тілінің бас сөздігі болып табылатын түсіндірме сөздікті жасау бойынша жүргізілетін жұмыстар қазақ тілінде өткен XX ғасырдың 30-40 жылдарында Ғылым академиясының ұйымдастыруымен жүргізіле бастағанын ашық айту қажет. Яғни, Қазақстандағы қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау жұмыстарының бастауында, дәл Ресейдегі тәрізді, Ғылым академиясының тұрғандығын көреміз. Қазақ тіліндегі тұңғыш түсіндірме сөздікті – «Қазақ әдебиет тілінің академиялық сөздігін» жасау ісі алғаш рет 1935 – 1936 жылдары Кеңес Одағы Ғылым академиясының Қазақстан филиалы құрамына кіретін Қазақтың ұлт мәдениеті институтының тіл секторында қолға алынған болатын (Жиенбаев С, 1945). Кеңес Одағы Ғылым Академиясының Қазақстан филиалы көп кешікпей Қазақ ССР Ғылым Академиясы болып қайта құрылғаннан кейін бұл іс Тіл және әдебиет институтындағы академиялық

сөздіктің редакциясында жалғастырылды. С. Жиенбаевтың жазуы бойынша, сөздік жасауды бастауға байланысты ұйымдастыру шараларына: сөздікші-ғалымдардан жұмыс тобын құру, жұмысты жоспарлау және жекелеген дерек көздерінен дәйектеме материал жинастыру істеріне біраз уақыт кеткен. Бастапқы кезде сөздікшілер қолда бар дерек көздерінен жалпылама сөз терумен айналысып, сөздіктің құрылымдық мәселелеріне, оның көлеміне, сөзтізбеге алынатын бірліктердің құрамына, ондағы жекелеген параметрлердің берілуіне жеткілікті көңіл бөлмеген (Малбақов М, 2003).

Әдебиетке шолу

Қандай да бір жекелеген ғылым мен білім салаларының дамуы негізінен ғылыми-ұйымдастыру шараларына байланысты болады. Мысал үшін айтар болсақ, XV-XVI ғасырларда Еуропа елдерінде Ғылым академиялары, ғылыми комиссиялар мен комитеттер жұмыс жасай бастады да, олар ең бірінші кезекте сөздік мәселесімен айналысты. Бұл осы елдердегі лексикографияның дамуына игі әсер етті, сөздіктердің ғылыми негізде түзілуіне жағдай жасады. Сол кезеңдегі өзіндік жаңашылдығымен, даралығымен із қалдырған Уэбстер, Литтре, Ларусс, Даль, Щерба, Ожегов және т.б. есімдерімен әзірленген алғашқы сөздіктер ерекше бағаланды. Ағылшын тіліндегі түсіндірмелі сөздіктердің ішінде Ной Уэбстертің (Noah Webster) сериялы «Ағылшын тілінің американ сөздігінде» алғаш рет 70 000 сөзді қамтыған болса, жылдар өткен сайын сөздердің саны көбейе берген (Webster N, 1828). Көлемді сөздіктердің қатарына Оксфорд сөздігін атауға болады. Сөздіктің басты ерекшелігі ғылымның түрлі салаларына арналады (The Oxford-Duden Pictorial English Dictionary, 1981). Американдық лексикографтар сөздік әзірлеуде XVIII ғасырдың сөздіктерін құрастырушылардың қол жеткізген жетістіктеріне, әсіресе С. Джонсонның әйгілі сөздігіне сүйенген (Jacobson R, 2002). Одан кейін жаңа лексикографиялақ стандарттарға негізделіп әзірленген Фанк-Уэгналздің «Түсіндірме-энциклопедиялық сөздігі американдық тіл білімі лексиграфия саласына үлкен үлес қосқан еңбектердің бірі ретінде бағаланды (Funk and Wagnals, 1893-1894.).

Дәл осындай Еуропалық үлгідегі Ғылым академиясы XVIII ғасырда көршілес Ресейде де құрылды. Сол кезден бастап бұл елдегі лексикографиялық жұмыстардың барлығы да осы Ғылым академиясының бастап ұйымдастыруымен түзілген сөздіктер негізінде, солардың базасын пайдалана отырып, ғылыми негізде дамып келеді. Ресей Ғылым академиясы бастамасымен жасалған сөздіктердің ең сапалы да мәнді, маңызды бөлігін түсіндірме сөздіктер құрайды. Ал орыс тілі бойынша 1863-1866 жж. В.И. Дальдің XIX ғасырдың ауызша және жазба лексикалық тілдік бірліктерді, әртүрлі кәсіпке байланысты терминдер мен фразеологияларды қамтитын орыс тілінің түсіндірме сөздігін ерекше атауға болады (Даль В.И, 2006). Еуропа тілдеріндегі алғашқы түсіндірме сөздіктер кірме немесе ескірген лексиканы түсіндіру мақсатында жасалған. Мәселен, ағылшын тілінің тұңғыш түсіндірме сөздігі тілдегі қиын сөздерге түсініктеме берілген (Cawdrey R, 1604).

Әлемдік лексикографияның даму жолында тілді үйрету мақсатымен жасалатын түсіндірме сөздіктердің алуан түрлері болған. Американдық педагог әрі психолог, белгілі сөздікші Э.Л.Торндайк сөздікті өте-мөте маңызды үйретім құралы санаған. Ол XX ғасырдың 30-40 жылдары төменгі және жоғарғы сыныптардағы мектеп оқушыларына арналып жасалған Э.Л.Торндайктің сөздіктері болатын (Thorndike E.L., 1941). Кейінірек екінші сөздікшінің – К.Л.Барнхарттың қосылуына байланысты бұл жүйе «Торндайк-Барнхарт жүйесі» деп атала бастады (Thorndike E.L., Barnhart C.L., 1971).

Сөздіктердің дамуы әлеуетті пайдаланушылар арасында практикалық қажеттіліктерді анықтауға негізделген, ал мұндай жұмыстардың нормативтік сипаты мен беделі лексикографиялық тәсілдерге байланысты болып келеді (Hartmann, James, 1998).

Нәтижелер мен талқылау

Жалпы сөздіктің қандай түрі болса да, оны түзу жұмысының алғашқы кезеңінде болашақ сөздіктің типі, жасалу мақсаты, адресаты, сөзтізбеге алынатын сөз топтары, оларға жасалатын сипаттаманың түрі, сөздіктің шамаланып отырған көлемі, алынатын лексикалық бірліктер туралы деректер құрамы, сөздік мақала мен сөздіктің жалпы құрылымы сөз болатын инструкцияның жасалатыны белгілі.

Қазақ тілінің Академиялық сөздікті құрастыру жұмыстары кеш басталып, оны жасаудың нұсқаулығы (инструкциясы) 1945 жылы жарық көрген. Жобаның авторы С. Жиенбаев инструкцияның сөздіктегі ***а*** әрпінен басталатын бірліктер бойынша сөздік мақалалардың

мәтінін жазумен қатар жасалып отырғандығын, себебі жұмыстың жеке кезеңдерін түгел қамту үшін сол кезеңдерді бастан кешірудің қажет болғандығын айтады. Еңбектің көлемі – 40 бет. Кіріспе бөлік «Халықтың ең бірінші кітабы – сөздігі» деген қанатты сөзбен ашылады. «Жоба сөздікке алынатын бірліктердің құрамы мен құрылымына қатысты 32 тармақшадан құралған негізгі бөлік пен дәйектеме материалға қатысты 50 тармақшадан құралған қосалқы бөліктен, сондай-ақ, ***а*** әрпі бойынша жасалған қосымша бөліктен тұрады. Қосымша бөлікте барлығы 126 сөздік мақала келтірілген. Бұл еңбек бір мезгілде әрі сөздіктің жобасы (проект, проспект), әрі сөздіктің үлгісі (макет), әрі сөздік жасаудың инструкциясы болып табылады» (Жиенбаев С, 2003).

С. Жиенбаев жасалып жатқан сөздікті, жоғарыда сөз болғандай, академиялық сөздік ретінде түсінеді және бұндай сөздікті түзу жұмыстарын Ғылым академиясы ғана жүргізе алатындығын және ол академиялық сөздіктің үлгісі ретінде Ресей Ғылым академиясы шығарған орыс тілі академиялық сөздіктерінің 1789–1794, 1891–1895, 1897–1929 жылдары жарық көрген басылымдарын, сондай-ақ, қазіргі орыс әдеби тілінің 17 томдық академиялық сөздігін атайды. Қазақ тілінің академиялық сөздігін де осы үлгіде жасаудың қажеттілігін айтады (Жиенбаев С, 2003).

Ғалым үлгі ретінде алып отырған орыс тілінің академиялық сөздіктері, әсіресе «Үлкен академиялық сөздік» аталып кеткен орыс тілінің 17 томдық сөздігі, шын мәнінде, анықтамалық сөздік типіне жатады. Сөздікті құрастырушылар бұл еңбекті «түсіндірме сөздік», «нормативті сөздік» ретінде атай отырып, онда сөздерге филологиялық (энциклопедиялық емес) түсіндірме берілетінін сөз етеді. Алайда, осы еңбектегі сөздік мақалалардың құрылымына лексикография теориясының белгілі маманы Л.В. Щербаның антитезалары тұрғысынан көз салар болсақ, бұл сөздіктен «нормативті түсіндірме сөздік» типіне қарама-қарсы типтің – *анықтамалық түсіндірме сөздіктің* белгілерін байқаймыз (Щерба Л.В, 1958). Сөздіктегі түсіндірмелердің басым көпшілігі энциклопедиялық, анықтамалық сипатта: «*Антанта* тар. 1904 –1907 жылдары аса ірі империалистік державалар саналатын Англия мен Франция арасында, кейін Англия мен Франция және Қазан төңкерісіне дейінгі Ресей арасында жасалған әскери одақтың атауы. – фр. *entente* – «келісім», «өзара түсіністік»; *Белок* 1. Құс жұмыртқасындағы сары уызды қоршап тұрған мөлдір бөлік. ... 2. биол., хим. Жануарлар мен өсімдіктер жасушаларының (клеткаларының) құрамына кіретін азотты органикалық құрылым; басқаша айтқанда: жасушалы зат, белковина, альбумин. ... – Поликарпов. Лекс., 1704: *белок*; Акад. сөздігі, 1847: *белковый, белковина; Анимизм* этногр. Адамдардың байырғы ойлау қабілетінің даму барысында болған, әр заттың өз жаны, рухы бар деген түсінікке негізделген ойлау сатысы; табиғаттағы барлық құбылыстарды жандандыру. *Анимист* табиғатты жанды қалыпта қабылдаушы. *Анимистикалық көзқарастар.* (Анимистіктеория – Діни сенім-нанымдардың шығу тегі туралы алғашқы қауымдық құрылыстағы адамның діни көзқарастары табиғатты жанды қалыпта қабылдауға негізделген деген пікірді ұстанатын ілім. Бұл ілімді негіздеген Э.Тейлор. – Брокг.-Ефр. Энц.сөздік: *анимизм*; Акад. сөздігі, 1891: *анимист*. – Нем. *Animismus,* фр. *animisme***,** лат. *anima* – «жан» деген сөзінен.

Ғалым жасалып жатқан сөздікті «Қазақ әдебиет тілі сөздігі» ретінде атайды. Бұдан, біріншіден, қазіргі «әдеби тіл» терминінің ол кезде «әдебиет тілі» түрінде қолданылғандығын байқауға болады. Сондай-ақ, екіншіден, ғалымның көзқарасында әдеби тілді қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің тілі ретінде ұғынушылықтың болғандығын байқаймыз. Инструкцияда жасалып жатқан туынды филологиялық сөздік аталады. Яғни, қазіргі кездегі «лингвистикалық сөздік», «лексикалық мазмұндағы жалпы түсіндірме сөздік» мағынасында қолданылған.

Ғалым «Сөздіктің басты мақсаты – ана тілдің сөз байлығын (лексикасын) қағаз бетіне түсіріп, халықтың пайдасына ұсыну, әрі ана тілдің ғылымдық мұрасы етіп қалдыру» – дейді (Жиенбаев С, 1945). Бұл өте маңызды қорытынды болып табылады. Себебі түсіндірме сөздікті түзудің, жасаудың өзі, бір жағынан, аса зор ғылыми еңбек болып табылады. Екіншіден, сөздіктің кейінгі ұрпаққа қалатын үлкен ғылыми мұра екендігі де ешқандай дау тудырмайтын ақиқат.

С.Жиенбаевта жасалып жатқан академиялық сөздікті «қазақ тілінің толық сөздігі» деп атау да кездеседі. Жоғарыда сөз болғандай, «әдеби тілдің сөздігі» ретінде жобаланып отырған еңбекті, лексикалық бірліктерді талғау, сұрыптау жасалатын еңбекті, яғни әдеби сөздікті «қазақ тілінің толық сөздігі» деп бағалау қате болуы мүмкін деп ойлаймыз. Себебі, әдеби сөздік бір басқа да, барлық диалектизмдерді, кітаби сөздерді, тари-

хи сөздерді, кәсіби сөздерді, т.б. сөз топтарын толық қамтитын халық тілінің, яғни қазақ тілінің сөздігі екінші басқа дүние болып саналады.

Инструкциядағы сөздіктің лексикалық құрамына арналған бөліктің бірінші бабы: «Сөздікке қазақтың жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетіндегі сөз қоры түгел енеді» – деген тұжырыммен басталады. Демек, жоба бойынша, академиялық сөздікке қазақ тілінің әдеби қорына кіретін бірліктерді түгел қамту жоспарланған. Бұл жерде, тағы да, жоғарыда сөз болғандай, пікір қайшылығын байқаймыз. Себебі, жазба әдебиет пен ауыз әдебиетіндегі сөз қоры түгел енетін еңбек болса, ол сөздік әдеби типті сөздік болмай шығады.

Жобадағы автордың хронологияға қатысты пікірі ескі сөздерді алу мәселесімен сабақтас өрбиді: «Қазақ тілінің жасаған дәуірі «ескі дәуір», «жаңа дәуір» деп бөлінбейді, тілімізде кездесетін ескі сөздер де осы күнгі сөздермен қатар сөздіктен кең орын алады. Бұл жөніндегі айырмашылықтар жеке сөзге мінездеме бергенде ескертіледі» (Жиенбаев С, 1945). Бұдан шығатын қорытынды: қазақ тілі түсіндірме сөздігінің алғашқы жобасында тарихи лексикаға хронологиялық жақтан шектеушілік болмаған. Бұл, тағы да, әдеби сөздіктің жасалым принциптеріне қайшы келеді.

Жобадағы екінші бап жергілікті сөздерге қатысты: «Жеке облыстарда айтылып жүрген «диалект» сөздердің де көпшілігі сөздікке кіреді. ... Тіліміздің сөз қоры молайып, ілгері даму процесінде бұлар сияқты «диалектизм»-дердің маңызы тым зор. Сондықтан ондай сөздердің дені академия сөздігінен орын алады да, тұсына тиісті ескертпелер беріледі. ... Тым азғана көлемде айтылатын, жалпы жұртшылыққа мүлде түсініксіз нағыз диалектизмдер сөздікке енбейді, ондайлар – «арнаулы диалект сөздігінің» материалы. Мысалы, «албаты», «борандату», «бардам», «белегір», «борми» сияқтылар («албаты» Зайсан жағында *«беталды»* мағынасында, «борандату» – *жақындату, жобалау* деген мағынада, «бардам» – *дәулетті, малды* деген мағынада, «белегір», «борми» – *бұршақ* мағынасында қолданылады)» – делінген. Демек, академиялық сөздікке диалектизмдер құрамындағы сөйлеміс (говор) және одан төменгі деңгейдегі қолданыстардан басқалары алынатын болған. Автор диалектілік лексикаға белгілі бір шектеулер енгізіп отыр. Алайда, белгілі бір аймақтарда қолданылатын облыстық диалектизмдерді алуды жақтау, ал нақты жергілікті қолданымдағы ұсақ диалектизмдерді алмаушылық бұл да ұстанымдық тұрғыдан қателік болып табылмақ. Себеп – әдеби сөздікке жалпы диалектизм атаулы алынбауы керек.

Жобадағы үшінші бап кірме лексикаға қатысты: «Тілімізде басқа түрк тілдерінен, араб-парсыдан және орыс тілі арқылы енген кірме сөздер көп. Бұл соңғылардың ішінде орыстың төл сөздерімен қатар орыс тіліне басқа тілдерден келген сөздер көп. Сөздердің бір тілден бір тілге ауысуы – тіл дамудың негізгі жолдарының бірі. Халықтың тілінде қолданылып, қажетіне асқан сөздер, қайдан келгені есеп емес, сол тілдің лексикалық қазынасына жатады. Сондықтан тілде қолданылып жүрген сөздерді, жалпы принцип бойынша, төркініне қарамай-ақ сөздікке ендіре береміз. Бұл жөніндегі ескертпелер мыналар: қазақ тіліне сіңісіп кеткен араб-парсы төркінді жалпы лексикалық мағынасы бар сөздер *(перде, бенде, тамам, шариғат)* түгел алынады. Қазақша варианты бар бола тұрса да, ретіне қарай қолданылатын тиісті орны бар сөздер де алына береді. Мысалы, *дәріс, ләхт, ғапыл, пак, бақый, фани, жұмла, әлбетте* т.б. Қазақтың жазба әдебиетінің алғашқы дәуірінде ғана кездесетін, бірақ сол күнде де, қазірде де толық эквиваленті бар бұратана сөздер алынбайды. Олар кейбір діни, кітаби сөздер. Мысалы *жесім, тауазиғ, тәмсіл, тақдым, тағбыр* т.б.» (Жиенбаев С, 1945) (*сол кездің орфографиясы сақталып, беріліп отыр*). Яғни бұрынғы кезеңде қолданылған қазір түсініксіз ескі кітаби лексика алынбайды. Бұл жерде, тағы да, әдеби сөздік пен жалпыхалықтық сөздіктің принциптерінің араласуын байқаймыз.

Жобадағы төртінші бап термин сөздерге қатысты: «Термин сөздерді алғанда оларды «жалпы терминология», «арнаулы терминология» деп бөлеміз. Алдыңғылары сөздікке енеді де, соңғылары енбейді, өйткені академиялық сөздік – филологиялық сөздік. Мұндай сөздіктің мақсаты алдымен тілдегі жалпы лексикаы көрсету. ... Жалпыша мынадай ереже қолданылады: жеке пәндердің жалпылық (бастауыш, орта) мектептерде қолданылатыны алынады да, жоғарғы мектеп көлеміне жататын арнаулы терминдері алынбайды» (Жиенбаев С, 1945). Филологиялық сөздікке жалпы білім беру (бастауыш, орта) орындарында қолданылатын пән терминдерін түгел алу – ол кезең үшін прогрессивті шешім болғандығы айқын. Бұл бапта айтарлықтай принциптік қайшылық жоқ. Термин сөздерге қатысты бапты қорытындылай келе ғалым: «Қазақтың төл сөзінен шыққан терминдер сөздікке түгел енеді» деген ескерт-

пе жасайды. Ғалымның төл терминдерге қатысты бұл ескертпесінен оның қазақ тіліндегі төл терминжасамға қамқорлықпен қарағаны байқалады.

Ғалым лексикалық бірліктерді екі түрге (жеке сөз, сөз тізбектері) бөліп қарастырады. Ол мағынасы жақын түбірлес сөздерді бір сөздік ұяда беруді ұсынады: «Жұрнақ арқылы туған туынды сөздердің бірқатары өзінің түбір сөзінің қасына алынады да, барлығы бір реестрдің ұясына кіреді. Мысалы, *жазыл, жаздыр, жазғыз* деген сөздер *жаз*-дың реестріне енеді, өз алдына бөлек тұрмайды. Мұндай ұстанымды алуымыз мынадай жағдайларға байланысты. Біріншіден, түбірлес сөздерді бір жерде беру арқылы қазақ тілінің негізгі құрылысы айқынырақ көрінетін болады, онымен бірге, семантикалық ерекшеліктері де осы тұлғалық қасиетіне байланысты екені білінеді (жалғалмалы тіл ретінде). Екіншіден, түбірлес сөздерді бас-басына реестр етіп ала берсек, анықтамалардың көбінде мағыналық жаңалық болмай, ылғи қайталауға айналады. ... Мысалы, «айналысушы» – *айналысу әрекетін жасайтын кісі,* «жаздыру» – *басқа біреуге жазғызу,* «айтқызу» – *басқа біреуге айттыру* т.б. Бірақ түбірлес сөздердің бәрін бірдей бір ұяға жинап беруге де болмайды, үйткені қазақ тілі сияқты жалғалмалы тілде түбірлес сөздер тым көп. Сондықтан мағыналық жақындығы күштілері ғана біріктіріледі де, басқалары жеке-жеке өз орындарына қойылады» (Жиенбаев С, 1945). Ғалым «ауылдас» (аулы бір), «үйлес» (үйі бір) сөздерінің негізгі сөздің ұясында (ауыл, үй) берілуін жөн санайды, ал «өкшелес» сөзін өзгеше мағына иеленген бірлік ретінде жеке сөздік мақалада бергенді жөн көреді. Сондай-ақ, «келуші» сөзінен «жазушы» сөзінің берілуі басқаша болатынын жазады. Демек, ғалым толық лексикаланып, дербес мағынаны иеленген бірліктерді, ұя құраушы ұйтқы сөздерден тәуелсіз бірліктерді өз алдына бөлек беру қажет деп санайды. Ғалымның көрсетіп отырған тәсілі өткен ғасырдағы әлемдік лексикография тәжірибесінде, ең озық сөздіктерде қолданылып жүрген тәсіл. Мәселен, Уэбстер сөздігінің университеттерде қолдануға арналған академиялық нұсқасының 1993 жылғы басылымында дәл осы әдіс қолданылады. Орыс тіліндегі 17 томдық түсіндірме сөздікте де (Webster N, 1828), 2000 жылы С.Кузнецовтың жобасымен жарық көрген Үлкен түсіндірме сөздікте де дәл осындай ұялық тәсіл қолданылады (Кузнецов С, 1536).

Сөздіктегі сөз мағынасы туралы ғалым: «Сөздің қазіргі мағынасы ғана айтылып қоймайды, шама келгенінше, тарихи дамуы көрсетіледі, түрлі дәуірлердегі мағыналарына марксистік анализ беріледі. Мысалы, «би» деген сөзді түсіндіргенде, оның о баста ел билеген беделді адам екендігі айтылады («Ілгері заманда шешендік, ерлік, тұқымы көптік сияқты артықшылығымен ел билеген, беделді кісі») онан кейін сайлаумен қойылатын әкімдік лауазым екендігі білдіріліп, патша заманындағы билердің, совет тұсындағы билердің кім екендігі, оларды мінездейтін тиісті цитаттар келтіріледі... Сөздің қазіргі мағынасы ертеректегі мағынасынан өзге болса, ондайлар да түсіндіріледі. Мысалы, «кеңес», «одақ» сөздері 1936 жылдан кейін жаңа мағынада қолданылып кетті. Сонымен қатар бұл сөздер өздерінің байырғы мағынасын да сақтайды. Бір кезде «алқа» деген сөз қазіргі коллегия мағынасында айтылып жүрді, кейіннен ол мағынадан айрылды; «шаруа» (орыстың шаруасы) бір кезде «қара шекпен», онан кейін «қара шаруа», ең ақырында «шаруа» деген терминдермен айтылатын болды. Бұл терминдердің бәрі де реестр сөз есебінде алынып, тарихы көрсетіледі». – дейді (Жиенбаев С, 1945).

Инструкцияның екінші бөлігі «Сөздік картотекасына цитат теру жайындағы инструкция» және «Жазу техникасы» тақырыпшаларынан тұрады. Түсіндірме сөздік алғаш рет жасалып отырғандықтан және бұл сөздік әдеби тілдің сөздігі болғандықтан, қандай сөзге қай шығармадан қандай мысал алу, қандай мысалдарды алмау, алынған мысалдарды карточкаға қалай жазу мәселелеріне айрықша көңіл бөлінген. Сөз болып отырған инструкцияның алғашқы бөлігінің өзі 30 баптан тұрады. Ғалым мысалдардың екі түрлі қордан алынатыны туралы жазады. Бірі – сөздіктер болса, екіншісі – қазақтың жазба әдебиеті. Жазба әдебиет ретінде ғалым көркем әдебиетті, кәсіп түрлері (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, аңшылық, балықшылық, қолөнер) бойынша жазылған еңбектерді, әдет-ғұрыпқа байланысты материалдарды, түрлі пәндер бойынша жазылған оқу құралдары мен қосалқы оқу материалдарын, диалектологиялық экспедициялардың материалдарын, газет, журналдарды, қазақ тілінде жазылған ескі мұрағаттарды атайды. Ғалым сөздікке мысалдарды Бұхар жыраудың, Махамбеттің, Шәңгерейдің, Абайдың шығармаларынан, батырлар жырынан көбірек алуды жөн санайды. Инструкцияның сөздік мақала үлгілерінде арғы дәуірдегі Асанқайғының сөздерінен бастап, өткен ғасырлардағы Дулат,

Махамбет, Абай, Сұлтанмахмұт, М. Сералин тәрізді ақын-жазушылардың шығармаларынан, әсіресе «Бозжігіт», «Есімхан», «Гүлкәшима», «Гүлжәмила», «Мұңлы Мәриям» поэмаларынан, «Едіге», «Бөгембай», «Кенесары», «Ер Ағыбай», «Наурызбай», «Орақ – Мамай», «Қарасай – Қази», «Шора» батырлар туралы қисса, дастан, тарихи жырлардан, «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қамбар», «Қобыланды», «Ер Сайын» тәрізді батырлық жырлардан, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Айман – Шолпан» тәрізді лиро-эпостық жырлардан, «Біржан – Сара», «Әсет – Рысжан», «Шортанбай – Орынбай», «Жүсіп қожа – Жекей қыз» айтыстарынан, Ы.Алтынсариннің 1879 жылғы хрестоматиясынан, 1920–30 жылдары қойылған драмалық шығармалардан алынған дәйектеме материалдардың молдығын байқауға болады (Малбақов М, 2003). Сөздіктегі мысалдар, инструкцияда жазылғандай, қазақ тілінің жазба және ауыз әдебиетіне жататын барлық шығармалардан, оларды «ескі дәуір», «жаңа дәуірге» бөлместен алынатын болған. Мысал тек «Алаш Орда» құрамында болған, сол қозғалысқа қатысқан зиялылардың шығармаларынан ғана алынбаған. Ол, әрине, сол кездегі саяси жағдайға байланысты еді. Мұндай жағдай 1959 – 1961 жылдары шыққан екі томдық түсіндірме сөздікте де, 1974 – 1986 жылдары жарық көрген он томдық түсіндірме сөздікте де болды.

1950 жылдары көптомдық түсіндірме сөздік жасауға кірісуге қажетті әзірлік жеткіліксіз болғандықтан, біріншіден, картотека қоры тым тапшы болғандықтан, екіншіден, сөздікті құрастырушылардың ғылыми-практикалық тәжірибесінің жетімсіз болуына байланысты әуелі түсіндірме сөздіктің бір томдығын жасау және Абай шығармалары тілінің сөздігін жасау қолға алынды (Ысқақов А, 1974). Осы жоспар бойынша, 1953 жылы сөздіктің инструкциясы жарияланды (Қазіргі қазақ тілінің бір томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы, 1953). Бұл қазақ тілі түсіндірме сөздіктерін түзу тарихындағы негізгі сөздікті жасаудан бірнеше жыл бұрын, алдын ала түзілген жалғыз инструкция еді.

Инструкция «кіріспе», «сөздіктің көлемі», «сөздіктің құрылысы», «сөздікке енгізілмейтін сөздер», «сөздің мағыналық және грамматикалық мінездемесі», «сөздердің жазылуы мен айтылуы», «түрлі грамматикалық, мағыналық, стильдік белгілер», «сөздіктің терілу тәртібі» атты бөліктерден және көлемі 5 беттей сөздік мақала үлгілерінен тұрады.

Инструкцияны құрастырушылар қазіргі қазақ тілінің бір томдық түсіндірме сөздігін жасаудың қажеттілігін, «тіліміздің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық нормаларын да, жазу нормаларын да іріктеп, бір ізге түсірудің, оларды сұрыптап, жұртшылығымыздың игілігіне айналдырудың мәні айрықша зор. Қазіргі қазақ әдеби тілінің негізгі сөздік қорындағы барлық сөздерді қамтып, сөздік құрамдағы жиі қолданылатын сөздердің денін қамтып, әдеби тіліміздің ең басты лексикалық нормаларын шамадан келгенше зерттеп, оларды қысқаша түрде болса да топшылаудың қоғамдық мәні айтпаса да түсінікті» (Қазіргі қазақ тілінің бір томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы, 1953) екендігін, түсіндірме сөздіктің осы мақсатта жасалатынын сөз етеді.

Инструкцияның кіріспесіндегі бірінші бапта сөзтізбеге алынатын сөздер тобы: «көркем шығармалардағы, журналдар мен газеттердегі, ғылыми және техникалық әдебиеттегі, түрлі оқулықтардағы жиі ұшырайтын жалпыхалықтық сөздер мен тұрақты сөз тіркестері, кеңес дәуірінде өте жиі қолданылатын жаңа сөздер мен жаңа сөз тіркестері» екендігі аталады. Бұл тұжырымнан, біріншіден, сөздікке осы жаңа тарихи кезеңдегі әдебиеттің алынатындығы, екіншіден, осы кеңес дәуірінде пайда болған жаңа атаулардың алынатыны белгілі болады.

Кіріспедегі екінші бапта сөз мағынасы туралы жалпылама пікірден кейін терминдер туралы: «Бұл сөздікке енуге тиісті терминдер халық арасына көп тараған сөздер болу керек. Сонымен қатар сөздікке қазіргі әдеби тілде қолданыла бастаған, өте кең көлемде жұмсалатын терминдік мағынасы бар сөз тіркестері де енеді» деген тұжырым айтылады. Үшінші бапта сөздікке қазақ тіліндегі жиі қолданылатын идиомдар мен фразеологиялық тіркестердің алынатыны туралы сөз болады. Кіріспедегі бесінші бапта сөздік «қазақ тілінің нормативті сөздігі ретінде көмекші құрал болуды мақсат ететіндіктен, онда қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс қолдануға, дұрыс жазуға, ол сөздерді дұрыс айта білуге жетекші боларлықтай әралуан стильдік, грамматикалық т.б. белгілер (пометалар) берілетіні» ескертіледі. Сонымен, инструкцияның кіріспе бөлігінде сөздікке «нормативті лексиканы» алудың жағдайлары туралы сөз болады.

Инструкцияның авторлары «Қазақ әдеби тілінің нормативті сөздігі» ұғымы мен «Қазақ тілінің нормативті сөздігі» ұғымын бірдей көреді. Яғни әдеби норма мен тілдік норма ұғымдарын айырмайды. Бұл, шындығында, олай емес. Әдеби

тілдің сөздігі мен жалпыхалықтық тілдің сөздігі арасында үлкен айырма болатындығын авторлар ескермейді. Инструкциядағы «Сөздіктің көлемі» аталатын екінші бөлікте сөздікке: ескірген сөздер мен облыстық сөздерді, кірме сөздер мен интернационалдық терминдерді, жалпыға белгілі діни сөздерді, Совет Одағы мен демократиялық елдердегі халықтардың аттарын, сондай-ақ, шетелдердегі кейбір ірі халықтардың аттарын алу туралы айтылады. Бұл бөлікте екінші сатыдағы «нормаландырылған лексика» жайында сөз болады. Демек, бұл жолы да, жоғарыда аталғандай, сөздіктің басты-басты екі типінің өзіндік белгілерін бірлікте қолданушылық байқалады.

«Сөздіктің құрылысы» аталатын үшінші бөлікте сөзтізбеге алынатын атау сөздің тұлғасы туралы баяндалады. Авторлар *атау сөз* ретінде негізгі түбірлі және туынды түбірлі зат есімдердің алынатындығы туралы жазады. Олардың ішінде *оқу, жазу, сабау* тәрізді бір кездегі қимыл есімдерінен жасалған зат есімдер де бар. Бірінші инструкцияда (1945) бұл тұлға жайында арнайы жазылмағандығы анық. Бірақ, сөздік мақала үлгілерінде «алдау», «асу» тәрізді есімдер кездеседі. Екінші инструкцияның (1953) жаңалығы – «ағатай», «ағеке», «апатай», «атеке», «апеке» тәрізді іззет, құрмет, еркелету, кішірейту мағыналарында қолданылатын есімдерді жеке сөздік тұлға ретінде беруді ұсынуы. Инструкцияның авторлары *-шы, -ші* жұрнақтары арқылы жасалған *малшы, елші, колхозшы, жұмысшы* сияқты қызмет, іс атауларын сөздікке сөздік тұлға ретінде алуды ұсынады. Авторлар, сондай-ақ, етістіктің тұйық райлы тұлғасына *-шы, -ші* жұрнақтарының қосылуы арқылы жасалатын сөздердің ішінен *жазушы, оқушы, оқытушы, айыптаушы* тәрізді лексикалық тың мағына беретіндерін сөздікке алуды қолдайды. Бұл ой алғашқы инструкцияда да айтылған болатын. Екінші инструкцияның авторлары сөздікке *«ақ, көк, қара, қызыл, үлкен, жақсы, аласа, биік, тапал»* сияқты негізгі және *«ұйқышыл, тапқыр, жершіл, жазғыш, сөзшең, тершіл, басыңқы, қалалық»* тәрізді туынды сын есімдердің алынатынын жазады. Бұлардың ішіндегі *-қыр, -шең, -ыңқы* жұрнақтары арқылы жасалған тұлғалар алғашқы инструкцияда сөз болмаған еді.

Авторлар түсіндірме сөздікке жеке атау сөз ретінде сын есімнің *кеңірек, ұзындау, кішілеу, күреңдеу, ақшыл, қызғылт, көгілдір, бозаң, қоңырқай, сарғыш* түріндегі шырайлық тұлғалары мен есімшенің *-қан, -кен, -қын, -кін* жұрнақтары арқылы жасалған *қабаған, тебеген, сүзеген, қашаған, кезеген, көреген* тәрізді түрлерін алуды ұсынады. Осындағы салыстырмалы шырайдың «кеңірек, ұзындау, кішілеу, күреңдеу» тәрізді тұлғаларын жеке атау сөз ретінде беру қате болған деп ойлаймыз. Ал жоғарыдағы есімше жұрнақтары арқылы жасалған сөздер – толық лексикаланған сөздер. Сондықтан олардың алынуы дау тудырмайды.

Инструкцияда болымды *-лы, -лі,* болымсыз *-сыз, -сіз* жұрнақтары, сондай-ақ *-дай, -дей* жұрнақтары арқылы жасалған тұлғалардың толық лексикаланып, арнаулы, тиянақты мағына беретіндері ғана алынатыны туралы сөз болады. Мысалға *болымды, жағымды, болымсыз, жағымсыз, амалсыз, айтқысыз, еңгезердей, ендей, сомадай, дудардай, жаздай, күздей, қыстай, дардай, алпамсадай* сөздері келтіріледі. Сан есімдерден атау сөз ретінде *есептік* (он, отыз, қырық), *реттік* (бірінші, оныншы) және *топтау* (төртеу, алтау) сан есімдері алынатыны айтылады. Сөзтізбеге алынатын есімдіктер қатарында: *мен, сен, ол, бұл, анау, мынау, өз, өзім, өзің, өзі, бәрі, барлық, әлдекім, ешбір, бірнеше, ешкім* аталады.

Алғашқы инструкцияда етістердің жеке сөз ретінде алынбағаны белгілі. Екінші инструкцияда олардың ішіндегі өте жиі қолданылатындарын *(алыс, оқыт, жуын, ойнат, жаздыр, ойнатқыз, жуындыр, жыйыл, жазыл, жаздыр, жалғас, жалғастыр)* жеке атау сөз ретінде беруге болатындығы жазылған. Етістіктің есімше, көсемше, рай тұлғаларының алынбайтындығы туралы екі инструкцияда да сөз болады. Негізгі және туынды үстеулердің *(әдейі, жорта, әрең, шапшаң, ертең, бүгін, төмен, жоғары, түнде, батыл, кенеттен, қасақана, амалсыздан),* көмекші есімдердің, шылаулар *(үшін, гөрі, шамалы, туралы, да, соң, әрі, бері, мен, және, бірақ, дегенмен, ғана, ғой, өйткені, сондықтан, сайын, дейін, шейін, кейін)* мен одағайлардың *(алақай, тәйт, ойбай, бәрекелде, уһ, аһ, әттең, мәссаған, пәлі, әттеген-ай, ойпырай)* барлық түрлері де реестр сөз ретінде алынатыны сөз болады.

Екі инструкцияда да біріккен сөздер мен қос сөздердің жеке реестрде берілетіні айтылады. Екінші инструкцияда түсіндірме сөздікке кейбір тіркестердің де алынатыны туралы: «Реестр сөз әдетте дара бір сөзден болғаны дұрыс. Егер дара бір сөз өз алдына мағына бермейтін болса, онда ол дара сөзден кейін қос нүкте (:) қойылып, сол сөздің өзі қайталанып көмекші сөзімен бірге беріледі. Мысалы: сып: *сып ету;* дал: *дал болу;* қыйт: *қыйт етсе;* шарқ: *шарқ ұру;* ден: *ден қою;*

елең: *елең қағу;* сылқ-сылқ: *сылқ-сылқ күлу;* алшаң: *алшаң басу;* мырс: *мырс ету;* сарт: *сарт ету;* тық: *тық ету»* – түрінде жазылған. Мысалда аталған тіркестердің еліктеуіш сөздерге, оның ішінде бейнелеуіш еліктеуіштерге жататыны байқалады. Екі инструкцияда да еліктеуіш сөздер тобы бөлек қарастырылмаған. Бұл сол кездегі қазақ тіл білімінде бұл мәселенің жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігінен хабар береді.

1945 жылғы инструкцияда омонимия құбылысы туралы айтылмайды. Бірақ сөздік мақала үлгілерінде «алаң» 1. (ашық жер) және «алаң» 2. (алаңы жоқ), «алтын» 1. (металл) және «алтын» 2. (ру аты), «амал» 1. (жылдың үшінші айы) және «амал» 2. (әдіс, айла) түріндегі омоним сөздер ұшырасады. Олардың бәрі де бір сөз табынан болған лексикалық омонимдер. Конверсия жолымен жасалған лексика-грамматикалық омонимдер, әсіресе есімді-етістікті жұптар белгіленбейді. Мәселен, «ас» *(тамақ)* пен «ас» *(көбею, тасу, ілу, тамақ пісіру, т.б.)* екі бөлек сөздік мақалада, нөмірленбей берілген еді. Екінші инструкцияда омоним сөздер жеке беріліп, әрқайсысының шекесіне кішкене арап сипыры арқылы белгі қойылады: жабағы[1] – *жазды өткізіп, қар басқан құлын;* жабағы[2] – *қойдың ұйысқан жазғы жүні.*

Екінші инструкция «партбилет», «партбюро», «партком», «ССРО», «СОКП», «МТС» тәрізді қысқарған сөздерді де жеке мақалада беруді ұсынады. Тұрақты сөз тіркестерінің сөздік мақаланың ішіндегі ромбик белгісінен кейін берілетіні сөз болады. Екінші инструкция сөздікке енгізілмейтін бірліктер қатарында тар салалық терминдерді, әдеби тілге енбеген, облыс пен аудан көлемінде ғана қолданылатын диалектизмдерді (борандату, бардам, белегір, борми), мекеме аттарын, жаргон сөздерді атайды. Бұлар бірінші инструкцияда да бар болатын. Соңғы инструкцияда тыңнан қосылған сөз топтары: *топонимикалық атаулар* мен *кісі аттары*. Бұл өзгешеліктер екі сөздік арасындағы ұстанымдық айырмашылықтардан хабар береді. Бірінші академиялық түсіндірме сөздікке топонимикалық атаулар мен кісі аттары іріктелген күйде болса да алынбақшы еді. Себебі ол сөздік елтанымдық, анықтамалық бағдарлы сөздік болмақшы еді. Ал екінші инструкцияда жоспарланып отырған сөздік – басы артық энциклопедиялық, анықтамалық деректерден ада, дәстүрлі түсіндірме сөздік болатын.

1953 жылғы инструкцияның «Сөздің мағыналық және грамматикалық мінездемесі» атты бөлігінде 1945 жылғы инструкцияда жазылған тұжырымдар қайталанады. Бірінші инструкциядан айырмашылықтары:

а) термин сөздерге көбінесе мысал берілмейді;

ә) сөзге берілетін анықтама түрлері арасында антониммен берілетін анықтама аталмайды;

б) мағына жағынан ажырап, оқшауланған, сол себепті жеке сөздік мақалада берілуге тиісті сөз варианттары қатарына «өкімет» пен «үкімет» сөздері қосылған;

в) атау сөзге берген анықтамадан кейін берілетін мысалдардың, цитаталардың қайдан алынғаны көрсетілмейді.

«Ол мысалдар белгілі шығармалардан я қазіргі қазақ тілінде анық, айқын қолданылатын сөз тіркестерінен, я мақал, мәтел т.б. тұрақты сөз тіркестерінен алынады. Мысалдың саны біреу, екеуден аспау керек» (Қазіргі қазақ тілінің бір томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы). Мысалдардың қайдан алынғанын көрсетпеу және мысал санының аздығы – екінші сөздіктің шағын, бір томдық түсіндірме сөздік ретінде жоспарланып отыруына байланысты деп ойлаймыз. Екінші инструкциядағы «Сөздердің жазылуы мен айтылуы», «Түрлі грамматикалық, мағыналық, стильдік белгілер», «Сөздіктің терілу тәртібі» атты бөліктер негізінен бірінші инструкцияны қайталайды. Айырмашылықтар, біріншіден, әдебиет жанрларында көп кездеспейтін, тек сөйлеу тілінде ғана кең орын алған сөздерге сөйл. *(сөйлеу тілінде, ауызекі тілде)* белгісінің қойылуы (қазір әд., әзір сөйл.) мен ауыспалы мағыналы сөзге ауыс. белгісі қойылатындығында ғана. Екі инструкцияда да ескі кезде қолданыста болған «архаизм», «историзм» сөздерге ескі белгісін, ал жергілікті жерлердегі шаруашылық ерекшеліктеріне байланысты қолданылатын сөздерге обл. *(облыстық)* белгісін қоюдың қажеттілігі айтылады. Сөздіктің терілу тәртібіне қатысты тұжырымдарда сөздің анықтамасының, оған берілетін түрлі түсініктердің негізгі мәтін болып есептелетіндігі, демек, негізгі қаріппен берілетіндігі, шартты белгілердің – сиретілген негізгі қаріппен, мысалдардың – курсивпен терілетіндігі сөз болады.

Сөздікті жасау кезінде оны инструкцияға сай түзіп, межеленген мерзімінде жасап шығу – оңай шаруа емес екендігі анық. Лексикография теориясының білгірі Л. Згуста: «Мен білетін лексикографиялық жобалардың бірде бірі бастапқыда ойластырылғандай, жоспарланған уақыттың ішінде және өзіне бастапқыда бөлінген қаржыға біткен емес» – дейді (Zgusta L, 1971). Жо-

баны жасаушылар «сөздіктегі материал дәл жобада көрсетілгендей болады, сондықтан оны осы жобаның негізінде, ешқандай да бір ұстанымдық өзгертусіз-ақ жазып шығамыз» деп ойлайды. Алайда, лексикография саласында жасалатын жұмыстарда жоспарланбаған, жобалауға, болжауға келмейтін қиындықтар болады. Инструкцияда сөздіктің жалпы үлгісі, нобайы ғана жасалады. Ал сөздікті жасап отырған кезде жекелеген мәселелердің шешімі жобаланған түрден өзгертіліп, жетілдіріле түседі. Сөздікші бұрынғыдан да жақсы, жаңаша шешімдер табады. Көп нәрсе тіпті қатты өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Себебі инструкциядағы әрбір шешімнің дәлдігі, дұрыстығы әрбір жаңа сөздік мақалада сынақтан өтеді. Сөздіктің пісіп-жетілуі негізінен оны құрастыру кезінде болады... Сөздіктер негізінен сөздікшілердің, тілшілердің басшылығымен жүзеге асырылатындықтан, әдетте ортаңғы, ымыралы жол таңдалады. Сәлпәл толықтырулар, өзгертулер енгізіледі. Дегенмен, сөздікті түзу кезінде жасалатын осы түзету, өзгерту, толықтырулардың өзі оның тамамдалу мерзімін өзгертіп жібереді» – деген қорытындыға келеді (Морковкин В.В, 1990).

Инструкция жарыққа шыққаннан кейін, арада 5-6 жыл өткен соң (1959) қазақ тілінің алдын ала жоспарланған бір томдық түсіндірме сөздігінің бірінші кітабы, тағы екі жылдан соң (1961 жылы) екінші кітабы басылып шықты. Демек, іс жүзінде сөздік екі том болып шықты. Және бұл екі томдық сөздік – шын мәнінде сол кезеңдегі *әдеби тілдің сөздігі* болды. Сөздіктің мақсаты – қазіргі қазақ әдеби тілінің негізгі сөздік қорындағы барлық сөздерді, сөздік құрамдағы жиі қолданылатын сөздердің денін қамтып, жеке сөздердің мәнін, сырын, сипатын ашу, мағыналарына түсініктеме беру екендігі аталады. Алғашқы екі инструкцияда басшылыққа алуға ұсынылған лексикографиялық шешімдер сол кезеңдегі еліміздегі аталмыш саланың даму деңгейінен хабар береді.

Қазіргі лексикография саласында антропоөзектік бағыттың қарқынын алғанын байқауға болады (Козырев В.А., Черняк В.Д., 2014). Лексиканы сипаттау мен кодтаудың жүйелі негізін қамтамасыз ете отырып, сөздердің орфографиялық және морфологиялық лингвистикалық стандартын жасайды (Josephson, 2018). «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шығарылған он бес томдық сөздік осы ерекшеліктерді қамтиды. Сөздіктің инструкциясы 2011 жылы шыққан 1-томның кіріспесінде берілген (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011). Бұл сөздікте сөздіктің құрамы мен құрылымына жан-жақты тоқталады. Сөздіктің инструкциясы жылдар өткен сайын, қазақ тіл білімінің теориялық базасы мен лексикографиялық білімдер жүйесі кеңейген сайын толығып, дамып отыратынына көз жеткіздік.

Қорытынды мен тұжырымдар

Түсіндірме сөздіктер түзілмес бұрын олардың инструкциялары жасалуы қажет. Қазақ тілінде алғаш рет академиялық басылым болып шыққан түсіндірме сөздіктердің 1945 және 1953 жылғы инструкциялары туралы түсіндірме сөздіктің жобасын айқындауға жәрдем етіп, реестрге алынатын сөздерді сұрыптауда нұсқаулық болды. Инструкциядағы әр тақырыптар жеке-жеке талданып, олардың арасындағы айырмашылықтары көрсетілді. 1945 және 1953 жылдары жасалған инструкциялар қазақ тілінің академиялық сипаттағы түсіндірме сөздіктерінің құрылымын анықтауда, өз кезегінде қазақ лексикографиясының алға қарай дамуына септігін тигізді.

1. Аты аталған инструкциялардың барлығында нормативті түсіндірме сөздік пен анықтамалық түсіндірме сөздіктің белгілері топтасқан.

2. *1945 жылғы Инструкцияда*: 1) жоба бойынша, академиялық сөздікке қазақ тілінің әдеби қорына кіретін бірліктерді түгел қамту жоспарланған; 2) қазақ тілі түсіндірме сөздігінің алғашқы жобасында тарихи лексикаға хронологиялық жақтан шектеушілік болмаған;

3) академиялық сөздікке диалектизмдер құрамындағы сөйленіс (говор) және одан төменгі деңгейдегі қолданыстардан басқалары алынды; 4) кірме лексикаға қатысты: «қазақ тіліне сіңісіп кеткен араб, парсы төркінді жалпы лексикалық мағынасы бар сөздер *(перде, бенде, тамам, шариғат)* түгел алынады. Қазақша варианты бар бола тұрса да, ретіне қарай қолданылатын тиісті орны бар сөздер де алына береді. Мысалы, *дәріс, ләхт, ғапыл, пак, бақый, фани, жұмла, әлбетте* т.б. Қазақтың жазба әдебиетінің алғашқы дәуірінде ғана кездесетін, бірақ сол күнде де, қазірде де толық эквиваленті бар бұратана сөздер алынбайды. Олар кейбір діни, кітаби сөздер. Мысалы *жесім, тауазиғ, тәмсіл, тақдым, тағбыр* т.б.» Яғни бұрынғы кезеңде қолданылған қазір түсініксіз ескі кітаби лексика алынбаған; 5) Термин сөздерді алу ұстанымы бойынша жалпы халыққа таныс терминология беріліп, ал арнаулы терминологияны алмау туралы шешім шығарған.

3. Сөздік бірліктердің мағыналарын ашу ретінде тарихи ұстанымды қолданған.

4. Түсіндірме сөздік алғаш рет жасалып отырғандықтан және бұл сөздік әдеби тілдің сөздігі болғандықтан қандай сөзге қай шығармадан қандай мысал алу, қандай мысалдарды алмау, алынған мысалдарды карточкаға қалай жазу мәселелеріне айрықша көңіл бөлінген.

5. Сөздіктегі мысалдар, инструкцияда жазылғандай, қазақ тілінің жазба және ауыз әдебиетіне жататын барлық шығармалардан, оларды «ескі дәуір», «жаңа дәуірге» бөлместен алынатын болған. Сол кездегі саяси жағдайға байланысты мысалдар тек «Алаш Орда» құрамында болған, сол қозғалысқа қатысқан зиялылардың шығармаларынан ғана алынбаған.

6. 1950-жылдары көп томдық түсіндірме сөздік жасауға кірісуге қажетті әзірлік жеткіліксіз болғандықтан, біріншіден, картотека қоры тым тапшы болғандықтан, екіншіден, сөздікті құрастырушылардың ғылыми-практикалық тәжірибесінің жетімсіз болуына байланысты әуелі түсіндірме сөздіктің бір томдығын жасау және Абай шығармалары тілінің сөздігін жасау қолға алынды. Осы жоспар бойынша, 1953 жылы сөздіктің инструкциясы жарияланды. Бұл қазақ тілі түсіндірме сөздіктерін түзу тарихындағы негізгі сөздікті жасаудан бірнеше жыл бұрын, алдын ала түзілген жалғыз инструкция еді.

7. *1953 жылғы Инструкцияда*: 1) Кеңес дәуірінде пайда болған жаңа атаулар алынды; 2) терминдерді сұрыптауда халық арасына көп тараған, өте кең көлемде жұмсалатын терминдік мағынасы бар сөздер болды; 3) сөздік нормалаушы қызмет атқарды, нормативті лексиканы алу мәселесі көтерілді; 4) Ескірген сөздер мен облыстық сөздерді, кірме сөздер мен интернационалдық терминдерді, жалпыға белгілі діни сөздерді, Совет Одағы мен демократиялық елдердегі халықтардың аттарын, сондай-ақ, шетелдердегі кейбір ірі халықтардың аттарын алынды; 5) *атау сөз* ретінде негізгі түбірлі және туынды түбірлі зат есімдер алынды; Екінші инструкцияның (1953) жаңалығы – іззет, құрмет, еркелету, кішірейту мағыналарында қолданылатын есімдерді жеке сөздік тұлға ретінде берілді; 6) Инструкцияның авторлары *-шы, -ші* жұрнақтары арқылы жасалған *малшы, елші, колхозшы, жұмысшы* сияқты қызмет, іс атауларын сөздікке сөздік тұлға ретінде алуды ұсынды; 7) Екінші инструкцияның авторлары сөздікке *«ақ, көк, қара, қызыл, үлкен, жақсы, аласа, биік, тапал»* сияқты негізгі және *«ұйқышыл, тапқыр, жершіл, жазғыш, сөзшең, тершіл, басыңқы, қалалық»* тәрізді туынды сын есімдердің алынатынын жазады. Бұлардың ішіндегі *-қыр, -шең, -ыңқы* жұрнақтары арқылы жасалған тұлғалар алғашқы инструкцияда сөз болмаған еді; 8) Алғашқы инструкцияда етістер жеке сөз ретінде алынған жоқ. Екінші инструкцияда олардың ішіндегі өте жиі қолданылатындарын *(алыс, оқыт, жуын, ойнат, жаздыр, ойнатқыз, жуындыр, жыйыл, жазыл, жаздыр, жалғас, жалғастыр)* жеке атау сөз ретінде беруге болатындығы жазылған. Етістіктің есімше, көсемше, рай тұлғаларының алынбайтындығы туралы екі инструкцияда да сөз болады; 9) «партбилет», «партбюро», «партком», «ССРО», «СОКП», «МТС» тәрізді қысқарған сөздерді де жеке мақалада беруді ұсынады. 10) Тұрақты сөз тіркестерінің сөздік мақаланың ішіндегі ромбик белгісінен кейін берілетіні сөз болады; 11) Сөздікке жаңадан сөз топтары топонимикалық атаулар мен кісі аттары енді.

8. Екі инструкцияда да біріккен сөздер мен қос сөздердің жеке реестрде берілетіні айтылады.

9. Екі инструкцияда да еліктеуіш сөздер тобы бөлек қарастырылмаған. Бұл сол кездегі қазақ тіл білімінде бұл мәселенің жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігінен хабар береді. Бұдан біз қазақ тіл білімінің теориялық тұрғыдан зерттелуінің сөздікке тікелей әсері болатынын байқаймыз.

10. Инструкциялардағы басшылыққа алуға ұсынылған лексикографиялық шешімдер сол кезеңдегі еліміздегі аталмыш саланың даму деңгейінен хабар береді.

11. Алғашқы инструкциялар қазақ тіл білімінің лексикографиялық кеңістігін қалыптастырып, кеңейтуге, алғаш рет бағыт-бағдарын анықтап алуға өз үлестерін қосты.

12. Кез келген сөздік жасау барысында инструкцияда көтерілмеген мәселелер туындап, өзгерістер мен толықтырулар енгізілері хақ.

13. Инструкциялар өз дәуірінің тілдік келбетін көруге мүмкіндік береді, халықтың рухани, тілдік мұрасының сақталуына, тілдік ұжымның тілдік құзіретінің қалыптасуына әсер етті. Алғашқы инструкциялар – бүгінгі лекикографтар үшін тілдік, тарихи, ғылыми мұра.

14. Санадағы мағынаны сөзбен «байлап» беретін түсіндірме сөздіктің инструкциясын жасау – аса зор ғылыми еңбек. Ұжымдық тілдік тұлғаның сөйлеу бейнесін ашуға, нақтылауға, жүйелеуге негіз болды, сөз байлығын саралаудың негіздерін негіздеп береді. Сөздіктің интрукциясы әрі сөздіктің жобасы, әрі сөздіктің үлгісі, әрі бағыт-бағдар көрсететін нұсқаулық.

Әдебиеттер

Funk and Wagnals. Standard Dictionary of the English Language. – NG – Lnd., 1893-1894. – 1850 p.
Hartmann R. R. K. and Gregory James. Dictionary of Lexicography. – New York, Routledge. – 1998.
Jacobson R. Fundamentals of Language. – The Hague.: Menton, 2002. – 180 p.
Josephson O. Språkpolitik. Sprâkrâdets skrifter 25. Stockholm: Morfem, 2018. – 320 s.
Robert Cawdrey′s A Table Alphabeticall. Hardcover. – Import, 30 November, 2006.
The Oxford-Duden Pictorial English Dictionary. Oxford Univ. Press., 1981.
Thorndike E.L. The Thorndike-Century senior dictionary. Chicago, 1941
Thorndike E.L., Barnhart C.L. Thorndike-Barnhart beginning dictionary. 8th ed. Glenview, 1971
Webster N. An American Dictionary of the English Language, 2 vols.- N.Y. published by S. Converse, 1828. – 602 p.
Zgusta L. Manual of Lexicography. – Praha, 1971. – 281 p.
Даль. В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: в 4 т. Т. 1: А-699 е.; Т. 2.: И – О. – 779 с. / В.И. Даль.-М.: Рус. яз. – Медиа, 2006, – 779 с.
Жиенбаев С. Сөздіктің мақсаты мен жасалу принциптері // ҚазССР ҒА Хабарлары. 3-шығуы. – Алматы, 1945.
Козырев В.А., Черняк В.Д. Современные ориентации отечественной лексикографии // Журнал «Вопросы лексикографии», №1-2014, 5-15 стр. https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-orientatsii-otechestvennoy-leksikografii-1
Кузнецов С. Большой толковый словарь русского языка. СПб.: Норинт, 2000. – 1536 с.
Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. I том. – Алматы, 2011. – 752 б.
Қазіргі қазақ тілінің бір томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы. – Алматы, 1953. – 31 бет.
Малбақов М. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері //Филол.ғыл. док...дис: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 357 б.
Морковкин В.В. Основы теории учебной лексикографии. Научный доклад дисс. доктора. М., 1990. – 70 с.
Щерба Л.В. Опыт общей теории лексикографии // В кн. Избранные работы по языкознанию и фонетике. – Л.: Изд. ЛГУ, 1958. – С. 265-304.
Ысқақов А. Кіріспе сөз // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. – Алматы, 1974. 3-22 бб.

References

Funk and Wagnals. Standard Dictionary of the English Language. – NG – Lnd., 1893-1894. – 1850 p.
Hartmann R. R. K. and Gregory James. Dictionary of Lexicography. – New York, Routledge. – 1998.
Jacobson R. Fundamentals of Language. – The Hague.: Menton, 2002. – 180 p.
Jienbaev S. Sözdıktıñ maqsaty men jasalu prinsipterı // QazSSR ĞA Habarlary. 3-şyğuy. – Almaty, 1945. [In Kazakh]
Josephson O. Språkpolitik. Sprâkrâdets skrifter 25. Stockholm: Morfem, 2018. – 320 s.
Kozyrev V.A., Chernäk V.D. Sovremennye orientasii otechestvennoi leksikografii // Jurnal «Voprosy leksikografii», №1-2014, 5-15 str. https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-orientatsii-otechestvennoy-leksikografii-1
Kuznesov S. Bölşoi tolkovyi slovär ruskogo iazyka. SPb.: Norint, 2000. – 1536 s. [In Russian]
Däl. V.İ. Tolkovyi slovär jivogo velikorusskogo iazyka: v 4 t. T. 1: A-699 e.; T. 2.: İ – O. – 779 s. / V.İ. Däl.-M.: Rus. iaz. – Media, 2006, – 779 s. [In Russian]
Malbaqov M. Qazaq tılı tüsındırme sözdıgınıñ qūrylymdyq negızderı //Filol.ğyl. dok...dis: 10.02.02. – Almaty, 2003. – 357 b. [In Kazakh]
Morkovkin V.V. Osnovy teorii uchebnoi leksikografii. Nauchnyi doklad diss. doktora. M., 1990. – 70 s. [In Russian]
Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı. 15 tomdıq. I tom. – Almaty, 2011. – 752 b. [In Kazakh]
Qazırgı qazaq tılınıñ bır tomdıq tüsındırme sözdıgınıñ instruksiasy. – Almaty, 1953. – 31 bet. [In Kazakh]
Robert Cawdrey′s A Table Alphabeticall. Hardcover. – Import, 30 November, 2006.
Şerba L.V. Opyt obşei teorii leksikografii // V kn. İzbrannye raboty po iazykoznaniu i fonetike. – L.: İzd. LGU, 1958. – S. 265-304. [In Russian]
The Oxford-Duden Pictorial English Dictionary. Oxford Univ. Press., 1981.
Thorndike E.L. The Thorndike-Century senior dictionary. Chicago, 1941
Thorndike E.L., Barnhart C.L. Thorndike-Barnhart beginning dictionary. 8th ed. Glenview, 1971
Webster N. An American Dictionary of the English Language, 2 vols.- N.Y. published by S. Converse, 1828. – 602 p.
Ysqaqov A. Kırıspe söz // Qazaq tılınıñ tüsındırme sözdıgı. 1-tom. – Almaty, 1974. 3-22 bb. [In Kazakh]
Zgusta L. Manual of Lexicography. – Praha, 1971. – 281 p.

ҒТАМР 17.71.07 https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph9

Б.И. Нұрдәулетова

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті, Қазақстан, Актау қ.
e-mail: nurdauletova@mail.ru

ТАРҒЫЛ ТАСТАҒЫ ТАҢБАЛАРДЫҢ САКРАЛДЫ МӘНІ

Адам баласы ойлап тапқан қарапайым еңбек құралдарынан бастап күллі өнімдер адамзаттың рухани дүниені сезінуге және санада туындаған дерексіз ұғымдарды бейнелеуге бейімділігін көрсетеді. Көне дәуірлерде тас бетіне қашалған таңбалар осының айғағы.

Тастағы таңбалар, өз уақытында, яғни таңбалау кезінде табиғатқа тікелей әсер ету мақсатында туындаса да, белгілі дәрежеде өнер туындысы санатына кіреді. Аристотельдің ұсынған теориясы өнер атаулының табиғатқа еліктеуден туатынын негіздеді.

Бұл мақаланың мақсаты – Маңғыстау аймағындағы көне рулық таңбалардың сакралды мәнін, олардың сакралды кеңістіктегі қызметін айқындау. Бұндай таңбалардың негізгі бөлігі көне және орта ғасырлардан қалған құлпытастарда, саркофагтарда, қабірүсті сандықтастарда және бергі кезеңдердегі сағана тамдар мен күмбез тамдардың қабырғаларында ойылып жазылған петроглифтер мен белгілер түрінде сақталған. Сонымен қатар үлкен кесек тастар мен жартастарда сызылғандары да бар.

Зерттеу барысында концептуалды және семантикалық талдау арқылы Маңғыстаудағы көне оғыздық таңбалардың символдық мәні туралы болжам жасалды. Көне таңбалар туралы зерттеу еңбектердегі мәліметтер салыстырылды.

Зерттеу нәтижесінде таңбалардың меншіктілікті белгілеу, туыстық байланысты анықтау, мемлекеттің рәміздік таңбасы болу, киелі орынға келіп-кетуді білдіру, марқұмның қайтыс болған жерін, қабірін анықтау сияқты киелі ақпарат берумен қатар, жаратылыс, дүниенің тылсым сырлары туралы танымға меңзейтін концептуалды астары бар екендігі туралы болжам ұсынылды.

Түйін сөздер: таңба, оғыз, концептуалды, сакралды, меншіктілік, құлпытастар.

B.I. Nurdauletova

Caspian state university of technologies and engineering
named after Sh. Yesenov, Kazakhstan, Aktau
e-mail: nurdauletova@mail.ru

The sacred meaning of the small stone symbols

All inventions of mankind, from primitive tools to modern sophisticated technologies demonstrate the need of their creators for a figurative understanding of the spiritual world and visual display of abstract concepts generated by consciousness. This is evidenced by the ancient tamga signs carved in stone.

Today we can quite consider tamga signs as works of ancient art, despite their primary functional purpose associated with a symbolic impact on nature. Even in the era of antiquity, the theory proposed by Aristotle substantiated that art is born from imitation of nature.

The aim of this article is to determine the sacred meanings of the ancient generic signs of Mangistau, and the functional features of the sacred space. Most of them have survived in the form of petroglyphs and tamga signs carved on tombstones, sandyktas, sarcophagi of antiquity in the Middle Ages, as well as on the walls of saganatams and domed mausoleums of a later period. There are also preserved tamgas, carved on large boulders and rocks.

In the course of the research, the symbolic meanings of the ancient Oguz tamga signs of Mangystau were substantiated through conceptual and semantic analyses. A comparative analysis of information from a number of scientific studies about ancient symbols has been carried out.

As a result of the study, an assumption was made about the following issues: existence in nature of generic signs of conceptual meanings; the sacraments of life; the universe; belonging, generic markings; state symbols; pilgrimage presences and the location of burial.

Key words: tamga, oguz, conceptual, sacred, property, gravestones.

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University

Б.И. Нурдаулетова
Каспийский университет технологий и инжиниринга
имени Ш. Есенова, Казахстан, г. Актау
e-mail: nurdauletova@mail.ru

Сакральные значения тамговых знаков на цветных камнях

Все изобретения человечества, начиная с примитивных орудий труда до современных сложнейших технологий, демонстрируют потребность их создателей к образному осмыслению духовного мира и визуальному отображению абстрактных понятий, порожденных сознанием. Об этом свидетельствуют и высеченные на камне древние тамговые знаки.

Сегодня мы вполне можем рассматривать эти знаки как произведения древнего искусства, несмотря на их первичное функциональное предназначение, связанное с символическим воздействием на природу. Еще в эпоху античности предложенная Аристотелем теория утверждала, что искусство рождается из подражания природе.

Цель данной статьи – определение сакральных значений древних родовых знаков Мангистау, и их функциональных особенностей в сакральном пространстве. Основная их часть сохранилась в виде петроглифов и тамговых знаков, высеченных на надгробных плитах, сандыктасах, саркофагах древности и средневековья, а также на стенах саганатамов и купольных мавзолеев более позднего периода. Также сохранились тамги, высеченные на крупных валунах и скалах.

В ходе исследования были обоснованы символические значения древних огузских тамговых знаков Мангистау посредством концептуального и семантического анализов. Проведен сопоставительный анализ сведений ряда научных изысканий о древних символах.

В результате исследования было выдвинуто предположение о существовании в природе родовых знаков концептуальных смыслов о таинствах бытия, мироздания, наряду с информацией о принадлежности, родовой маркировке, государственной символике, паломничестве и месторасположении захоронения.

Ключевые слова: тамга, огуз, концептуальное, сакральное, имущество, надгробия.

Кіріспе

Дін феноменологиясының негізін салушы, неміс философы Рудольф Отто (1869-1937 жж.)

«Священное» атты еңбегінде: «Сакрально – совершенно иное. Оно духовно, совершенно, самодостаточно, вечно, трансцендентно и сверхчувственно. Оно едино, целостно, неделимо, дано нам априорно. Его бытие выше всякого существования. Оно надличностно и табуируется как высшая ценность» (Отто, 2008: 220), – дейді.

Белгілі дінтанушы, философ Мирча Элида киелiлiктiң қалыпты тіршіліктен мүлдем бөлек тылсым әлем екеніне аса мән береді (Eliade, 2017). Жалпы, киелі география (сакральная география) ұғымының XX ғасырдың 90 жылдарында ғылыми термин ретінде қалыптасуына украйндық ғалымдар көбірек ат салысты. Шетелдік зертеушілер арасында «сакралды экология» (Berkes, 2008), «география және дін» (Kong, 1990) мәселелері талқылануда. Аталған зерттеушілер табиғаттағы ерекше жаратылған географиялық нысандар да өзінің тылсымдығымен, құпия күшімен киелі болып саналады дейді. Қандай да бір трансцендентті ұғымдармен, символдармен, архетиптермен, категориялармен байланысты географиялық кеңістік киелілік мәнге ие болады. Киелілік (сакральность) ұғымы әр уақытта қасиеттілік (святое) ұғымымен қатар алынып, оның өзі тылсым құпиялылығымен сипатталады.

Қазақстанның сакралды географиясын зерттеумен байланысты еңбектерде тарихи қорғандар мен ежелгі қалаларды, діни құрылыстар салынған киелі орындарды, петроглифтерді сакралды нысандарға жатқызып, олардың белгілі бір халықтың діни, мифологиялық танымында үлкен рөл атқаратыны айтылады (Egorina, 2019: 35-39).

Біздің ойымызша, киелілік, тылсымдық туралы түсінік адам баласы жаратылғаннан бар, ол біздің санамызда түрлі символдарға негізделген ұғым-түсініктер арқылы сақталған. Сондай киелі сипаты бар нысандарға ежелгі адамдардың қолымен тастарға қашап не ойып жазылған таңбалар да жатады.

Адамзат қоғамында таңбаның маңызды ақпараттық, логикалық, мәдени, рухани қызмет атқарғанына сан дәуірлердің белесін асып, бұл күнге дейін жеткен көне жәдігерлер куәлік етеді.

Семиотик Ю.Лотман: «Таңбалар түрлі қуатпен әсер ету қабілетіне ие» (Лотман, 2019: 12), – деп таңба атаулының адамзат өміріндегі маңызды орнын сипаттап жеткізген.

Тарихи әрі ғылыми мәліметтерге сүйенсек, адамзат тарихы таңбаланған ең алғашқы де-

рек Франциядағы Перигё қаласына жақын орналасқан Ласко үңгірі қабырғаларындағы «Аңшылық» атты сурет екен. Бұл таңба-сурет, ғалымдардың пікірінше, біздің ғасырымыздан қырық екі мың жыл бұрынғы адамзат санасының өркендеуін танытады.

Материал және әдістер

Түркі тайпаларының құлпытастарға, жартастарға бәдізделген рулық, тайпалық ен-таңбаларының арғы төркіні де тас, қола дәуірлеріндегі адамдардың табиғат, қоршаған орта, жаратылыс туралы магиялық сенім-нанымдарынан шыққан осындай символдық таңбалар мен белгілер екені сөзсіз.

Алдымен *таңба* сөзінің этимологиясына үңілсек, қазіргі тілімізде *таңба* «белгі, дақ» деген мағынада қолданылады. *Таңба* сөзіне түбір болып тұрған *таң* сөзінің тағы бір синонимдік мағынасы «біреуге бір нәрсені таңу, меншіктеу, жапсыру». Мысалы, біреудің айтқан сөзін екінші біреу айтты деп, соған еріксіз таңу. Сонда *таңу* сөзінің түпкі мағынасы «меншіктілік» ұғымымен байланысты болып шығады. Сондай-ақ, басқа да түркі тілдерінде қолданылатын *тамға* варианты туралы Р.Х.Керейтовтің «Этническая история ногайцев» еңбегінде: «Слово тамга бытующее в ногайском языке, восходит к древнетюркскому слову ТАМГЬА и обозначает «печать», «отпечаток» (Керейтов, 1999: 90), – деп түсіндіріледі.

Таңба (тамга) туралы зерттеу еңбектерде таңбаның ең алдымен ірі тайпалар мен одан тараған рулардың аталық белгісі, кейіннен мемлекеттік елтаңбасы, мемлекет басындағы хандар мен қағандардың билік дәрежесін танытатын белгісі болғандығы көрсетіледі. Р.Х.Керейтовтің жоғарыда аталған еңбегінде бағзы түркілерде мемлекеттің тамғасын ұстайтын арнайы тамғашылардың болғандығы айтылады (Керейтов, 1999: 90). Тамғашы тұлғасының көне түркі бітіктастарындағы мәтіндерде «мөрші» мағынасында қолданылғандығы Д.Қыдырәлин мен Ғ.Бабаярдың еңбегінде айтылады (Қыдырәлин, 2015: 10). Көне түркі тіліндегі *тамғашы* сөзін «тасқа (құлпытас, балбалтастарға) таңба салушы, шебер» деген мағынада да түсінуге болатын сияқты.

Таңбалар түркі халықтарының өмірінде этносаяси, мемлекеттік қызмет атқарумен қатар әлеуметтік шаруашылық қызмет үшін де пайдаланылған. Ең бастысы рудың, тайпаның, жеке адамдардың ірі қара малдарын ажырату үшін де таңбалар пайдаланылған, олар, біздің ойымызша, ен-таңба деп аталған. Себебі малдың (ұсақ және ірі қара малдың) құлағына түрлі формада тіліктер жасап, ен салады, ірі қара малдың жамбасына, арқасына таңба басады. Сондықтан ен және таңба сөздері малға байланысты айтқанда қосарланып қолданылады. Қазақта жеке отау болып шыққан ер балаға «енші беру» рәсімі оған тиесілі малға бөлек ен салу салтынан шықса керек. Қазақ тіліндегі «тайға таңба басқандай» тіркесі таңбаның төрт түлік малмен, соның ішінде жылқымен, байланыстылығын танытады.

Тасқа басылған таңбалар қандай да бір рудың, тайпаның, халықтың меншігіндегі жердің шекарасын анықтаса, мөр ретінде олар мемлекеттік билікті білдіреді. Геральдикалық таңбалар әскери мақсатта, әулеттік меншікті таныту үшін қолданылса, бұйымдарға басылған таңбалар сол заттың шыққан жерін, сапасын белгілейді екен (Osawa, T. 2010: 341)

А.Е.Рогжинский,Д.В.Черемишинніңзерттеулеріне сүйенсек, түркі халықтарының көне және ортағасырлардағы таңбалары Прибалтикадан Каспий теңізіне дейінгі, Алатаудан Тянь-Шань, Памир-Алтай тауларына дейінгі кең байтақ кеңістікте тарихи-мәдени ескерткіштердің жылжымалы және жылжымайтын түрлерінде: жерлеу орындарындағы құлпытастарда, кесенелерде, балбалдарда, ежелгі тұрақтардағы жартастар мен тастарда петроглифтер, таңбалар жиынтығы түрінде кездеседі (Rogozhinsky, 2010: 48).

Сондай-ақ, З.Самашев, Н.Базылхан, С.Самашев «Көне түрік таңбалары» еңбегінде көне түрік таңбаларының жоғарыда аталған нысандардан да басқа атақты бекзат тұлғаларға арналған бәдіздерге, зооморфтық мүсіндерге, балбал-меңгірлерге қашап түсірілгендігін атай келіп: «мұның барлығы аталмыш жәдігерлердің сакралдық әрі семиотикалық мағынасының бар екендігін көрсетеді» (Samashev, 2010: 6-7), – деп жазады.

Сонымен, таңбалар мемлекеттік басқарудан бастап жеке адамдардың, от басының меншігін, қоғамдағы орнын анықтайтын, ең соңында дүниеден өткенде де тірілерге, кейінгі ұрпаққа оның жатқан жайын танытып тұратын қабірлік белгі қызметін де атқарған. Соған сәйкес түркі халықтарының рулық, тайпалық таңбалары қаружарақ, үй бұйымдары, киімдер, мемлекеттік монеталар, елтаңба, құлпытастарда таңбаланып, кейінгі ұрпаққа жетті.

Таңбалардың шығу тарихы туралы деректерге зер салсақ, әрбір ру-тайпа таңбаларының астарында қандай та бір тылсым таным, түсінік жатқанын аңғарамыз.

Ноғай және басқа да кавказ халықтарының таңбаларын салыстыра қарастырған Р.Х.Керейтов таңбалардың бірқатарының ру-тайпалардың атауымен бірге белгілі бір зат-бұйым атауларымен сәйкесетінін жазады: «эргенек – решетка, шаужей – недоуздок, баганалы – столб, куюскан – подхвостник, ашамайлы – седло верблюда, ай – луна, шоькиш – молоток, шьмиш – ковш» (Керейтов, 1999: 126). Сондай-ақ, енді бірқатар таңбалар орхон-енисей жазбаларындағы әріптермен, кейбіреулері араб графикасындағы әріптермен сәйкеседі.

Таңбалардың *арқар (қошқар), бөрі, құлып, ай, күн, қаз (қазаяқ), тауық (тауық тырнақ), көз, дуа, жылан (айдаһар), тұмар* тотемдерімен берілуі сол тайпа не ру аталары туралы көне замандардағы сакралды ұғым-түсініктермен байланысты болса, *оқ (он оқ), қылыш, бағана, ырғақ, балға, шөміш, орақ, тарақ, қайшы (қайыншы), ашамай, бесік* т.б. қару-жарақ пен құрал-сайман, бұйым атауларымен келетін таңбалар оны иеленген ру-тайпалардың кәсібіне, олар туралы сырт рулардың көзқарастарына қатысты болса керек. Бұның өзі рулық-тайпалық таңбалардың негізі көне дәуірлердегі таңба белгілердің магиялық қызметімен байланысты пайда болғанын көрсетеді. Зерттеушілердің айтуынша, арқар не қошқар мүйіз дәулеттің, сәнсалтанаттың, көбеюдің символы. Ай мен күн Евразия халықтарының танымында ежелден магиялық, символдық мәнге ие. Таңбалардың магиялық астары неғұрлым тәңірлік танымда қалып қойған алтай, тува, хакас халықтарында барынша өзінің бағзылық сипатын сақтаған.

Зерттеуші А.Ч.Тюлюш алтай, тува, хакас түркілерінде тайпалық таңбалар *айқыш (крест), ай (жарты ай, екі жарты ай, бүтін ай), күн, корыто (теспе), жебе, сулық (удила), қой мүйізі, қошқар, қазаяқ (свастика), айыр (тризубца), мұртты ромбиктер (ромбик с усами), жылан таңба, құс таңба, зооморфты, антропоморфты таңбалар (жылқы таңба, кісі таңба), қысқаш, қайшы, доға, қамшы, подкова, балға* түрінде келетінін баяндайды. Сонымен бірге басқа түркілерде кездесе бермейтін «шере» таңба – хандар мен қағандардың билігін, мемлекеттің тәуелсіздігін бейнелейтін символға ие. Автор *крест* таңба – әлемдік кіндік, *үштісті айыр* – мемлекеттің шексіз билігі, *қошқар мүйіз* – береке, көбею, *свастика (құстаңба)* – шексіздік, қозғалыс, *жебе* – Ұмай Ананың құдайлық атрибуты, *қоршалған жебе* – қорғаныс (зұлым күштерден) т.б. деп символдық таңбаларға талдау жасайды.

«Прослеживая эволюцию тамги, следует отметить, что в XVIII–XIX вв. у народов Саяно-Алтая она претерпела значительные изменения, и постепенно родовые тамги превращаются в аальные, сумонные и фамильные. В дальнейшем тамги являлись отражением социальной организации общества» (Тюлюш, 2016: 162). Сондай-ақ автор алтай, тува, хакастарда XX ғасырда рулық таңбалардың толық жойылғандығын жазады.

Таңбалар концепциясы туралы ғажайып ғылыми еңбектің авторы Тайжан Досановтың пайымдауынша, Көк Тәңірінің елі – Түркілерге таңба таратқан – Оғыз қаған. Оғыз қағанның өзі нұрдан жаратылған. Пішін Руналық концепциясы бойынша, Көктің таңбасына ие болмаған этникалық топ Көк түріктің еліне жатпайды (Досанов, 2009:71). Яғни көк түрікке жататын барлық тайпалар мен тайпалық одақтардың жеке таңбалары бар. Р.Х.Керейтов аталған еңбегінде ноғай халқында: «Тамагыньга болып, тамганьды йойытпа!» (Керейтов, 1999: 90), – деген мәтел бар деп жазады, оның мағынасы: «Құлқыныңа бола таңбаңды, яғни тегіңді сатпа!» дегенді білдіреді. Бұл – түркі халқы үшін таңбаның қандай деңгейде киелі екенін танытса керек.

Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да этногенезін анықтауда тайпалық-рулық таңбаларды зерттеудің маңызы зор. Түркі тайпаларының этникалық құрамы туралы еңбегінде Н.Аристов түркі тайпаларының саяси тарихында ру аттары мен таңбалардың маңызды орын алатынын айта келіп: «Вследствие этого родовые тамги, а – особенно когда они будут собраны и изучены у возможно большего числа тюркских племён и народностей, сохраняющих кочевой образ жизни и родовой быт, – могут служить весьма важными указателями этнического состава племён и родов» (Аристов, 1896: 286), – деп жазады.

Тайпалық таңбалардың зерттеліп, хатқа түсу тарихын зерттеушілер XI ғасырдағы Махмұт Қашқаридің «Диван лұғат ит түрік», Рашид ад-Диннің «Жамиат ат тауарих», Әбілғазы Баһадүрдің «Шежіре и түрк», Өтеміс қажының «Дафтар и Шыңғыс наме» еңбектерімен байланыстырады (Самашев, 2020 а : 71; Ажигали, 2001: 250;). Ал таңбалардың ғылыми айналымға түсе бастаған тұсы орыс миссионерлерінің қазақ жеріне алғаш зерттеу жүргізе бастаған XVIII ғасырдан басталса керек. Бұл жөнінде Рогожинскийдің мына пікірін келтірсек те жеткілікті:

«Родоплеменные знаки казахов, исследование которых продолжается уже более 200 лет,

принято считать хорошо изученными: фиксация их в оренбургских степях и в Прииртышье началась ещё в конце XVIII в., и к середине XIX столетия была выполнена систематизация тамг Младшего жуза, собраны сведения о тамгах основных племён Среднего жуза, а после вхождения юга Казахстана в состав Российской империи в последней четверти XIX в. началась регистрация тамг Старшего жуза» (Рогожингский, 2010: 101). Демек, қазақ халқының рулық құрамын, этногенезін, этнографиялық ерекшелігін зерттеу үшін олардың рулық таңбасын зерттеудің жақсы нәтиже беретінін орыс миссионерлері жақсы түсінген.

Осы мақалада Рогожинский қазақтардың рулық таңбаларының зерттелуі туралы:

«Этнография и письменные документы XIX – начала XX в. содержат большое количество примеров функционального применения казахами своих родоплеменных знаков, однако комплексного изучения в хронологическом и историко-географическом аспектах эти свидетельства пока не получили. Поэтому остаются нерешёнными вопросы, связанные, например, с условиями предъявления общеплеменных и родовых тамг, сосуществования нескольких знаков одних и тех же родовых подразделений, хронологические и ареальные особенности начертания тамг и др.» (Рогожингский, 2010: 101), – деген орынды пікір айтады.

Қазақтың рулық таңбалары бейнеленген жерлеу орындары мен таңбалы тастар Қазақстанның бірнеше жерінен анықталып, зерттеу нысаны болуда. Әсіресе, Маңғыстау мен Үстірттегі пантиондар мен таңбалы тастардағы рулық ентаңбалар тарихшылардың, археологтардың, мәдениеттанушылар мен өлкетанушылардың назарын өзіне аударуда. Маңғыстау таңбалары туралы С.Әжіғалидің, З.Самашевтің, Т.Досановтың, С.Самашевтің, Б.Төлегеннің және жергілікті өлкетанушылардың еңбектерін ерекше атауға болады.

2020-2021 жж. «Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында бірнеше экспедиция ұйымдастырылған болатын (Ғылыми жетекшісі – Б.Нұрдәулеова). Экспедиция барысында Сейсем Ата пантионы, Қараман Ата, Масат Ата, Қамысбай Ата, Қарағашты әулие, Қосмола, Жиделі, Ман Ата, Долы Апа, Бектемір Баба, Жыланды, Шейх Ата қорымдары және Таңбалы сай (Қара қабақ) аумағында барлығы 68 таңба, екі түрлі «вавилон» кестесі (Досанов, 2009: 31) суретке түсірілді. Олардың қатарында әлі анықталмаған таңбалар да бар.

Таңбаларды зерттеу барысында Маңғыстаудан анықтаған оғыз таңбалары жалпы таңбалар туралы еңбектердегі мәліметтермен салыстырылды, оғыз тайпаларының қазақ халқының этногенезін қалыптастырудағы рөлі, Маңғыстауды мекендеген тайпалар, оғыздардың Маңғыстауға келуінің тарихи уәждері туралы ғылыми еңбектерге талдау жасалынды, түркі халықтарының өмір-тіршілігіндегі және рухани танымындағы таңбалардың атқарған қызметі туралы пікірлер қарастырылды, таңбалардың магиялық, символдық мәніне концептуалды талдау жүргізілді.

Зерттеу барысында анықталғандай, қазақ даласында таңбаға ұқсас белгілер б.з.д. I мыңжылдықтан бастап белгілі бола бастаған. Таңбалар жиынтығын кейде «тас энциклопедия» деп те атайды. Қазақстанда Маңғыстау облысы осындай таңбалы тастардың көптігімен ерекшеленеді. Экспедиция мүшелерінің бірі – Б.Төлеген ұзақ жылдар бойы Маңғыстаудағы таңбалы тастар мен петроглифтерді зерттеумен айналысады. Оның көрсетуінше, ескерткіштерде кездесетін негізгі таңбалардың ең көнесі сармат тайпаларына, ал берісі оғыз және қазақ тайпаларына тиесілі. Қазіргі таңда облыс аумағында 13 таңбалар жиынтығы табылып отыр. Таңбалардың ауқымына қарай, олардың бесеуі ірі көлемде, сегізі шағын көлемдегі таңбалар жиынтығы.

Қабіртастардағы таңбалар, негізінен, жерленген адамның тегін (тайпасын, руын) білдіру үшін салынса, сағана тамдардың қабырғаларындағы таңбалар жерленген адамға (әулиеге) зиярат етіп келушілердің ру-тайпасын да білдіреді. Қабіртаста марқұмның аты-жөні, руы, қайтқан жылы жазылмай, оның тегін білдіретін бір ғана таңба болуы мүмкін. Мысалы, Ман Ата, Бектемір Баба, Қостам қорымындағы көне құлпытастарда көрнекті етіп ру-тайпалық таңбалар ғана салынған (1- сурет).

Келесі бір құлпытастарда ру-тайпалық таңбалар марқұм туралы араб графикасымен жазылған мәліметтермен қатар берілген (2-сурет). Қосмола қорымындағы бір күмбезтамда 24 түрлі тайпалық таңба бар (3-сурет).

24 таңбаның шамамен 11 таңбасы оғыз тайпаларына (ішінара қазақтың Кіші және Орта жүз руларына да ортақ) тән десек, қай тайпа не рудың таңбасы екені белгісіз таңбалар да кездеседі (4-сурет).

1-сурет – Оғыз-қыпшақ таңбалары салынған құлпытастар

2-сурет – Жазу: «Исімі Махубқожа ибн Садырқожа» және күнтаңба

3-сурет – Қосмола қойылымындағы 1-күмбезтам. Экспедиция мүшесі профессор Ж.Артықбаев. Тамның ішкі, сыртқы қабырғаларындағы таңбалар

4-сурет – Қосмола күмбезтамының сыртқы қабырғасындағы және құлпытастардағы жұмбақ таңбалар

Қосмола күмбезтамы X-XII ғасырға жататын сәулет ескерткіші ретінде тіркелген. Олай болса, күмбезтам қабырғасындағы таңбалар бір уақытта, бір кезеңде салынбаған, әр дәуірде белгісіз әулиеге зиярат етушілер немесе бас сауғалаған жолаушылар өз қолтаңбаларын қалдырып отырған.

Тайпалық таңбалар кейде суреттермен аралас немесе түрлі фигуралармен безендіріліп те беріледі. Ондай кезде таңба немесе сурет екенін ажырату қиындық тудырады (5-6-7-суреттер).

Күмбезтам қабырғаларында марқұмның дүниеден қайтқан жылы мен аты-жөні араб графикасымен жазылып, бірнеше тайпалық таңбалар мен идеограммалар (ашық алақан, арқар, айғыр) аралас берілуі мүмкін (8-сурет).

Маңғыстаудағы Қарақабақ сайында (Таңбалы сай) жартасқа бедерленген 42 түрлі таңба бар екені анықталды. Оның ішінде оғыз тайпаларынан: *байындыр, аусар, қызық, шәуілдір, қарабөлік, имур, қайы, салур, қарқын, баят, дөгер, бектілі* таңбалары кездеседі.

IX-XI ғасырларда Маңғыстауды мекендеп кеткен оғыз тайпаларының тарихи іздері топонимдерде, жерлеу кешендерінде, фольклорда, тілдік реликтілерде сайрап жатыр. Ал оғыз тайпаларының таңбалары Маңғыстау мен Үстірттегі бағзы жерлеу орындарында, таңбалы тастардың бетінде кездеседі.

5-сурет – Күмбезтам қабырғасындағы таңбалар және суреттер (Масат Ата)

6-сурет – Құлпытастағы қошқар мүйізбен көркемделген салур таңбасы (Долы Апа)

7-сурет. Күмбезтам қабырғасындағы қылыш таңба (Масат Ата)

8-сурет – Жазу: «1217. Исмухамед Қуашұғлы» және түрлі тайпалық таңбалар мен суреттер (Масат Ата)

9-сурет – Қарақабақ сайындағы (Таңбалы тас) көне таңбалар

Бұл таңбалардың Маңғыстауды мекендеген түркі тайпаларының арғы тегінен, қазіргі түркі халықтарының генетикалық туыстығынан хабар беретіні сөзсіз. Таңбалардың өзін негізгі және қосымша таңбалар ретінде қарастыруға болады. Негізгі таңбалар бастапқы рудың белгісі, олар барынша қарапайым болып келеді және көптеген руларда қайталанып отыруы мүмкін. Таңбалардың ұқсастығына қарап, тайпаларлың туыстық негізін анықтауға болады. (G. Khabizhanova, 2018).

Біз осы мақаламызда Маңғыстаудағы көне оғыз тайпаларына тән таңбаларға тоқталамыз.

Әдебиеттерге шолу

Маңғыстау тарихи ескерткіштерін түбегейлі зерттеумен айналысқан С.Е.Әжіғали

«Маңқыстау мен Үстірт ескерткіштері» еңбегінде Маңғыстау және Үстірт сәулет ескерткіштеріндегі таңбалар кешенінің ортағасырлық және жаңа уақыттағы көшпенділердің этникалық тарихы жайында жүйелі білім беретін құнды ақпарат көзі екендігін айта келіп: «Көп жылғы зерттеулер ертедегі оғыздардан шыққан тайпалар, ортағасырлық түрікмендер тайпаларының және қазақтың Кіші жүзінің рулық белгілерінің

хронологиялық реттілігінің үш жүйесін анықтады» (Azhigali, 2014: 428), – деп жазады.

З.Самашев, Н.Базылхан, С.Самашевтің «Көне түрік таңбалары» еңбегінде Үстірттегі Бәйте-з ғибадатханасындағы «сармат (дахо-массагет)» таңбаларының зерттелуі, ол туралы болжамдар (көне түрік бітігінің таңба-әріптері, сақ жазуының белгілері) туралы тоқтала келіп, ғибадатханадан табылған балық, либиринт, кейбір адам бейнесі мен жылан секілді бейнелерге әлі де терең талдау жасау қажеттілігі, жалпы ескерткіштегі таңбалардың хронологиялық межесі, этникалық тегі, тіпті таңбалар мен графиттер секілді белгілеріне талдаудың аса өзектілігі (Samashev, 2010: 19-26) айтылады. Сондай-ақ, осы еңбекте ромбы, үш тісті тарақ, жылан, құс аяқ таңбалар туралы қызықты мәліметтер келтірілген (Samashev, 2010: 77-91). Еңбек авторларының пайымдауы бойынша, осындай ромбы іспетті таңбалар «бірінші» түрік қағандығы кезіндегі Гидинбулаг ғұрыптық кешенінде, Күлтегін, Тоныкөк ғұрыптық кешені құрылыс бөліктерінде кездеседі (Samashev, 2010: 57). Осындай ежелгі адамдардың және көне түркілердің киелі ойлау дүниесін танытатын жұмбақ таңбалардың Маңғыстау мен Үстірттен де кездесуі алдағы зерттеулер үшін қызықты тақырып болуы керек деп ойлаймыз.

Маңғыстаудың мыңжылдық тарихын жазуға ден қойған танымал тарихшы Әнес Сарай М.Қашқари, Әбілғазы Баһадүр, Рашид ад-Диннің тарихи еңбектеріндегі мәліметтерді шежірелік, фольклорлық, тарихи деректік мәліметтермен саралап, түркі тайпаларына таңба таратқан Оғыз қаған баласы Күн хан туралы баяндайды. Зерттеуші: «Ата өсиеті бойынша Оғыз қағаннан кейін үлкен ұлы Күнхан таққа отырды. Оның кезінде көшпенділік қоғамының өзіне тән салт-дәстүрлері пайда болды. Күнхан әр рудың таңбасын, киелі құсын, той-жиын қонағасыдағы сыбағалы мүшесін белгіледі» (Сарай, 2021: 134), – дей келіп, «Таңба үлестірген ұлы құрылтай оғыздардың ата қонысы Ұлытау мен Кішітауда болды» (Сарай, 2021: 134), – деп, оқиғаның тарихилығын нақты жер атауымен дәйектей түседі. «Руларға таңба беру – рулық меншіктің қалыптасуына жағдай тудырды. Әр ру өз таңбаларын меншікке берілген жайлау, қыстауларының жартастарына, жол бойындағы бағандар мен ағаштарға басты, малдарын, дүниемүлік, асыл қазыналарын таңбалады, рулық тудың басты бедері де рулық таңба болды» (Сарай, 2021: 135).

Күн хан әр рудың таңбасымен бірге киелі құсы мен қонағасыда тартылатын сыбағалы жілігін де белгілеп берді. Міне, қазақ халқында құсты кие тұту, қолға ұстап бағу, құспен саятшылық құру Күн ханнан қалған жоралғы екен. Ал қазақ халқы әлі де берік ұстанып келе жатқан қонаққа лайықты жілігін салып, арнайы табақ тарту салты да бізге Оғыз қағаннан жеткен қасиетті үрдіс екені сөзсіз.

Маңғыстауға оғыздардың алғаш келе бастаған тарихы біздің тақырыбымыз үшін маңыздырақ болғандықтан, Ә.Сарайдың аталған еңбегіндегі тарихи мәліметтерді өз сөзімізбен қысқаша баяндап береміз.

Зерттеушінің мәлімдеуі бойынша, ерте ортағасырларда Маңғыстауды мекендеген адақтар немесе дах-дайлар Хазар хандығына бағынып, оның әскер қызметіне тартылып, екінші бөлігі Ырғыз бойындағы Адэ ұлысына топталған жылдары Маңғыстау түбегінің халқы азайып, далалық аймақтары босап қалады да, бос кеңістікті оғыздар иемденеді. Қытайдың «Үш патшалық» дәуірінде жазылған «Вэй люе» еңбегінде оғыздарды динлиндер деп атап, олардың өзін ақ және қызыл динлиндер деп бөлген. Бұлардың өз атауы ғұздар еді. Құрбанғали Халидтің «Тауарих Хамса» еңбегінде ғұз қытайша «қызыл сақалдылар» дегенді білдіреді. Себебі ғұздардың сыртқы кейпіндегі ерекшелік – олардың қызыл-күрең сақалдары болған. Алтайдың Пазырық, Шығыс Қазақстанның Берел патшалық бейіттерінен табылған тұрмыстық заттар: қылыш қынаптары, кісе белбеулер, қыш құмыралар, қарулар мен қалқан, сауыттар – бәр-бәрі қызыл сырмен сырланған. Осылар ғұздардың мұралары. Яғни ғұздардың түстік символдары – қызыл түс болған. Осы қауым IX ғасырдың орта тұсында Маңғыстау топырағына аяқ басады. «Қорқыт-Ата» кітабының мәлімдеуінше: олар сырт оғыз атанған, яки жалпылама атаулары Бозоқ болған. Бозоқ тайпалары б.з.б. 3 мыңыншы жылдары жасаған Оғыз-қаған қалыптастырған тәртіп бойынша: Оғыз елінің терістік-батысын қоныстанған және оң қол оғыздар атанған. Олардың рулары – *қайы, баят, алқарауйлі, қарауйлі, языр, дүкер, дудұрға, жапарлы, аусары, кырық, бегделі, қарқын.*

922 жылдың ақпан айында Бұлғарларды мұсылмандыққа өткізуге аттанған атақты араб

миссионері Ибн-Фадланның жолжазбасында: «Көп ұзамай әль Гуззия деген түрік тайпасының жеріне іліктік» (Ибн-Фадлан, 1939), – деп жазып отырғаны Маңғыстау мен Үстірт жерінен кездескен осы сырт оғыздар, яғни ғұздар болуы керек (Сарай, 2021: 135)..

Сөз болып отырған зерттеу еңбекте автор Маңғыстауды жайлаған тайпалар, олардың саяси, рухани қалыптасу тарихына қатысты бірнеше құнды деректер айтады. Соларды санамалап, жүйелеп айтсақ, төмендегідей.

1. Оғыздар екіге бөлінген: ішкі оғыздар – оғыздар, сыртқы оғыздар – ғұздар. Сыртқы оғыздар, яғни ғұздар Балқаш көлі мен Қарақұм аралығынан Маңғыстауға IX ғасырда, ішкі оғыздар Сыр бойынан Маңғыстауға XI ғасырда келген. Оғыздар мұсылман дінін қабылдаған, ғұздар әуелі тәңір, кейіннен манихей дінінде болған. Оғыздар мен ғұздардың мәдени-танымдық іздері Маңғыстау ескерткіштерінен анық байқалады. Ғұздар тұтынған ыдыстарын, тұрғызған ғимараттарының ішін қызыл сырмен сырлаған. Маңғыстауда 50-60 жылдарға дейін ішін қызыл сырмен сырлаған жерасты мешіттері болған, кейін қызыл бояулар өшірілген. Сондай-ақ қазірге дейін жерасты мешіттерінің михрабтысы мен михрабсызы кезек алмасып, жиі ұшырасады. Олардың михрабсызы ғұздардікі де, михрабтысы оғыздардікі. Сондай-ақ, «қошқар тас» бейіттер ғұздарға, «қой тас» бейіттер оғыздарға жатады.

2. Ғұздар келгенге дейін Адақ түбегін (Маңғыстауды) адақ түріктері деген атпен белгілі тайпалар қоныстанған. Ғұздардың қысымынан ата қоныстарынан кеткен «манғышлақ» атанған байырғы адақ түріктері Үстірттің оңтүстік бөктерлерінде Адақ, Тірсек, Балқан, Дәукескен қалаларының іргесін көтеріп, жүз жылдай Хорезмнің батыс аймақтарында ғұмыр кешкен. XI ғасырдың орта тұсында ғұздар батыс өлкелерге ауғанда маңғышлақтар ата қоныстарына қайтып оралған.

3. Сыр бойы оғыздарының Маңғыстауға келіп қоныстанғаны қабыртастардағы рулық таңбалармен анық дәлелденеді. Әсіресе *баяндыр* мен *салырдың* рулық таңбалары жиі ұшырасады. Және таңбалардың дені «қой тас» белгілерінен ұшырасады.

4. Ерте ортағасырлық Маңғыстау тарихын жасасқан оғыздың оң қанаты – ғұздар 12 тайпа, сол қанаты оғыздар – 12 тайпа, барлығы 24 тайпа деп шежіреленеді. Махмуд Қашқари тізімде – 22 тайпаны нақты атап, қалған екеуін халадж деген. Атап айтқанда мыналар: *қынық, қайыг* (дұрысы қайы), *баяндыр, ыва/йыва, салгур, афшар* (аусары), *бекделі, бүгдүз, баят, язғыр, эймюр* (айбүйір), *қарабелөк, алқабелөк, индір, юрегир, тутурқа, алаюнтлы, тюгер, беченек, чувалдар, чебни, шаруклуг* және *екі халадж* тайпасы. Ал Рашид ад-Дин 24 тайпаның толық тізімін және әрқайсысының рулық таңбаларын берген, олардың барлығы Маңғыстау құлпыстары, қошқартастары, қойтастары, сандықтастарында көрініс табады (Сарай, 2021: 128-130).

Ғалым А.О.Кошимова қазақ халқының этникалық тарихындағы оғыздар туралы ғылыми мақаласында қазақтың үш жүзінің де этникалық қалыптасуына оғыздардың үлкен ықпалы болғандығын, X ғасырларда оғыздардың Арал, Каспий маңын жайлағандығын тарихи деректермен дәлелдейді. Сондай-ақ, зерттеуші түркі халықтарында кездесетін ай таңбасының Оғыз қағанның ұлы Аймен байланысты сакралды мәні бар екеніне назар аударады (Koshymova, 2017).

С. Самашев «Оғыз таңбалары» атты мақаласында оғыздың 24 руының таңбасын көрсетіп, түрлі деректерде келтірілген оғыз таңбаларының ұқсастығы мен айырмашылықтарына талдау жасайды *(Самашев*, 2020 б:119-123). Ғалымның дерегі бойынша *қайы, баят, додырға, афшар, қызық, қарқын, байындыр, жауындыр, шебни, салур, игдир* – 11 рудың таңбасы Маңғыстаудан табылған. Сондай-ақ С.Әжіғалидің жоғарыда аталған еңбегінде ертедегі маңғыстаулық ескерткіштерде XII-XV ғасырлардағы *салор, чоудор, байындар, игдыр* және басқа да тайпалардың белгілері табылатыны, олардың М.Қашқари, Рашид ад-Дин еңбектерінде келтірілген «Оғыз балалары» таңбаларымен жақсы сәйкесетіні айтылған (Azhigali, 2014: 428).

Нәтижелер мен талқылау

Біз төменде осы мәліметтерді негізге алып, оны өз деректерімізбен толықтыруға тырыстық. Экпедиция материалдары бойынша *қайы, баяндыр, қызық, салор, қарқын, баят, аусар, қарауйлі, шебни, егдір, языр, жауындыр, дөгер, бекделі, ива, қарауйлі* тайпаларының таңбалары тіркеуге алынды (10-26-суреттер).

10-сурет – Қайы тайпасының таңбасы

11-сурет – Баяндыр тайпасының таңбасы

12-сурет – Қызық тайпасының таңбасы

13-сурет – Салор тайпасының таңбасы

14-сурет – Қарқын тайпасының таңбалары (Рашид Ад-дин және Кононов бойынша)

15-сурет – Баят тайпасының таңбасы

16-сурет – Аусар тайпасының таңбасы

17-сурет. –Қарүйлі тайпасының таңбасы

18-сурет – Шебни тайпасының таңбасы

19-сурет – Игдыр тайпасының таңбасы

20-сурет – Языр тайпасының таңбасы

21-сурет – Жауындыр тайпасының таңбасы
(Тарих-и Ал-и Селжук», «Хюнер-наме» бойынша)

22-сурет – Дөгер және бектілі тайпаларының таңбасы

23-сурет – «Ивэ» тайпасының таңбалары (Хюнер наме және М.Қашқари бойынша)

24-сурет.
а) Қарауйлі мен Жәуміттер таңбасына, қазақта Шеркеш таңбасына ұқсайды
ә) Әбілғазы бойынша «Чебни», Тарих-и Ал-и Селджук және Хюнер-наме бойынша «Бегдили» таңбасына ұқсайды

25-сурет – Имур тайпасының таңбасы
(Әбілғазы баһадүр еңбегі бойынша)

26-сурет – Қынық тайпасының таңбасы (Ф тәрізді)

Ә.Сарайдың жоғарыда келтірілген еңбегінде оғыздың 24 тайпасының 12-сі (*қайы, баят, алқауйлі, қарауйлі, иазыр, дөгер, додырға, япарлы, аусар, қызық, бекділі, қарқын*) Маңғыстауға IX ғасырларда келген ғұздарға, 12-сі Маңғыстауға XI ғасырда келген ішкі оғыздарға (*байындыр, бежене, жауындыр, шебни, салур, имур, алауйінтілі,*

юрегир, егдір, бұғдыз, ийва, қыныҚ) жататыны айтылған. Қолда бар материалдар бойынша байқағанымыздай, сыртқы оғыздардың 7 тайпасының, ішкі оғыздардың 8 тайпасының таңбалары Маңғыстаудан анықталып отыр. Сонң ішінде басқаларына қарағанда *байындыр, салур, шебни, аусар, қызыҚ* тайпаларының таңбалары біршама жиі ұшырасады. Оғыздың *қайы* тайпасының таңбасы Маңғыстауда Сейсем Ата пантионында, Бектемір Баба қорымында, Таңбалы сайда бар. *Баят* таңбасы Шопан Ата, Масат Ата, Қошқар Атада және Таңбалы сайда кездеседі. Жауындыр тайпасының таңбасына ұқсас белгілер бірнеше түрлі (27-31-суреттер)

Салор тайпасының таңбасы түрліше формада кездеседі (32-38-суреттер). Аусар тайпасының М.Қашқари және Рашид ад-Дин бойынша екі түрлі таңбасы да бар (39-40-суреттер).

27-сурет – Шейх Ата қорымындағы құлпытас

28-сурет – Шейх Ата қорымындағы құлпытас

29-сурет – Қараман Ата қорымындағы құлпытас



30-сурет – а) Жауындыр таңбасына ұқсас белгі

31-сурет – Қосмола кесенесінің сыртындағы таңба

32-сурет – Жиделі қорымындағы салур таңбасы

33-сурет – Шейх Ата қорымындағы салур таңбасы

34-сурет – Таңбалы сайдағы таңбалар: а) салур таңба

35-сурет – Долы Апа қорымындағы салур таңбасы

36-сурет – Салур таңба

37-сурет – Таңбалы сайдағы таңбалар: а) салур таңбасы

Ежелгі таңбаларды ажырату барлық уақытта оңай емес. Сондықтан кейбір таңбаларды белгілі бір тайпаға меншіктеудің өзі терең зерттеуді қажет етеді. Немесе бір тайпаның бірнеше таңбасы, керісінше бірнеше тайпаға ортақ бірнеше таңба болуы мүмкін. Оғыз тайпаларының басым көпшілігінің таңбасы Маңғыстаудан табылуы тарихи тұрғыдан заңды, оғыз тайпаларымен аталатын жер-су атаулары да бұған куәлік ете алады. Мысалы, *Емір, Аусары, Қарқын, Егдір, Шәудір, Жазғұрлы, Баянды, Бүгежелі, Қызық, Қайлы (Тұщыққдық), Бегіліқайлы (Түпқараған), Бәйіті, Бозашы (боз әжі), Бесоқты (бозоқ тайпалары) т.б.*

38-сурет – Салур таңба

39-сурет – Аусар тайпасының таңбасы
(М.Қашқари бойынша)

40-сурет – Аусар тайпасының таңбасы
(Рашид ад-Дин бойынша)

Қорытынды, тұжырымдар

Қорыта айтқанда, Маңғыстау сакралды кеңістігінде рулық-тайпалық таңбалардың орны ерекше. Олардың меншіктілікті белгілеу, туыстық байланысты анықтау, мемлекеттің рәміздік таңбасы болу, киелі орынға келіп-кетуді білдіру, рудың аталық кәсібі туралы мағлұмат беру, қолөнер бұйымдарын, киелі ғимараттарды безендіру, ең соңында марқұмның қайтыс болған жерін, қабірін анықтау сияқты қолданбалы қызметінен де өзге киелі ақпарат беру, бақытсыздықтан сақтау, тіл-көзден, дуадан қорғау, жаратылыс, дүниенің тылсым сырлары туралы танымға меңзейтін концептуалды астары бар екендігі белгілі болып отыр.

Алтай, Саян, Монғолия жерінен табылған ежелгі таңбалардың Маңғыстау таңбалы тастары мен көне құлпытастарынан көрініс беруі осы өлкедегі тайпалық таңбалардың тарихын өте арғы кезеңдерге апарады және түрлі кезеңдерде Маңғыстауды мекендеп кеткен тайпалардың тарихи іздерін танытады. Сонымен бірге Таулы Алтайдан, Саяннан, Монғолиядан табылған *қанатты ромбы, жылан, 3 тісті айыр, балық* тәрізді таңбалардың, Қырғызстандағы Жалтырақ тас таңбалар кешенінен табылған сыртқа қарай бағытталған төрт иректі күрделі таңбаның [Samashev, 2010] тағы бір нұсқасының Маңғыстаудан табылуы бұл өлкені мекендеген түркі тайпаларына ортақ киелі танымның бар екендігіне назар аудартады (41-42-43-45-46-суреттер)

41-сурет

42-сурет

43-сурет

44-сурет



45-сурет – Талас өзінінің жоғарғы ағысы. Жалтырақ таш. Қырғызстан. (Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Көне түрік таңбалары, 2020. 104-сурет)

46-сурет – Жарылғас Ата кесенесіндегі жұмбақ таңба

Көне түркілік таңбалар кез-келген жерге емес, неғұрлым адам аяғы жетпейтін терең сайлардың жарқабақтары, таулардың шыңдары, діни-ғұрыптық кешендер тәрізді киелі орындарға таңбаланған. Соған қарағанда, егер таңбалар тау-тас, жарқабақтарға, діни кешендерге салынса, діни салттарды білдіреді, ал өзен аңғарларына, жайылымдарға, жануарларға, бұйымдарға басылған таңбалар меншілікті білдіреді деген пікір дұрыс болуы керек (Қыдырәлин, 2015: 9).

Жоғарыда атап өткеніміздей, Маңғыстаудағы рулық-тайпалық таңбалардың ғылыми назарға ілігіп, зерттеле бастағанына 2 ғасырға жуық уақыт болды. Осы уақытқа дейін тарихшы-этнографтардың, археологтардың, таңбатанушылардың, өлкетанушылардың көне таңбаларға қатысты еңбектерінің қай-қайсысы да Маңғыстау таңбаларына соқпай өтпейді. Дегенмен алдағы уақытта Маңғыстау мен Үстірттегі қабірүстіне сызылған таңбалар мен сай жарқабақтарына, жекеленген тастар мен жартастарға бәдізделген таңбалардың толық тізбесін жасап, олардың қайсысы қай руға не тайпаға тиісті екендігіне тарихи деректермен сипаттама беріп, сызбалардың стильдік ерекшеліктерін анықтап, бір негізді формалардың даму эволюциясына сипаттама берген, басқа да рулық таңбалармен салыстырған, ең соңында қандай да бір руға тән деп есептелген таңбаны сол рудың шежіре-тарихымен нақтылаған, таңбалардың семантикасына үңілген тарихи, лингвистикалық, фольклорлық, философиялық зерттеу қажет деп ойлаймыз.

Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпитафиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

Отто Р. Священное. Об иррациональном в идее божественного и его соотношении с рациональным / Пер. с нем. яз. А. М. Руткевич. — СПб.: Изд-во С.-Петерб. ун-та, 2008. — С. 18.

Eliade M. (2005) The Myth of the Eternal Return: Cosmos and History. Princeton: Princeton University Press, 2005. 232 p. (in English).

Berkes F. Sacred Ecology. – New York: Routlege, 2008. – 336 p.

Kong L. (1990). Geography and religion: Trends and prospects. Progress in Human Geography, 14(3), 355-371. Egorina A.V. Didaruly S. Manapova Zh. Sacred Geography Of East Kazakhstan European Journal Of Natural Histor7 апр. 2019 г. P 35-39

Лотман Ю. Семиосфера. Аударған Еркімбай Ұ. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 640 б.

Керейтов Р.Х. Этническая история ногайцев (к проблеме этногенетических связей ногайцев). – Ставрополь: Ставрополсервис школа, 1999. – 176 с.

Қыдырәлі Д., Бабаяр Ғ. Түркі мәңгі тасы: Шивээт улаан таңбалы ескерткіші. Астана, 2015

Osawa T., Pim J. E., Yatsenko S. A., Perrin O. T. (eds). Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. London & Dover: Dunkling Books. 341–372

Rogozhinsky A. E., Cheremisin D.V. The Tamga Signs of the Turkic Nomads in the Altai and Semirechye: Comparisons and Identifi cations. Archaeology Ethnology and Anthropology of Eurasia 2019. – 47(2):48-59

Samashev Z,. Bazylkhan N., Samashev S. (2010) Ancient Turkic tamga-signs Almaty, 2010. – 168 p

Тюлюш А.Ч. История бытования тамговых знаков у тюрков Саяно-Алтая. // Вестник Томского государственного университета 2016 № 411. С 158-164

Досанов Т.С. Тайна руники: Графический дизайн в эзотерической рунной концепции бога Тенгри, сокрытой в знаках рунического письма в родовых тамгах и в символах геометрического генеза. – Алматы, 2009. -296 б.

Аристов, Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племён и народностей и сведения об их численности / Н. А. Аристов // Живая старина. — 1896. — Год шестой, вып. III-IV. — С. 277-456.

Самашев С.К. Вопросы изучения Функции Тамгообразных Знаков Средневековых Кочевников Казахстана // Поволжская Археология № 4 (34) 2020 –С. 66-80

Ажигали С. Мемориальные камнерезные памятники кочевников Арало-Каспия как историко-этнографический источник // Интеграция археологических и этнографических исследований: Сб. науч. тр. / Под ред. А.Г. Селезнева, С.С. Тихонова, Н.А. Томилова. – Нальчик; Омск: Изд-во ОмГПУ, 2001. – С. 246-250.

Рогожинский А.Е. «Мы, нижеприложившие истинные тамги...» (опыт идентификации родоплеменных знаков казахов Старшего жуза). // Роль номадов в формировании культурного наследия Казахстана. Алматы: 2010. С. 101- 127.

KhabizhanovaG., Omarbekov T., Kartaeva T., Nogaybaeva M. Tamga as a source in the study of ethnohistorical interrelations of turkic tribes. International multidisciplinary scientific conferences On Social Scinces and Arts Thursday 8 November 2018 by Libadmin2018 https://sgemsocial.org/ssgemlib

Azhigali S.E. Monuments of Mankystau and Ustyrt. Almaty: Oner, 2014. -504 p Сарай Ә. Адай тарихы. Ақтау, 2021. – 475 б.

Ибн-Фадлан Zapiski o puteshestvie na Volgu [Notes on a trip to the Volga] M-L., 1939.М-Л., 1939.

Koshymova A.O. Oguzs In The Ethnic History Of Kazakh People. // Peoples Of Eurasia: History, Culture And Interaction Problems Materials of the VII international scientific conference on April 5–6, 2017

Самашев С.К. Оғыз таңбалары Л.Н.Гумилев атындағы ЕНУ Хабаршысы № 4 (133) / 2020 – 101-117 бб Samashev S. K. (2010) Kazakh Tamgas. Pim, J.E., Yatsenko S.A. and Perrin O.T., Eds., Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. – London, Dover: Dunkling Books, 2010. – P. 331-340

References

Azhigali S. (2001) Memorial'nye kamnereznye pamjatniki kochevnikov Aralo-Kaspija kak istoriko-jetnograficheskij istochnik [Memorial stone-cut monuments of the nomads of the Aral-Caspian Sea as a historical and ethnographic source] Integration of archaeological and ethnographic research: Sat. scientific. tr. Ed. A.G. Selezneva, S.S. Tikhonova, N.A. Tomilova. Nalchik; Omsk: Publishing house of OmGPU, 2001. S. 246-250. p (in Russian).

Azhigali S.E (2014) Monuments of Mankystau and Ustyrt. Almaty: Oner. 504 p (in English, in Kazakh, in Russian).

Aristov N. A. (1896) Zametki ob etnicheskom sostave tyurkskih plemYon i narodnostey i svedeniya ob ih chislennosti [Notes on the ethnic composition of the Turkic tribes and nationalities and information on their numbers]. Zhivaja starina. 1896. issue III-IV. S. 2777 456 p. (In Russian)

Berkes F. (2008) Sacred Ecology. – New York: Routlege, 2008. – 336 p. (in English).

Dosanov T.S. (2009) Tayna runiki: Graficheskiy dizayn v ezotericheskoy runnoy kontseptsii boga Tengri, sokryitoy v znakah runicheskogo pisma v rodovyih tamgah i v simvolah geometricheskogo geneza [The secret of the rune: Graphic design in the esoteric rune concept of the god Tengri, hidden in the signs of runic writing in generic tamgas and in symbols of geometric genesis]. Almaty, 2009. 296 p. (In Russian)

Egorina A.V. Didaruly S. Manapova Zh. (2019) Sacred Geography Of East Kazakhstan European Journal Of Natural Histor 7 апр. 2019 г. P 35-39 (in English).

Eliade M. (2005) The Myth of the Eternal Return: Cosmos and History. Princeton: Princeton University Press, 2005. 232 p. (in English).

Ibn Fadlan (1939) Zapiski o puteshestvie na Volgu [Notes on a trip to the Volga] M-L., 1939.М-Л., 1939.

Kerejtov R.H. (1999) Etnicheskaya istoriya nogaytsev (k probleme etnogeneticheskih svyazey nogaytsev). [Ethnic history of the Nogai (on the problem of ethnogenetic relations of the Nogai)]. Stavropol: Stavropolservice School, 1999 .-- 176 p. (In Russian)

Koshymova A.O. Oguzs (2017) In The Ethnic History Of Kazakh People. Peoples Of Eurasia: History, Culture And Interaction Problems Materials of the VII international scientific conference on April 5–6, 2017(in English).

Kong L. (1990). Geography and religion: Trends and prospects. Progress in Human Geography, 14(3), 355-371. (in English).

KhabizhanovaG., Omarbekov T., Kartaeva T., Nogaybaeva M. (2018) Tamga as a source in the study of ethnohistorical interrelations of turkic tribes. International multidisciplinary scientific conferences On Social Scinces and Arts Thursday 8 November 2018 by Libadmin 2018 https://sgemsocial.org/ssgemlib (in English).

Kydyrəli D., Babajar F. (2015) Turki mangi tasy: Shivat ulaan tangbaiy eskertkishi [Turkic Eternal Stone: Shiveet Red Monument]. Astana, 2015 (in Kazakh)

Lotman Yu. (2019) Semiosfera [Semiosphere]. Translated by Erkimbay U. Almaty: Public Fund «National Translation Bureau», 2019. – 640 p. (In Russian)

Osawa T. (2010). In Pim, J. E., Yatsenko, S. A., Perrin, O. T. (eds). Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. London & Dover: Dunkling Books. 341–372 (in English).

Otto R. (2008) Svyaschennoe. Ob irratsionalnom v idee bozhestvennogo i ego sootnoshenii s ratsionalnyim [Sacred. On the irrational in the idea of the divine and its relationship with the rational] / Per. with him. lang. A.M. Rutkevich. – SPb .: Publishing house of St. Petersburg. University, 2008 .-- P. 18. . (In Russian)

Rogozhinsky A. E., Cheremisin D.V. (2019) The Tamga Signs of the Turkic Nomads in the Altai and Semirechye: Comparisons and Identifi cations. Archaeology Ethnology and Anthropology of Eurasia 2019. -47(2):48-59 (in English).

Рогожинский А.Е. (2010) «Myi, nizheprilozhivshie istinnyie tamgi...» (opyit identifikatsii rodoplemennyih znakov kazahov Starshego zhuza). [“We, who have applied the true tamgas ...” (the experience of identifying the tribal signs of the Kazakhs of the Senior Zhuz)]. The role of nomads in the formation of the cultural heritage of Kazakhstan. Almaty: 2010.S. 101-127. (In Russian)

Samashev Z,. Bazylkhan N., Samashev S. (2010) Ancient Turkic tamga-signs Almaty, 2010. – 168 p (in English, in Kazakh, in Russian).

Самашев С.К. (2020 а) Voprosyi izucheniya Funktsii Tamgoobraznyih Znakov Srednevekovyih Kochevnikov Kazahstana [Issues of Studying the Functions of Tamga-like Signs of the Medieval Nomads of Kazakhstan]. Volga Region Archeology № 4 (34) 2020 –S. 66-80 (In Russian)

Самашев С.К. (2020 б) Oghyz tangbalary [Oguz tamgas]. L.N. Gumilyov Eurasian National University Bulletin № 4 (133) 2020 P 101-117 (in Kazakh)

Samashev S. K. (2010) Kazakh Tamgas. Pim, J.E., Yatsenko S.A. and Perrin O.T., Eds., Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. – London, Dover: Dunkling Books, 2010. – P. 331-340 (in English).

Sarai A.(2021) Adai tarihy [History of Adai]. Aktau, 2021. – 475 p. (in Kazakh)

Tjuljush A.Ch. (2016) Istoriya byitovaniya tamgovyih znakov u tyurkov Sayano-Altaya. [The history of the existence of tamga signs among the Turks of the Sayan-Altai]. Bulletin of Tomsk State University 2016 № 411. P 158-164 (In Russian)

IRSTI 16.21.47 https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph10

A.B. Ormanova[1]*, M.L. Anafinova[1],
S.D. Atanasova-Divitakova [2]

[1] L. N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan
[2] St Cyril and St Methodius University of Veliko Turnovo, Bulgaria, Veliko Turnovo
*e-mail: ormanova_ab_1@enu.kz

CORPUS BASED RESEARCH IN TERMINOLOGY

Language exists and develops due to intralinguistic and extralinguistic factors. In connection with the global situation, most world dictionaries have a common feature – the emergence of new terms characterizing the spread of the pandemic, which has had a significant impact on the development of the human language. Since 2020, the term "lockdown", previously used only in prison terminology, has begun to emerge in common vocabulary. The term is gaining popularity and is often applied by media. However, the semantics of this term is not fully revealed. In this regard, our research interest lies in the study of "lockdown" from the point of view of linguistic science in general and the achievements of corpus linguistics in particular. For the analysis, we reveal its origin and formation, present the definitions of "lockdown", proposed by world dictionaries, and the search results in the corpora of the Kazakh, Russian and English languages. Additionally, we carry out a corpus analysis of the search term in the research corpus created with the #LancsBox program. Thus, we receive up-to-date data on the use of the term "lockdown" in the current Kazakh linguistic environment. The results cover concordance lines, occurrence, frequency lists, linguistic markings, and the relevant context.

Key words: corpus tool, terminology, corpora, term, lockdown.

А.Б. Орманова[1]*, М.Л. Анафинова[1], С.Д. Атанасова-Дивитакова[2]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
[2] Әулие Кирилл және Мефодий Велико-Тырново университеті, Болгария, Велико-Тырново қ.
*e-mail: ormanova_ab_1@enu.kz

Терминологиядағы корпустық зерттеулер

As you know, orthology as an independent linguistic science is closely related to aspects of speech culture and linguistic norms. In improving the linguistic culture of society and achieving a high level of preservation of the basic linguistic norm in modern oral and written communication, orthological means, especially the spelling dictionary, are of particular importance. The spelling dictionary is an indicator of the diachronous-synchronous state of the language in particular, the evolution and development of society, in general. Therefore, in developed countries, a spelling dictionary with additions, changes is often released. At the current stage of the development of the Kazakh language, which is considered promising, aimed at changing the language situation, intensive work is being carried out to normalize, standardize and modernize the Kazakh language. The next edition of the Large Spelling Dictionary of the Kazakh Language is being prepared for release, in which the lexicographic principles are improved.

The article discusses the basic lexicographic principles (selection of lexemes, supply of variant words, grammatical information, the use of graphemes, symbols, punctuation to clarify meanings, etc.), as well as in order to characterize the normalization and codification of individual lexical units, orthological analysis is carried out.

Key words: spelling dictionary, principle of normativity, principle of frequency of use, principle of system description, main register, internal register, litter.

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University

Н. Темур[1], А. Алдаш[2]*
[1]Университет Гази, Турция, г. Анкара
[2]Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: aimank51@mail.ru

Орфографический словарь: лексикографические принципы и параметры ортологического анализа

Как известно, ортология как самостоятельная лингвистическая наука тесно связана с аспектами культуры речи и языковой нормы. В повышении языковой культуры общества и достижении высокого уровня сохранения базовой языковой нормы в современной устной и письменной коммуникации особую важность имеют ортологические средства, особенно орфографический словарь. Орфографический словарь является показателем диахронно-синхронного состояния языка в частности, эволюции и развития общества в целом. Поэтому в развитых странах орфографический словарь с дополнениями, изменениями выпускается часто. На сегодняшнем этапе развития казахского языка, который считается перспективным, направленным на изменение языковой ситуации, проводится интенсивная работа по нормализации, стандартизации и модернизации казахского языка. Готовится к выпуску очередное издание Большого орфографического словаря казахского языка, в котором усовершенствованы лексикографические принципы.

В статье рассматриваются основные лексикографические принципы (отбор лексем, подача вариантных слов, грамматические сведения, применение графем, условных обозначений, знаки пунктуации для разъяснения значений и др.), а также в целях характеризации нормированности и кодифицированности отдельных лексических единиц проводится ортологический анализ.

Ключевые слова: орфографический словарь, принцип нормативности, принцип частоты употребления, принцип системного описания, основной реестр, внутренний реестр, помета.

Кіріспе

Әлемдік лингвистикада лексикография саласына арналған еңбектер соншалықты мол. Зерттеулерді атамағанның өзінде, теориялық және практикалық мәселелерді анықтаған Л.В. Щерба сөздіктің 60-тан астам түрін, типін санамалаған. Ал лингвист мамандар осы түрлердің, типтердің әрқайсысын зерттеу нысанасы еткен, сөйтіп, жарық көрген сөздік материалдарына сүйене отырып, лексикография ғылымының ең негізгі дерлік мәселелері бойынша ғылыми да, практикалық та мәні зор тұжырымдар қалыптастырған. Лексикографиятанудың мәнжайына, зерттеулерді сараптауға егжей-тегжейлі тоқталуды мүдде тұтпаймыз. Дегенмен мәселеге қатысты жалпы мағлұмат беру мақсатында, әлемдік, оның ішінде орыс лингвистикасындағы сөздіктер түзу тәжірибесінен жинақталған кейбір мәселелерге шолу жасауды қажет деп табамыз.

Біріншіден, шетелдік ғалымдардың сөздіктердің типтерін анықтауда көзқарастары әртүрлі, әрі зерттеулер көбейген сайын тереңдей түскен, сөздіктің әр типіне тән жіктемелік (классификация, дифференциация) айырым белгілер ажыратыла түскен көзқарастар жетерлік. Мәселен, В.В. Морковкин сөздіктердің типологиясын сөздік түзу алдында «негіздемесіне», «негіздемесі қалай болуы керек», «негіздемесі кімге арналған» деген принциптерді анықтау керектігіне баса назар аударса (Морковкин, 1994: 13-23), В.М. Лейчик лексикографиялық белгінің ең маңыздысы ретінде сөздіктің мақсатын анықтау керектігін айтады, ғалымның пікірінше: а) бір тілдің тілдік бірліктерін тіркеу; ә) нормасын белгілеу; б) ғылыми-көпшілік мазмұнда баяндау; в) оқу-ағарту бағытына арнау; г) тек ақпарат беретін, яғни бір тілдегі сөздің барлығын жинақтап, жүйелеу (мысалы, терминжүйесін) мақсаты анықталғанда ғана сөздіктің негіздемесі дұрыс болады (Лейчик, 1988: 45).

Екіншіден, әлемдік зерттеулерде жүйелі лексикография, сөздіктердің типологиясын жүйелеу, оларды жеке-жеке талдау арқылы осы саланың негізгі мәселелерін анықтау жақсы жолға қойылған. Сөздіктердің әртүрлі типтерінде лексикалық материал қалай беріледі, мағыналарды анықтау жолдары, сөздіктің негізгі реестрі мен ішкі ұясының құрылымы, графемалармен, таңбалармен ресімделуі және басқа да көптеген ерекшеліктер жете талданған. Жалпы, орыс тіл білімінде бұл мәселелер Ю.Д. Апресянның еңбектеріне негізделеді, ол «лексикографиялық тип» терминін енгізе отырып, сөздіктің әр түріне алынатын тілдік бірлік – лексема негізгі реестрге алынған жағдайда оның жанына орналасатын грамматикалық

түрленімдердің, сөздің мағынасын ашатын семантикалық, прагматикалық, коммуникативтік тіркесімдердің, фразалық тіркестердің, кей типтер үшін сөздің орфоэпиясын жүйелеудің үлгісін қалыптастырды (Апресян, 1995: 389).

Әдебиетке шолу

Әлем тілдеріндегі зерттеулерде Үлкен Оксфорд сөздігі (Oxford English Dictionary) айрықша лексикографиялық еңбек деп саналады. Бұлайша бағалау сөздіктің құрылымдық ерекшелігіне байланысты. Оксфорд сөздігінде әр сөздің пайда болған мерзімі, тарихы көрсетіледі, дәлелдемелер дәйексөз, иллюстрация арқылы беріледі. Сөздік, басқа құрылымдық жағын атамағанның өзінде, ағылшын тілінің барлық сөзінің алғашқы қолданысын тіркеу, әр сөздің тарихи дамуын, түптөркінін қадағалау, әр сөздің түрлі вариациясын жинақтау, қоғам дамуына байланысты сөздердің мағыналық өзгерістерін, айтылуын көрсету, осы арқылы зерттеушіге де, пайдаланушыға да жан-жақты көмек беретін ресурс екендігімен де аса құнды деп бағаланады (Oxford English Dictionary, 2020). Сөздік ұдайы жетілдіріліп, жыл аралата жарияланып тұрады.

Қазақ тіл біліміндегі қазақ лексикографиясының жайы жөніндегі маңызды және кешенді еңбек – профессор М. Малбақовтың зерттеуі. Ғалым өткен ғасырдың орта тұсындағы Ш. Сарыбаев, К. Аханов, Ә. Қайдаров сынды көрнекті ғалымдардың барлық пікірлерін жинақтай келе, қазақ лексикографиясының теориялық және практикалық мәселелерін қорытатын ғылыми тұжырымдар жасаудың өзектілігін анық көрсетті (Малбақов, 2003: 5). Рас, профессор М. Малбақов көрсеткеніндей, сонау 1945 жылдан бастап түсіндірме сөздіктің нұсқаулықтарының бірнеше үлгілері жасалған. Осы еңбектердің негізінде 1945, 1953–1986 жылдар аралығында жарық көрген бір томдық, екі томдық, он томдық түсіндірме сөздіктердің құрылымы мен құрамының реттелуіне үлес қосты. Түсіндірме сөздіктің кейінгі басылымы – 15 томдық «Қазақ әдеби тілі сөздігі» сөз байлығын саралаудың негіздерін анықтауы жағынан ерекшеленеді (Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі, 2011, Т.1.).

Қазақ лексикографиясының теориялық мәселелеріне байланысты профессор М. Малбақовтың қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінің түзілу тарихынан бастап кейінгі кезеңдерге дейінгі, әлі де қарастырылуы қажет делінетін проблемалар анықталған кешенді зерттеуіндегі біртілді түсіндірме сөздіктің құрылымы мен сипатына қатысты әрі біздің нысанамызға сәйкес түсетін бірнеше мәселелерді атап өтеміз, еңбекте: а) лексикографиядағы норма және нормативтілік, узус мәселелеріне байланысты көзқарастар сараланған; ә) түсіндірме сөздікке енгізілетін жекелеген сөз топтарын (жергілікті тіл ерекшеліктері, кәсіби лексика, көнерген сөздер, тілдегі жаңалықтар, кітаби, кірме лексика, ғылыми терминология, ауызекі сөйлеу тілі элементтері, сөздің жарыспалы тұлғалары, фразеологизмдер, туынды, көмекші және күрделі сөздер, жалқы есімдер) лексикографиялаудың жолдары, әдіс-тәсілдері нақтыланған; б) сөздік бірліктерге түсіндірме жасаудың тәсілдері жүйеленген; в) сөздік бірліктерге түсіндірме жасаудың қосалқы амалдары айқындалған; г) қазақ тілі түсіндірме сөздіктерін әмбебаптандырудың жолдары белгіленген (Малбақов, 2003: 10).

Шағын ақпарат түріндегі шолу арқылы екі мәселе анықталады, оның бірі – лексикография – зерттеу пәні, нысанасы, өзіне тән ғылыми принциптері мен әдіснамасы қалыптасқан және теориялық проблемалары жағынан зерттеле түсетін, тіл туралы ғылымның бір саласы екендігі.

Екіншісі, біздің нысанамыз үшін маңыздысы – барлық зерттеулерде дерлік нысана, талдау ретінде түсіндірме сөздік негізге алынады. Ғалым В.В. Гак «түсіндірме сөздік – сөздіктердің шыңы, ол – сөздіктердің барлық типтерінің түзілуінің негізі» (Гак, 1987: 16), сондай-ақ тағы бір еңбегінде «создание толкового словаря – свидетельство «совершеннолетия» данного языка и лингвистической зрелости общества» деген пікірлерін қалдырды (Гак, 1977: 13).

Сөз жоқ, әсіресе біртілді түсіндірме сөздік – белгілі бір ұлт тілінің даму, қалыптасу кезеңдерін, сөз байлығын, тіл жүйесіндегі өзгерістерді танытатын кемел сөздік, сөздіктердің беделді типі. Түсіндірме сөздік сөздіктердің басқа түрлерінің жасалуына, тілдік бірліктердің іріктелуіне әлеуетті тірек бола алады.

Зерттеулерге шолу барысында тағы бір назар аудартқаны – негізінен түсіндірме сөздік талданатындықтан болар, сөздіктің құрылымы мен принциптерін анықтауда сөздің семантикасын дәлдеу ұстанымы бірінші қатарда болады да, сөздің нормативтілігі айтылмайды немесе принциптердің жүйеленуінде кейінгі қатарда тұрады.

Қорыта айтқанда, әлемдік лингвистикада Емле сөздігінің жалпы сипаттамасы, құрылы-

мы мен сөздік түзудің принциптері жеке қарастырылмаған.

Түркітануда Л. Хусаинованың «Башқұрт тіліндегі орфографиялық сөздік түзудің принциптері» деген еңбегін атауға болады (Хусаинова, 2017). Алайда түркітануші ғалым негізгі мәселеден гөрі башқұрт тіліндегі емле сөздігін түзудің тарихына ғана назар аударған. Қырғыз тілі бойынша еңбекте негізінен жазудағы қателіктер, әсіресе сөздің айтылуының жазуға түсуінен болатын, сондай-ақ бірге және бөлек жазылатын сөздердегі, бас әріптің, тыныс белгілерінің қолданысындағы қателіктер, стилдік ауытқулар ғана сөз болады (Сагынбаева, 2015).

Қазақ мәдениетінде Емле сөздігі жөніндегі пікірлер мен ұсыныстардың негізінен жекелеген тілдік бірліктердің жазылуына байланысты екендігі байқалады. Сонымен қатар қазақ тілінің Емле сөздігі басқа тілдердегі нормативті сөздіктерден құрылымы мен құрамы жағынан ерекшеленеді. Еуропалық тілдермен салыстыра қарағанда, қазақ тілінің Емле сөздігі тіркелетін лексемалардың сипатымен де, практикалық мазмұнымен де өзгешелеу. Демек, тілдің қолданысы мен орамдылығын танытатын әрбір ұлт тілінің өз табиғи заңдылықтарына және тілге деген сұраныстарына қарай әр тілдің Емле сөздігінің құрамы мен құрылымында, материалдардың түзілуінде айырым белгілер болады. Бұлар жөнінде ғылыми-практикалық көзқарас білдіру, ұсыныстар айту қазақ лексикографиясы саласының дамуына үлес қосары сөзсіз.

Материалдар және әдістер

Емле сөздігінің құрылымы. Ұстанымдар және межелер. **О**ртологиялық құралдардың маңызды түрінің бірі – Емле сөздігі (Орфографиялық сөздік).

Ең алдымен Емле сөздігі дегеніміз не деген сұраққа жауап іздестіріп көрелік.

Бір қарағанда, сырт көзге Емле сөздігі құрастырушының (құрастырушылардың) тарапынан тілдегі лексикалық бірліктерді жинақтап, олардың жазылуының дұрыс нормасын көрсету, белгілеу тәрізді болып көрінуі, негізінен қолданбалы, практикалық бағыттағы жұмыс түрі ретінде танылуы әбден түсінікті. Дегенмен тереңдей түссек, Сөздік жасау дайын тілдік бірліктердің басын біріктіру емес, Сөздік құрастыру – ғылыми негіздерге сүйенетін, тіпті шығармашылықты талап ететін айрықша жұмыс түрі. Емле сөздігін түзу тілді айрықша сезінуді, сөздің семантикасын жетік білуді, құрастырушының тіл туралы базалық білімінің болуын, ел мен ұлттың кешегі-бүгінгі тарихынан кем дегенде хабардар болуын, тіл қолданысына ықпал жасаған және жасап келе жатқан қоғами, әлеуметтік-мәдени өзгерістерді деркезінде саралай алатын зиятты қабілетінің (интелектісінің) болуын қажет етеді. Емле сөздігін түзу кешенді сипатқа ие; бұл жұмыстың сапалы атқарылуы үшін ең бастысы – тіл мен мәдениетті тығыз сабақтастыра отырып, тіл дамуының белгілі бір кезеңіне тән, тілді пайдаланушылардың тәжірибесі арқылы жинақталған фактілерді сұрыптап, моделдерін қалыптастырып, нормасын ұсыну.

Лексикографиялық еңбектің бір түрі – Емле сөздігінің міндеті ретінде төмендегілерді атауға болады:

− тіл дамуының белгілі бір кезеңіндегі әдеби тіл құрамындағы жеке сөздердің, олардың акустика мен перцепциядан айырмаланатын сипатының, айтылу мен жазу арасындағы өзгерістерді ажырататын түрленімдердің нормалық қалпын белгілеу, жазба тілдің ережелерін бекіту;

− жазба коммуникацияда қолданылатын, жазба коммуникацияға керекті сөздердің тізбесін толық қамту;

− әдеби тілде қолданылу жиілігі жоғары, нормалана бастаған, стилдік тармақтарда қолданылатын жаңа сөздердің, көнерген сөздердің, жергілікті тіл ерекшеліктерінің, кәсіби сөздердің және ғылым мен техникаға, оқу-ағартуға, саясатқа, қоғамдық-мәдени салаларға қатысты кірме сөздердің бір тобын енгізу арқылы тіл дамуындағы өзгерістерді таныту;

− сөзтізбе құрамына енетін тілдік бірліктерді лингвистикалық білімдер тұрғысынан жүйелеу.

Шетел ғалымы Ю. Апресянның пікірі бойынша «Современный словарь – это моментальный снимок вечно обновляющегося и находящегося в движении языка. В нём диалектически взаимодействуют статика и динамика языка, синхрония и диахрония» (Апресян, 1993: 8).

Емле сөздігінің жаңа басылымын түзуде алдыңғы тәжірибе барынша ескеріледі, сабақтастық сақталады.

Қазақ нормативті лексикографиясының тарихы XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының есімдерімен тығыз байланысты. 1940-ыншы және 1957-нші жылдары жарық көрген Емле сөздіктері әліпби ауысқан кезеңдегі тілдік бірліктерді жинақтап, жазу нормаларының алғашқы нұсқасын қалыптастырды, еңбектер қалың жұртшылықтың сауаттылығына, жазу

дәстүрінің бекемденіп, тұтастай алғанда, тіл мәдениетінің көтерілуіне айтарлықтай ықпал жасады.

Нәтижелер

Қазақ тілінің толық орфографиялық сөздігі 1963 жасалды, 1978 жылы толықтырылған, түзетілген екінші басылымы жарық көрді (әрі қарай – Сөздік-1).

Қазақ әдеби тілі сөздік құрамының көпшілікке ортақ нормалары жүйеленген Емле сөздігінің беделді нұсқасы – 1988 жылы академик Р. Сыздықтың басшылығымен жарияланған «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, 1988). Беделді деуге негіз – Сөздік түзу қолға алынғанға дейін қазақ лексикографиясының және тіл мәдениетінің, әдеби нормалардың ғылыми-әдіснамасы бойынша бірқатар теориялық тұжырымдар жасалды, екіншіден, Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері (1983) бекітілді, ең бастысы – Сөздіктің құрылымы мен құрамын бір ізге келтіру ісіне қазақ ортологиясының көш басында тұрған академик Р. Сыздықтың өзі тікелей басшылық жасады. Осы негіздерге байланысты 1988-інші жылғы сөздіктің (әрі қарай – Сөздік-2) құрамын іріктеуде қатаң жүйелеу жүргізілді, Орфографиялық сөздіктің осы басылымындағы норма үлгілері қазақ тілінің заңдылықтарын жазуда сақтаудың қатаң дерлік канон үлгілері деңгейінде болды.

Емле сөздігінің қазіргі қолданыстағы нұсқасы – Орфографиялық сөздіктің 2013 жылғы басылымы (әрі қарай – Сөздік-3).

Кейінгі жылдардағы сөздіктерді түзу кезінде қазақ тіліне қатысты саяси, әлеуметтік, ұлттық сананың оянуы сияқты түрткіжайттар әсер еткендіктен, сөздіктің құрамына қазақ тілінің бар байлығын енгізуге ептеп басымдық берілген. Сондықтан да 2005, 2007, 2013-інші жылғы сөздіктерде сөз саны мен тіркестер біртіндеп молая түскен, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына орай ұлттық тілдің ғылым мен техника тілі бола алатындығын, терминдік ұғымдарды бере алатындығын, өміршеңдігін дәлелдеу мүддесінде тілдің барлық дерлік әлеуетін қамтуы жағынан олардың өз құндылығы бар. Айта кетелік, Сөздік-3 түзілерден бұрын 15 томдық Қазақ әдеби тілінің сөздігі жарық көрді, онда соңғы жылдары хатқа түскен қазақ тілінің сөз байлығы айқын көрінді, бұл сөздік Сөздік-2 басылымына нормаланған тілдік фактілердің іріктелуіне сүйеніш болды. Мәселен, тек /*Б*/ әрпі бойынша алғашқы сөздіктерде жоқ 50-ге жуық тілдік бірліктер енгізілген, ішкі реестрдің толықтырылуын есептемегенде, олардың бір тобы жаңа сөз / жаңа терминдер болса, екіншілері кәсіби лексика және көнерген сөздер мен этноатаулар; олардың бірқатары ретінде төмендегідерді көрсетуге болады: *бағам, бағакөрсеткі, бағалама (экон.), бағатізбе, бағдарлама, бағдарғылауыш, байпас (тех.), бормәшине (мед.), бөде: бөде үй (этн.), бөдеске (кәс.), бөжей (көне), бөкей (көне), брифинг, бройлер.*

Емле сөздігінің сөздіктердің басқа түрлерінен басты айырмашылығы – белгілі бір кезеңдегі лексикалық құрамның дұрыс жазылуын жинақтап көрсету, орфографиялық норманы белгілеу. Екіншіден, әлем тілдерінде энциклопедиялық, түсіндірме немесе екітілді сөздіктерге қарағанда, Емле сөздігі жыл аралата жиі жарық көреді. Өйткені жазу практикасында байқалған ерекшеліктер, пайда болған жаңа тілдік бірліктердің орфографиялануы нормативті еңбек арқылы реттеледі, бірізге түсіріледі. Емле сөздігінде жазылуында қиындықтар бар тілдік бірліктермен қатар бірге және бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздердің емлесі, сөздің айтылуы мен жазылуы арасындағы айырмашылықтар, фразалық тіркестердің кейбір үлгілерінің емлесі топтастырылады. Әдеби тілге ене бастаған ұғымдар мен түсініктерді, заттар мен бұйымдардың атауларын беруге әлеуетті мүмкіндігін танытып, жазу практикасында жұмсала бастаған, нормалануға «ұмтылыс» жасаған жергілікті тіл ерекшеліктері мен кәсіби лексика, ғылымның түрлі салаларына қатысты терминдер мен термин тіркестердің бір тобы, емлесін нақты көрсетуді қажет ететін ономастикалық, топонимикалық атаулардың үлгілері енгізіледі.

Нақтылай түссек, басқа тілдегі нормативтік сөздіктермен салыстырғанда, қазақ тілі Емле сөздігінің құрамы өзгеше, құрылымында да айырмашылықтар бар. Қазақ тілінің Емле сөздігі жеке лексемаларды (М. Малбақов «сөздіктің бірліктері» терминін қолданған) тіркеумен шектелмейді. Қазіргі қолданыстағы Емле сөздігі арқылы лингвомәдени ұғымдар, сөздің түптөркінін анықтау мүмкіндіктері, сөздің синтаксистік байланысқа түсу қабілеті (валенттілік), тіркесімділік, сөздің функционалдық қабілеті, прагматикалық қуаты, грамматикалық сипаттама (сөзтудырушы және сөзтүрлендіруші формалар), фонетикалық сипаттама (дыбыстардың жылысуы, қосылуы), омонимия, көпмағыналылық туралы мол мәлімет алуға бо-

лады. Бұл аталғандар және басқа да ерекшеліктер қазақ тілінің нормативтік сөздігінде басқаша жүйемен беріледі, бір жағынан түсіндірме сөздіктің параметрлеріне ұқсас келетін тұстары да болады. Осы жағынан қазақ тілінің Емле сөздігі тілдік бірліктерді тізбелеп берумен, норманы белгілеумен шектелетін басқа тілдердегі лексикографиялық типтерден айырмаланады. Сонымен қатар Емле сөздігінің осындай құрылымы мен құрамы сөздіктің осы түрінің барлық сипатын жүйелеуді, біріздендіруді қажет етеді.

Шын мәнінде Емле сөздігі Ю.Д. Апресян айтқандай, «тілді пайдаланушының практикалық мұқтажын өтеу үшін немесе тілді теориялық тұрғыдан сипаттау үшін ғана қажет емес, сонымен қатар ол тілдің теориялық ғимаратын тұрғызатын өнім болып табылады» (Морковкин, 1994: 13-23). Бұл бағалау түсіндірме сөздікке қатысты айтылғанымен, Емле сөздігінің жүктемесі де түсіндірме сөздікке барабар.

Емле сөздігінің тағы бір ерекшелігі ретінде сөздік арқылы әдеби тіл құрамының толығуы, баюы жөнінде мәлімет жинақталатынын атауға болады.

Сөздік-2 басылымында, мәселен, 49 000 сөз және 9000 сөз тіркесі тіркелгендігі анық көрсетілген, ал Сөздік-3 құрамы бұл көрсеткіштен анағұрлым молайған.

Емле сөздігін ұйымдастырушы құрылым үш бөлікке таралады: негізгі сөз (негізгі реестр), ішкі реестр және белгісөз (помета).

Түптөркіні араб-парсы тілдеріне барып тірелетін «лұғат» сөзі бірнеше мағынаға ие: тіл, сөз, сөйлеу және сөздік. 15 томдық түсіндірме сөздікте осылайша таратылған және «сөз» мағынасында А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов еңбектерінде жұмсалғаны жөнінде мәлімет жинақталған. Академик Р. Сыздық Емле сөздіктерінің алғашқы басылымдарында «ішкі реестр» дегеннің орнына «сөздің ұясы» терминін пайдаланған. Жүйелеу мақсатында баяндау барысында шартты түрде «негізгі / басты реестр» ұғымы *үшін лұғатсөз, лұғатсөздің ұясы* және «помета» термині үшін *белгісөз* аталымдары пайдаланылады.

Емле сөздігіне негіз болатын принциптер. Сөздік тілдің жүйесі лексикада ғана тұйықталып қалмайтынын, лексикалық тілдік бірліктердің сипаты морфология, синтаксис, сөзжасам сияқты тіл қаттауларындағы категориялардың, топтардың коммуникативті-тілдік ерекшеліктерімен тығыз байланыста екендігін көрсетуі тиіс. Емле сөздігінің басты міндеті сөздердің дұрыс жазылуын көрсету десек, осы мүддеде лексикографиялық интерпретация жасау үшін алдын ала ғылыми-практикалық талдау жан-жақты жүргізіледі, тілдің барлық қаттауларына тән белгілер анықталған ғылыми зерттеулердің қорытындылары, сөздікті жетілдіру турасында айтылған әрбір пікір-ұсыныс саралаудан өтеді, сөздікке енгізілген тілдік бірліктің орфограммасының норма екендігі дәлелденеді.

Қазіргі кезде Емле сөздігін жасауға жаңаша тұрғыдан қарау жөнінде көзқарастар айтыла бастады. Көзқарастарға негіз болып отырған жайттар – тілдің қолданысын тану, тілді танудың өзегі – тілді пайдаланушының санасы, мәдениәлеуметтік деңгейі, рухани өмірі, ойлауы, бұл – мәселенің бір жағы болса, екінші жағы зерттеу жүргізілгенде де, лексикографиялық еңбектер жасағанда да тілді пайдаланушының менталды ерекшеліктері, коммуникацияға араласқан кездегі тілді білу деңгейі қандай, ұлт тарихында қалыптасқан тіл тәжірибесін қабылдауы мен игеруі қалайша көрініс табады деген тәрізді күрделі құбылыстарға байланысты. Осының нәтижесінде «тілдік тұлға» термині кең өріс алды. Ал сөздіктің құрамын іріктеуге келгенде, жүйелі-құрылымдық тұрғыдан талдау мен таным тұрғысынан қарастырудың айырым белгілерін салыстыра келе, шетел ғалымы Ю. Караулов «адам – тілдің ішінде, тіл – адамның ішінде» болуы керек деген тұжырым жасады (Караулов, 2010: 3). Жалпы алғанда, жеке адам тілді коммуникативтік қажеттілікке қарай үш мақсатта қолданады: байланыс орнату (контакт), ақпарат беру және әсер ету үшін. Бұл ретте тілді қолдану кезінде коммуникативтік, интерактивтік және перцептивтік (тілдің лексикалық-грамматикалық құрылымын жеке адамның өзі қаншалықты біледі және қалай сезінеді, ақпаратын қандай тілдік бірліктер арқылы жеткізеді, тілдік бірліктерді қалай ұйымдастырады) процестер жүреді. Бұдан алынған нәтижелер, яғни жеке адамның сөзқолданысының жиілігі бірте-бірте артып, тілдің жалпы белгісіне айналуы мүмкін. Бұндай жағдайлар, сөз жоқ, қалыпты, жүйелі құрылымға, тілдік бірліктердің емлесінің өзгеруіне ықпал жасайды. Лексикалық норма тұрғысынан да, емле жақтарынан да әлсіз позициялар немесе бейнорма болып танылып келген тілдік бірліктердің емле нормасы дәрежесіне көтерілу фактілері жиі кездеседі.

Осындай жағдайларға байланысты Емле сөздігі тіл қолданысындағы сонылықтарды ескеруді және оны тілдің ішкі жүйесіне тән заңдылықтармен салыстырып толықтыруды, жетілдіруді қажет етеді, сөйтіп, жоғарыдай

айтқанымыздай, жиі жарық көреді, толықтыру мен жетілдірудің принциптерінің анықталу талабы туындайды.

Талқылаулар

Емле сөздігін түзуге негіз болатын принциптер:

− нормативтік меже;

− ақпараттық-стилдік меже;

− қолданыс жиілігі межесі;

− тілдік бірліктерді біріздендіру межесі немесе жүйелілік принципі;

− ғылыми меже.

Нормативті меже. Орфографиялық сөздік жасау басталар тұста басты назарға алынатын принцип – тілік бірліктердің жазылуының нормасын көрсету, емле нормасын белгілеу.

Нормативтік межені анықтау ең алдымен графика, орфография, орфограмма ұғымдарымен байланысты. Бұл мәселелер профессор Н. Уәлидің еңбектерінде тиянақталғандықтан (Уәли, 2020), қысқаша пікір ұсынамыз.

Графика (әріп) жазба тіл пайда болған кезде қалыптасады, өйткені әріп – жазудың аса қажетті «мүлкі». Орфография – тілдік бірліктердің бірізді жазылуын қамтамасыз ететін ережелер және осы туралы ғылым деген түсініктерді қамтитындығын атамағанның өзінде, жазудың тарихи тұрғыдан қалыптасқан жүйесі. Жүйе қалыптаса түскен сайын жазудың негізгі принциптері (фонематикалық, фонетикалық, морфологиялық, дәстүрлі) екшеле түседі. Сөйтіп, жазу жетіле бастайды, дәл осы арада қоғам мүшелері жазу үлгілерінің бірізді, қалыптанған болуының қажеттілігін сезінеді, өйткені тілдік қарым-қатынаста жазба тілді тиімді, қолайлы жұмсауға мүдделілік, норма ұғымы пайда болады.

Екіншіден, Емле сөздігінің нормативтік межесі лексикалық норма мен орфографиялық норма арасындағы байланысқа тікелей қатысты.

Лексикалық норманың табиғаты академик Р. Сыздықтың еңбегінде толық ашылған. Ғалым мәселені үш салаға бөліп таратады: а) жазба әдеби тілдік нормалар; ә) ауызекі сөйлеу тілінің нормасы: б) сөздердің қолданыстағы нормасы (Сыздық, 2001: 114). Лексикалық норманы анықтау күрделі сипатқа ие. Өйткені лексикалық норманың анықталуы:

− сөздің тура және ауыспалы мағынасын (сөз мағынасының денотатты және коннотатты компоненттерінің мағыналық айырмашылықтарын);

− сөздердің лексикалық-семантикалық тіркесімділігінің қадағалануын және өзгеруін;

− көнерген сөздердің әдеби тіл құрамына енуін;

− жергілікті тіл ерекшеліктерінің ұғымдар мен түсініктерді беруде актуалдануының себептерін;

− кәсіби лексиканың әдеби тіл айналымына енуін;

− жаңа қолданыстардың ұғымдар мен түсініктерді беру үшін пайда болуы мен жасалуын;

− терминжасам мәселелерін;

− грамматикалық форманттардың қызметін;

− синоним, омоним, пароним категорияларының ерекшеліктерін танып-білуді қажет етеді.

Күрделі құбылыс болатынының тағы бір себебі лексикалық норманың қалыптасуының, орнығуының өзі адамның, қоғам мүшелерінің когнитивті санасына, білім деңгейіне, қоғамдағы тілдің орны мен рөліне, атқаратын қызметіне, жазба тіл мен ауызша сөздің өзара қарым-қатысы мен олардың коммуникативтік ортадағы арасалмағына, варианттылыққа байланысты.

Ал орфограмма ұғымы түбір сөздердің құрамындағы, босаралықпен және қосаралықпен (профессор Н. Уәли ұсынған термин бірге және бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздердің жалпы сипатын белгілеуге өте қолайлы) жазылатындарды, бас әріп графемасының, қысқарған сөздердің, дауысты дыбыстардың қатар келуін немесе бірінің түсірілу (жұтылу) себептерін, басқа да емлесі екіұдай тілдік бірліктердің емлесін қамтиды.

Бұлардың барлығына да жазба коммуникацияның нұсқалары негіз болады. Қазіргі кезеңдегі жазба нұсқалардың қаншалықты тарамдалып кеткеніне тоқталмаса да болады. Басты назар аударарлық тұс – жазба нұсқалардың қай-қайсысына да болсын, ауызекі сөйлеу тілінің әсері айқын, басым. Әлеуметтік желілердегі жазба тілдің жаңа тілдік-стилдік сипатын, публицистикалық стилдің «стиларалық стил» деп бағалана бастағанын атамағанның өзінде, функционалдық тармақтардың негізгі түрлері де ауызша сөздің прагматикалық қуатын кеңінен пайдалана бастады. Мәселен, ғылыми ақпаратты беруде ғылыми-көпшілік стил түрі кеңінен таралып келеді. Баяндау тәсілі әрі ғылыми, әрі көпшілік мазмұнға көшкен кезде, сөз жоқ, субъектілік сөзқолданыс болмай қоймайды. Жазба тіл арқылы ақпарат беру орфографиялық нормаларға әсер етеді және орфографиялық норманың деңгейі арқылы танылады. Демек, Емле сөздігі үшін нормативтік меже – басты өлшем.

Ақпараттық-стилдік меже. Жалпы, орфограмма ұғымы жазылуында қиындықтар бар деген ұғыммен үндеседі. Орфограммалық реттеу арқылы ең алдымен тілдегі мүмкін варианттар жинақталады. Ендеше, емлесі қиындық келтірмейтін тілдік бірліктер сөздікке енгізілімеуі керек деген тәрізді пікір туындауы да мүмкін. Бірақ Емле сөздігі лексикографиялық еңбектің маңызды түрі, ұлттық кодтың көрсеткіші ретінде, тілдің диахронды-синхронды дамуынан ақпарат беретін, тиісті қағидалар мен дәстүрлі емлеге сәйкес фонетикалық, морфологиялық құрылымы жағынан проблемасы жоқ тілдік бірліктердің толыққанды тізбесін ұсынады. Әрине, бұл ретте іріктеу жұмысы болады. Айталық, *алақан, арман, тора, тарап, бап, сап, мемлекет, абырой, бауырсақ, қуырдақ, бидайық, қорытынды, құрылыс* типтес сөздердің емлесінде тұрақтылық анық, әйтсе де формант-тармен түрлену кезіндегі сөздің акустикасы мен перцепциясына қатысты өзгерістер (*алақанға – алақаңға* емес; *торабы – торапы* емес; *тарапы – тарабы* емес; *бабы – бапы* емес; сабы және сапы; *мемілекет* емес; *аброй* емес; *қортынды* емес; *бауырсақы* емес) осындай лексемалардың сөздікке енгізілуін міндеттейді.

Әдеби тілдің құрамындағы тілдік бірліктердің мүмкіндігінше толық жиынтығы стилдік қолданыстарды іріктеуді қажет етеді. Лексикографияның тәжірибесінде стилдік ерекшелігі бар сөзге міндетті түрде белгісөз (помета) қойылады.

Сөздік-3-те «стил» деген белгісөзбен (пометамен) бір тілдік бірлік көрсетілген: *жын-сайтан, жын-сайтанға* (пометалар кейінірек талданады). Сөз ретінде айта кетелік, академик Р. Сыздық *шайтан* және *сайтан* сөздерінің денотат және коннотат мағыналарын ажыратып, соңғысында (*сайтан, сайтан алғыр, сайтан қыз*) экспрессивті мағына бар екенін өз еңбектерінде көрсетіп өтеді. Ақпараттық-стилдік межені топтастырып алуымыздағы себеп – функционалдық стилдердегі әдеби тілдің құрамына енетін, орфограммасын да, нормалануын да белгілеу қажет болатын тілдік бірліктердің әдеби тілдің толығу процестеріне қатысын, іріктелу жолдарын анықтау.

Емле сөздігіне ғылым мен техника салаларына қатысты терминдер мен термин тіркестер енгізіледі. Бірақ Емле сөздігі терминдер сөздігінің көшірмесі емес. Термин жүйесі тарөрісті терминдерге және кең қолданыстағы терминдерге жіктелетіндігі белгілі. Емле сөздігі тар аядағы терминдердің баршасын бірдей лұғатсөз қатарына қосуды міндет етпейді. Ал кең қолданыстағы терминдер дегеніміздің өзі шартты бөлініс болып табылады, олар публицистикалық стилде, ресми-іскери стилде, ауызша сөзде (академик Р. Сыздық осы термин арқылы шаршытоп алындағы ресми сөз бен күнделікті ауызекі сөйлеу тілін бірге қарастырған) жоғары жиілікпен қолданыла алады. Осы топтағылар және ішінара тарөрісті терминдер, орфограммасын нақтылау қажет болған жағдайда, Емле сөздігінің басты реестрінде – лұғатсөзде тіркеледі және лингвистикалық сараптама, іріктеу жүзеге асырылады. Мәселен, терминдер сөздігінде *тұқым қуушылық* және *тұқымқуалаушылық* варианттары берілген. Сараптама барысында тілдік бірліктің ұғымдық аппаратты бере алатын мағыналық сыйымдылығы, сондай-ақ дұрыс орфограммасы – бірге жазылуының негіздері дәлелденеді. Сөздік-2 және Сөздік-3 тізбесінде терминдердің көлемі жағынан айырмашылықтар бар, түптеп келгенде, Емле сөздігінде әр сала терминдерінің саны жағынан молая түсуі ақпарат беру, әдеби тілдің баю жолдарын көрсету және орфограммасын нақтылау мүддесінен туындаған.

Емле сөздігінің келесі басылымдарында әсіресе тарөрісті терминдердің жазылуы басты назарға алынатын болады, оның себебі графиканың латынша негізге ауысуына байланысты.

Қолданыс жиілігі межесі. Ортологиялық талдау. Емле сөздігінің кезекті басылымын әзірлеу барысында тілдік бірліктердің қолданыс жиілігін сарапқа салу маңызды рөл атқарады. Қазақ сөзінің жиі игерілетін арнасы да, орфограммадағы өзгерістерді де танытатын нұсқалар – жазба коммуникацияның түрлері. Соңғы жылдары жазба нұсқалардың түрлері, жанрлық тарамдалуы мейлінше көбейді. Жазармандардың көрсеткіші де сан түрлі: кәсіби мамандармен қатар қалың жұртшылықтың білімі, әлеуметтік ортасы әр деңгейдегі өкілдері қоғамдағы барлық мәселелерге пікір қосу арқылы араласып келеді. Осы көрсеткіш қазақ сөзінің жазылуында еркіндіктер туғызды, сөйтіп, бірқатар тілдік бірліктердің емлесін дұрыс көрсетудің қажеттілігі туындады. Бұл ретте Емле сөздігін түзушілердің алдында екі міндет болады: бірі – тарихи-дәстүрлі принцип негізінде жазу практикасында орныққан, нормасы дәлелденген орфографиялық норманы қайырадан бекітіп, ұсыну, екіншісі – жазу практикасында байқалған әрбір фактіні сарапқа салу. Дамыған тілдерде тілдегі жалт еткен өзгерісті дереу жинап алып отыратын қызмет қалыптасқан. Соның өзінде

де Емле сөздігі тілдегі соны құбылыстарды тіркеуде кеш қалып отырады.

Орфограммасын реттеуді қажет ететін тілдік бірліктердің негізгісі, жоғарыда айтқанымыздай, тілдің ішкі жүйесіне тән заңдылықтарды басшылыққа алу. Дей тұрғанмен табиғи заңдылықтардың өзі тілдің даму жолдарында өзгеріп отыратыны белгілі. Тілдің қолданылу аясы кеңіген сайын өзгерістер тілдің жетілген сипатын танытады. Демек, тілдің ішкі, табиғи жүйесіне жаңалық әкелген өзгерістер – позитивті құбылыс, тілдің жетіле түскендігінің белгісі. Сол себепті бұл жайт зерделеуді қажет етеді. Бұл үшін тілдік бірліктердің қолданыс жиілігі сарапқа салынады. Бұл ретте ең алдымен тілдік тұлға деңгейіндегі, қазақ тілінен жетік, тілдің эксплицитті нормаларын білетін және мойындайтын жазармандар (жазушы, журналист, публицист, қазақ тілінде жоғары білімі бар мамандар және т.б.) қатысатын, ресми ақпараттан бастап көркем очерк, көркем туындыға дейін жанрлардың түр-түрінен орын берілетін беделді жазба нұсқалардың (мәселен, «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» газеттері) материалдары негізге алынады. Солай бола тұрса да жазба коммуникацияда еркіндіктер (*визуалды еркіндіктер* деп атауға болады) бар: эксплицитті емле нормаларынан ауытқудың себептері – а) саналы түрде автордың өз нормасын ұсынуы; ә) авторлық орфография; б) терім кезінде кеткен қателіктер. Соңғы техникалық қателіктердің өзі де назарда болуы тиіс.

Беделді басылымдардан іріктелген фактілердің бір тобы төмендегідей:

− бір мәтінде *көркемсурет* термині үш түрлі орфограммамен берілген: *көркем сурет* (бөлек), *көркем-сурет* (дефис арқылы) және бірге таңбаланған. *Сан салалы, сан алуан, әр алуан, кез келген, алдын ала, дер кезінде, ұланбайтақ, ұланғайыр, ұзынсонар, ұзын-ырғасы, таутұлға, кісікиік* тәрізді сөздер босаралықпен, қосаралықпен немесе бірге жазылған: *Мүлде* ***кісі киік*** *болып кеткен Айбар бұл сөздің астарына үніліп те қарамай... Оны өзім де білмеймін, ойыма келген* ***кез-келген*** *нөмірді тере салдым* («Қазақ әдебиеті» газетінен). *Басқосудың уақыты туралы* ***алдын-ала*** *хабарланады* («Айқын» газетінен).

− *айрықша, қайырылу* типтес формалар орфографиялық варианттар түзеді: *«Әпке» деп* ***қайрылушы*** *едім* («Ана тілі» газетінен). *Енді бұл* ***айырықша*** *мәселе болып отыр* («Қазақ әдебиеті» газетінен);

− *пендеауи; тауысқысыз*: *«Айтарын айтып, жазарын жазып үлгермеді-ау» дейтін* ***пендеауи*** *өкініштің болғаны рас* («Ана тілі» газетінен). *Айбардың сұрғұлт жүзіне,* ***түңіліңкі*** *қабағына біраз қарап жатты* («Қазақ әдебиеті» газетінен). Бұларды авторлық орфография ретінде бағалауға болады.

− *ұ, ы, і* дыбыстарына байланысты бірнеше орфограмма орын алып келеді: *Тордың көкмұнар саңлауынан анасының аққұба өңі, әкесінің қарасұр жүзі қылаңыта шалынды. Айбардың* ***сұрғұлт*** *жүзіне...* («Қазақ әдебиеті» газетінен).

− *Анам есіктің алдында* ***туырдық*** *жамап отыр екен* («Қазақ әдебиеті» газетінен). Терімнен кеткен олқылық деп бағалаймыз.

Сонымен қатар күнделікті ақпараттар жиынтығының арнасы, тілі мен стилі беделді нұсқалардан айырмаланатын, әлеуметтік топтарға, жастарға, белгілі бір сала мамандарына, ойын-сауықты насихаттауға арналған түрлі мемлекеттік емес басылымдарда, әлеуметтік желі материалдарында қазақ тіліндегі дыбыстық құбылыстардың (протеза, эпитеза, редукция және басқалар) жазуға көшірілуінен де емле мәселелері туындайды. Бұған *самрұқ, мақлұқ* сияқты сөздер дәлел бола алады. Кең қолданыстағы кірме сөздердің емлесінде, мәселен, қалыптасқан ереже қағидаларынан тыс қолданыстар бар: *штамп – штампты / штампыны; митинг – митингтер / митингілер; бірінші рангілі және бірінші рангылы капитан* дегендермен қатар сөз тіркестерінің сыңарларындағы дыбыстың ығыстырылуы (элизия құбылысы): *бара алмаймын – баралмаймын* және сөз соңындағы дыбыстардың немесе тұтас буынның жұтылуы (аферезис): *деймін – дим; дейді – дид / дейд*; *барам ғой – барам ғо* тәрізділер тілдің жұмсалымында бар. Сол сияқты *секпіл / сепкіл; айналу / айлану; әпке / әкпе; тепкішек / текпішек* сияқты бірнеше орфограммадағы фактілерді кездестіруге болады.

Бұндай жағдайларда кей реттерде «осылай қате жазып жүр» және «бұлардың дұрыс нормасы сөздікте көрсетілген» деген мазмұндағы уәждер айтылады. Әрине, бір қарағанда, тіл жүйесінің заңдылықтарына әсер ететіндей фактілер емес деп бейтарап қарауға да болады. Осындай фактілер тіл мәдениетінің төмендеуіне әсер етеді. Заңнамалық құжаттарда лингвистикалық кеңістікте тіл мәдениетін арттыру үшін сөйлеу мен жазудың арақатысын анықтаудың аса өзектілігіне мән берілген (Мемлекеттік бағдарлама, 2011). Сондықтан тіл мәдениетінің бір компоненті ретінде ортологияның теориялық және практикалық мүддесі де, мақсаты да жұмсалымдағы әрбір тілдік бірлікті сарапқа салу арқылы шешіледі.

Ортологиялық талдау. Мәселенің тиімді шешілуі үшін ортологиялық талдау жүзеге асырылады.

Ортологиялық талдау терминін лингвистикалық талдаудың бір түрі ретінде ұсынамыз.

Ортологиялық талдау қалай жүзеге асырылады? Тілдік бірліктердің әдеби // әдеби емес, емле нормасы дұрыс / емле нормасы дұрыс емес жайы қалай анықталмақ?

Бұл ретте кешенді сипаттама жасалады: оның бірі – жұмсалымда көрініс берген тілдік бірлікті жеке алып, тілдің жүйесіне, тіл заңдылықтарына қатысын анықтау, екіншісі – тілдік бірліктің қолданысқа түскен себептерін танып-білу. Бұлайша талдау өзара тығыз байланыста. Талдау барысында бірде тілдік бірліктің тіл заңдылықтарына тән сапасы, белгісі немесе керісінше, қолданыстағы жиілігі басым түсуі, тіпті екеуі де тең түсуі мүмкін. Талдау кезеңдерінде бір типтес моделдер арасындағы айырмашылықтар, жарыспалы нұсқалар да анықталады.

Зерттеушілердің бірі қызықты пікірін ұсынған: «Сөйлемнің құрамындағы сөзді жұлып алып, оқшаулап, анатомиялық үстелдің үстіне салып қарасақ, сонда ғана сөздің «тірі» емес екендігіне, денеден ажырап кеткен бір мүше сияқты соншалықты қауқарсыз екендігіне көз жеткіземіз» (Касарес, 1958: 64).

Ортологиялық талдау құрылымы жағынан бірдей тілдік бірліктерді бірүлгі моделіне салудың да мүмкін болмайтынын көрсетіп береді. Осылайша ортологиялық талдауды емле нормаларының мәселелерін дәлелдеуді қамтамасыз ететін толыққанды, кешенді лингвистикалық әдіс деп танимыз.

Соңғы жылдардағы жазба нұсқаларда *ауыздан-ауызға (тарау), жылдан-жылға, күннен-күнге, қолдан-қолға (тұрмау), ұрпақтан-ұрпаққа* құрылымдары *ауыздан ауызға, жылдан жылға, қолдан қолға, ұрпақтан ұрпаққа* болып, тіркес түрінде орфографиялық варианттар түзіп, жазылып келеді.

Емле нормасын белгілеу үшін ортологиялық талдау керек болады.

Қолда бар мәтіндердегі жұмсалым жиілігі мен емле сөздіктеріндегі мәліметтер тайталас түседі.

Көркем мәтіндерде:

Сонда ат-атағы баяғының батырындай ***ауыздан-ауызға*** *тараған ер шопандар қимылы біздің бүгінгі күннің анық аңызына айналған* (М. Әуезов, Алғы шеп). *...май айының алғашқы күндері бойында* ***ауыздан ауызға*** *көшті* (М. Әуезов, Шығ.). *Жыл өткен сайын қарқындаймыз* ***жылдан жылға*** (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). *Бағың* ***күннен күнге*** *зияда болсын. Дәулетің шайқалмасын* (М. Мағауин, Аласапыран). ***Күннен күнге*** *дербестігім нығайып, Тез алсыншы жанталасқан ел демін* (К. Салықов, Жезкиік). *Жер жүзі* ***жылдан жылға*** *болды абат, Шөлстан шөп шықпаған болды сабат* (Т. Ізтілеуов, Рүстем...).

Көсемсөз мәтіндерінде:

Тарихи тұрғыда қалыптасып, ***ұрпақтан-ұрпаққа*** *беріліп отыратын дағдылы қарекет пен мінез-құлық нысандары...* («Қазақ әдебиеті» газетінен). *Астана* ***жылдан-жылға, күннен-күнге*** *көркейіп келеді* («Егемен Қазақстан», 14 наурыз, 2011жыл). ***...ұрпақтан ұрпаққа*** *мирас болған үлкен мұра сол халықтың өмірінің мәні болып есептелген жөн-жоралғы, әдет-ғұрып заңдарымен эстетикалық, адамгершілік мұраттары болып табылады* (Қаз. дала. ойшыл.). *Қазақ дәстүрі* ***ұрпақтан-ұрпаққа*** *жалғасса лазым* («Қазақ әдебиеті» газетінен).

Ресми мәтіндерде:

...ұрпақтан ұрпаққа *берілетін және материалдық емес мәдени құндылық болып табылатын салттар, түсініктер мен пайымдардың нысандары* (Материалдық емес мәдени мұра туралы ереже).

Сөздік-2 және Сөздік-3-те көрсетілген күрделі сөздер қосаралықпен, дефис арқылы берілген.

Фактілер орфографиялық варианттардың бар екендігін айғақтайды. Талданып отырған тілдік бірліктердің босаралықпен немесе қосаралықпен жазылуының сандық деңгейі де теңбе-теңге жуықтайды. Бұл ретте күрделі сөздерді лингвистикалық тұрғыдан және қолданыс жиілігі тұрғысынан, яғни жеке-дара бөліп алып, қолданыстарын жинақтап, және бір-бірімен салыстыру арқылы талдаудың қажеттілігі туындайды.

Босаралықпен жазылуын бекітуге уәж – осы тілдік бірліктерді фразалық тіркес деп тану. Рас, түркітану бойынша құнды еңбек – «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» *ауыздан ауызға тарау, қолдан қолға өту* фраза ретінде тіркелген (Кеңесбаев, 1977: 42).

Бірақ Сөздік-1-ден бастап (1957 жылғы сөздік) қосаралықпен жазу нормасы белгіленген. Тегінде, *ауыздан-ауызға (тарау), жылдан-жылға, күннен-күнге, қолдан-қолға (тұрмау), ұрпақтан-ұрпаққа* моделі осы қатарлармен шектеледі, жинақтауды, мөлшерлеуді, іс-қимылдың сатылана өтетіндігін білдіретін семантикалық тұтастыққа ие, бір лексема біртұтастықта

қайталанып жұмсалады, *көзден-көзге, тәуліктен-тәулікке немесе перзенттен-перзентке, сағаттан-сағатқа* құрылымдары жоқ.

Жазу практикасы, емле нормаларын анықтаудың қолданыс жиілігі межесінен өткізу талданып отырған тілдік бірліктердің қосаралықпен, дефис арқылы жазылуының басымдығын көрсетеді. Бұл ретте қос сөз категориясының сипаттамасы ілгері шығады. Белгілі ғалым, профессор А. Ысқақов бір сөздің қайталануы арқылы жасалатын қайталама қос сөздің қатарында қосымшалы қос сөз терминін қолданады (Ысқақов, 1974: 113). *Ауыздан-ауызға (тарау), жылдан-жылға, күннен-күнге, қолдан-қолға (тұрмау), ұрпақтан-ұрпаққа, тектен-текке, бостан-босқа, құрдан-құр* және *қолма-қол, ауызба-ауыз, сөзбе-сөз, көзбе-көз, бетпе-бет, жүзбе-жүз, жылма-жыл, жолма-жол* қосымшалы қайталама қос сөздердің парадигмалық түзімін құрайды. Сөз ретінде айта кетелік, қосымшалы қайталама қос сөз құрамындағы *-ба, -бе, -ма, -пе* тұлғаларының мағыналары анықтала қоймаған.

Қазіргі ресми-іскери және көсемсөз мәтіндерінде *кезкелген // кез-келген, алдын-ала // алдын ала, сан салалы // сан-салалы* орфограммалары жиі кездеседі. Бұлайша болудың бір себебі – түптөркіні бөлек жазылатын тіркес болғанымен, көптеген тіркестер бір ырғақпен, өзара үйлесіммен айтылады, ырғақпен айтылуына сөздің құрамындағы бірыңғай, өзара үндесетін дыбыстар, буындар себепкер болады. Айтылымның және перцепцияның осы ықпалы жазу дағдысына әсер етеді, сөйтіп, осы ықпалдан түптөркіні тұрақты тіркес болғандардың өзі қосаралықпен немесе бірге жазыла бастайды. Беделді нұсқалардағы қолданыс жиілігі мен тіл заңдылықтарының өзара сабақтастықта саралануы арқылы емле нормасы қалыптасады.

1978 жылғы Емле сөздігінен (Сөздік-1) бастап қазақ сөзінің түбір күйінің, грамматикалық түрленімінің орфографиялық нормасында тұрақтылық бар. Бұл қазақ орфографиясы принциптерінің ғылыми тұрғыдан дұрыс таңдалғанын дәлелдейді.

Бұдан кейінгі жылдарда жазба нұсқалар және Сөздік-2 мен Сөздік-3 арасындағы әртүрлі орфограммалар латынграфикалы әліпби негізінде жасалатын Емле сөздігін (Сөздік-4) түзуде ортологиялық талдаудан өтеді.

Жазу практикасында кездесетін, *епті* түбіріне мағыналас *епсекті // ебсекті, епетейлі // ебдейлі, ебедейсіз // епетейсіз // ебдейсіз, ептейлік* тұлғаларының баршасы да сөздікке ену керек пе немесе олардың бірін норма деп тану жайы ортологиялық талдау арқылы дәлелденеді. Тағы да *алақанат (қар), алабөтен (болу), көк ет // көгет, күн ара // күнара; күн ұзын // күнұзын, күнұзаққа, күн шуақ // күншуақ* Сөздік-2-де бөлек таңбаланып, Сөздік-3-те бірге жазылуын, сондай-ақ *ғапіл // ғапіл, қадім // қадым, қадір // қадыр, күшала // күшәла, нафіл // нәпіл* тәріздес араб-парсылық сөздердің орфограммасы осы әдіс арқылы реттеле түседі. Жазба нұсқалардағы *неғып, неғылған (неғып жүрсіз; неғылған адам)* тұлғаларының орфограммасы Сөздік-2-ден бастап әр басқа. Алғашқы сөздікте не қылып формасы ұяда берілген болса, Сөздік-3-те бұлардың екеуі де тіркелмеген. 15 томдық сөздіктер *неғып (сөйл.)* белгісі арқылы берілген *неғылған* сөзі әліпби ретінде жоқ. Алайда жазба тіл осы тілдік бірліктердің жиі қолданысын көрсетеді. Бір ғана мысал:

Ескілік, жаңалықтың арасымын. «Аталсаң ауылыңмен» деген мақал, Бұзайын елдің ***неғып*** *рәсімін* (Б. Майлин, Таңд. шығ.). *Аршалы сай!* ***Неғылған*** *көркем едің! Сол түні неге мені өртемедің?* (М. Мақатаев, Өлеңдер жинағы).

Екі буынды түбір сөздің соңғы буынындағы */ы/* және */і/* дыбыстарының емлесі Сөздік-1-ден бастап ортологиялық кодталған, ортологиялық қалыптанған. Емле нормаларының күллі түркітану бойынша алғашқы және ғажап үлгісін жасаған академик Р. Сыздықтың 1959 жылғы тұңғыш Анықтағышында бірқатар сөздер тәуелденгенінде, *[ы], [і]* дыбыстарының сақталатын тұстары және сусып түсіп қалатыны емле тұрғысынан кодталған. Емледегі осы дәстүрлі принцип Сөздіктердің кейінгі жарияланымдарында сақталып келеді және жазу дағдысында да орныққан: *көрік >< көрігі*, бірақ: *көркі; ойын><ойыны,* бірақ: *ойнау; қорық>< қорығы,* бірақ: *қорықты><қорқақ / қорқыныш.* Соңғы буынында *[ы]* және *[і]* дыбыстары бар *тегеурін, жасырын, ықылым, қарауыл* тәрізді үш немесе көп буынды сөздердің емлесінде қиындықтар кездеспейді. 1983 жылғы Емле ережелерінде де бұл ерекшелік жеке тармақта нақтыланған.

Салыстырылған фактілер арқылы орфографиялық норманы қалыптастыруда жазба нұсқалардағы қолданыстың маңызды екендігі анықталады. Дегенмен Емле сөздіктерінде сөздің түбір қалпын көрсету, сөздің түбірін сақтау міндетті. Осылайша сөздің түбір қалпы мен қолданыстағы өзгерісі арасында кейде тепе-теңдік, кейде теңсіздік пайда болады. Сөздің түбірі мен сөз түбіріндегі дыбыстардың сусып түсіп қалуынан пайда болған орфограмманың

қолданыс жиілігіне қарай кейде жарыспа нұсқалар пайда болады. Бұл – бірте-бірте жүретін үдерістердің бірі. Сөз ретінде айта кетелік, әлемдік ғылымдағы эволюция және даму (развитие) терминдері өзара мағыналас болғанымен, ғалымдар оларды ажыратады: эволюция – тілдегі түбегейлі өзгерістер деген сөз, ал даму тілдің қолданысындағы жаңа сипаттардың басымдық таныта келе, ауызша тіл мен жазба тілдің дағдысына, нормасына айналуын білдіреді (Рождественский 1990).

Сөздік-3-те *аулы ж. ауылы, аузы ж. ауызы, даусы ж. дауысы* қатарларының тіркелуі қолданыс жиілігіне байланысты.

Тілдік бірліктердің қолданыс жиілігін ескере отырып, ортологиялық талдау жасау Емле сөздігінің қатарын түзетін сөздердің нормативтік, ақпараттық, стилдік, кей реттерде эстетикалық межесін дәл сараптауға мүмкіндік береді.

Тілдік бірліктерді біріздендіру межесі немесе жүйелілік принципі. Емле сөздігіне енгізілетін тілдік бірліктерді жүйелеу ұстанымы – маңызды принциптердің бірі. Бұл принцип Сөздіктің құрамы мен құрылымын жүйелеу арқылы анықталады.

Сөздіктің құрамы мен құрылымы жөніндегі ақпарат, әдетте, Сөздіктің Алғысөзінде беріледі. Алғысөз негізінде Сөздік түзілген кезеңде әдеби норманың қалай және қай деңгейлерде қалыптасқаны және қалыптану үдерістеріне ыңғайланған тілдік бірліктердің сипаты еркін түрде баяндалады. Сөздік-2 нұсқасында сөздіктің құрылымы сөз таптарына қарай жүйеленіп көрсетілген. Осындай нақтылық сол кезеңде маңызды еді, өйткені әсіресе сөзтудырушы қосымшалардың өнімділігі, мағына ажырататын қызметі молайған тұста, бірге немесе бөлек жазылатын күрделі сөздердің орфографиялануының түйінді жайттары анықтала бастаған кезде, жазуда байқалған көптеген проблемаларды талдап, түсіндіріп берудің бірден-бір қолайлы жолы осы болды. Сондықтан, айталық, Сөздік-2-нің Алғысөзінде *-шы, -шылық* қосымшалары арқылы жасалған, лексикалық мағынаға ие болған *ағартушы, ағартушылық* деген сөздердің тіркелетіндігі, ал *қабылданушы* немесе *қабылданушылық* дегендердің сөздікке енгізілмеуінің себептері түсіндірілген. Сондай-ақ етістіктің етіс формаларының да Сөздік-1-ге енетіндері және тіркелмейтін формалары әбден анықталған: *қуану* түбірі арқылы жасалғандардың қатарында *қуанту, қуанысу* тұлғалары үлгі ретінде алынған, ал етіс форманттарының одан әрі сатылана жалғануында (*қуандырту, қуантқызу*) емле проблемасы болмағандықтан, сөзтізбе қатарында берілмейтіндігі көрсетілген. Осылайша жүйелену кейінгі емле сөздіктерінде біршама реттерде назарда болды.

Сөздік-3-тің Алғысөзінің құрамы мен құрылымы басқаша мазмұнда. Бұл – заңды да, өйткені Сөздік-2-де сұрыпталып берілген тілдік бірліктердің нормасы мейлінше нақты болса, соңғы басылымда жазу практикасында пайда болған емле нормасына қатысты күрделі тұстарды және еңбектің 2005, 2007-жылдардан кейінгі толықтырылу, түзетілу себептерін егжей-тегжейлі баяндау мақсаты бар. Сөздік-3-тің алтыншы басылымының мақсаты «әдеби тілдің толық корпусын жасау, осы себепті тілдің бүгінгі тынысын тап басатындай, тілдің ішкі құрылымындағы өзгерістер мен қоғамдағы әртүрлі жаңалықтарды көрсететіндей болуы» ескерілгендігі айтылған (Орфографиялық сөздік, 2013). Сөздікке осы аталғандармен қатар жаңадан пайда болған терминдер мен сөз тіркестері, көне, ескі кітаби сөздердің дұрыс жазылу емлесі жинақталған. Бірге және бөлек жазылатын сөздер тобы толықтырылып, реттеле түскен. Алтыншы басылымның құнды жақтары бұлармен де шектелмейді.

Тілдегі жаңа сөздердің нормалануын көрсету (*ғаламтор, айқұлақ, ықпалшара*), әлеуметтік мәні жоғарылаған діни лексиканың топтастырылуы (*аятолла, ғұсыл, ифтар*), терминжасам жүйесінің қазақыландырылуына байланысты молайған стандарт тілдік бірліктердің (*зейнетақы қоры, геосаяси түзілім, еншілес компания*) енгізілуі әдеби тілдің корпусын қалыптастырғанына дәлел.

Ал емле мәселесіне келгенде, Сөздік-3-тің құнды жақтарының бір тобы – орфограммасы әртүрлі, емлесінде қиындықтар бар тілдік бірліктердің – көне, ескі кітаби сөздердің, бірге және бөлек жазылатын сөздердің (*қолорамал, беторамал, асқасық*) толықтырылуы және реттелуі, жарыспалы қатарлардың (*адал // халал; уәде // уағда; әкім // хакім*) арнаулы стильдік белгілермен саралануы.

Метафизика ұғымы ең алғаш Аристотель еңбектеріне тиесілі болды. Метафизика басқа ғылымдарға қарағанда мәні мәңгілік жойылмайтын ұғымдарды анықтайды. Әлем дегеніміз не? Құдай бар ма? Адам баласына тән сана, қайырымдылық қалай пайда болды? Адам неге жаратылады, неге о дүниелік болады? Яғни жаратылысқа тиісті сауалы мен жауабы қатар жүретін ұғымдарды осы метафизика анықтайды. Г.И.Спасскийдің «Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды» орыстың шығыстану әдебиетіндегі қазақ халқының тарихы мен этнографиясына қатысты алғашқы еңбектердің бірі болды әрі күні бүгінге дейін мәнін жойған жоқ. Орта Азия елдерінің тарихы жөнінде мәліметтер жинай жүріп, оның жүйеленген нұсқаларын «Сибирский вестник» пен «Азиатский вестник» журналдарына жариялады. Зерттеушінің қазақ халқының салт-дәстүрі, ғұрпы, шаруашылығы мен отбасылық тұрмысы жайлы өзі бақылаған жағдаяттарды шынайы сипаттаған очеркі қазақ халқының көшпелі тұрмысынан бай мағлұматтарды жинақтаған. Тарихшы хандар шежіресін тарату үстінде көптеген тарихи дәйектерге сүйенеді, салыстырады.

Зерттеуші Л.Н.Гумилевтің мұралары адамзат қоғамының тарихын терең зерттеп, мифтік болмыс түріндегі кезеңнен қазіргі ұлттардың

қарым-қатынасына дейінгі даму аралығын терең қозғаған. Бұл жөнінде ғалым М.Қозыбаев: «Гумилевтің концепциясы адамзаттың жаралуын эволюциялық емес, өзіндік ішкітүрлік, әр түрлі тайпалар мен нәсілдерді бір қазанда араластыру кезіндегі зерттеуі қандай да бір сызбаны жасап, осы бір вавилондық қозғалыстарды елестететін бүкіләлемдік тарих арқылы көрсетуді көздеген. Оның теориясын меңгеру бүгінгі күні де күрделі. Адамдардың қатыстылық теориясын ондағы уақыт категориясының қысқаруы мен кеңеюін, этногенез бен жер биосферасының өзара байланысу жұмбағын мардымсыз ғана түсіну дұрыс емес. Ғалым «этносфера» терминін енгізіп, адамзат пен табиғаттың дамуы арасындағы бөлінбейтін байланысты анықтайды. Отандық халықтанудағы бетбұрыс қадам – оның ұлттық біртұтастығы, халық қауымдастығы туралы тұжырымы болды (Гумилев, 128).

Адамзат өркениеті үнемі эволюциялық дамуды бастан кешірді. Соның ішінде ерекше белсенділік арқылы өзінің индивидтік болмысын көпшілік үшін, қоғам үшін жұмсап, барлық кемел білім-парасатын адамзат игілігіне арнаған жанқиярлық – пассионар болмыс та көрініс берді. Пассионарлық Л.Гумилевтің көрсетуінше белгілі бір дәуірде тұтас этносқа тән мінез-болмыстың тұрақталған жиынтығы. Ол адам болмысының ерекше феномендік құбылысы ретінде метафизикалық ерекшелікке парапар. Бұл әр дәуірде Аристотель, И.Кант, Рубинштейн, М.Бахтин, әл-Фараби, Баласағұн еңбектерінде көрініп, ұлттық концептілер жүйесі қарастырылды.

Әдебиеттерге шолу

Рухы берік, ұлтқа деген сүйіспеншілігі шексіз халықтар ғана биіктен көрініп, ұлы көштен қалмай, дамыған елдердің қатарынан табылып отырған. Сондықтан, ұлттық рух, ұлттық код, ұлттық сана ұғымына ерекше мән беріп, ортақ қасиеттерін, мазмұнын айқындап алуымыз керек. Қазіргі таңда жиі естіп жүрген ұлттық код туралы айтатын болсақ, «қазақтың ұлттық коды деп қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтқан жөн жығар. Яғни, тарихи тамыры тереңде жатқан, ұлтымыздың күні бүгінге дейін бәрінен жоғары бағаланатын қасиеттері, солардың сығымдалып тұжырымдалған формуласы қазақтың ұлттық болмысының сырын түсінуге апаратын, тиісінше қастерлеп сақтауға жататын құпия кілттің тап өзі боп шығуы ғажап емес» (Қойшыбаев, 5). Қазақ халқының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу» дейді.

Ұлттық рух – ұлттық реалийлердің сапалы, бірегей жағдайының жинақталған нәтижесі. Ол жекелеген топтың, белгілі бір тұлғаның ғана жасайтын әрекеті емес. Ұлттық рух тұтас халықтың болмысына тән сипат болуы тиіс. Әдебиет халықпен бірге жасасып, дамып отырады. Ұлт болып қалыптасуының елеулі белгісі – көркем әдебиеті. Тарихи шығармалардағы елдік, ерлік ұлттық рухпен астасып жатады. Бұл асқақ сезім Отанды қорғау, халық үшін, оның ұлттық құндылықтары үшін күресу, ұлт тағдырына ара түсу деген сөз. Жалпыұлттық мұрат халықты тұтас қамтыған кезде ғана ұлттық рухтың ерекше құбылысына айналады. Халықтық рух – тарихи, қоғамдық, рухани құбылыс. Профессор Ө.Әбдиманұлы рухты көтеретін, құдіретті жырларымыз бастауын Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен алады, ол ескерткіштердегі жылдарды оқи қалсаң бойыңды еңсең көтеріліп, жаныңа ерлік рух береді дейді (Әбдиманов, 7). Тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген тарихи романдарда ұлттық рухты асқақтату мен мәңгілік елдің асқақ арманын саралау терең пайымдалды. Ата-бабадан қалған айбын, рух, қасиет бүгінгі күн биігінен қарағанда терең зерттеуді қажет етеді. Қазіргі таңда жиі қолданып жүрген «ұлттық мүдде», «ұлттық код», «ұлттық ментальділік» деген тіркестердің мағынасына терең бойлап, ғылыми тұжырымдама жасауды талап етеді. Тәуелсіздік алып, рухымыздың көтерілгеніне де отыз жылдай уақыт болып қалды. Аз уақыт емес, осы уақыт аралығында көптеген тарихи туындылар дүниеге келді, талай зерттеу жұмыстары жазылды, алайда бәрін зерттеп болдық деп кесіп айту ерте.

Ғалым Лев Гумилев этнос туралы гепотезаны, нақты айтқанда әртүрлі этникалық жүйелердің қалыптасуын қарастырады. Бүгінгі таңда жиі естіп жүрген ұлттық кодтың шығу төркінін этностар арасындағы байланыстарды зерттеген ғалымның еңбектерінен кездестіруге болады. Нақты ұлттық код деп атамаса да, этностардың белгілі бір тайпаның шығу тегін, сол елдің өзіне ғана тән ерекшелігін жан-жақты зерттейді. Этнос, суперэнос, субэтнос туралы мәліметтерді де алғаш ғылыми ортаға енгізген – Л.Н.Гумилев. Біз де өз тарапымыздан халықтың ұлттық ерекшелігінің қалыптасуын зерттеу барысында ғалымның еңбектеріне соқпай кете алмаймыз.

«Мәңгілік ел», «Ұлттық код» сөздері жиі айтылып жүр, жеке бір зерттеу нысанына айналатын күн де алыс емес секілді. Ұлттың негізгі қуаты – ұлттық код. Атадан балаға мұра болып келе жатқан, ананың сүтімен енген біздің рухани құндылықтарымызды қазіргі жастардың санасына сіңіруіміз керек. Ғалым Т. Сыдықовтың «Рух пен интеллект көкжиегі» деген зерттеулер мен мақалалар жинағында ұлттық ерекшеліктер мен рух мықтылығы туралы ой білдіреді. Тарихқа терең бойлап, Мәңгілік ел болып қалудың жолдарын көрсетеді (Сыдықов, 8).

Ал, әлем әдебиетінде ұлт, әр ұлттың өздеріне ғана тән ерекшеліктері туралы зерттеу жүргізген С.Кьеркегор, А.Тойнби, С.Хантингтон, Э.Мунье, Р.П.Уоррен, А.А.Залевская, М. Риффартер, А.Б. Лорд, Р. Барт, М.Бютор, А.Н. Веселовский, А.А. Потебня секілді ғалымдарды ерекше атап өткен дұрыс.

Нәтижелер мен талқылау

Әр саладағы ғалымдардың пікірінше метафизикада басы ашылмаған мәселелер көп. Ол осындығымен құнды. Ойлау тарихында метафизиканы ғылыми жағынан негізсіз пән ретінде алып тастау да көзделді. Ал, метафизика тіршіліктегі көптеген жағдаяттарды алдын-ала білуімен, осы арқылы жаратылыс құбылысына, оның құпиялылығына деген қызығушылықты тереңдетуімен бағалы. Метафизикаға қатысты түбірлі сыни көзқарастың бастауында тұрған философ Иммануил Канттың өзі оның адамзаттың рухын ұштайтын құбылыс ретінде таныған: «Қай кезде адамзаттың рухы метафизикалық зерттеулерден бас тартқан жағдайда бұл біздің лас ауа жұтудан сескеніп, демімізді алмай қоюмен бірдей болмақ. Әрқашан саналы адамда метафизика болады». Көркем сөздің өзіндік метафизикасы бар. Метафизикалық ойлаудың болмысы – күрделі әрі кең (Aristotle, 2005). Адамзат тіршілігін әр түрлі кеңістік шегінде қарастыру, әдебиетті өзге өнер түрінен ерекшелендіреді. Құдай мен адам, рух пен тән, қасиеттілік пен күнә, өмір мен өлім, еркіндік пен заң, тағдыр мен кездейсоқтық – метафизиканың бұл ұғымдары шынайы әдебиетте көрініс береді. Бұл әдебиетті философияның бір тармағы, ой мен ойшылдықтың бейнесін беруші деп түсіну емес. Рас, метафизика философияның бір арнасы ретінде – дүниетаным заңдылықтарын, табиғат пен жоғары шынайылықтың алуан түрлі формасын қарастырады. Театр мен бейнелеу өнерінің, дін мен саясаттың, тіл мен музыканың өз метафизикасы бар. Осылайша, метафизика философиядан кең де, тар да мағынада болуымен ерекшеленеді. Бір жағынан метафизика – философияның эпистемология, онтология, этика, эстетикасымен қатар аталатын бір саласы ғана. Екінші жағынан, философия – әдебиет, театр, бейнелеу өнері, музыка сияқты метафизиканың бір аясы. Метафизикаға тән көптеген тақырыптардың бірі – адам баласы жарық дүниеге қалай келеді және неге осы жан иесі қайтадан өмірді тастап кетеді. Метафизика – табиғат жайлы мәңгілік құбылыстар ғана емес, сонымен қатар, адам жаратылысына тән әр тарапты мәселелер жайлы сауалдар алаңы.

Әдеби туындыларда тікелей метафизикалық құбылыстар көп орын ала бермейді. Негізінде, метафизика әдебиетте бейнелер, стиль, сөз саптау, деталь, авторлардың өзіндік қолданыстары арқылы көрініс береді. Кейде метафизикалық ұғымдар ғасырларға жетіп отырады. Осыған сәйкес көркем метафизиканы зерттеу метафизика бойынша трактаттарға қарағанда өзгеше тәсілді қажет етеді (Abu Nasr al-Farabi, 2019). Мұнда автордың тікелей айтылған ойымен ұшыраспайсыз: әдебиеттегі, көркем туынды идеясындағы тұтас оймен жүздесесіз. Ал, бұл ойлау жүйесі кейде авторға да беймәлім болуы мүмкін. Ендеше әдебиет зерттеушісі көптеген жаңама материалдармен, мәтінішілік, мәтінаралық байланыстармен кездеседі. Бұдан түйетініміз көркем метафизика жалпы ұғымдарды, категорияларды қарастыратын философияға қарағанда анағұрлым, терең әрі көп қырлы.

Әдебиеттегі метафизика – ғасырдан ғасырға, бір дәуірдегі қаламгерден екіншісіне жетіп отыратын бейнелеу, ұзақ немесе мәңгілік ойлау жүйесі. Әдебиеттегі метафизика екіжақты мәнге ие: әдебиет белгілі бір метафизикалық ұғымды жеткізуші, бейнелеуші; екінші жағынан метафизикалық зерттеу нысаны. Зерттеуші пікіріне ден қойсақ: «Орыс көркем әдебиеті – міне, бұл шынайы орыс философиясы, өзіндік бояуы бар, кемпірқосақ суретіндей алуан бояуы құлпырған сөздің тамаша философиясы. Оның түпсіз тереңінен үнемі адамзат рухының аса маңызды мәселелері туындап отырған». Метафизикаға берілген бұл сипаттама оның мәңгілік құндылықтар жөніндегі зерттеу бағытының дұрыстығын дәлелдеді. XIX ғасырдағы орыс жазушыларының: Пушкин мен Лермонтов, Гоголь мен Достоевский, Тютчев пен Л.Толстойдың метафизикасындағы басты ой ең алдымен күміс ғасыр орыс ойшылдары – Розанов пен Мережковский, Шестов пен Бердяев

шығармаларында ашылды. XX ғасырдағы орыс әдебиеті үшін метафизикалық ойлау кезеңі және нәтижесін қорытуы – яғни күміс ғасыры қазіргі жиырма бірінші ғасырдың бастауына сәйкеседі.

Адамзат мәдениетінің рухани қазынасы үнемі алдыға озып отыратыны белгілі. Сонау XI ғасырда жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны сол тұстағы ел өмірінде маңызды орын алғаны тарихтан белгілі. Авторға осы еңбегі үшін «хас хаджиб» лауазымы берілген. Заманынан озып туған Жүсіп Баласағұнның бұл еңбегі нешеме дәуір өтсе де, өз құндылығын жоймаған бағалы тарихи жәдігер екені айғақталып отыр. Баласағұн дәйектеген мәселелер бүгінгі жаһандану дәуірінде де терең мәнге ие. Сол дәуірде қозғалған ел басқаруда адамгершілік, имандылық, ізгілік, әділеттілік, білімділік қағидаларын тұтынудың өзектілігі арта түспесе кеміген емес. Дастанның басты мақсаты – бақытты қоғам құру, берекелі де құтты ел түзу. Яғни отбасын ұстаудан бастап, мемлекет құру, ел басқару ісіне дейінгі ұстанымдар берілген. Бақытты, ізгілікті қоғам құру жер бетінде адам баласы пайда болғаннан бері көнермей келе жатқан адамзаттың аңсары. Дастанда автор: «Адам жайлы баяндайын енді мен, Қадір тапқан ақыл, білім, иесімен», – дейді (Әдеби жәдігерлер, 12). Адам баласы жаратылысынан ақылды, білімді болып тумайтынын білеміз. Бұл қасиеттер адамға еңбек арқылы келеді. Отбасындағы тәлім-тәрбие, қоршаған ортада болып жатқан жақсы-жаман құбылыстар, қоғамдық құрылыс, халықтың әлеуметтік жағдайы – осы факторлардың бәрі де адам баласына әсер етпей қоймайтыны ақиқат. Ал, осы толып жатқан ұнамды-ұнамсыз құбылыстардың парқын ажырату үшін негізі мықты тәрбие мен білім қажет. Сонда ғана жұмыр басты пенде ақылмен, оймен, парасаттылықпен ғұмыр кешеді.

Посткеңестік кезеңде «еуразияшылдық» пен «ғарыштық» дискурс алдыңғы кезекте көрінуге ұмтылды. Еуразиялық көзқарас тұрғысынан біршама уақыт батыс ықпалы мол болды. Себебі әлем көркем сөз өнерінде ғасырлар бойы адамзаттың биік интеллектісін қанағаттандырып келе жатқан мәңгілік толастамайтын идеялар бар. Олардың бәрі жинақталып метанарративті құрайды. Метафизика көп жағдайда метанарративпен байланысты еді. Метафизикалық тармақтардың әрқайсысы метанарративке бастайды. Яғни, барша әдебиет үн қоса алатын тақырыптар, баяндау жүйесі болады. Әдебиеттің метафизикалылығы сол, ол көп жағдайда айтылуға тиісті ойдың бейнесін, белгісін ұғындырады. Т.Карлейль айтқандай «символда құпиялылықпен қоса ашықтық та бар, яғни үнсіздік пен сөз екеуі бірлесе әрекеттесіп, екіжақты мәнге ие болады». Шындығында да жазушы ештеңе айтпайды, айтатын – кейіпкер. Зерттеуші М.Бахтинше айтқанда «жасалған бейне (яғни, бірінші автор) ешқандай ол жасаған бейнеге ене алмайды. Жазушы атынан ешнәрсе айтуға болмайды. Сондықтан алғашқы автор үнемі үнсіздікте болады». Яғни автор жасалған дүниенің ішіне толықтай ене алмайды – осыдан келіп көркем әлемде метафизикалық құпия болады. Әдебиеттегі құпия – «алғашқы автордың» үнсіздігі, ол бәрін айтып болған соң, оқырманға әрі қарайғы ой жалғастығын қалдырады. Көркем сөз – белгілі бір мәні бар үнсіздік. Оған дәлел қазақтың байырғы салт-дәстүр, ғұрпы. Мәселен, фольклордағы жұмбақ, мақал-мәтелден бастап, барша жанрларында осы сөздің құпиялылығы сақталған. Мәселен, қазақ сөзді астарлап, тәмсілдеп сөйлеген. «Ақыл жастан, асыл тастан шығады» деген мақал әрі жалқы, әрі жалпы мәнге ие. Біз осы тобықтай мақалдан тоқсан ауыз сөзді өрбіте аламыз. Шағын ой орамы өзінің ішкі мағынасын тереңге бүккен. Оның ар жағында айтылмай қалған ойды оқырман өзі табады. Сөздің астарында мол мағынаның болуы сол халықтың сөз өнерінің ерекшелігі. Кешегі шешендер мен билер де елдің елдігін сөзбен, қызыл тілдің айшығымен сақтап қалған. Осыған орай метафизиканың негізін қалаған Аристотельдің өзі «халықтың таңғалған, қайран қалған сезім-күйінің өзі философияға жетелеген»,- дейді (Ryan, 2017). Ал, халқымыздың мол арналы сөз өнері қаншама терең даналықты көрсетеді. Халық әдебиетіндегі батырлар жыры елдің қорғаны болған қаһармандықпен қоса, халықтың дәстүрін, ұрпаққа деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығын әйгілемей ме? Мәселен, «Қамбар батыр» жырында «Жақсылар дастан бастайын, әуелі алла сиынып, екінші кәміл піріме» деп алдымен баба жоралғысынан бастап, «ашқа тамақ, жаяуға ат, төрт түлік малға көңілі шат, жарайды екен қысылса, жұртының қиын күніне» деп алты ұлы, Назымдай сұлу қызы бар Әзімбайды мадақтаудан басталады (Қазақ халық әдебеті, 5). Бұл батырлар жырының қай-қайсысына да тән. Батырлар жырының басы жалпы дастанға тән метанарративті әйгілеп тұр. Себебі, батырдың өзі ел ішінен шығады, ендеше оның отаны, туған жері, ата-анасы мен ел-жұртының ахуалы тегіс қамтылуы шарт. Осы пролог бірінен бірі өтетін таңғажайып оқиғаларға ұласады. Оқырманын

қызықтыра отырып, небір батыр, қаһарманды, оның ерекше батырлығын, ақылды жары мен есті тұлпарын суреттей отыра, батырлық пен қаһармандықтың шығу төркінін, оған тән белгілерді санамалап отырады. Сол арқылы метафизиканы жинақтайды. Яғни, батыр ерекше тұлға, оның дүниеге келіп, тұлпар тізгінін ұстағанынан бастап, ешкімге ұқсамайтын ерек сипаты кемелденіп отырады. Бұл халықтың ел қорғайтын ерді армандауынан туған. Ендеше, батыр осал болмауы тиіс: оған «шапса қылыш, атса оқ өтпейді, суға салса батпайды, отқа салса жанбайды». Елдің панасы болатын батырдың осындай ерекшелігі оның жарынан, тұлпарынан, жасаған жорығы мен күресінен де байқалуы керек.

Халықтың мәдени коды – сол елдің мәдениеті мен әдебиетін сәйкестендіретін ақпараттар жүйесі. Әлемдік тарихта дәуірмен, мемлекеттің саясатымен және мәдени деңгейімен сәйкес әлеуметтік-мәдени кодтар тасымалданып отырса да, халықтың ұлттық болмысы, тұрмыстіршілігінің негізі сақталады. Мәдениет – халықтың өмірі, оның ақыл-ой дамуының өткені, қазіргісі және болашағы. Әр халық жалпы адамзат өркениетінің даму тарихы аясында өздерінің дербес рухани құндылықтарын жоғалтпай, сақтап, жеткізіп отырады. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында көптеген жәдігерлер халыққа жетті.

Ұлы дала тарихында қазақ халқының басынан өткен талай жағдайлар сақталып қалды. Әр дәуірде ғұмыр кешкен әл-Фараби, Махмұт Қашғари, Баласағұн, ибн-Сина, Яссауи, Ұлықбек әлемдік өркениетке бағасыз үлес қосты. Осы дала ұлыларының өлшеусіз еңбектері Еуропа ренессансына жол ашты. Қазіргідей интеграция мен инновациялық ізденіс кезеңінде жаһандану үрдісінің өзі әр ұлттың дербес табиғатын тани түсуге де мүмкіндік жасауда. Яғни, тұлғаның жеке қасиеті, жан диалектикасы, тұлға концепциясының орнығуы, қайраткерлік сипаты ерекше назарға алынуда.

Қазақ халқының ұлттық коды бірегей. Ол жалпы әлеуметтік-этнографиялық, мәдениәдеби даму сипатынан айқын аңғарылып отырады. Ал, оның көркемдік тұрғыда бейнеленуі халқымыздың этникалық бірегейлігін, көркемдік ойлау жүйесінің ерекшелігін айқындай түседі. Әлемдік этникалық картина – бұл дүниетаным көрінісі. Алғашқы әлемтанушылық модель этнос дамуының ең ерте кезеңінде қалыптасып, мифологиялық болмыс иеленеді. Мифология ұлттан оқшау емес, ол ұлттың рухани «іргетасы», алғашқы тарихы, ең басты ұлттық сипатты айқындап, өмір бойы сол халықпен ілесе дамып отырады. Алайда, мифологияның ұлтаралық, ортақ сипатты иеленетін тұстары да бар. Оған дәлел ретінде «мекен», «үй» ұғымын алуға болады. Ол әлем халқы үшін ортақ сипат иеленеді.

«Үй» мифологемі басым мәнге ие ұғым ретінде әлемдік әдеби үдеріске ерекше ықпалын тигізді. Әрбір көркемдік бейнелеуде бұл ұғым өзіндік философиялық-ғұрыптық мәнге ие. Әрине, көшпелі өмір салтын ұстанған халқымызда бұл ұғымның шарттылық сипаты басым. Сайын даланы жылдың төрт мезгілі жайлаған қазақ қай жерге төрт түлік малын өргізіп, ошақ орнатты, тау-тасына, суына атау қойып, қазығын қақты. Бір маусым тұрақтаған жерін отаны, үйі санады. Сондықтан үй қазақ халқы үшін кең, әр тарапты мағына иеленді. Тіпті ғасырлар бойы мекендеп, ата-бабасының ежелгі мекені болған жерді де даланың кеңдігімен өлшеді. Осы арқылы халқымыздың генетикалық жады тереңдей түсті. «Мекен», «үй» мифологемі өзіндік культ иеленді, халқымыз қара шаңырақтың қасиетін қадір тұтты. Осы ел-жерін қорғап, тыныштығын, бейбіт тіршілігін сақтау ұлт үшін міндет болды. Ел бірлігін сақтау үшін төрелік айтып, кеңес беретін билер, ел қорғаған батырлар шығып, ұлт тарихында қалды. Ендеше, мекен, тұрақ, қоныс деген ұғымдар халқымыз үшін концептілік мәнге ие. Осының бәрі адам болмысының метафизикалық қасиетін тереңдетті. Ел іргесін ажыратпай, бейбіт жағдайды сақтап, мал-жанына мекен тауып беру өзекті болды. Сондықтан ел іргесіне жау тигенде алдымен ес жиятын ақынжырау, шешен-көсемдер болды. Олар елдің сол тұстағы жағдайына байланысты әрекет етіп, елге жөн сілтеді. Оларға қорғаныш болатын қауіпсіз жер табу, елдің іргесіне қорған болатын ер-азаматты атқа қондырып, бес қаруын сайлап беру, сырт жауға қарсы жұмылдыру, келіссөздер мен мәмлегерлік жұмыстар – осының бәрі белгілі бір тәртіппен атқарылуы тиіс болды. Ал, бұл ұлтты сақтап қалудың бірден-бір жолы еді. Осының бәрі тұтаса келе адамның санасында қоршаған ортаға, жалпы айнала кеңістікке деген көзқарасын, тіршіліктің мәні, ұрпақтың қамы, өмір мен өлім, сенім мен рух сияқты түсініктерді қалыптастырды.

Ұлттық код – сол ұлттың дүниетанымында, санасында жинақталған, тұрақталған белгісі. Ол ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Әрине, сол күйінде емес, толығып, өзгеріп, қырланып отырады, кейі өзгеріп, ұмтылады. Оған сол ұлттың қазіргі жағдайы, өмір сүру салты ықпалы тигізеді. Ал, бірегей сипат өміршеңдігін

сақтайды. Тіршілік үшін күрестің санада орныққан түрі де басымдық мәнге ие болды. Мәселен, елдің алдында бата беру, тілек тілеу, құдайға жалбарыну, алғыс, қарғыс, құрбандық шалу, түс жору, миф, аңыз әңгімелердің тууы – осының бәрі адамның метафизикалық болмысын тереңдетті. Адам дүниетанымы өткенді еске алып, болашақты болжау, әр түрлі белгінышандарға мән беруге де ойысып отырды. Осыдан келіп сана тереңінде жасырынған кейбір архетип түсініктер алға шықты. Кеңістік пен уақыт қатынасы ерекшеленіп, идиллиялық сапаға ойысты. Яғни, мекеншақ қатынасы ерекшеленіп, адам баласы өзінің туған жеріне, қонысына, ата-баба мекеніне ерекше ілтипат білдіріп, әрбір деталін жадында сақтады. Яғни бұл орын бірлігі бесік пен қабір, балалық шақ пен қарттық кезеңдерін үндестіріп жіберді де адам санасында өмір жайлы өткен мен болашақ туралы ұғымдарды бір мезетке тоқайластырып жіберді.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында «мифологемнің» проблемалық өрісі кең әрі көптеген пікір қайшылықтарын тудырып отыр. Себебі бұл ұғім мәдени және ғылыми парадигма тұрғысынан философия, әлеуметтану, саясаттану салаларына қатысты да, мифологем үнемі жаңа, қосалқы мәнмен толығып отырады. Осы ретте, мифологем жайлы ғылыми дискурс оны көркем мәтіннің мифопоэтикасы тұрғысынан ең бір орталық мәселеге жатқызады. Оған себеп көркем мәтін кеңістігі екі өрісті – көне архаикалық ойлау мен жеке-авторлық мифопоэтиканы бір мезгілде қарастыра алады. Жалпы қоғам дамуындағы өркениеттегі дағдарыс, сананың толқымалылығы, адам баласының болашаққа деген сенімсіздігі оларды соңына, өткеннің болмысына қарайлап, содан жұбаныш, айнала қоршаған ортаның жарасымдылығын іздеуге мәжбүр етті. Яғни, халық жадында бекіген ежелгі мифологемге неомифологиялық тұрғыда қарап, тануға жетеледі. Енді адамдағы ежелгі түсінік-ұғымдардың жаңаша қырлары ашылып, қабылдана бастады. Яғни, халқымыздың атамекенге деген көзқарасы өрістеп, тұтастықтан жекелікке ойыса бастады. Бұл мифологем адамзат мәдениетінің ықпалдастығын аңғартады. Яғни көнедегі дала кеңістігі, күмбез, орда бейнесі бүгінгі жаңа дәуір өркениетімен ұштасты. Сол арқылы адам баласының санасына көне таным бейнесі орнығады. Ал, көркем әдебиетте бұл мифологиялық сюжеттер, бейнелер негізінде тұрақтанады. Қай кезде де халық болашақтан жақсылықты күткен. Оны ертегі, аңыздарында, жыр-дастандарында молынан сипаттаған.

Классикалық өнер шындығында өзінің шығарылымын толық таныған жерде пайда болады. Әрине, ғасырлар желісінде классикалық дүниелердегі шексіз мағына тереңдігі мойындалып келеді. Классикалық өнердің осындай ашықтығы Гегельге дейінгі классикалық философиямен сәйкесті. Оның әрі қарайғы жалғасы Кьеркегор, Шопенгауэр, Фейербах, Маркс, Ницше секілді ойшылдарда жалғасты. Осымен қатар, оның екінші жағы – эстетикалық «қабылдау» бар. Ендеше, адамзат өнер түрлерін қабылдау арқылы рухани биікке жоғарылайды. «Күмәндану мен сенім» – екіжақты қайшылықты түсінік. Ойшыл С.Кьеркегор «Страх и трепет» еңбегінде осы парадоксті талдайды (Большая энциклопедия, 2005). Авангардтық бағытты ұстанған өнер діни болмысты, құпия әрі бейсана құрылымдық танымда байқатады. Әр адам өзінің генетикалық тамырына үлкен күмәнмен қараса, оның бұл сезімі әр түрлі дүдәміл, күдікті, әр тарапты ойларға жетелейді. Осы арқылы адам танымындағы түс көру, екіұдайылық сезімі туады. Көне мұраларда адам баласының жаратылысы жұмбақ құбылыстарға әуес келетіні айтылады. Сол құпияны шешу жолында адам күресуді, әрекет етуді, ойлануды, ісінің дұрыс-бұрыстығын парықтауды үйренеді. Адам баласы алдағыны болжау, елестету, ойдан шығару, әр түрлі амал-тәсілдерге жүгіну, жаратылыс құбылыстарынан жәрдем сұрау, жалбарыну тағы басқа күй кешеді.

«Азаматтық қоғам» – құл иеленушілік, феодалдық немесе буржуазиялық қоғам кезінде әлеуметтік теңсіздік пайда болады. Осындай кезеңде идеологиялық қарама-қайшылық басым көрініс береді. Мұны өз кезінде Гегель тұлғаның қалыптасу процесі, өзінің индивидтік дербес мақсаты мен ұмтылысының орнығуы деп атаған. Бұл тип Еуропада XI-XII ғасырлардаақ пайда болып, өзін ренессанстық кезеңнің гуманистік дүниетаным белгілерімен көрініп, адамның жер бетіндегі құқығын сақтау жолына арнаған. Дәуір жылжыған сайын бұл түр эволюциялық даму жолынан өтіп, оның алған бағыты тереңдеп, енді жекелеген адамдардың адамгершілік-идеологиялық құқықтарын ғана емес, тұтастай елдің, топтың мүдделерін қорғау жолына беттейді. Осы арқылы субстанциялы тип ұлттың ең озық, күш-жігерін, санасын иемденеді. «Тұлға» ұғымының батысеуропа тіліндегі баламасы персона, ол адамның дербес сипатын (индивид) әйгілейтін ұғым. Тұлға ұғымын анықтауда оның дербес сипатынан бөлек, оның өмір сүрген кезеңі, нақты

уақыт-кеңістік қатынасын айқындау қажет. Тұлғаның ерекшелігі ол әрекетімен де, ой-таным биіктігімен де көптен оқшау тұрады. Тұлға өз ұлтының ұлттық дәстүрін сақтаумен қабат, оның алыс болашағын кемелдікпен парықтайды.

Дәстүрдің сақталуы ұлттың мәдени жадына тікелей қатысты. Халқымыздың ауыздан ауызға тараған фольклорлық мұраларында сол ұлттың бүкіл тұрмыс-тіршілігі тұнып тұр. Әрине, фольклордағы «дайын формалар» дайын сюжет, жанр, баяндау түрлерін туғызуға негіз болды. Алайда, көркем шығармашылық, риторикалық дәстүр шегінде әлемнің онтологиялық көкжиегі игерілді. Олай дейтініміз жақсы тұрмыс, жайлы қоныс, ұрпағының, ел-жұртының амандығы – әлем халықтарына ортақ жайт. Осы тепе-теңдікті сақтау үшін әр халық түрлі әрекеттер – күрес, қарсылық, бейбіт мәміле, қоныс аудару – жүргізіп отырған. Соның ішінде ұрпақтан ұрпаққа жеткен дәстүр, ғұрыптар өзінің өміршеңдігімен ерекшеленеді. Тек халқымыздың ауызша шығармашылығында ғана емес, жазба сөз өнерінде де дәстүр сақталып отырған. Дәстүр осы тұрғыда өнер иесінің дербес шығармашылық мүмкіндігін шектеп тастамаған. Керісінше ол өз дәуірінің озық дәстүрлеріне сүйенеді. Осылайша дәстүр және дәстүрлілік тарихи дәуірдегі мәдени құбылыс ретінде сақталды. Әр дәстүрдің өзіндік басым бағыттары болады. Зерттеуші В.Хализев пікірімен түйіндесек «дәстүрлілік шегінен шығу әдеби шығармашылықтағы дәстүр аясын кеңейтті әрі оның мәнін тереңдете түсті» (Краткая литературная энциклопедия, 1966).

Әрине, қоғамдық-саяси өмірдегі ірі өзгерістер шығармашылыққа өзінің ерекшелігін әкеп отырады. Осыған байланысты әдебиетте де «дайын формалар» пайда болып жатады. Мәселен, өткен дәуірдің басында әдебиетте орныққан бай, кедей, жетім бейнелері сипатталған көркем туындыларда ұқсас сюжетті, біркелкі идеялы шығармалар туды. Осыған сәйкес күрескер тұлғалар, езілгендер, қалың мал құрбандары мен әлімжеттік күйге ұшыраған кейіпкерлер жүйесі қалыптасты. Олар қоғамдағы белсенді күшке айналды. Себебі, олардың жеке басындағы жағдай сол тұстағы қоғамның да басты ахуалын аңдатты.

Адам санасын тарихтан тыс алуға болмайтыны белгілі. Адамның болмысы оның әлеуметтік сапасын айқындайды. Адам жағдайы, факторы көбірек қозғалса, сол ортаның әлеуметтік атмосферасы өзгереді. Себебі, адам өзінің хал-жағдайын қоғамдағы басым мәселе қатарына көтереді. Адамның ішкі болмысын психологиялық әлем дейді. Оған тереңдеген сайын адам психологиясының терең, ерекше қырлары айқындала түседі. Зерттеуші С.Л.Рубинштейннің көрсетуінше, психологиялық аспекті аясына психикалық механизм мен процестер жатады. Себебі адамның жеке психологиялық күй-жағдайының өз ортасына лайық жалпы сипаты болады. Бұл туралы өз зерттеулерінде қарастырған ғалымдар С.Г.Якобсен мен Н.А.Менчинская моральдық қағидалардың қалыптасу және қызмет жасау механизмдерін және ғылыми дүниетаным формаларын айқындауға күш салды. Көне дәуірден бастап-ақ психологтар адамда ойлау, қабылдау, түсіну процестерінің әр түрлі деңгейде болатындығын анықтаған. Яғни мұның ішінде адамның саналы, бейсаналы, қалыпты, үйреншікті әрекеттері жатады. Психолог П.В.Симонов осы психологиялық сана аясына адамның болмыстан тыс тұратын сана түрін де жатқызады. Әлеуметтік психологияның жалпы психологиядан өзгешелігі адамның белгілі бір ортадағы, топтағы психологиялық реакциясын зерттейді. Осы жағынан әлеуметтік психология жалпы психологияның мәнін тереңдетеді, себебі әлеуметтік дегеннің өзі адамның ұлтын, ортасын, ұстанатын әдет-ғұрпын, адамгершілік қалпын анықтап береді (Jung, 1952).

Ал, көпшілік ортасындағы адамның күнделікті күйі үнемі жүйелі бола бермейді. Бұған оның білім, тәжірибесін, әрекетін, ұстанымын білдіруін қоссақ, оның сол ортадағы тұлғасының ерекшеленуі пайда болады. Тұлға құрылымын зерттеу оның сол ортадағы адами, мінез-құлық, білім-парасат, таным ерекшелігін айқындап береді. Адамның осы ерекшелігі неғұрлым терең, өзгеше болған сайын оның тұлғасы да даралана бастайды. Қоғамдағы мораль – адамның әрекетінен туындайды. Ал, адами, имандылық құндылықтар – қоғамның болмысын айқындайды. Бұған ұлт тарихындағы елге көсем бола білген тұлғалар тағдыры дәлел. Өз кезінде Бұқар жырау хан мен халықтың арасына дәнекер бола отырып, ел-жұртының бүтіндігін сақтауға күш салды. Жырау ханға батыра сөйлеп, саясатындағы бұрыстықты бетіне басып отырса, кейде тұтас руға да қатаң сөйлеп, ықтыра тіл қатты. Кей тұста алдағыны болжап, ханды да, қараны да сабырға шақырды. Бір өзі ақын да, жырау да, мәмлігер де, сәуегей де бола отырып, өз ортасындағы бейбіт өмір, этика талаптарының сақталуына мұрындық болды. Бұқардың осы тұлғалық ерекшелігі ел басқарған ханға да қажет еді. Ендеше, жырау елдің ішкі-сыртқы саясаты-

на да еркін араласып, ханның ақылшы, кеңесшісі болды. Жыраудың осы болмысы оны басқа сөз өнерпаздарынан ерекшелендірді. Сондықтан жыраудың айтатын сөзі де кесімді, өткір, терең болды.

Жер бетінде адамзат пайда болғаннан бастап, оның өмірді, тіршілікті бағалауы, бақытты ғұмыр кешу, ізгілікке, имандылыққа, адамгершілікке, мейірбандылыққа, парасаттылыққа жақын болуға ұмтылысы үзілген жоқ. Осыдан келіп адамның санасында өмірдің мәні, мәңгілік құндылықтар туралы сұрақтар туындады. Бұл жөнінде барша адамзаттың ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы жайлы» трактатында: «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы керек. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп соған әрекет жасауы тиіс. Әртүрлі индивидтердің түрліше қасиеттерінің айтылғанынан мынадай айқын қорытынды шығады: білуі тиіс болған (нәрселер) мен бақытты кез келген адам біле бермейді. Бұл нәрсе кез келген адамға бітетін қасиет емес. Ол үшін (екінің бірінде) ақылгөй ұстаз керек. Кейбір кісілер азын-аулақ қана басшылықты керек етеді, басқа бір адамдар – көп басшылықты қажет етеді. Бірақ басшылықтың бұл екі түрі болғанның өзінде ол адам, егер сырттан итермелеуші, немесе талпындырушы болмаса, үйреткен, берілген ақылдың бәрін бірдей орындай бермейді. Бұл жағдай адамдардың көпшілігіне тән нәрсе. Сондықтан ол осының бәрін үйрететін және тиісті амалдарды орындауға итермелейтін адамдарға зәру болады. Кемел ақыл иесі Жүсіп Баласағұн бақыт жайлы ойды: «Кімдер жомарт – сол бақыттың иесі, Бақыт берген жанға бақыт тиесі!» яғни, адам бойындағы жомарттығы мен дархандығы басым болса сол адам бақытты дейді. Ұстаз болып, бүкіл жұртты ізгілікке шақыру дегеніміз – хакім болумен пара-пар. Хакімдер жайында Жүсіп білгір, ғалым адамдармен қалай қатынасу керектігін, хакімдер халықты жақсылыққа, ізгілікке бастаушылар. Олардың білімін үйрен, өздерін сыйла деп уағыздайды. Бұларды қалай шешу, өзінің мінез-құлқын қандай әрекеттерге арнауына қарай адамның өмірдің мәні туралы ұстанымы орнықты. Бұған өзінің айқын көзқарасын білдірген ұлы Абай болды. «Толық адам» тәрбиелейтін адамның өзі кемел ұстаз болуы қажет. «Толық адам» деңгейіне көтерілген адам ғана адам ұлт ұстазы деген атқа лайықты болуы керек.

Адам болмысы негізінен, дербестікке бейім. Оған әр ұлтқа тән ортақ сапаларды телісек, ұлт тұлғасының болмысы айқындала түседі. Қазақ ұлтына тән шешендік, ой кеңдігі, парасаттылық, тәмсілдеп сөйлеу, арғы-бергі тарихына, бабалар дәстүріне жүйріктік – тұлға болмысын айқындайтын қасиеттер. Осыдан тұлға теориясы туады. Ал, әрбір тұлға өз ортасының өзгерісін, ерекшелігін, ахуалын байқап, ойға түйіп жүреді. Сол арқылы оның эмоционалдық-сезімдік, интеллектуалдық, рухани қуаты орнығады. Ол ортасымен үнемі диалогта болады. Диалогқа қатысты ғалым М.Бахтин: «Айту өзгелер үшін керек. Адамның ойы шынайылылыққа айналу үшін адамдар бір-бірімен сөйлеседі, ой, пікір алмасады. Сол арқылы бір-бірін тани түседі. Осы өзара көру затты-мағыналық, композициялық-тілдік қатынас түрінде жүзеге асады. Сол арқылы «қосүнділік» пайда болады (Bakhtin,1975). Диалог формасы әр түрлі. Оған халқымыздың тарихындағы айтыс, мәміле, келіссөздер, шаңырақтағы әр түрлі интерьерлер, қаружарақ, киім үлгісі, салт-дәстүр белгілері жатқан. Мәселен, «... жаңадан сайланған ханға қошемет, біздің пайымдауымызша, хан сайлауының өте маңызды – ақ киізге көтеру рәсімі атқарылады. Ол мынадай екі сәттен тұрады. 1) Ақ киізге жаңа ханды отырғызу салтанаты; 2) Ақ киізге көтерілген ханды көтеру (қақпақылдау). Бұл ханды марапаттаудың шарықтау шегі». Бұл халық пен хан арасындағы диалог үлгісі. Халық алдында орындалатын осы рәсім жұртшылықты хан сайланды, енді ол билікте отырады, оның айтқаны заң. Ханды төбеңе көтеріп, құрмет ет дегенді білдіреді.

Адамзат тарихы тек қоғамдағы саяси мәселелерді шешпейді. Тарихта адам дамуына қатысты мәселелердің бәрі өзекті болуға тиіс. Тарихты тану арқылы онда орныққан құбылыстар жаңаша пайымдалып отырады. Бұған адамның, тұлғаның интеллектісі қатысады. Тарихшы ғалым Х.Әбжанов: «Еуразия құрлығының шығысындағы өркениет иелері – жаңаша жыл санауға дейінгі III мыңжылдықта Құлжабасында жабайы аңдар суретін қалдырғандар, қола дәуірінде Беғазы-дәндібай мәдениетін дүниеге әкелгендер, сына жазуының иесі байырғы түркілер көтерген қара шаңырақты ұстап қалған қазақтар әріден келе жатқан дәстүрді жалғастыра отырып, кәсіби қоғамдық ғылымдар толық қалыптаспаған уақыттың өзінде тарихты жоғалтпаудың, жүйелеудің, насихаттаудың ұтымды екі үлгісін түзді. Біріншісі – болған істі, өткен күн оқиғаларын қаз-қалпында баяндау.

Екінші үлгі – шежіре тарқату. Егер бірінші үлгіде тарихи үрдіс халықтың, қаганның, ханның, батырдың, билер мен бектердің іс-әрекетімен, араласуымен баяндалса, екінші үлгідегі тарих баянында жеке тұлғаға басымдық беріледі. Екеуінде де тарихтың себеп-салдары, басталуы, барысы, тағылымы бір-ақ ауыз нақыл сөзбен, ой-тұжырыммен тиянақталады». Халқымыздың табиғатына тән сабырлылық пен төзімділік оның дүниетанымына ықпал етті. Көп ретте баба дәстүрі сөздің күшімен атқарылды. Халқымыз дала заңына бағына отырып, жаратылыс ұсынған көптеген құпияның жауабын таба білді де, оның өзінің тұрмыс-тіршілігінің бөлшегіне айналдырды. Халық кейде көпке, ортасына, тіпті ұрпағына риторикалық сұрақтар қойды. Жаратылыстың метафизикасын қабылдап, соған сай ғұрпын, салтын орнықтырды. Адам тәні өлсе де, рухының мәңгілік екенін мойындап, ата-баба аруағына сыйынды. Мәңгілік деп санаған ұғымдарды түзді, сөздің магиялық күшіне сенді.

Академик С.Қасқабасов: «Көркем фольклор шығармаларының тағы бір орындалу мәнері бар. Ол – экспозитивті, яғни түсіндіре баяндау. Бұндай мәнер өте шебер жыршылар мен ертекшілер өнерінде кездеседі. Олар жай жырлап, болмаса ертегіні құр баяндап қоймайды. Оқиғаға араласпай отыра, олар кейде тікелей, кейде жанай баяндалып отырған оқиғаға деген өз қатынасын, яғни көзқарасын білдіріп отырады». Адам баласының эмоционалдық ашықтығы мен қарым-қатынасқа бейімдігі өзінің ана тілі арқылы көрініс береді. Адамның тіл мәдениеті оның этноәлеуметтік және мәдени-тарихи тұтастығының дамуы ретінде өзінің ұлттық болмысымен ерекшеленеді. Қазақ халқының сөйлеу этикеті ғасырлар бойы қалыптасып, дамыды. Оның жұмсалуы қоғамның даму үрдісіне, адамның әлеуметтік мәртебесіне, жас ерекшелігіне байланысты. Зерттеуші Л.В.Щерба тілдік практиканы зерттеу үстінде «тіл-сөз» диадасын енгізді өзінің көзқарасын зерттеуінде былайша негіздейді: «...өзіміз тірек ететін барша тілдік өлшемдер болашақ концепт бола отырып, біздің сөйлесуіміз бен түсінуіміз арқылы қалыптасып, «тілдік материал» ретінде орнығады. Осылардың бәрі жинақтала келе, белгілі бір ортаның сөйлеу мәдениетін орнықтырады» (Щерба, 1957). Бұл адамды танудың, ішкі болмысын бақылаудың құралы болады.

Қорытынды, тұжырымдар

Қазақ халқы өзінің өткен тарихында қаншама соғысты, жорық пен аласапыран оқиғаларды бастан кешті. Ұлт болып қауымдаса бастаған жұрттың бірлігіне сына қағып, шашыратып жіберуге құмар дұшпанның көздегені елдің, жердің кеңдігі мен байлығы еді. Ал, жебесін оққа толтырған айбынды батырлар, тілге шешен, ойға жүйрік абыз би-шешендер халықтың басына қайғы әкелетін жағдаяттардан аулақ болуға үндеді. Бұл – ұлттың қасиеті. Қазақ халқы өзінің ғасырлар бойғы арман-аңсарын, тіршілік жайлы даналығын салт-дәстүріне, көркем сөзіне ұйытқан. Осы арқылы ұлттың бірегей санасы, танымы орнықты. Бұл ұлттың кодын айқындады.

Кез келген ел әдебиеті – сол халықтың мәдениетінің, ұлттық санасының көрінісі. Әдебиет халықтың бостандыққа, еркіндікке, болашаққа деген сенімін, қадамын аңдатып отырады. Сондықтан да әлеуметтік өмірдегі теңсіздік, күрес, жалпы бұқараның ахуалы әдеби шығармада үзбей көрініс береді. Әдебиеттің де өзіндік метафизикасы бар. Метафизикалық, ойлаудың күрделілігі мен кеңдігі, адамзат тұрмысының шекті, шексіз жағдайларын қарастыру, әдебиетті адамның көңіл-күйін шапшаң өзгертіп, жедел ұмтылатын басқа өнер түрлерінен ерекшелендіреді. Бұл әдебиеттің мүмкіндігін, көркемдік-таным қуатының беріктігін дәлелдейді.

Әдебиеттер

Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. 1 том. Ежелгі Шығыс. – Астана: Фолиант, 2005. – 480 бет.

Л.Н.Гумилев және дала өркениеті проблемасы// Л.Н.Гумилев: этногенез теориясы. – Астана: ЕҰУ, 2012. – 158 бет.

Қойшыбаев Б. Ұлттық код – рухани болмыс кілті [Мәтін] / Б. Қойшыбаев // Егемен Қазақстан. – 2017. – № 115. – 19 маусым. – 5 бет.

Әбдиманұлы Ө. «Қазақстанның қазіргі әдебиетіндегі ұлттық идея және тарихи мәселелер» І.Есенберлиннің 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция. 9-сәуір, 2015 жыл. – Алматы: ҚазҰУ, 2015. – 88 бет.

Сыдықов Т. Рух пен интеллект көкжиегі: портреттер, зерттеулер. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік институты, 2015. – 361 бет.

Aristotle. Poetics and Rhetoric – New York : Barnes & Noble Classics, 2005 . – 517 p.

Abu Nasr al-Farabi. The book of mind. – Almaty: Abai International club, 2019 . – 238 p.

Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Том 5. Ж. Баласағұн. Құтты білік. – Алматы, 2007.
Ryan M. Literary Theory: a practical introduction. – New York: Wiley Blackwell, 2017.
Қазақ халық әдебиеті. Т.3. Батырлар жыры. – Алматы, 1987.
Краткая литературная энциклопедия / гл. ред. А.А. Сурков; редкол.: Х.Ш. Абдусаматов [и др.]. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – (Энциклопедии. Словари. Справочники. – 111000 экз. (в пер.) – Нұрғожа Ораз қоры. Библиогр. в конце ст. Т. 3. Иаков-Лакснесс, – 976 стр.
Литературная энциклопедия терминов и понятий. – М.: Интелвак, 2001. – 1600 стр.
Jung K.G. Psychology and Literature. The Greative Process, ediked by Brewster Ghiselin. Berckley and Los Angeles. 1952.
Bakhtin, M.M. Questions of Literature and Aesthetics, (Russian) – Moscow: Progress, 1975.
Щерба Л. Избранные работы по русскому языку. – М., 1957.

References

Abdimanuly O. (2015) Kazakstannyn kazirgi adebietindegi ulttyk idea zhane tarihi maseleler. [National idea and historical problems in modern literature of Kazakhstan]. Conference materials. 9 april. KazNU. – 88 p. (in Kazakh)
Abu Nasr al-Farabi. (2019) The book of mind. – Almaty : Abai International club. – 238 p. (in English)
Adebi zhadigerler. (2007) Zhiyrma tomdyk. T. 5. Zh. Balasagun. Kutty bilik. [Literary relics] – Almaty, – 536 p.
Aristotle. (2015) Poetics and Rhetoric. – New York : Barnes & Noble Classics. – 517 p. (in English)
Bakhtin, M.M. (1975) Questions of Literature and Aesthetics, (Russian) Moscow: Progress.
Gumilev L.N zhane dala orkenieti problemasy. (2012) [L.N. Gumilyov and the problem of Steppe civilization] ENU, – 158 p. (in Kazakh)
Jung K.G. (1952) Psychology and Literature. The Greative Process, ediked by Brewster Ghiselin. Berckley and Los Angeles. (in English)
Kazakh halyk adebieti. (1987) Batyrler zhyry. [Kazakh folk literature] The song of heroes – Almaty. (in Kazakh)
Koishybaev B. (2017) Ulttyk kod – ruhani bolmys kilti. [National code – the key to spiritual existence] Egemen Kazakhstan newspaper. No 115. – 19 june. – 5 p. (in Kazakh)
Kratkaya literaturnaya entciklopediya. (1966) Editor-in-chief Surkov A.A. [A short literary encyclopedia]. T. 3. 976 p. (In Russian)
Literaturnaya entciklopediya terminov i ponyatii. (2001) [Literary Encyclopedia of terms and concepts] – Moscow: Intervak, – 1600 p. (In Russian)
Ryan M. (2017) Literary Theory: a practical introduction. – New York: Wiley Blackwell. (in English)
Shcherba L. V. (2007) Izbrannyie raboty po russkomu iazyku. [Selected works on the Russian language]. Moscow: Aspect Press, – 256-257 pp.
Sydykov T. (2015) Ruh pen intellect kokzhiegi: portretter, zertteuler. [The horizon of spirit and intelligence: portraits, research]. Taldykorgan, ZHGU. – 361 p. (in Kazakh)
Tarih – adamzat akyl-oiynynkazynasy: on tomdyk. [History is a treasure of the human mind]. T. 1 (2005) Foliant. – 480 p. (in Kazakh)

IRSTI 16.21.33 https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph15

X.P. Uimanova*, M.G. Kakishev

West Kazakhstan University named after Makhambet Utemisov, Kazakhstan, Uralsk
*e-mail: xeniya.destination@yandex.ru

LEXICO-STYLISTIC PECULIARITIES OF ENGLISH LITERARY TEXT

This article examines the lexical and stylistic features of literary texts using the example of Nelle Harper Lee's work "Go, Set a Watchman", which was published in 2015. Nelle Harper Lee is one of the most remarkable American writers of the XX century, famous for her book "To Kill a Mockingbird" which is thoroughly studied in schools and higher educational institutions in America. Since the book "Go, Set a Watchman" was published recently, there is still no sufficiently complete and detailed analysis of this work by the American writer, which confirms the relevance of our article. Our goal is to establish the characteristic features inherent in the text of a given author by analyzing lexical and stylistic aspects. We focused specifically on a literary work since the style and expressive means of the writer's language are clearly traced in such works. Through consideration of the lexical and stylistic features common to literary texts, we found many examples in the book "Go, Set a Watchman", among which are stylistic means, such as epithets, metaphors, as well as slang, and colloquial vocabulary prevails in the author's style. The results of this work can be used in teaching students of philology.

Key words: linguostylistics, stylistic features, lexical features, literary text, Harper Lee.

К.П. Уйманова*, М.Г. Какишев

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Орал қ.
*e-mail: xeniya.destination@yandex.ru

Ағылшын тіліндегі көркем мәтіндердің лексикалық-стилистикалық ерекшеліктері

Бұл мақалада 2015 жылы жарық көрген Нелл Харпер Лидің "Иди, поставь сторожа" шығармасының мысалы арқылы әдеби мәтіндердің лексикалық және стильдік ерекшеліктері қарастырылады. Нелл Харпер Ли – XX ғасырдағы ең көрнекті американдық жазушылардың бірі, Америкадағы мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылатын «Убить пересмешника» кітабымен танымал. Біздің мақаламыздың өзектілігі – «Иди, поставь сторожа» кітабы жақында ғана жарық көргендіктен, американдық жазушының бұл жұмысына әлі толық және егжей-тегжейлі талдау жоқ болғаны. Біздің мақсатымыз – лексикалық және стилистикалық аспектілерді талдау арқылы осы автордың мәтініне тән белгілерді анықтау. Біз көркем шығармаға ерекше назар аудардық, өйткені дәл осындай шығармаларда жазушының тілінің стилі мен экспрессивті құралдары айқын көрінеді. Көркем мәтіндерге ортақ лексикалық және стилистикалық ерекшеліктерді қарастыру арқылы біз «Иди, поставь сторожа» кітабынан көптеген мысалдарды таптық, олардың арасында эпитеттер, метафоралар, сонымен қатар сленг сияқты стилистикалық құралдар бар, ал авторлық стильде ауызекі лексика басым екені анықталды. Бұл жұмыстың нәтижелерін филолог студенттерді оқытуда пайдалануға болады.

Түйін сөздер: лингвостилистика, стилистикалық ерекшеліктер, лексикалық ерекшеліктер, көркем мәтін, Харпер Ли.

К.П. Уйманова*, М.Г. Какишев

Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова, Казахстан, г. Уральск
*e-mail: xeniya.destination@yandex.ru

Лексико-стилистические особенности художественных текстов на английском языке

Данная статья посвящена рассмотрению лексико-стилистических особенностей художественных текстов на примере произведения Нелл Харпер Ли «Иди, поставь сторожа», которое было опубликовано в 2015 г. Нелл Харпер Ли является одной из самых выдающихся американских писательниц XX века, прославившейся своей книгой «Убить пересмешника», которая досконально изучается в школах и высших учебных заведениях в Америке. Так как книга «Иди, поставь сторожа» была опубликована недавно, еще нет достаточно полного и детального

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University

анализа данной работы американской писательницы, что подтверждает актуальность нашей статьи. Нашей целью является установление характерных черт, присущих тексту данного автора, путем анализа лексических и стилистических аспектов. Мы сделали акцент именно на художественном произведении, так как именно в таких произведениях ярко прослеживаются стиль и выразительные средства языка писателя. Посредством рассмотрения общих для художественных текстов лексико-стилистических особенностей мы обнаружили много примеров в книге «Иди, поставь сторожа», среди которых стилистические средства, такие как эпитеты, метафоры, а также сленг, а в авторском стиле преобладает разговорная лексика. Результаты данной работы могут быть использованы при обучении студентов филологов.

Ключевые слова: лингвостилистика, стилистические особенности, лексические особенности, художественный текст, Харпер Ли.

Introduction

The analysis of aspects of English speech is of particular interest in the study of linguistics. One of the best sources for conducting research on the functioning of a living language, in our opinion, are authentic samples of works of fiction because such works have integrity and inner completeness, comprehensive ideological and aesthetic meaning. The works of literature reflect the reproduction of actual reality and show how the author perceives life. (Esin, 2000: 4)

One ought to keep in mind that people live in the world of culture. Consequently, the essential characteristics of the text are largely determined by the culture, especially since the texts themselves are part of it. At the same time, literature and works of literary texts help to understand not only the culture, but also the lifestyle and events of different eras, thereby allowing readers to enrich their horizons and have new experience and emotions. (McGee, 2002: 2)

We consider in this article an example of a literary text taking into account the analysis of lexis and stylistics – which is one of the sections of linguistics that studies the styles of a literary language and the language means that create their features since in recent years it has been generally recognized that there can be no one-sided survey of the text.

During the linguistic text analysis, scientists determine the main semantic shades of words, expressions, and other linguistic phenomena, while the linguistic-stylistic analysis has the text as its object of study and considers how the images are transformed into literary speech.

Touching upon such a subject as linguo-stylistic analysis, the concept of the text itself should be defined more precisely. The text is "a verbal speech product in which all language units are realized" (Babenko, 2005: 12). In addition, it is a multi-level system, where all the components are in unbreakable agreement, which helps to accurately convey the author's point of view. (Simpson, 2004: 5) The author's picture of the world is reflected in a literary work not always explicitly and openly, sometimes it is disguised as the speech of the main characters of this work, who also express their point of view not directly with the help of words, but through emotions, behavior and attitude towards people or situations occurring around. In this aspect, a literary text can have a strong, especially aesthetic impact on the reader.

The object of linguistic-stylistic analysis is just a literary text, but not the fiction work itself. Therefore, "the text is one of the parts of the work, an extremely significant part, without which a work of fiction is impossible to exist." (Lotman, 1972: 24)

The second aspect that should be mentioned is the concept of style, which is inextricably linked with the text since it directly expresses on paper what was said and in what manner or style. The authors offer many definitions of this notion, we consider only one presented in Halperin's book about the style of the English language. In this work, style is equated with individual creativity, since the means of language used to form and express a creative idea are selected by each person, in our case by the author, individually. In general, style is "a linguistic expression of thought with an emphasis on the aesthetic-artistic or ideological concept of the author." (Halperin, 1981: 14)

Having considered the definitions of text and style, this is preeminently the time to discuss the expressive means classifications since they are the means by which the author creates his/her work. Such tools are an integral part of linguistic and stylistic analysis, which is carried out at several levels: phonological, morphological, lexical and syntactic. In this article we are covering the lexical level. Lexical means are those means which are figurative and mainly involve transferring the properties of the first object to the second one. Below we will demonstrate some of the examples and main definitions of them:

1. Hyperbole is a means that contains a deliberately blatant overestimation of the properties of an object or phenomenon.
2. Litotes are a tool that contains an intentional underestimation of the characteristics of an object or phenomenon.
Poetry is an imaginative expression of a poet's feelings and experiences and its translation must be a faithful transference of the poet's ideas (Nair, 1991). Accuracy should be at the focus of a poetry translator and this makes the translator's fluency of expression indispensably difficult. A number of methods for translation of poetry; namely, phonological translation, literal translation, rhythmic translation, translation into prose, translation into rhymed poetry, translation into poetry without rhyme (blank verse), and interpretive translation were introduced by Lefevere (1992). According to his observations today poetry is translated into prose while in the past most translators translated poetry into rhymed poetry. He adds that some translators translate only the meaning at the price of the form but sometimes translators get help from the poet to create a new work. The use of the term 'player' for a poetic translator by F. Jones may clarify the role of translators of poetry. "Player, of course, has other meanings beside's 'game participant'. .. poetry tramslators act out someone else's words on a new language's stage." (Jones, 2011: 5)

Poetic texts are mostly small in volume, in most cases they have strictly regulated architectonics and composition, that is, canonical forms. Words and images in these works differ in emotional-expressive and semantic-stylistic significance, semantic hierarchy. Consideration of all these parameters and factors in translation is the basis for overcoming interlanguage, intercultural, ethnopoetic barriers and achieving adequacy in recreating the specifics of the image systems of different peoples. Summing up, we can conclude that the problems of poetic translation are caused, defined and related to the specifics of the poetry works, cultural foundations and features of the structure of the national language and speech.

It is obvious that in the process of poetic translation at least two types of speech activity interact with difficulties. The first of them is related to the perception, understanding, interpretation and translation evaluation of the source text, and the second – to the creation of the translated text and its identification with the original. As you can see, the concept of "text" presents itself in the translation process from different sides. Poetic text is multi-layered and polysemantic as an object of understanding, as an object of extracting meaning, as an object of translation transformation. At the same time, each poetic text has inherent and preferably expected properties such as dimensionality, variety and abundance of means of expression, emotivity, affectivity, expressiveness, allusiveness, associativity, addressability, connectedness. If the reader of the translated text is faced with the absence or insufficiency of the intended properties, then this translation naturally cannot be qualified as a high-quality one.

In the translation analysis of a poetic text and discourse, it is important to know that this is a complex system of metamorphic nature, which arises and is formed in the process of generating and forming a plan and intentions on the basis of the aesthetic implementation of the language system and verbal and cogitative activity. In this case, it is necessary to support the very successful justification of the problem of G. Genette, who thus defined the properties and characteristics of language in the process of text composition and text creation, calling such a state poetic (Genette, 1998: 361). H. Gadamer points to the other functions of the poetic text: "in the poem, there are other logical and grammatical forms of building meaningful speech. The ambiguity and darkness of the text can lead an interpreter to despair, but this is a structural moment of poetry" (Gadamer, 1991: 120.). Later, researchers introduced such terms as implicitness and explicitness, suggestiveness.

In the process of translation analysis of a poetic text, such properties and qualities as its original creative linguistic origin and spirituality, intellectuality, psychology, anthropology, emotivity of the whole system must be taken into account. The special imagery and energy of a poetic text are noted by many authors. Although there are some statements that raise some doubts. The discourse of a poetic text is characterized by such categories as the actual division of the structure, presupposition, objective modality, constitutionality. A meaningful analysis of the discourse in preparation for translating can be

aimed at studying in an in-depth way the historical and cultural, semantic aspects of background information, and explaining the special phenomena of speech activity. It should also be taken into consideration that poetic text includes at least three structural macro-components – cultural, linguistic and aesthetic one. While the uniqueness of the poetic text system lies, first of all, in its maximum degree of formalization – graphic, discursive, that is, there is a heterogeneity of the plan of expression. At the same time, poetic text as a specific functional and aesthetic system has its own characteristics, among which completivity and energy are distinguished. The completivity of a poetic text is related to the fact that it is the cause, process, implementation and result of the language activity and the language ability of the author as a subject of the society, aesthetics and language (Karaulov, 2007: 5). Thus, the poetic text is a source of linguistic performance: M. Zhumabayev, due to the oxymoronic phrase "sweet poison", nominates a new emotion that is associated with the tragic motives of frustrated love. Such a linguoperforming function is especially often noticeable in Abai's poetry, which should be paid close attention to in the translation analysis of his poems. The presence in the poetic text of a language experiment, a language game, which leads to a certain semantic shift, to semantic difficulties, is also often found in the poetic text and discourse. It can be concluded that the study of the cultural space of the text is associated with such categories of factual nature: the biography of the author, the creative behavior of the poet, the chronology and geography of the poetic text, the socio-historical conditions for the creation of the text, the nearest and extended cultural context. It is appropriate to pay attention to the opinion that a literary text not only reflects reality, but also "generates" reality (Lotman, 1994: 46). Of course, this generated reality is not equal to either concrete propositions or their sum. M.M. Bakhtin, considering the structure of the literary world as an aesthetic object, proposed the concept of architectonics, and in the analysis of the literary text he used the term "composition". (Bakhtin, 1984: 36-37.). In this regard, there is an undoubted scientific interest in this approach, where the general goals and objectives of preparing for translation activities are outlined, that include "the ability to perform pre-translation analysis of a text, which, on the one hand, includes the task to evaluate the purpose of the original text, the type of this text and the features of the translation strategy caused by these factors, on the other hand, to discuss special problems that arise due to the presence of specific, lexical, grammatical or stylistic phenomena in the source text" (Komissarov, 2002: 372). Since the issue of the specifics of pre-translation analysis of a poetic text is relevant for our research, it is reasonable to pay attention to the framework norm of translation proposed by M. Brandes and V. Provotorov (2006). An opinion that defines translation analysis as "an activity that consists in variable re-expression, re-encoding of a text generated in one language into a text in another language" is also of undoubted value (Alekseyeva, 2004: 7). This problem is considered in the works of V.A. Maslov, E.V. Breus, D.I. Ermolovich, L.K. Latyshev, A.A. Leontev, in many textbooks on the theory and practice of translation.

Results and discussion

The translation analysis of a poetic text should enclose at least three problems that provide comprehension of the various spheres of a poem – nonverbal (culture, aesthetics, spirituality), paraverbal (units of poetic discourse), verbal (proper linguistic). We should not leave the fact out of consideration that a poetic text is a phenomenon of both language and culture, so in such a text, language as a system manifests its main capabilities (nominations and expressions, condensation and accumulation).

The units of the phonetic, morphological, lexical, and syntactic levels of a language undergo a semantic transformation in a given text, that is, they express new textual meanings. Therefore, it is appropriate to state that the text contains content-functional, content-conceptual, and content-supralinear (implied) types of information (Gal'perin, 2001: 27). Another researcher studies poetic text in more detail and identifies the following types of information: visual-denotative, communicative (discursive), subject-denotative, figurative-semantic, deep-semantic (Karaulov, 2007: 46).

At the same time, during the pre-translation analysis, it is necessary to pay attention to the fact that poetic text is a complex system of searching for truth, the interpretation of the world and identity, forms a complex, contradictory, specific author's picture of the world, creates original poetic meanings and value.

We should remember that in the process of poetic text-making, the units of all levels of the language space are realized both consciously and subconsciously. As a result, there is a process of language game, which is determined by the search for the means of implementing the idea and textual sensemaking.

Thus, they acquire the status of text units, are explicated (expressed), revived (accumulated), and eventually enter into paradigmatic, syntagmatic, and invariant relations. The phonetic level units – textophonemes are actively involved in sensemaking along with morpholexemes. The units of the lexical level – lexemes and textemes – realize poetic meanings. Utterance and microtexts should be referred to the units of the syntactic level, they have a predominant status of linguocultural definition. The views and attitudes to translation analysis are different. The proponents of text linguistics consider translation analysis as a means of providing and acquiring, understanding the meanings of a poetic text in the source language. Language equivalence is considered as the main factor in detecting the author's thoughts and intentions. The epistemological value of the lexical meaning doesn't get an attention. In this regard, the concept of lexical meaning as a multicomponent structure can provide a certain service. The significative, denotative, ethnocultural, nominative, connotative, and structural components of lexical meaning in interaction provide the level of translation adequacy. Seminal analysis of the word will allow to detect the degree of interaction and interdependence of the components, which is important in the translation analysis of the text. The followers of the functional approach focus on establishing the points of correspondence between the source text and the translated text. The relations of external and internal text factors in the organization of a communicative situation are revealed. Knowledge and consideration of the basics of the scheme of G. Lasvel, K. Nord and others will contribute to the success of the translation analysis of poetic text and discourse. The plans for the pre-translation analysis of text proposed by I. Alekseeva and Z. Lvovskaya are related to the communicative approach to translation, where the cognitive and cultural factors are considered as determining the translation activity.

The main purpose of the pre-translation analysis of a poetic text is to identify, detect, establish and interpret textual meanings expressed as the units of cultural, aesthetic, linguistic and spiritual space, as well as the units of non-verbal, pre-verbal and discursive nature. At the same time, it is necessary to pay attention to other units of a text that are involved in the formation of the poetic individual author's picture of the world.

The object of pre-translation research is the system of a poetic text as a single whole, formally segmented, but indivisible in its structural and semantic part, because all units and levels of the poetic text participate in text formation and sensemaking. The subject of pre-translation analysis is the units of graphic, discursive and linguistic form, as well as the units of cultural, aesthetic and spiritual space of the poetic text. Pre-translation analysis can also include the following types of research: phonosemantic analysis, component analysis. Compiling a thesaurus dictionary of a poetic text is always appropriate. All this contributes to the description, analysis and interpretation of the structural and semantic means of forming a poetic picture of the world, the identification and interpretation of the deep meanings of a poetic text.

An in-depth analysis and discussion of the history and experience of translating Abai's poems is a topical issue not only for Kazakhstani translation science, as it is required by the ambiguity of the content and the complexity of the national form of his texts, because each reading opens up new facets and mysteries. The analysis of translations of Abai's poems into other languages shows that the revival of many ethno-cultural concepts and national codes leaves much to be desired. The comparison of the conceptual content and aesthetic organization of the original and the translation of the poetic text and discourse will help to see the roots of the hard-to-grasp experience and "aesthetic impression". In the scientific and critical works, it is often noted that translators do not have the necessary background information, do not pay due attention to the conceptual content of the original. In order not to repeat these mistakes, modern translators will have to take a more responsible approach to the pre-translation analysis of Abai Kunanbayev's poetic texts. We would like to emphasize that the translation of Abai's poems into other languages is a difficult task, so the level of requirements for the professional competence of the translator should be high. Methodologically proper translation strategy and tactics will become the basis for a correct understanding of the meanings and senses of the poet's poems. We remind you that the quality of the translation of national poetry also depends on a thorough analysis of the ethnocultural component of lexical meaning, the definition of various functions of the national code, and the completeness of the reconstruction of ethnocultural information.

In the organization of the literary translation process, it is necessary to take into account the features of poetic text, which in general recreates the linguistic model of the world, the life of people and countries in its movement and dynamics of change. The speech organization of meditative texts takes great opportunities to formalize semantic subtle aspects for the transformation with the large com-

prehension of their communication, semiotic, and aesthetic organization. With the help of a verbal image, it's possible not only "to draw" a picture of nature, but also to present the history of the human character formation, to depict common and peculiar features of the society and personality. In addition, the verbal image can be close to the musical one, so in the process of analyzing the poem, to its compositional and semantic structure. The poetic word is expressly-strongly connected with thought, intention, consciousness and subconsciousness, and therefore, in comparison with other means of creating an image, it is more universally sufficiently achievable. A verbal image that has a number of qualities can be described as a "synthetic" literary image. All these qualities of the verbal image can be identified and presented by the translation analysis of a text and discourse.

Conclusion

Summing up the consideration of the specifics of the translation analysis of the poetic text, we note that a number of features of the poetic works remained outside the scope of the study, including the rhythmic-phonic organization, ethnocultural contexts, literary methods of analyzing lyrical works that can show the specifics of the transformation of its conceptual content in the poetic text. It seems that careful consideration of these problems can improve the level and quality of translation. So, the need to improve the methods of teaching literary translation is obvious and relevant. It is necessary to develop a three-stage structure of translation in more detail, paying attention to the structuring of the phases and sub-phases of the translator's activity. Translation analysis of text and discourse should be considered as a technology for understanding its meanings and determining the translation strategy and tactics.We suggest to start the translation analysis of a poetic text with identifying culturally significant factors of functioning, paying a close attention to the background information, the literary traditions, the hermeneutical circle and the circle of understanding. Further, it is reasonable to analyze structurally significant components and elements. Then it is necessary to turn to the consideration of the ways and approaches of translation interpretation of the semantics and conceptual content of the poetic text and discourse. Such a systematic approach to pre-translation analysis is designed to increase the level of bilingual and intercultural communication and to ensure the adequacy and equivalence of literary translation. One of the main parameters of translation analysis is the detection of the ways to convey poetic information in the original and the text of the translation, while paying attention to the synsemantics of poetic communication.

Acknowledgement

This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant AP08855683 "Scientific foundations and theoretical mechanisms of knowledge, comprehension and application of Abai studies")

References

В.А.Жуковский. Собрание сочинений в четырех томах. М.: Л.: Государственное издательство художественной литературы, 1960. – 784 с.

Newmark P. A Textbook of Translation, Hertfordshire: Prentice Hall, 1988, 292 p.

Tisgam Kh.H. Translating Poetry: Possibility or Impossibility? *Journal of college of education for women.* 25 (2), 2014, 511-524 pp.

Nair K. Translating Poetry: Some Basic Problems. *International Journal of Translation* 3. 1 & 2, 1991, 90-97 pp.

Lefevere A. Translation, History, Culture: A Source Book. London & New York: Routeledge, 1992, 200 p.

Jones F.A. Poetry translating as an expert action: processes, priorities and networks. Amsterdam: John Benjamins, 2011, 227 p.

Женетт Ж. Работы по поэтике. Фигуры. -М., 1998. -328с.

Гадамер Г.Г. Актуальность прекрасного. -М., 1991. – 471с.

Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. -М., 2007. -386с.

Лотман Ю.М. Лекции по структурной поэтике. -СПб., 1994. -327с.

Бахтин М.М. Литературно-критические статьи. -М., 1986. -543с.

Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. -М., 2002. – 424с.

Брандес М. Провоторов В. Предпереводческий анализ текста. -М., 2006.-224с.

Алексеева И.В. Введение в переводоведение. – М.: Академия, 2004. – 352 с.

Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. -М., 2001. -294с.

References

Alekseyeva I.V. (2004). Vvedeniye v perevodovedenie. [Introduction in translation studies] (In Russian)
Bakhtin M.M. (1986). Literaturno-kriticheskie stat'I [literary critical articles] (In Russian)
Brandes M. Provotorov V. (2006). Predperevodcheskij analiz teksta. [Translation analysis of text] (In Russian)
Gadamer G.G. (1991). Actual'nost' preckrasnogo. [Relevance of the beautiful] (In Russian)
Gal'perin I.R. (2001). Texst kak ob'ekt lingvisticheskogo issledovaniya [Text as an object of linguistic research]. (In Russian)
Genette G. (1998). Raboty po poeticke. Figury. [Works on poetics. Figures]. (In Russian)
Jones F.A. (2011). Poetry translating as an expert action: processes, priorities and networks. John Benjamins PC.
Karaulov U.N. (2007). Russkiy yazik i yazikovaya lichnost [The Russian language and language identity]. (In Russian).
Komissarov V.N. (2002). Sovremennoe perevodovedenie [Modern translation studies] (In Russian)
Lefevere A. (1992). *Translation, History, Culture*: A Source Book. London & New York: Routeledge.
Lotman U.M. (1994). Lekcii po strukturnoj pojetike [Lectures on structural poetics] (In Russian)
Nair K. (1991). Translating Poetry: Some Basic Problems. *International Journal of Translation* 3. 1 & 2, 90-97.
Newmark P. (1988). A Textbook of Translation, Hertfordshire: Prentice Hall.
Tisgam Kh.H. (2014). Translating Poetry: Possibility or Impossibility? *Journal of college of education for women.* 25 (2), 511-524
Zhukovsky V.A. (1960) Sobranie sochinenii v 4 t. [Collection of compositions in 4 volumes]. M.; L.: Gosudarstvennoe izdatel'stvo hudozhestvennoj literatury. (In Russian)

ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ҒТАМР 17.12.02 https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph20

Қ.М. Байтанасова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
e-mail: k.baitanasova@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК: СӨЗ ӨНЕРІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ КОД

Әр елдің тәуелсіздігі – сол ұлттың бірегей құндылығын анықтайды. Тәуелсіз болу – халықтың саясатынан, әлеуметтік жағдайынан, руханиятынан көрінеді. Қазақ халқы ертеде-ақ өзінің ой-танымындағы азатшылдық, елшілдік, тәуелсіздік идеясын сөз өнері арқылы жеткізген. Мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі сөз өнерінің ұлттық-мәдени сипаты мәтіндер негізінде талданады. Мақсаты – жаңа дәуірдегі әдеби шығарманың еркін ойлы, ұлттық таным сипатындағы құндылығын айқындау. Қазіргідей ғылымдар арасындағы ықпалдастық өрістеп жатқан кезеңдегі сөз өнерінің қасиеті, философиялық, ментальдік ерекшелігі басым бола түскені мәлім. Әдеби туындының табиғатына шығармашылық, ерекше ой мен таным және бейнелілік тән. Фольклор филологиялық ғылымның ауқымынан шығып, этнография, халықтану, музыка, психология сияқты ғылымдармен үндеседі. Сондықтан да фольклор халықтың тарихымен, мәдениетімен, тұрмысымен байланыста өрістеп, жалпыадамзаттық дүниетанымда айғақтайды. Фольклорда қолданылатын дәстүр ұғымы әдебиетте де кең мәнге ие. Алайда әдебиеттегі дәстүр мен сабақтастық фольклордағы мағынасынан айырмасы бар. Осы ретте, фольклор – халықтың тұрмыс-салтының жиынтығы болса, көркем әдебиет – әлеуметтік және мәдени құбылыстардың бір бөлігі. Сондықтан фольклор көпшілікке ортақ шығармашылық тұрғыда дамып, жалғасып отыратын халықтық шығарма. Түйіндей келгенде, әдебиет пен фольклор бірігіп, әр халықтың сөз өнеріндегі ерекшеліктерді, көркемдік шығармашылық болмысты, терең идея мен құрылымдық-бейнелілік сипатты анықтайды да сөз өнерінің осы қасиеті – мәдени кодты қалыптастыруға негіз болады.

Түйін сөздер: тәуелсіздік, ұлт, код, фольклор, көркем туынды.

K.M. Baitanasova

Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan
e-mail: k.baitanasova@mail.ru

Inderendence: art word and cultural code

The independence of each country determines the unique values of that nation. Independence is reflected in the politics, social status and spirituality of the people. From time immemorial, the Kazakh people through the art of words conveyed in their minds the idea of freedom, patriotism and independence. The article analyzes the national and cultural nature of art of speech in the period of independence on the basis of te[ts. The purpose is to determine the value of a literary work of the new era in the nature of free thought, national cognition. It is known that in the period of growing integration between the sciences, the nature of speech, philosophical and mental peculiarities prevailed.The ancient heritage of the people – from folklore to the desire for independence – is highly respected. Folklore is a special art. Folklore, going beyond philology, includes such disciplines as ethnography, ethnology, music, psychology. Folklore is a phenomenon of artistic creation, it arose and developed on the basis of everyday life and in connection with many other manifestations of worldview syncretism. Therefore, folklore develops in connection with the history, culture and life of the people and testifies to the worldview of a person. The concept of tradition is widely used in both folklore and literature. But they are different from each other. Folklore is a part of everyday phenomena, the totality of which is studied by ethnography;

 © 2021 Al-Farabi Kazakh National University

fiction is part of social and cultural phenomena. Together, these two concepts determine the characteristics of the art of speech of each nation, the artistic essence, the national idea and structural-figurative features. This feature of the art of the word constitutes a cultural code. The cultural code is a mental, national feature of the people. Its origins have stabilized the idea of independence.

Key words: independence, nation, value, code, folklore, fiction.

К.М. Байтанасова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Нур-Султан
e-mail: k.baitanasova@mail.ru

Независимость: искусство слова и культурный код

Независимость каждой страны определяет уникальные ценности этой нации. Независимость отражается в политике, социальном статусе и духовности людей. С незапамятных времен казахский народ через искусство слова передавал идею свободы, патриотизма и независимости. В статье на основе текстов анализируется национально-культурная природа речевого искусства периода независимости. Цель статьи – определить ценность литературного произведения новой эпохи в характере свободы мысли, национального познания. Известно, что в период нарастающей интеграции наук преобладали характер речи, философские и ментальные особенности. Древнее наследия народа – от фольклора до стремления независимости – вызывает большое уважение. Фольклор – особое искусство, выходящее за пределы таких дисциплин, как этнография, народоведение, музыка, психология. Фольклор – явление художественного творчества, оно возникло и развивалось на основе быта и в связи со множеством других проявлений мировоззренческого синкретизма. Поэтому фольклор развивается в связи с историей, культурой и бытом народа и свидетельствует о мировоззрении человека. Понятие «традиция» широко применяется и в фольклоре, и в литературе, но при этом имеет разное значение. Фольклор – это часть бытовых явлений, совокупность которых изучает этнография; художественная литература – часть социальных и культурных явлений. Вместе эти два понятия определяют особенности искусства речи каждого народа, художественную сущность, национальную идею и структурно-образные признаки. Эта особенность искусства слова составляет культурный код. Культурный код – ментальная, национальная особенность народа. Его исток стабилизировал идею независимости.

Ключевые слова: независимость, нация, ценность, код, фольклор, художественная литература.

Кіріспе

Тәуелсіздікке деген аңсар, Мәңгілік Ел мұраты қазақтың қай замандағы болмысының бірегей көрінісі болған. Қазақ халқы ең алдымен елі мен жерінің амандығын көксеген. Тәуелсіз ел болуға тиісті мәселелер ертерек сараланып қойылған. Сахараны ен жайлаған халқымыз көшіп-қонған жолында ошақ қазып, от жағып, «Отың үзілмесін, қорың таусылмасын» деп мәңгілік тіршіліктің көзі болған – от пен суды дәріптеп отырған. Сол сияқты халықтың ежелден аңсары болған әділдік пен бостандық, ел болу мәселелері сөз өнерінде күні бүгінге дейін арқауы үзілмеген құндылықтар. Фольклор мұраларынан басталған бұл ұғым бүгінге дейін жалғасып, кемелдене түсті. Осы ретте, әр ел әдебиетінің ерекше, бірегей идеялық-танымдық, эстетикалық қуатын айқындайтын негізгі ұғымдар алға шықты. Олар сол елдің ұлттық, ерекше сипатын айқындайтын басты кодқа айналды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Көркемдік ойлау адам баласының танымдық қабылдауын кеңейтті. Қай халықта болсын сөз өнерінің табиғаты тым тереңде. Адам баласы жалпы тіл, сөз өнерінің ерекше қасиетін ерте аңдап, оның мән-мағынасын дәуір жылжыған сайын тереңдетіп отырған. Тіпті сөздің күші халықтың тұрмыс-салтының, діни сенімінің де көрінісіне айналды. Өздерінің тұрмыс-тіршілігіндегі дәстүрді, ұлттық-этнографиялық ерекшеліктерді сөз арқылы бейнелеп, оның белгі, ишара, таңба түріндегі сан қырлы ерекшелігін толықтырған. Сөздің магиялық сипатын ерекше дәріптеп, өздерінің тұрмысында орныққан дәстүр, ырым-жоралғы, салттың көрінісін әр түрлі сөз формалары арқылы жеткізген. Бұл халқымыздың фольклорлық жанрларынан бастау алды. Осы ерекшеліктер жинақтала келе, ғасырлар кеңістігінде орнығып, бүгінге дейін жетті. Халық өзінің таным дүниесіндегі, жадындағы түсініктерді, көне бейнелерді үнемі

жаңғыртып отырды. Бұл әрі қарай ұлтттың қалыптасуын, оның тарихын, әлеуметтік-саяси жағдайын, мәдени құбылыстарды айғақтайтын белгілерге, бейбіт өмірге деген тұрақтылыққа ойысты. Сөйтіп, халық болмысында бекіген ұлттық код пайда болды. Оның мән-маңызы – ұлттық санадағы құбылыстардың қасиетін саралап, оның өткендегі және болашақтағы рөлін бағамдау, сол арқылы ұлт келбетінің бірегей болмысын таныту. Әдебиеттегі фольклоризм – бұл тек фольклордағы дайын элементтерді (образдар, сюжеттік мотивтер, көркемдегіш құралдар) пайдалану ғана емес. Әдеби фольклоризм – бұл қандай да бір автор шығармашылығындағы (нақты туындысының) көркемдік принциптердің түгелдей немесе түгелге жуық халық шығармашылығына сәйкесуі. Кейде авторлар өзінің туындысында халық дәстүріндегі сюжеттерге сүйенеді. Сондықтан көркем туындыда фольклоризмнің көрінуі кейде айқын байқалса, кейде оны әбден танып-білу керек.

Әдебиеттерге шолу

Әдебиет пен фольклор – екі эстетикалық жүйе. Сондықтан олардағы болмысты танудың көркемдік тәсілі екі түрлі (Далгат.1981: 59). Фольклор – шығармашылықтың ерекше пішіні. Ендеше, әдебиет пен фольклор дәстүрлерінің арасында терең айырма бар. Фольклор мен әдебиеттің арасындағы байланыс әрдайым біркелкі болған жоқ. Кей дәуірлерде бұл байланыс жанданып, белсенді жүрсе, кейде бәсеңдеп отырды. Осыған сәйкес ұлттық фольклор мен әдебиет өздерінің қарым-қатынас жүйесін, жалпы заңдылықтардан туындаған өзіндік даму үдерісін қалыптастырды. Фольклортанушы В.Е.Гусев: «Фольклордағы өмір – дәстүрдің жалғастығын сақтап отыратын үздіксіз үдеріс», – деген (Гусев. 1976: 128). Көркем сөз – белгілі бір мәні бар үнсіздік. Оған дәлел қазақтың байырғы салт-дәстүрі, ғұрпы. Мәселен, фольклордағы жұмбақ, мақал-мәтелден бастап, барша жанрларында сөздің құпиялылығы сақталған. Мәселен, қазақ халқы сөзді астарлап, тәмсілдеп сөйлеген. «Ақыл жастан, асыл тастан шығады» деген мақал әрі жалқы, әрі жалпы мәнге ие. Біз осы тобықтай мақалдан тоқсан ауыз сөзді өрбіте аламыз. Шағын ой орамы өзінің ішкі мағынасын тереңге бүккен. Оның ар жағында айтылмай қалған ойды оқырман өзі табады. Сөздің астарында мол мағынаның болуы – сол халықтың сөз өнерінің ерекшелігі. Кешегі шешендер мен билер де елдің елдігін сөзбен, қызыл тілдің айшығымен сақтап қалған. Осыған орай метафизиканың негізін қалаған Аристотель «халықтың таңғалған, қайран қалған сезім-күйінің өзі философияға жетелеген», – десе (Аристотель, 1998: 63), зерттеушілер ұлттық мәдениеттің ежелгі тамыры халықтық сеніммен байланысты екенін көрсетті. Я.Гримм («Deutsche Myfologie», 1835; Гримм. 2007: 19). Ал, халқымыздың мол арналы сөз өнері қаншама терең даналықты көрсетеді.

Әдеби-фольклорлық байланыс әдеби үдеріске ең алдымен ұлттық сана, халықтық рух қалыптастырады. Әдебиет халықтың ұлттық танымын, өткені мен болашағын бейнелейді. Әдебиеттің ұлттық ерекшелігі халықтың тарихи дамуымен де тығыз байланысты. Ал, оның қайнар бұлағы – фольклорлық мұра – көркем өнердің дамуына үнемі ықпал етіп отыратын шығармашылық фактор. Ғалымдар У.Б. Далгат, А.И. Веселовский, В.Е. Гусев, Д.С. Лихачев, В.П.Аникин, М.П.Штокмар, С.Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Б. Байтанаев, С.Садырбайұлы тағы басқа зерттеушілердің еңбектері басшылыққа алынса, гуманитарлық ғылымда алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде адам санасында орын алған анимизмді дәйектейтін халықтық-психологиялық бағыттың негізін салған неміс философтары Х.Штейнталь мен М.Лацарустың, швейцар зерттеушісі Л.Лангтің орныққан қағидаттары назарға алынып, салыстыру, талдау, қорыту, жүйелеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Халық әдебиетіндегі батырлар жыры елдің қорғаны болған қаһармандықпен қоса, халықтың дәстүрін, ұрпаққа деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығын әйгілейді. Мәселен, «Қамбар батыр» жырында «Жақсылар дастан бастайын, әуелі алла сиынып, екінші кәміл піріме», – деп алдымен баба жоралғысынан бастап, «ашқа тамақ, жаяуға ат, төрт түлік малға көңілі шат, жарайды екен қысылса, жұртының қиын күніне» деп алты ұлы, Назымдай сұлу қызы бар Әзімбайды мадақтаудан басталады. Бұл батырлар жырының қай-қайсысына да тән (Батырлар жыры. 1986: 21). Батырлар жырының басы жалпы дастанға тән метанарративті әйгілеп тұр. Себебі, батырдың өзі ел ішінен шығады, ендеше оның отаны, туған жері, ата-анасы мен елжұртының ахуалы тегіс қамтылуы шарт. Осы пролог бірінен бірі өтетін таңғажайып оқиғаларға ұласады. Оқырманын қызықтырып, небір батыр, қаһарманды, оның ерекше батырлығын, ақылды жары мен есті тұлпарын суреттей отыра,

батырлық пен қаһармандықтың шығу төркінін, оған тән белгілерді санамалап отырады. Яғни, батыр ерекше тұлға, оның дүниеге келіп, тұлпар тізгінін ұстағанынан бастап, ешкімге ұқсамайтын ерекше сипаты кемелденіп отырады. Бұл халықтың ел қорғайтын ерді армандауынан туған. Ендеше, батыр осал болмауы тиіс: оған «шапса қылыш, атса оқ өтпейді, суға салса батпайды, отқа салса жанбайды». Елдің панасы болатын батырдың осындай ерекшелігі оның жарынан, тұлпарынан, жасаған жорығы мен күресінен де байқалуы керек.

Халықтың мәдени коды – сол елдің мәдениеті мен әдебиетін сәйкестендіретін ақпараттар жүйесі. Оны беретін тәсілдің бірі барша заттың жаны бар деп түсінілетін – анимизм. Бұл құбылысты бүгінгі поэзиядан да байқаймыз.

Уа, ақша бұлт, айтшы маған,
Айтшы маған қайдан келдің
Емес пе ең қыз орамалы,
Желұшырып алып келген.
Үрлеме, жел, ақша бұлтты,
Алысқа айдап кете көрме! (Сәрсенбаев. 1987: 42).

Екі ақын да жансызды жанды етіп, өлең идеясын көркемдеп, халықтың қасиетті саналатын ұғымдарын жырлаған. Көк, жер, күн мен оның нұры, аспандағы бұлт пен орамал – халқымыздың қадірлеп, өмір-тіршілігінің мағынасымен байланыстырған бейнелері.

Көркем әдебиет өзінің бар болмысымен сол халықтың танымын, өткендегісі мен болашағын бейнелейді. Әдебиеттің ұлттық ерекшелігі халықтың тарихи дамуымен тығыз байланысты. Ал, оның қайнар бұлағы – фольклорлық мұра – көркемөнер дамуына ұдайы елеулі ықпал жасап отыратын шығармашылық фактор. Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани қазынасының бірі – бата сөздер. «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер», «Көп тілеуі – көл» деп ұққан халқымыз келер ұрпаққа бата беріп, ақ тілек, адал ниет білдіруді дәстүр тұтқан. Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Бата беретіндер көбінесе, көпті көрген ақсақалдар мен кемеңгер даналар, дуалы ауыз билер болып келеді. Бата қысылғанда қуат, қиналғанда медет беріп, әрбір іс-әрекетке даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептеген. Мәселен, Сүйінбайдың Жамбылға берген батасын келтірейік:

О, Жамбыл, бата дедің, бердім саған,
Бақытты, өмірлі бол, жүргін аман.
Батасың ат орнына берді ғой деп,
Қоймағын былай шығып кінә маған.
Соңынан Сүйінбайдың орнын басып,
Тіліңнен балың тамсын сорғалаған.
Жапаға, риза болсын, айта барғын,
Осымен өкпелемей жүрсін маған (Жабаев. 1982: 112).

Сүйінбайдың Жамбылға берген батасы оның ақын, жыршы болуына жол ашқандай. Жамбылдың өзі де Сүйінбайды сөз өнерінде пір тұтып өтті. Батаның мән-маңызының тереңдігі бір жағынан, халқымыздың сөзді кие тұтып, жоғары санауынан да туындаған. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп өткен халқымыз бата, тілек сөздерге ерекше мән берген. Жамбыл ұлы Алғадайды майданға аттандырып тұрып, ел үмітін ақтап, елді қорғайтын азамат болуын аманаттайды:

Алғадайым, арлы едің,
Ата сөзін сыйлаған.
Перзентімнің алды едің,
Көңілімді қимаған.
Аттандырдым майданға,
Аман-есен жүр, балам!
Абыройға ие бол,
Ағат баспа бір қадам.
Атақ берген атаңа,
Ел қадірін біл, балам! (Жабаев. 1982: 114).

«Фольклорлық элемент қашан да ақынның шығармашылық мақсатына лайық алынады. Егер автор фольклор материалды, форманы шығармашылық електен өткізіп, жаңа шығарманың бойына біте қайнастырып пайдаланбаса, шығарма биік, идеялық көркемдікке жете алмайды» (Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. 2011: 80).

Адам баласы туғаннан бастап, о дүниелік болғанға дейін өлең мен ән-жырдың ортасында ғұмыр кешеді. Оның әрқайсысының дербес арнау сипаты бар. Мәселен, сәби өмірге келгенде, есейе бастағанда, азамат болғанда айтылатын жырлар бар. Поэзия әдебиетіміздегі ерте қалыптасқан өзіндік дәстүрі орныққан жанр. Қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге шапшаң үн қосуымен, жаңа сападағы жаңалықтарды тез сезінуімен поэзия үнемі алдыңғы сапта тұрады. Қоғамның ілгерілеуімен қатар идеялық мазмұны, көркемдік пішіні тың поэзия поэзия туды. Алайда, ол халықтық ұғымнан, фольклордың дәстүрінен аулақтап кету деген сөз емес. Керісінше фольклордың жанрларын, образдарын, дәстүрлерін бойына сіңірген поэзия неғұрлым ұғымды, бейнелі бола түсті.

Поэзия – сезім мен ойдың поэтикалық көрінісі. Халқымыз үнемі сөзді ұтымды, қиыннан

қиыстыра, шебер қолдануға ұмтылған, сөзге жүйрік болуды – өнердің озығы деп ұққан. Сондықтан өмірдің сандаған құбылыстарынан түйген қорытындалары мен жасаған топшылауларын мақал-мәтелге айналдырып, сөздің ғибраттылығын, қасиетін арттырып отырған. Әрине, әр қоғамның өз талғам-талабы, қалыптасқан ғұрып-салты болады. Соған орай, мақал-мәтелдерде қоғамда өмір сүрген топтардың, жекелеген адамдардың көзқарастары қалып отырған. Оларда ілгерідегі құбылыс, жайттарға сын айту, таразылау, кейде құптау кездеседі. Қайтсе де, мақал-мәтелдерде тапқырлық пен жүйелілік, көркемдік пен әсерлілік сақталған. Міне, осындай халық маржандарының өзіне орайлас келгенін ақындар орынды қолдана алған. Нағыз лирикалық туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Мәселен, Жамбыл («Жаныс ақынға») «Менің пірім-Сүйінбай, Сөз сөйлемен сыйынбай!»; Мағжан «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» деп әсірелейді. Нақыл сөздерде дәлелдеу мен қорытынды пікір айту қатар келеді. Мәселен, ақын С. Мұқановта «Жер – анасы, адам – оның баласы», «Ұстазы бар ғасырдың өнегесі, бақыттың тозбайтұғын кенересі» деген-де нақты ой түю бар. Халық ойының тереңінен алынған әбден сыналған, екшелген, тұрақталған мұндай ғибрат сөздер ақын тілінің көркемдігін танытады.

Жаратылыстың сандаған бояу-кескіні поэзияда мол жырланған. Пейзаж дегеніміз – қандай да бір ашық кеңістіктің, көбіне табиғат суретінің бейнеленуі. Пейзаж әдебиетте ұлттық сипат иеленеді. Жанр түрлеріне қарай пейзаж әр қилы суреттеледі. Лирикада пейзаж экспрессивті мәнді көбірек атқарады. Мұнда көбіне ауыстыру, айқындау, кейіптеу, психологиялық параллелизм, және тағы басқа көркемдегіш құралдар пайдаланылады. Лирикада тек пейзаждың берілуі ғана емес, табиғат көрінісінің кейіпкерге туғызатын әсері, эмоциясының да мәні ерекше.

Жыл мезгілдеріне өлең арнау барша ақындарға тән. Олардағы ерекшелік әр суреткер табиғат мезетін, бейнесін түрліше береді. Ақын І.Жансүгіров:

Жерің анау,
Жасыл жолақ кілемдей.
Желің мынау,
Жігіт айтқан өлеңдей.
Көңіл анау,
Той ғып жатқан ауылдай.
Күнің мынау,
Елжіреген енеңдей, –

деген өлең шумағында жазғы даланың суретін халқымыздың ұлттық танымына орайластырған (Жансүгіров. 1994: 29). Ақын табиғаттың белгілі бір құбылыстарын ұлттық ұғымдар арқылы өрнектеген. Ақын жерді жасыл жолақ кілемге, желді өлеңге, көңілді той өтіп жатқан ауылға, күнді елжіреген енеге теңейді. Сол арқылы жаздың әрекетке, көтеріңкі көңіл-күйге толы екендігін, жыл мезгілдерінің ішіндегі ең шуақты, ең жадыраңқы, халықтың тіршілік-салтына ыңғайлы мезгіл екенін ашып тұр. Жалпы фольклорда «халықтың тұрмысы, салт-дәстүрі барынша дәл, табиғи көрінеді де бұл жағынан ол этнографиямен түйіседі» (Аникин. 2007: 158).

Көркем тілдің екі формада – поэзия және проза түрінде жүзеге асатыны белгілі. Соның ішінде прозаның өзіне тән бірегей ерекшеліктері бар. Прозада автор тілдік құбылту мен түрлендірудің мол мүмкіндігіне ие. Поэзиялық туындыда сөздің экспрессивтік-эмоционалдық мәні алдыңғы кезекке шығады. Прозада сөздік тізбе бейтарап сипат иеленеді. Сөздің көркемдік-эмоционалдық қуаты көркем шығармада айқындалады. Ондағы автордың идеясы, ұстанымы көркем-бейнелі беріледі. Сөздің берілу стилі – мәдени норма. Яғни көркем туындының қай жанрдағы түрі де адам баласын терең, бейнелі ойлауға, қиялдауға, ұлттық тілін терең игеруге жетелейді. Осы сипаттың өзі прозадағы халықтық сипатты тереңдетеді. Жазушы Т. Нұрмағамбетовтің «Қарлығаштың ұясы» хикаятында: «Шорманның әжесі соншалықты ертегіші кісі емес-ті. Бәлкім, ол кісінің білетіні де осы жалғыз ертегі шығар ... Ерте, ерте, ертеде аты әлемге мәшhүр хан болыпты. Ханның жасы 70-ке келгенде, әйелі ұл туып, дүркіретіп той жасаған екен. Той өте сала сәби кенет сырқаттанып қалыпты. Хан барлық балгер, тәуіптерді жинапты. Олардың қолынан еш нәрсе келмепті. Хан қаhарына мініп: «Сенің салақтығыңнан ауырды», – деп баланың күтушісі 65-тегі кемпірдің басын алмақ болыпты (Нұрмағамбетов. 1980: 29). Кемпір үйіне келіп зар еңіреп жылайды. Сонда кемпірдің ескі лашығына ұя салып жүрген қарлығаш: – Шиқ, шиқ, жылама, әже. Хан баласын жазу менің қолымнан келеді. Алабас, Қарабас деген екі тау бар. Одан өткен соң Ажал атты көл жатыр. Сол көлдің ар жағында Өмір атты ұлан-ғайыр жерде Жүрек деген гүл өседі. Баланың емі – сол гүлдің ұнтағы. Мен ертең жолға шығамын»

(Нұрмағамбетов. 1980: 31). Сөйтіп, қарлығаш өлім қаупінде жатқан баланың аузына жүрек гүлінің ұнтағын сеуіп, бала дертінен айығады. Қарлығаш хан баласының жазылу құрметіне жасаған ұлан-асыр тойдан кейін ханға келіп, өзінің баланы жазғанын айтып, тілегін білдіреді. Хан баласының атын Қарлығаш қойып, зынданда жатқан күтушіге азаттық береді. Хикаят сюжеті мен ертегі арасында логикалық байланыс сақталған. Осы ертегіден кейін бала Шорманның қарлығаш құсқа деген құрметі артады. Әжесі екеуінің үйіне құрлығаштың ұя салғанын күтеді. Әжесі сырқаттанып қайтыс болады да, Шорман туысы Қиясбектің үйінде тұра бастайды. Қиясбек ескі үйінің орнына жаңасын тұрғызбақ болып, кесектерді бұзып, тіреу ағашты алмақ болғанда, тіреу белағашының түйісер жерінде қарлығаштың ұясы, әлі қанаттана қоймаған балапандары бар болып шығады. Шорман қанша өтінсе де, Қиясбек ұяны бұзып, тіреу ағашты алады. Шорман жалғыз балапан ғана қалған ұяны басқа жерге көшіреді. Ұяны таппаған ана қарлығаш бірнеше күн шыр айналып жүріп, одан қайтып оралмай кетеді. Кенеттен Шорман әжесінің қайтыс болғанын естиді. Енді мүлде жалғыз қалған баланың мұң шағары да – осы қарлығаштың балапаны болып қалады. «Мен жалғыз қалдым. Әжем енді жоқ». Шорманның көңілінде әжесінің ертегісіндегі адамдармен тілдесетін қарлығаш тұрады. «Қорықпа, менен. Сен өмір деген мекенге сапар шеге аласың ба? Ол Алабас, Қарабас деген таулардың, Ажал деген көлдің жағасында. Естідің бе? Ол жерде Жүрек деген гүл өседі. Сол гүлдің ұнтағын қанатыңа қысып ... жоқ, онда төгіліп қалуы мүмкін. Өйткені сен қанатыңмен ұшасың ғой. Таңдайыңа басып әкелесің ... Сонда менің әжем тірілер еді. Ол дәріден жазылмайтын адам болмайды деп өзі айтқан» (Нұрмағамбетов. 1980: 33). Шорман әжесін тірілтетін керемет күшті аңсайды. Ол үшін қарлығаштың балапаны – қазақ ертегілеріндегі жауыздықпен, зұлымдықпен күресетін адал, батыл күштің бейнесі. Әжесінің ертегісі құлағында жүретін бала Шорманның көкейінде осы құстың қасиеті сақталып қалған. Ол да балапан құстан жәрдем тілейді. Тезірек ұшып барып, Жүрек гүлін жеткізуін, сөйтіп әжесінің тірілуін қалайды. Сол арқылы әжесінің өмірден озғанын жасырған, қарлығаштың ұясында қалған жалғыз балапанның да жетілуін күтпей, ұяны бұзған Қиянбек пен Шабаркүлдің қылығына наразылығы байқалады. Адам баласының өлмей, ұзақ жасауын, адамгершілік, адами қасиет, туған-туыс, бауыр деген ұғымдардың мәнін тереңдете түседі. Ертегідегі өлімге араша тұрған қарлығаштың әрекетін осы өмірде көргісі келген, сөйтіп өмірдің қадірін ұқтырғысы келген бала Шорманның қиялы ақиқатқа жетелейді. Ертегідегі адам баласының шексіз арман-қиялын ұштауға көмектесіп, алға қарай үмітпен жетелейтін көп қасиеті әдеби туындыларға өзек болған.

Тағы бір шығарма қаламгер С. Мұратбековтің «Жусан иісі» туындысы былай басталады: «Алыста қалған балалық шағым. ... Ойымнан жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын сүйрете жүгіретін, шілбиген ақсақ қара бала бір кетпейді. Көзімді сәл жұмсам-ақ: шуылдаған балалардың ең соңында сол аяғын жер сыпырғандай көлденең сүйретіп, ес қалмай далбақтап жүгіріп келе жатқан Аянды көргендей болам. Сондайда оның алқына шыққан әлсіз, жіңішке дауыспен: «Ей, тоқтаңдаршы, мен сендерге бүгін кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деген жалынышты үнін естимін (Мұратбеков. 2013: 89). Бұл үзіндіден автордың бірнеше фабулалық ақпаратты ұсынып отырғанын көреміз. Алдымен бұл бұрын өткен оқиға. Балалық шақта болған әңгіме. Осы алыста қалған оқиғаның ішінен Аян есімді баланы бөліп алған. Ол әдеттегі қолды-аяққа тұрмайтын ойын баласы емес: бір аяғы кем. Сондықтан өзінің еркін алысып-жұлысып кете алмайтын болғаны үшін ол балаларға күнде жаңа бір ертегі айтып беріп, оларды қасынан ұзатпауға тырысады. Осы шағын шегіністен кейін автор негізгі оқиғаны тарата отырып, сюжетке көшеді. Аян балалармен бірде қату, бірде тату бола жүріп, әбден жақындасып кеткеннен кейін, кәдімгі ауыл баласына айналады. Бірде мінген бұзауы мөңкіп жығып кетіп, Аян тобығын шығарып алады. Осыдан кейін оның тобығы тайғыш болып, көбіне балаларға ілесе алмай қалады. Бірде әжесі қайтқан Аянның үйіне балалар келеді. Сондағы көрініс автор былайша береді: «Күн ұясына еңкейіп бара жатыр. Аян болса, сол мелшиген күйде жалтақ-жалтақ етіп, ауылдың әр тұсынан «әжетайлап» дауыс қойып келе жатқан үлкен адамдарға қарайды. «Әжесі өлгенге неге жыламайды-ей?», – деп қоямыз. Аян естісе де, естімеген адамдай міз бақпайды. Тек әлден уақытта бас жоқ, аяқ жоқ: «Ертегі тыңдайсыңдар ма? – деді. Онан соң біздің жауабымызды күтпестен, өзі бастап үйдің бұрышын айналды. «Ертеде бір жетім бала бопты», – деп ертегісін бастады» (Мұратбеков. 2013: 95). «Ғажап ертегілер еді. Дүниедегі жақсылық атаулының бәрі-бәрі: ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен ақылдылық та, әйтеуір адамға

тән не бір асыл қасиеттің барлығы да сол Аянның ертегілерінде болушы еді. Аян батырлық туралы ертегі айтқанда, біз, алым-жұлым киінген қара борбай балалар, бір сәтке жадау қалпымызды ұмытып, шетімізден көк семсерді жарқ-жұрқ еткізіп, ат ойнақтатып жауға қарсы арыстанша шабатын нағыз қас батырдай сезінуші едік өзімізді. Өмірімізде қосауыз мылтықтан басқа ештеңені көрмесек те, жарқ-жұрқ еткен көк семсер тұрғанда, зеңбірек, пулемет дегендер айтар сөзге, көңілге олқы түсіп, ойыншық сияқты боп қалатын. Өйткені Аянның ертегілеріндегі батырлар сілтеген көк семсерге қызығып, иланатынымыз сонша, оны қару біткеннің құдайы көретінбіз» (Мұратбеков. 2013: 97).

Халық ертегілерінде жетімнің өмірі ауыр, аянышты басталғанымен, соңында барша мұратына жетумен аяқталады. Ертегілерде кездесетін жетім бейнесі, оның әлеуметтік жағдайы туралы кең ұғымды академик С. Қасқабасов береді: «Одним из наиболее ярких социально обездоленных героев казахской сказки является сирота. Следует сказать, что сказок о сироте кроется на наш взгляд, в длительном сохранении в казахском обществе некоторых родовых обычаев и институтов связанных с отношениями к сироте. Это прежде всего аменгерства, согласно которому род покойного, чтобы не отпускать его детей в чужой род, женил на вдове кого-нибудь из своих сородичей. После этого дети покойного не считались сиротами и пользовались соответствующими правами» (Каскабасов. 2015: 162). Бұдан түйетініміз ертегідегі әлсіз бейнелер әлеуметтік жағынан қамқорлыққа алынып, соңында жауыз ханнан, ақымақ патшадан, ұрыдан, өгей шешеден құтылады.

Ертегі – адам баланының арман-қиялынан, жақсылықты аңсап, арман-мақсатының орындалуын көздеуден туған. Ертегі айтатын Аянның да арманы ең болмаса өзі құрастырған ертегісінде орындалып отырады. Ертегі – Аян үшін тек қиялдаудың жемісі емес, ол көкейінде орнаған арман-аңсарға жетудің, соған құштарлықтың, асығудың межесі. Күнде бір жаңа ертегі айту арқылы Аян тезірек арманының орындалуын қалайды. Өзінің өмірдегі көрген қиындығын, сәтсіздігін ертегі арқылы жуып-шайғысы келеді. Ертегі – Аян арманының жемісі. «Қобыланды батырдың» Тайбурылындай ұшатын аттар бар ма? Ендеше, ылди-өрге бірдей сырғанайтын рульді шана да бар». «Сен өзі мынадай айлы жарық түнде шанамен сырғанаудың қандай керемет екенін білмейді екенсің қой. Айлы түнде шанаға сиқырлы қанат бітеді». Түн – адам баласына ойды, қиялды, беймәлім күйді серік ететін мезет. Түн кей адамның құпиясын жасырады да. Аян күндіз мейірі қанып тебе алмаған шананы түнде рахаттанып тұрып тебеді. Жұрт тәтті ұйқыда жатқан мезгілде Аян сырғанақ теуіп, кәдуілгі шананың өзін ертегінің аясына енгізіп жібереді, «сиқырлы қанат бітіреді». Аян ертегіге ғана емес, халқымыздың салт-дәстүріне де, ырымына да жүйрік. «Е, жұлдыздың нуы жиі екен, ертең күн ашық болады», «Қарлы топырақ араласқан жас қабірге жаутаңдап біраз қарап тұрды да, бір уыс топырақты іліп ап: «Топырағың жеңіл болсын, әже!» – деп шашып жіберді. Аян ертегісі арқылы дүние танымының ой-өрісінің кеңдігін дәлелдейді. Өмірден бір қатыгездік пен әлімжетік көрген кезде ертегіге жүгінеді. Оның мұңы, сыры, кеткен есесі, жетімдігі – бәрі-бәрі ертегі айту арқылы жуылып отырады, Аянның көңілін торлаған кірбің де ертегі арқылы тазарады. Сондықтан да Аян есейіп, өз қолы өз аузына жеткенде біреуде кеткен есе-кегімді қайтарам деп тіс қайрап көрген емес. Оның есесіне қызығы, шытырман оқиғасы көп ертегі әлеміне тереңдей береді. Ертегі неғұрлым қызықты болған сайын, ондағы жетім бала барша мұратына жеткен сайын Аянның да көңілі өсіп, барынша мейірленіп кетеді. Өзінде жоқ дүниеге ертегідегі жетім баланың жеткеніне аса разы. «Біраз жер жүргеннен кейін жетім баланың қотыр тайына тіл бітіпті. Қотыр тай тұрып оған: «Мынау алда тұрған асқар таудан күндіз құс ұшып өте алмайды, қанаты күнге күйіп қалады. Тек түнде ғана ұшып өтеді. Сондықтан да біз түнді күтуіміз керек. Түнде маған да қанат бітеді» (Мұратбеков. 2013: 29).

Зерттеуші О.Ф.Миллер: «Ертегінің негізгі мазмұны шындықтың мифтік танылуын аңғартады» десе (Литературная энциклопедия. 2010: 459), Н.М.Ведерникова «қиял-ғажайып ертегілерде контаминация құбылысы – поэтикалық формулалар, мотивтер мен сюжеттердің біріктірілетіндігін айтады (Ведерникова. 1975: 103). Ертегінің негізін қалаған көне прозалық жанрлар алғашқы қауымдық қоғамның түсініктері мен салтын, әдет-ғұрпын, яғни сол заманның шындығын өзінше бейнелеген. Демек, ертегідегі бізге қиял-ғажайып болып көрінетін кейбір нәрселер – бір кездегі болмыстың, құбылыстың сәулелері. Бұл айтылғанға қоса мынаны да ескеру керек: ертегінің пайда болып, қалыптасуының алғашқы кездерінде ел оны қиял деп ойламаған, онда баяндалатын оқиғаға

сенген, себебі ол шақта ертегі өз төркінінен алыс кете қоймаған. Шындығында да осы хикаят пен ертегі элементтерінің кіріге, табиғи өрілуі ғалым пікірінің ақиқат екендігін дәлелдейді. Қаламгерлер халықтың нақыл сөздерін, көне ұғымдарын, жаратылыстың бейнесін неғұрлым мол пайдаланған сайын, шығарманың да көркемдік нәрі еселене түседі. Фольклордың әдебиетке әсер етуі күні бүгінге дейін созылып келе жатқан құбылыс. Фольклор өзінің идеялық-эстетикалық мәнін жоғалтпай, қаламгердің шығармашылығына бай рухани қазына болуда. Оның басты себебі фольклорда халықтың арманы, ізгілік пен рухани қазынаны дәріптеген болмысы жатыр. Ал, адамның жақсылықты, жарасымдылықты, бейбіт өмір мен құт-берекені қадір тұтуы – мәңгілік үрдіс.

Қорытынды, тұжырымдама

Сөз өнерінің мәңгілік сипаты оның халықтығынан бастау алады. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби туындылардың идеясы, тақырып ауқымы түрленіп, көркемдігі тереңдеді. Әдеби кейіпкерлердің бейнеленуіндегі әлеуметтік-философиялық сипат айқындалып, әдеби мәтін кеңістігі монолог, диалог, психологиялық егіздеу, пейзаж секілді тәсілдердің алуан деңгейде берілуімен ерекшененді. Мұның өзі халқымыздың кемел мұраларының ықпалы. Фольклор – халықтың көнеден жеткен бағалы, көркем мұрасы болса, ол әдеби туынды аясында өзінің мәнін одан да тереңдетіп, көркейте түседі. Себебі, халықтық мұраның қасиеті ғасырлар бойында алмастай қырланып, жетіле түсетіні, мәнмаңызының тереңдей беретіні анық. Сонымен, фольклордың әрбір тегі мен түрінің өзіндік ішкі әлеуеті болады. Фольклорлық дәстүр проблемасы тұрмыстық-этнографиялық, тіл тарихы, әдеби дәстүр және басқа да мәдени құбылыстармен теңдей қаралмауы тиіс. Фольклорлық дәстүрді зерттеу арқылы фольклордың жеке, өзіндік ерекшелігін айқындай аламыз. Фольклордағы даму мен өзгеріс қоғамдық-әлеуметтік ахуалдарға сәйкес жүйеленіп, көркемдігі орнығады. Бұл ретте, жанр поэтикасы көркем шығармадағы шығармашылық өзгерістің мүмкіндігін анықтауда басым мәнге ие. Фольклор жанры әдебиетте кездеспейтін қасиеттерге ие. Сөз өнері – адамзаттың көнермейтін мәңгілік құндылықтарын сақтайтын қазына. Тәуелсіздік, еркін ой, таным кеңдігі, елшілдік сипат, ұлттық қасиет – ертеден бері әдебиетімізде әбден орныққан ұғымдардың болмысы әлі де тереңдей бермек.

Әдебиеттер

Далгат У.Б. Фольклор: теоретические аспекты. – М.: Наука, 1981. – 128 с.
Гусев В.Е. Эстетика фольклора. – М.: Наука, 1976. – 286 с.
Аристотель. Аналитики. – Минск: Современное слово, 1998. – 448 с.
Гримм Я. Немецкая мифология. – М.: Директ-Медиа, 2007. – 45 с.
Батырлар жыры. Көп томдық. Бірінші том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 264 б.
Сәрсенбаев Ә. Қасиетті махаббат. – Алматы: Жазушы, 1987. – 176 б.
Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1982. – 438 б.
Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. -Алматы: Арда, 2011.- 480 б.
Жансүгіров І. Құлагер. Поэмалар мен өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1994.-256 б.
Аникин В.П. Теория фольклора. Курс лекций. – М.: КДУ, 2007. – 432 с.
Нұрмағамбетов Т. Тұнық су. Повестер мен әңгімелер. –Алматы: Жалын, 1980.- 239 б.
Мұратбеков С. Повестер мен әңгімелер. 3 том. –Алматы: Ан-Арыс, 2013. – 315 б.
Каскабасов С. Казахская несказочная проза. – Алматы: Наука, 1990. – 240 с.
Литературная энциклопедия. – М.: Прогресс, 2010. – 570 с.
Ведерникова Н.М. Русская народная сказка. – М.: Наука, 1975. – 136 с.

References

Aristotele. (1998). Analysts Minsk: Sovremennoe slovo. 448 p. (in Russian)
Anikin B.P. (2007). Theoria folklore. Kyrs lekshi. –M.: KDU. 432 p. (in Russian)
Batirlar qiri. (1987). Kop tomdik. Birinshi tom. – Almaty: Gazushi. 438 p. (in Kazakh)
Bedernikova N.M. (1975). Russkala skazka. –M.: Naukaю 136 p. (in Russian)
Grimm J. (2007). Nemeshraja mifologia. –M.: Direkt-Media. – 45 p. (in Russian)
Gusev B.E. (1976). Estetika folklore. –M.: Nauka. 286 p. (in Russian) (in Russian)

Dalgat Y.B. (1981). Folklor: theoretisheskie aspekti. –M.: Nauka. 128 p. (in Russian)
Zhabaev Zh. (1996). Tandamalu shhiqarmalary. – Almaty: Writer. 312 p. (in Kazakh)
Zhansuqurov I. (1994). Kulaqer. Poems and verses. – Almaty: Writer. 256 p. (in Kazakh)
Kaskabasov S. (1990). Kasarhskaja neskazoshnaja prosa – Almaty: Nauka. 240 p. (in Russian)
Literaturnaja enshklopedia. (2010). – M.: Progress. 570 p. (in Russian)
Muratbekov S. (2013). Clear water. Stories amd short stories. 3 vols. Almaty. 315 p. (in Kazakh)
Nurmaqambetov T. (1987). Clear water. Stories amd short stories. – Almaty: Zhalyn. 239 p. (in Kazakh)
Sarsenbaev A.(2007). Holy love. – Almaty: Writer. 176 p. (in Kazakh)
Folklor and modern Kazakh literature. (2011). Almaty: Arda. 480 p. (in Kazakh)

ҒТАМР 18.02.20 https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph21

Г.Қ. Қазыбек

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: kazybek_68@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУДАРМАТАНУ АХУАЛЫ

Мақалада Тәуелсіз Қазақстандағы аударматану ғылымының даму тарихы, аударматанудың өзекті мәселелері, жетістіктері мен кемшіліктері жан-жақты қарастырылады. Аударма қиын да қызықты өнер. Аударма әркімнің қолынан келе бермейтін де қиын да жауапты іс. Мақалада аударматану ғылымы тәуелсіздік жылдарында қалай дамыды, аудармаға байланысты қандай ғылыми зерттеулер пайда болды т.б. тақырыптарға шолу жасалады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының аударматану ғылымына қосқан үлестері нақты көрсетіледі. Аударма ғылымын өркендетуге арналған бірнеше ұсыныстар да беріледі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жолдаулары мен мақалаларындағы аударма туралы айтылған пікірлері мен Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жарияланған ғылыми еңбектер, көркем әдебиет нұсқалары сараланады, аударма шылар туралы мәліметтер беріледі.

Тәуелсіздік алғаннан кейін жоғары оқу орындарының арасында ең бірінші болып аударма мамандығының Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ашылғандығы, қазіргі кездегі аударма мамандығының ахуалы туралы сөз болады.

Университет жанынан «Көркем аударма орталығын» ашу ұсынысының маңыздылығы көрсетіледі. Аударманың түрлері көп, дегенмен көркем аударманың аударылу сапасын тексеретін, оның оқырманға беретін рухани құндылығын анықтайтын бірлестік те, қауымдастық та жоқ екенін ескерсек, осындай одақтың университет жанынан құрылуы нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймыз.

Түйін сөздер: аударма, аударматану, түпнұсқа, мәтін, аударма бірліктері, аударма нұсқа.

G.K.Kazybek

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: kazybek_68@mail.ru

Translation Studies in Independent Kazakhstan

The article comprehensively examines the history of the development of Translation Studies in the period of independence, its current problems, achievements and shortcomings. Translation is a complex and interesting art form. Translation is a challenging and responsible task that is not available to everyone. The article provides an overview of the development of Translation Studies as a science over the years of independence, scientific articles in this industry. The contribution of scientists of the Al-Farabi Kazakh National University to the Science of Translation is mentioned. Several recommendations for the improvement and development of Translation Studies are given.

The statements of the head of state N.A. Nazarbayev about Translation Studies in his speech and articles, scientific works, works of art published after gaining independence are analyzed, information about translators is provided.

The article informs that after gaining independence, Al-Farabi Kazakh National University became one of the first higher educational institutions to open the specialty "Translation Studies", as well as the current state of this specialty.

The importance of the proposal to open the "Center for Literary Translation" at the university is indicated. There are many types of translation, however, considering the fact that at the current stage there is no association or community capable of evaluating the quality of translation of works of fiction, its moral value and impact on the reader, we think it would be great to create such a community at a university.

Key words: translation, translation studies, original, text, translation units, translation option.

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University

Г.Қ. Қазыбек
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: kazybek_68@mail.ru

Переводоведение в Независимом Казахстане

В статье всесторонне рассматриваются история развития переводоведения в период независимости, ее актуальные проблемы, достижения и недостатки. Перевод – сложный и интересный вид искусства. Перевод – непростое, ответственное дело, которое доступно далеко не каждому. В статье приводится обзор развития переводоведения как науки за годы независимости, научных статей по данной сфере. Упоминается вклад ученых Казахского национального университета имени аль-Фараби в науку переводоведения. Приводятся несколько рекомендаций по улучшению и развитию переводоведения.

Анализируются высказывания Главы государства Н.А. Назарбаева о переводоведении в посланиях и статьях, научные работы, художественные труды, опубликованные после обретения независимости, дается информация о переводчиках.

Статья информирует о том, что после обретения независимости Казахский национальный университет имени аль-Фараби стал одним из первых высших учебных заведений, открывшим специальность «Переводческое дело», а также о нынешнем положении данной специальности.

Указывается значимость предложения открытия «Центра художественного перевода» при университете. Существуют множество видов перевода, однако, тем не менее, учитывая, что на данном этапе нет ни объединения, ни сообщества, способного оценить качество перевода художественных работ, его нравственную ценность и влияние на читателя, считаем, что было бы замечательно создать такое сообщество при университете.

Ключевые слова: перевод, переводоведение, оригинал, текст, единицы перевода, вариант перевода.

Кіріспе

Аударма өнері қызықты да қиын ғылым екендігі бұрыннан белгілі. Аударматану ғылымының қайнар көзі сонау ертеден келе жатыр. Аударманың тарихы, оның негізгі кезеңдері туралы сан алуан ғылыми мақалалар мен зерттеулер, диссертациялар жарияланған.

Бұл мақалада біз Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарынан бастап аударма ғылымы қалай дамыды, негізгі аудармашылары кімдер болды, аудармаларының сапасы, ондағы кемшіліктер мен жетістіктерді талдауды жөн көрдік. Ең алдымен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының аударма ғылымының дамуына қосқан үлестері жайлы айтуды басты мақсат етіп отырмыз.

Тәуелсіздік жылдары ғылым мен мәдениеттің, әдебиет пен сынның т.б. даму қарқыны жаңа серпініммен, жаңа белестерді бағындырумен ерекшеленеді. Аударма ғылымы да дами түсті. Әдебиет сыншысы С.Әшімбаев: «Бүгінгі аударма – көркем ойдың алтын көпірі», – деп айтқандай Тәуелсіз Қазақстанды бүкіл әлем тани бастады. [1,31]. Шетел әдебиетінің алтын қорына кіретін әдебиеттер қазақ тіліне жаппай аударыла бастаса, қазақ халқының әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармалары өзге тілдерге аударыла бастады. Дәл осы уақытта аудармашы мамандарына сұраныс арта түсті.

Тәуелсіздік алғаннан кейін жоғары оқу орындарының арасында ең бірінші болып аударма мамандығының біздің университетте ашылғандығын мақтанышпен айта аламыз. Сондай-ақ мақалада қазақ ақын-жазушыларының орыс тіліне аударылу тарихына да тоқталып, талдаулар жүргіземіз. Мақалада неліктен орыс тіліне аударылған шығармаларды ғана арқау етуіміздің басты себебі, орыс тілі арқылы өзге тілдерге аударылуы тезірек болды. Аударма ғылымында сатылы аударма деген тәсіл бар. Қазақ – орыс – ағылшын деп ары қарай өзге тілдерге аударыла береді. Бұл аудармаларды сатылы аударма деп атаймыз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары да Тәуелсіз Қазақстандағы аударма ғылымының өркендеуіне үлес қосып келеді. Атап айтқанда, профессорлар С. Ашимханова, Ж. Дәдебаев, Э. Сүлейменова, Т. Есембеков, А. Жақсылықов, Ә. Тараков, доценттер С. Сейденова, Л. Мұсалы, Г. Акимбекова, Г. Сүлейменова, Г. Бекқожанова, Т. Пшенина, Г. Айтжанова, Р. Таева мен PhD докторлары М.Аймағамбетова, Қ.Кенжеқанова, Ә.Жапарова сынды ғалымдар болашақ аудармашы мамандығының қыр-сырына үйретін білікті ұстаздар ғана емес, сонымен қатар аударма туралы монографиялар мен ғылыми кітаптардың, оқулықтар мен оқу құралдардың авторлары. Сонымен қатар, болашақ аудармашыларға аударманың қыр-сырын, аударманың түрлері мен

тәсілдері т.б. үйрету саласында аянбай қызмет атқарып келеді.

Материал және әдістер

Ғылыми мақаланы жазу барысында біз салыстырмалы-салғастырмалы, сипаттамалы, түсіндіру әдістерін қолдандық. Негізгі материал ретінде Тәуелсіз Қазақстан жылдарында жарияланған аударма кітаптар, аударматану бойынша жазылған отандық және шетелдік ғылыми мақалалар мен ғылыми кітаптар, оқулықтар мен оқу құралдары, сөздіктер мен хрестоматиялар, анықтамалықтар алынды.

Әдебиетке шолу

Мақаланы жазу барысында көптеген әдебиеттерге шолу жасалынды, кейбір материалдар талданды, кейбір аудармалардың сапасы сараланды, негізгі ойлар мен қорытындылар айтылды. Ең алдымен мақаламызға арқау болған Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың мақалалары, атап айтқанда, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» . Сонымен қатар, М.Әуезов, С.Әшімбаев, И.Левый, Ә.Сатыбалдиев, С.Талжанов, З.Тұрарбеков т.б. аудармаға байланысты пікірлері, 2013 жылы Мәскеу қаласындағы «Көркем әдебиет» баспасынан шыққан «Тәуелсіз Қазақстан: Қазіргі әдебиет антологиясы» деп аталатын үш томдық жинағы.

Нәтижелер мен талқылау бөлімі

Аударма ұғымы өте күрделі ұғымдардың бірі екендігі сөзсіз. Аударматану ғылымының көрнекті өкілі Ә.Сатыбалдиев айтқандай, аударма дегеніміз еріккеннің ісі емес екендігін басты назарда ұстауымыз қажет.[2,164] Аударма ғылым әрі өнер. Аударма қиын да қызықты. Аударматанушы ғалым И Левыйдың «Аудармашы еңбегінің мақсаты түп бейнесі болмайтын тың туынды жасап шығу емес, түпнұсқаны түсіну, сақтау, жеткізу, ал аударманың мақсаты қайта туындату», – деп айтқан пікіріне келіспеске болмайды. Аударма әрқашанда халықтар, ұлттар арасындағы әлеуметтік, экономикалық, рухани, ғылыми қарым-қатынастың алмасу, айырбастаудың құралы, ел танудың құралы, достықтың, ынтымақтастықтың, тәжірибе-тағылым алмасудың дәнекері екендігі бұрыннан белгілі. Түпнұсқаның стильдік, тілдік ерекшеліктерін түгел ескере отырып, оның көркемдік-идеялық қасиеттерін толық жеткізу, әрі қазақша түсінікті етіп шығару. Осы екеуі ұштасқанда ғана аударма сәтті болады. Адамзат тарихында әрбір ұлт, әрбір қоғам алмасу, ауысу, араласу нәтижесінде өмір ағымы алға жылжиды, өседі, өркендейді. Яғни, өзінде жоқты өзгеден алады, білмейтінін үйренеді, білгенін басқаға үйретеді. Осындай ауысудың тиянақты тірегі – аударма. Осыған орай, А.Пушкин “аудармашылар – мәдениетті бір елден екінші елге тасымалдап жеткізетін почта аттары“ деген пікірінің маңыздылығын байқауымызға болады. Ал М.Т. Цицерон “аудару кезінде сөзді санамау керек, керісінше сөзді салмақтау керек“ деген екен. Белгілі ғалым Ш.Сәтбаеваның әдеби байланыс туралы: “Қай халықтың болмасын өнер жағынан дамуында әдеби байланыстар сол ұлт әдебиетінің өркен жая өсуіне, оның әлеуметтік ықпалының күшеюіне септігін тигізіп, сөз өнерінде көрінген халықтың рухани қалпын, арман-мүддесін, өмір тарихын басқа халықтардың даму тарихымен ұштастыруға, сөйтіп, олардың өзара бөлісуіне, бірін-бірі құрметтеп, достасуына денекер болады“, – деген пікір бүгін таңда да маңызын жойған жоқ.

2017 жылдың 12 сәуірінде Елбасы Н.Ә:Назарбаевтың Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көрді. [2] Елбасы Тәуелсіз Қазақстанның алдына қойылған негізгі міндеттерді атады. Осы міндеттердің ішінде аударма мәселесі де арнайы көтерілді. Мәселен: « Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық»,- дей келе аудармашыларға зор міндет жүктеді. Осы мақалада көтерілген мәселелерді орындау мақсатында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» атты жоба жүзеге асырылды. Жобаны жүзеге асыру үшін Ұлттық аудару бюросы үкіметтік емес және коммерциялық емес ұйым түрінде құрылды. Жобаға үш жүзден аса маман қатысты. Әлемнің ең үздік 100 оқулығы қазақ тіліне аударылып, кемінде 10 мың данамен басылып шықты. Еліміздің барлық жоғары оқу орындарына таратылды. Аударма кітаптар мен оқулықтар қазақ оқырмандарының қолына тиді. Әрине, аудармалардың сапасы мен әдістәсілдеріне тоқталмаймыз. Айтайын дегеніміз, Елбасының көрегенділігінің арқасында аударматану ісі дами бастады. Шет тілдерінде жарық көрген туындылар тікелей қазақ тіліне аударыла бастады. Бұл аудармашылар үшін өте қуанышты жағдай. Бұл Тәуелсіз Қазақстандағы

аударматану ғылымының үздіксіз дамып келе жатқандығының айқын көрінісі. Бір өкініштісі, 2020 жылдың аяғында бұл бюро өз жұмысын тоқтатты.

Елбасының «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы», – деген пікірі аудармашыларға тікелей айтылған ой деп айтамыз. Себебі, тек қана аудармашылар халқымыздың небір құнды жәдігерлерін өзге тілдерге аудару арқылы шетел оқырмандарын қазақ елі мен тарихынан хабардар ете алады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың арнайы жарлығымен 2006 жылы іс қағаздарын жүргізуді кезең кезеңімен қазақ тілінде өткізу туралы Жарлығы жарияланды. [3] Осы кезден бастап аудармашылардың рөлі біршама көтерілді. Әсіресе, ілеспе аударма дами бастады. Дегенмен әзірге дейін кәсіби аудармашылар мектебі әлі де өз дәрежесінде қалыптаса алмай келеді. жоғары оқу орындарындағы ұстаздардың аударма оқулықтарының сапасын анықтайтын, кемшіліктерін көрсететін ұйым жоқтың қасы. Әлі де болса аударматану ғылымында кезек күттірмейтін, шешімі табылмаған өзекті мәселелердің бар екендігін де ашық айтуымыз керек.

Тәуелсіз Қазақстанда аударматану ғылымының тарихына, аударманың түрлері мен әдістеріне, әлем әдебиетінің қазақ оқырмандарының танысуына т.б. үкіметтарапынан да қолдау көрсетіліп келеді. Яғни, аудармашылардың рөлі артып келе жатқандығы даусыз.

Қазақстанда аударматану мәселесіне арналған ғылыми оқу құралдарының авторлары да жыл санап көбейіп келеді. Бұл өте қуантарлық жағдай. Мысалы, А.Алдашеваның «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер» [4], К.Әлпейісованың « Ілеспе аударма: таным мен тәжірибе» [5], А.Қ. Жұмабекованың « Аударма теориясы»мен «Аударматанудың негіздері» [6], Ш.Т.Сауданбекованың «Аударма теориясы және практикасы» [7], А.Б. Ахметованың « Аударма теориясы мен тәжірибесінің негіздері» [8], Ж.А. Жақыповтың «Аударма анықтамалығы» [9], Д.Рақымбекова мен Р.Абисалықованың «Аударма теориясы мен тәжірибесі» [10] т.б. оқулықтары мен оқу құралдарының жариялануының өзі қазіргі таңда аударматануға деген қызығушылықтың артқандығының айқын көрінісі.

Тәуелсіздік жылдары аударма теориясы мен тәжірибесіне арналған докторлық және кандидаттық диссертацияларда қорғалды. Мәселен, Г.Ж. Болатованың «Абайдың «Қара сөздерін» орыс тіліне аудару», К.Ә. Әлпейісованың «Қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасау заңдылықтары», Б. Керімбекованың «Фариза Оңғарсынова поэмаларындағы идеялық-көркемдік ізденістер», Г.Т. Тусупованың «Ағылшын тіліндегі әңгімелерді қазақ тіліне аударудағы мерзімді ұстанымдар» т.б. аударматанудың өзекті мәселелеріне арналған.

6D020700 – Аударматану мамандығы бойынша соңғы кездері PhD докторлық диссертациялар да қорғалды. К.А.Аубакированың «Жүсіпбек Аймауытұлының аудармалары: түпнұсқа және мәдени-көркем интеграция», М. Ескиндированың «Қазақстандағы ауызша аударма әдіснамасы», К.А. Альпеисованың «Қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма үлгілері (саяси дискурс негізінде)», А.Т.Баекееваның «Қазақ тіліндегі тау-кен терминологиясының қалыптасуы және ағылшын, орыс тіліне аударылу ерекшеліктері», А.Жапаровның «Абай поэзиясындағы метафора және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары: салыстырмалы талдау», А.У.Жусупованың « А. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясындағы этномәдени сәйкестіктің аударылу мәселесі», Н.Жұмайдың «Жазушы тілдік тұлғасының аудармада берілуі (О. Бөкей шығармалары негізінде)», Қ. Кенжеқанованың «Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша)», М.Т.Кожаканованың «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасын әлемдік тілдерге аудару (рецепция, интерпретация)», А.М. Төлеубаеваның «Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» шығармасындағы метафоралардың лингвомәдени лакуналар ретінде аударылу ерекшеліктері», М.Ж. Ескендированың «Методология устного перевода в Казахстане», А.Б.Абағанның «Корей фразеологизмдерін қазақ тіліне аударудың лингвомәдени қыры (корей фильмдерін аудару тәжірибесінен)», Н.О.Отегеннің «Қазақша дәстүрлі әңгіме және оның ағылшын тіліндегі стереотиптік баламалары» , т.б

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіндегі «Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы да аударматану ғылымының дамуы мен өркендеуіне үлес қосып келеді. Сонау 1996 жылы ашылған кафедрада

«Аударматану мамандығына кіріспе», «Аударма теориясы», «Аударма тәжірибесі», «Синхронды аударма», «Көркем аударма», «Халықаралық ұйымдардағы ауызша аударма», «Қазіргі замандағы аударматану», «Герменевтика және аударматану», «Аударма шығарналған онлайн сөздік құру », «Поэтикалық аударма», «Аударматану және смарт технологиялар», «Жазбаша аударма типологиясы», «Аудармадағы баламалық деңгейлері теориясы», «Медиалингвистика және шет тілі», «Екінші тілді меңгеру теориясы», «Академиялық мақсаттағы шетел тілі» т.б. іргелі пәндерден дәрістер өткізіледі.

Қазіргі уақытта кафедрада 39 оқытушы: 5 ғылым докторы, 14 ғылым кандидаты, 5 PhD докторы, 12 магистр және 3 оқытушы жұмыс істейді. Жыл сайын кафедра ұжымы ондаған оқу құралдарын, әдістемелік нұсқаулар, хрестоматиялар мен сөздіктер, жүзден аса ғылыми мақалалар жариялайды. Бұл ғылыми басылымдарда аударманың қыр-сырлары жан-жақты қарастырылады, болашақ аудармашыларды дайындауға арналған тұжырымдар беріледі. Ж.Д.Дәдебаевтың «Абайдың антропологизмі» , С.С.Ашимханованың ағылшын тіліндегі «История литературы страны изучаемого языка. Английская литература от романтизма до наших дней», Т.О.Есембековтің «Көркем мәтін поэтикасы», «Көркем мәтін және аударма», А.С.Тараковтың «Аударма психологиясы мен мәдениеті», «Аударма әлемі», «Ауызша аударма», «Аудармашының кәсіби қызметінің негіздері» оқу құралдары, Л.Ж.Мұсалының «Аудармашының кәсіби машығы», «Көркем тәржіма тәжірибесі бойынша практикум», «Көркем мәтін және аударма», С.Д.Сейденованың «Практикум по письменному переводу», «Аударматанудың заманауи мәселелері», Г.Қ.Қазыбектің «Аударматануға кіріспе», «Аударма теориясы мен тәжірибесі» т.б. оқулықтары мен оқу құралдары Қазақстандағы аударматану мамандығы бойынша білім алатын студенттер мен магистранттарға, докторанттарға арналған.

Тәуелсіздік жылдары кафедра оқытушыларының ғылыми мақалалары АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Греция, Венесуэла, Словения, Венгрия, Қытай, Түркия, Ресей, Қырғыстан, Өзбекстан сияқты елдердің ғылыми басылымдарында үзбей жарияланып келеді.

Тәуелсіздік алғаннан бастап филология факультетінің Түркияның, Қытайдың, Ресейдің, АҚШ-тың, Канаданың, Венгрияның, Қырғызстанның, Өзбекстанның ірі ғылыми және білім беру орталықтарымен ғылыми ынтымақтастығы жолға қойылды. Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аударма теориясы мен лексикография кафедрасымен, Мәскеу лингвистика және аударма институтының аударма кафедрасымен, Волгоград университетінің аударма теориясы және практикасы кафедрасымен, PETERS ғылыми-баспа орталығымен (Бельгия), Ресейдің Халықтар достығы университетінің тиісті құрылымдық бөлімдерімен, Ресей-Тәжік (славян) университетімен, Стамбул Мәдениеті университетімен, Шыңжаң университетімен (Қытай) байланысы бар.

Кафедра оқытушылары қазақ ақын-жазушыларының өзге тілдерге аударылу тарихына да байланысты дәрістер өтеді. Мысалы, А.Құнанбайұлының, М.Әуезов, О.Бөкеев, Б.Соқпақбаев, М.Мақатаев, Ә.Кекілбаев, Ә.Нұрпейісов, О.Сүлейменов т.б. Дәрістерде түпнұсқа мен аударма нұсқаларының арасындағы жетістіктер мен кемшіліктер сараланады. Болашақ аудармашыларға аударма бірліктері туралы қызықты да нақты мәліметтер беріледі, талдаулар жүргізіледі. Кафедра оқытушылары өз дәрістерінде аударматану ғылымына байланысты жазылған шетелдік ғалымдардың да ғылыми зерттеулері мен оқулықтарын пайдаланады. Көбінесе дәрістер мен семинар сабақтары ағылшын, неміс, француз, испан тілдерінде оқытылатын айта кеткеніміз дұрыс. Кафедра оқытушылары отандық еңбектер мен бірге алыс жақын шетелдік ғалымдардың еңбектерін де өз дәрістерінде ұтымды пайдаланады. Мысалы, «Achieving consilince: translation theories and practice» [11], «Reflection on translation theory: selected papers 1993-2014. Chesterman, Andrew» [12], «The development of translation competence: theories and methodologies from psycholinguistics and cognitive science» [13], «William Faulkner's Later Novels in German: a Study in the Theory and Practice of Translation» [14].

Филология факультеті жыл сайын дәстүрлі «Филология, лингводидактика және аударматану: өзекті мәселелері мен даму тенденциялары» атты Халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференция ұйымдастырады. Конференция мына бағыттар бойынша жүргізіледі: Тілдік емес ЖОО-дағы шет тілдерін оқыту мәселелері; Болашақ мұғалімдер мен аудармашыларды кәсіби даярлаудың теориясы мен әдістемесі; Орта мектеп пен ЖОО-да шет тілдерін оқытудың заманауи технологиялары; Тіл білімі мен аударманың жалпы

теориялық және жеке мәселелері; Әлемнің тілдік бейнесі және мәдениеттердің өзара байланысы; Аударманың лингвистикалық аспектілері. Конференцияға алыс және жақын мемлекеттердің беделді аударматану ғалымдары мен аудармашылары қатысады. Конференция материалдары жеке жинақ болып жарияланады. Бұл конференциялардың негізгі мақсаты қазіргі кездегі аударматану ғылымындағы жаңа көзқарас, жаңа бағыттар, аударма жасаудың жаңа әдістері т.б.туралы ойлармен бөлісу.

Соңғы кездері аударматану туралы ұжымдық монографиялар, хрестоматиялар, анықтамалықтар мен сөздіктер, ғылыми мақалалар жарық көрді. Мәселен, Э. Дүйсенованың «Адам өлшемі бойынша: қазақ және орыс сөздіктеріне арналған материалдар, А.Ж. Жақсылықов, Т.О. Есембеков, Г. Қазыбектің «Аударматану бойынша библиографиялық көрсеткіш» анықтамалығы, Г. Қазыбектің «Аударма тәжірибесі» хрестоматиясы, Ә. Тараковтың "Аударматанудың заманауи мәселелері". Кафедра оқытушылары М. Аймағамбетованың «Қазақстан медиадискурсының когнитивті стратегиясы», Г.Акимбекованың «Фразеология – гендерлік стереотиптердің қайнар көзі (ағылшын тіліндегі материалдардың негізінде)», С.Ашимханованың «М. Жұмабаев поэзиясындағы ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің аударылу ерекшеліктері (түрік, орыс, ағылшын тілдері)», И. Әзімбаеваның «Фразеологизмдердің этномәдени даралығы және олардың аудармадағы сәйкестігі», Г. Габдкаримованың «Аударма – тілдік және мәдениет аралық құрал», Ж.Дәдебаевтың «Абайдың "Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы" өлеңін орыс ағылшын тілдеріне аударылу мәселелері», Қ.Кенжеқанованың «Қоғамдық эвфемизмдердің маңызы және олардың британдық және қазақстандық баспасөздегі қолданысы», С.Новикованың «Неміс мәтіндеріндегі терминология аудармасының ерекшелігі», А.Жапарованың «Метафораның тарихи-философиялық негіздері», «Когнитивті лингвистикадағы метафора» т.б. ғылыми мақалалары аударматану ғылымының өзекті мәселелеріне арналған .

Ал Scopus деректер базасы жарияланымдарында жарық көрген Э.Сүлейменова мен М.Аймағамбетованың «Biz birgemiz, или Еще раз о диверсификации русского языка в Казахстане», Э.Жанысбекованың «Myth and Kazakh Mythology: Retrospective Analysis and Prospects of Research», О.Куратованың «The Professionally-Oriented Foreign Language Teaching at Non-Linguistic Faculties of Universities», «Scientific and Methodological Maintenance of Advisor's Activity as a Basis of the Corporate Culture of the Future Teachers of Foreign Languages», Г.Қазыбектің «Cognitive poeticsas a translator's perception instrument of time and space conceptsin», С.Ашимханованың «Russian-Kazakh literary relations: The Influence of Russian realism on the development of A. Nurpeisov's writing», С.Ашимханова мен А.Алпысбаеваның «Translation of the Culture-Specific Items in Jumabayev's "Men Jastarğa Senemin" into English and Russian», С.Сейденова мен Ж.Манапбаеваның «The treatment of realia in the translations of Smagul Yelubay's novel "Ak Boz Uy"» , Ә.Тараков, И.Әзімбаева және Ж.Абдуллаеваның «Translation problems of phraseological units (on the basis of M. Auezov's novel "the Way of Abai")», А.Жапарованың «The functional characteristics of a metaphor in Abay's poems», «The conceptual metaphor in Abay Kunabayev's poetics», «Translating the Kazakh poet Abay», А.Айтжанованың «Linguodidactics as a methodological foundation of foreign language teaching», Г.Ерсултанованың «Cognitive lingua-cultural methodology as a universal model for the formation of the language personality», Д. Қарағойшиева, Г. Искакова, С.Бектемировалардың «Intonation of Kazakh and English languages», Л.Мирзоеваның «Cognitive procedures as an instrument of translation process analysis» және «Воссоздание семантических и прагматических характеристик обряда в турецко-русском переводе (на материале романа О. Памука «Имя мне – Красный» и его русской версии)»ғылыми мақалалары аударматану мамандығында білім алатын тәлімгерлерге арнайы жазылған құнды туындылары.

Француз аударматанушысы Э.Кари: "Аударма ұғымы, шындап келгенде, өте күрделі ұғым. Бұл аударманың біздің заманымызда кездесетін түрлерінің көптігінен ғана туындап отырған жоқ. Ол аударманың ғасырлар бойы әрдайым өзгеріп отыруына да байланысты құбылыс. Мүмкін, нақ осы жағдай өзінікінен бұрын берілген анықтамалармен не келісіп, не оны жоққа шығарып отырған ғалымдардың өз ойларын тұжырымдауын қиындататын да болар", – деп айтқандай, университеттің оқытушы-профессорлар құрамы болашақ аудармашыларға сапалы білім беруде еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі деп мақтанышпен айта аламыз. Қазіргі заман дамуына сай университет оқытушылары да аударманың теориясы мен тәжірибесіне

арналған дәрістерінде озық технологияларды да қолдануға машықтанды. Университетте аудармашыларға арналған кабинеттер мен зертханалар ашылды.

Бұдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің оқытушы-профессорларының Тәуелсіз Қазақстандағы аударматану ғылымының өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқандығының айқын көрінісі деп есептейміз.

Қорытынды, тұжырымдар

Тәуелсіз Қазақстанда аударматану ғылымының ахуалының едәуір дамығаны байқалады. Қазақстан Республикасы Үкіметі тарпынан, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінен, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы – Ректор Ж.Қ.Түймебаевтың тараптарынан болсын аударма ғылымына, аудармашылар мамандығын даярлайтын оқытушы-профессорлар құрамына да елеулі қолдау көрсетіліп келеді. Тәуелсіздік алғаннан бері әлем тілдерінің шығармалары қазақ тіліне тікелей аударыла бастады. Қазақстан ақын-жазушыларының шығармалары керісінше басқа тілдерге үзбей аударылып келеді. Аударматану ғылымының жаңа белестері ашыла бастады.

Қазіргі кезде Қазақстанда түрлі тәуелсіз аудармашылар бірлестіктері мен қауымдастықтар құрылған. Мысалы, «Кәсіби аудармашылар мен аударма компаниялар қауымдастығы», «Қазақстан Аудармашыларының Тәуелсіз Қауымдастығы» т.б. Олардың негізгі қызметтері құжаттарды, шағын мәтіндерді аудару. Біздің ойымызша, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанынан «Көркем аудармашылар Одағын» құрып, негізінен Елбасының жолдауларында айтылып жүрген әлем әдебиетінің озық үлгілерін қазақ тіліне немесе қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын тікелей ағылшын, неміс, француз тілдеріне аударылып жарыққа шығып отырса деген ниеттеміз. Сонда ғана көркем әдебиеттің аударылу сапасын тексеруге мүмкіндік туады. Көркем әдебиетті аударатын аудармашылардың мақсаты мен міндеттері айқындалады.

Халықаралық аудармашылар федерациясын 1953 жылы Пьер-Франсуа Кэйет Париж қаласында құрған болатын[15]. Қазіргі таңда федерация елуден астам елдің аудармашылары, шамамен 80 мыңнан астам кәсіби аудармашылар мен 100-ден аса аудармашылар қауымдастығын біріктіреді. 1991 жылы Халықаралық Аудармашылар Федерациясы 30 қыркүйек күнін Халықаралық аудармашылар күні деп бекітті. Халықаралық аудармашылар федерациясының ең жоғарғы органы Халықаралық конгресс үш жыл сайын жиналыс жасап отырады. Федерацияның негізгі мақсаты аудармашылар мамандығының кәсіби шеберлігін арттыру болып табылады. Біздің университетімізде аудармашылар дайындайтын мамандықтар бар, оқу кабинеттері мен қазіргі заманға сай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Келешекте университет ғалымдарының осы Халықаралық аудармашылар федерациясының құрамына кіру мақсатында қызмет атқару. Қазіргі таңда университет тарапынан аударма мамандарына орасан зор қолдау көрсетіліп келе жатқандығын мақтанышпен айтуымызға болады.

Тәуелсіз Қазақстандағы аударматану ғылымының өркендеуіне осылайша әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білікті аудармашылары өз үлестерін қосады деген үміттеміз.

Әдебиеттер

Азаматтыққа адалдық: әдеби сын мақалалар, зерттеулер, толғаныстар / С. Әшімбаев. – Алматы: Раритет, 2007. – 334 б.

Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. Жазушы,1987. – 171 б.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір. akorda.kz

Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.

К. Әлпейісова Ә. Ілеспе аударма: таным мен тәжірибе: Оқу құралы. – Алматы: «Арда», 2018. – 152 б.

Жұмабекова А.Қ. Аударматанудың негіздері: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2012. – 296 б

Сауданбекова Ш.Т. Аударма теориясы және практикасы. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті» 2015. – 90 б.

Ахметова А.Б. Аударма теориясы мен тәжірибесінің негіздері (қазақ және орыс тілдеріндегі) дәріс курсының оқу-әдістемелік құралы. – Павлодар: ПМПИ, 2014. – 90 б.

Жақыпов Ж.А. Аудармашы анықтамалығы. – Алматы: Сардар, 2009. — 176 бет.

Рақымбекова Д., Абисалықова Р. Аударма теориясы мен тәжірибесі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 160 бет.

Achieving consilince: translation theories and practice. Cambridge Scholars Publishing., 2016. – 230 p.

Reflection on translation theory: selected papers 1993-2014. Chesterman, Andrew. – John Benjamins Publishing Company., 2017. – 132 p.

The development of translation competence: theories and methodologies from psycholinguistics and cognitive science. Cambridge Scholars Publishing., 2014. – 322 p.

William Faulkner's Later Novels in German: a Study in the Theory and Practice of Translation. Boecker, Eberhard. – De Gruyter, Inc., 2017. – 248 p.

https://www.fit-ift.org/International Federation of Translators

References

Achieving consilince: translation theories and practice. Cambridge Scholars Publishing., 2016. – 230p.

Akhmetova A.B. Audarma teoriyasy men tazhirbiesinin negizderi (kazak zhane orys tilderindegi) daris kursynyn oku-adistemelik kuraly.[Theory and practice of translation studies(kazakh and russian languages)]-Pavlodar:PMPI, 2014.-90p. (In Kazakh)

Aldasheva A.M. Audarmatanu: lingvistikalyk zhane lingvomadeni maseleler [Translation Studies: linguistic and linguocultural issues.].- Almaty, 1999.-161p. (In Kazakh)

Azamattykka adaldyk: adebi syn makalalar, zertteuler, tolganystar [Loyalty to citizenship: literary criticism, research, reflections]. /S.Ashimbaev.-Almaty:Raritet, 2007.-334b. (In Kazakh)

https://www.fit-ift.org/International Federation of Translators

K.Alpeisova A. Ilespe audarma: tanym men tazhirbie maseleler [Translation Studies: linguistic and linguocultural issues.]: Oku kuraly.-Almaty: «Arda», 2018. – 152 p. (In Kazakh)

Memleket bashysynyn «Bolashakka bagdar: rukhani zhangyry» atty makalsy.April 12, 2017 akorda.kz. (In Kazakh)

Rakymbekova D., Abisalykova R. Audarma teoryasy men tazhirbiesy [Theory and practice of translation studies]:Oku kuraly.-Astana:Folliant, 2012.-160 b. (In Kazakh)

Reflection on translation theory: selected papers 1993-2014. Chesterman, Andrew. – John Benjamins Publishing Company., 2017. – 132p.

Satybaldiev. Rukhani kazyna [Spiritual treasure]. Zhazushy, 1987.-171p. (In Kazakh)

Sh.T.Saudanbekova. Audarma teoryasy zhane praktikasy. [Theory and practice of translation studies]Oku kuraly.Almaty «Kazakh universiteti» 2015. – 90 б. (In Kazakh)

The development of translation competence: theories and methodologies from psycholinguistics and cognitive science. Cambridge Scholars Publishing., 2014. – 322p.

William Faulkner's Later Novels in German: a Study in the Theory and Practice of Translation. Boecker, Eberhard. – De Gruyter, Inc., 2017. – 248p.

Zhakypov Zh.A. Audarmashy anyktamalygy [Translator's directory]. Almaty: Sardar, 2009.-176p. (In Kazakh)

Zhumabekova A.K.Audarmatanudyn negizderi[Basis of Translation studies]:Oku adistemelik kural.-Almaty, 2012.-296p. (In Kazakh)

МАЗМҰНЫ – CONTENTS – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім
Тіл білімі

Section 1
Linguistics

Раздел 1
Языкознание

Aldasheva K.S., Kondybayeva R.Zh., Serikbayeva A.D.
Potential possibilities of codification of neologisms in the modern Kazakh language....4

Anumyan K.S., Martirosyan A.V., Ohanyan K.A.
The peculiarities of metaphor emotivity in Russian political discourse 14

Жамбылқызы М., Есалы Д.С.
Қазақ тіліндегі кірме сөздердің бүгіні мен ертеңі....24

Жаңабекова А.Ә., Токмырзаев Д.О., Пірманова К.Қ., Тлегенова Г.Б.
Жаңа әліпбиді пернетақтада орналастыру ретінің апробациясын жүргізу жөнінде сауалнама нәтижесі 33

Искакова Г.Ж., Шалабай Б.
Миф – автор модалділігінің берілу тәсілі ретінде 49

Казкенова А.К., Аманов А.Ш.
Корпусный анализ нарушений координации по роду в русской речи студентов-казахов 61

Kuzembayeva G.A.
Comparative analysis of the image of Kazakh in the Russian and Indian linguistic consciousness 71

Малбақов М.М., Сейтбекова А.А., Көбденова Г.Б., Тургенбаева А.Ш.
Қазақ тіліндегі алғашқы түсіндірме сөздіктердің инструкциялары....79

Нұрдәулетова Б.И.
Тарғыл тастағы таңбалардың сакралды мәні 91

Ormanova A.B., Anafinova M.L., Atanasova-Divitakova S. D.
Corpus based research in terminology....109

Темур Н., Алдаш А.
Орфографиялық сөздік: лексикографиялық принциптер және ортологиялық талдаудың межелері....121

2-бөлім
Әдебиеттану

Section 2
Literary Criticism

Раздел 2
Литературоведение

Alipbayeva A.A.
Conceptual metaphors in Rollan Seisenbayev's literary works....138

Дәдебаев Ж.Д.
Абай ілімін білу, түсіну және қолдану 147

Дәлелбекқызы А., Йылдыз Н.
Ұлттық кодтың тарихи санаға әсері 156

Uimanova X.P., Kakishev M.G.
Lexico-stylistic peculiarities of English literary text....167

Utebekova A.S., Salkhanova Zh.Kh.
The originality of the author's chronotope in essay writing of Kazakh Russian-speaking writers 173

3-бөлім
Тіл мен әдебиетті оқытудың әдістемесі

Section 3
Methods of teaching language and literature

Раздел 3
Методика преподавания языка и литературы

Sarsembayeva A.A., Nagymzhanova K.M., Baimanova L.S.
Student multilingual competence formation at a technical university....182

4-бөлім Аударма теориясы	Section 4 The theory of translation	Раздел 4 Теория перевода

Azimbayeva I.K., Zhaparova A.Zh., Kenzhekanova K.K.
Anthropocentric paradigm of phraseological units in the literary translation 194

Musaly L.Zh., Yessembekov T.O., Iskakova G.N.
The specifics of the translation analysis of poetic text and discourse.....201

ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл

Байтанасова Қ.М.
Тәуелсіздік: сөз өнері және мәдени код 210

Қазыбек Г.Қ.
Тәуелсіз Қазақстандағы аударматану ахуалы.....219